ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ




# Айшықты оқиғалар

## 2022

# Знаковые события

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# Айшықты оқиғалар

## 2022

# Знаковые события





# БІЗ ҮШІН ЕЛІМІЗДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ ҚЫМБАТ

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!

Елімізде орын алған күрделі жағдай барлық қоғам мүшелерінің таралып жатқан ақпараттарға салқынқандылық танытып, байыппен қарауын талап етеді.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев қазақстандықтарды қоғамдық қауіпсіздікті сақтау үшін ереуілге шыққан топтың қитұрқы әрекеттері мен тәртіпсіздікке ермей, парасатпен және ақылмен шешім қабылдауға үндеді.

Біз де сіздерден қазіргі жағдайда заңсыз шерушілерге қосылудан, арандатушыларға еруден, экстремистік топтардың ұйымдасқан лаңкестік әрекетінен сақ болуды сұраймыз.

Жалған мәліметтерді таратуға және жолдауға жол бермеңіздер. Біз үшін әрбір Қазақстан азаматының амандығы, еліміздің тұтастығы, жеріміздің тыныштығы маңызды. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұрақты тіршілігі мен бейбіт өмірі бәрінен қымбат.

Қандай қоғамда болсын тәртіпсіздік пен заңсыздыққа жол жоқ. Еліміздің ынтымағы мен бірлігіне нұқсан келтіруді көздейтін деструктивті топтардың үндеуіне құлақ аспау қажет. Бейбіт елдің берекесін бұзғысы келетіндер мен ұлан-ғайыр жерімізге көз алартатындар жоқ емес. Көпшілік арасына «от тастаушылар» бой көрсете бастады.

Жылдар бойы бәріміздің табан ақы, маңдай терімізбен жасалған игілікті бүлдіріп, талан-таражға салуына жол бермейік. Кез келген оң өзгерістер мен талап-мақсаттарға заңды, демократиялық жолмен жетуге болады. Қазіргі уақытта елдегі жағдайға байланысты арнайы үкіметтік комиссия құрылып, тиісті шешімдер қабылдануда.

Сондықтан әрқайсыңыздан өзіңіздің, отбасыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сабырлылық танытуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырамын.

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректоры**



## ҚАЗҰУ САРАПШЫЛАРЫ ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орнындағы ғалым-сарапшылармен кездесу өткізді. Онлайн форматта өткен жиынға қатысушылар Қазақстан тарихында алғаш рет орын алған қаңтар оқиғасын талқылады.

«Кездесудің негізгі мақсаты – болған оқиғаға ғылыми тұрғыда талдау жасап, себебін анықтау. Бізге еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуы бойынша ұсыныстарды дайындау қажет. Парламентте сөйлеген сөзінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев толық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жандандыру, шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу сынды нақты міндеттер қойды», – деді ЖОО ректоры. Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев сарапшыларға нақты міндеттерді айқындап, бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Талдау және мониторинг жүргізу, мүдделі мемлекеттік құрылымдарға, органдарға және әртүрлі деңгейдегі арнайы қызметтерге нақты ұсыныстар әзірлеу қажет.

Саяси, әлеуметтік, психологиялық зерттеулер, фокус-топтар, сараптамалық бағалаулар, сауалнамалар жүргізу.

Құқықтық бағалау, модельдеу. Идеологиялық сипаттағы іс-шараларды өткізудің әдістері

мен технологияларын, әлеуметтік-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың әдістемелік нұсқауларын, алгоритмдерін құрастыру.

Зерттеу бағыттары: ұлттық қауіпсіздік; саяси реформалар, геосаяси жағдай, саяси мәдениет, саяси психология; экономика; құқықтық қамтамасыз ету; гибридті технологиялар, киберқауіпсіздік; әлеуметтік саясат; дін және экстремизм; этносаралық қатынастар және т.б. Қажеттілікке қарай тақырыптың спектрі мен сипаты кеңейтілетін болады.

## ЭКСПЕРТЫ КАЗНУ ОБСУДИЛИ ЯНВАРСКИЕ СОБЫТИЯ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с экспертно-аналитической группой. В совещании, которое прошло в онлайн формате приняли участие ученые, эксперты и профессорско-преподавательский состав университета. Собравшиеся обсудили январские события в стране, которые начались 2 января с мирных митингов в Мангистауской области по вопросу повышения цен на сжиженный газ.

Выступая перед экспертами, руководитель вуза остановился на главной цели встречи и озвучил конкретные задачи, которые обозначил в своем выступлении Президент Касым-Жомарт Токаев.

«Основная цель нашей встречи – это научно-обоснованный анализ произошедшего. Выявление причин, которые привели к такой ситуации. И самое главное, наши рекомендации по дальнейшему социально-экономическому и общественно-политическому развитию страны. В своем выступлении в Парламенте Президент Касым-Жомарт Токаев поставил конкретные задачи, такие как обеспечение полного правопорядка и защита прав граждан, активизация работы по противодействию религиозному экстремизму, терроризму, оказание содействия развитию малого и среднего бизнеса, решение социально-экономических проблем, повышение уровня политической культуры», - отметил ректор университета.

Жансеит Туймебаев обозначил перед экспертами основные задачи и дал конкретные поручения.

Кроме того, ректор КазНУ дал задание экспертам подготовить аналитические материалы, основанные на фактах и выявить причины произошедших событий, а также обозначить пути их решения.



## ҚАЗҰУ-ҒА МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин келіп, білім ордасының қызметімен танысты.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев өткен жылы университетте атқарылған жұмыстар мен жүргізілген құрылыс барысына тоқталды.

Мемлекеттік хатшы соңғы үлгідегі күрделі жөндеуден өткен оқу ғимараттары мен жаңарған аудиторияларды аралап, алдағы жоспарларға қанықты.

«Өткен жылы қалашықтағы корпустар, аудиториялар, жатақханалар жаңартылып, заманауи техникалармен, жаңа жиһаздармен жабдықталды. Оқу орнының инфрақұрылымын жақсарту бойынша жұмыстар биыл да жалғасады», – деді университет ректоры.



# КАЗНУ ПОСЕТИЛ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетил Государственный секретарь Республики Казахстан Ерлан Карин и ознакомился с деятельностью высшего учебного заведения.

Руководитель вуза Жансеит Туймебаев остановился на проделанной в прошлом году работе и ходе строительства в университете.

Государственный секретарь осмотрел капитально отремонтированные учебные корпуса и обновленные аудитории. Также Ерлан Карин ознакомился с дальнейшими планами вуза.

«В 2021 году в университете была проделана значительная работа. Были обновлены аудитории, лаборатории и общежития и оснащены современной техникой. Работа по улучшению инфраструктуры высшего учебного заведения найдет свое продолжение и в этом году», – сказал ректор университета.



**Абдулла ГҮЛ,** Түркияның 11-ші президенті:

## БАУЫРЛАСТЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ДАМЫТУҒА ДАЙЫНМЫН

**Қадірлі де құрметті досым Жансейіт Түймебаев!**

Сіздің шақыруыңызбен 2021 жылдың 20 қарашасында Қазақстанның ең дамыған әрі заманауи жабдықталған беделді университеті – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келу нәсіп болды. Қысқа мерзімді дайындықтың нәтижесінде сіздердің жоғары деңгейдегі қабылдауларыңызға ризашылығымды білдіргім келеді.

Университеттеріңізде болған сапарымда болашағымыз саналатын жастармен бас қосып, оларға көшбасшылық туралы баяндама жасағаныма өте қуаныштымын. Осы орайда, мен Қазақстанның бүгінгідей болашағының да соншалықты жарқын боларына өз басым куә болдым.



Маған берілген «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры» атағы мені барынша қанаттандыра түсті. Түркі халықтары және ғылым мен білім әлемінде соны жаңалықтар ашқан ойшылдың есімімен аталған университет тарапынан осындай атаққа ие болу мен үшін бір ғанибет.

Мен Түркия мен Қазақстан арасындағы бауырластық қарым-қатынасты дамытуға үлес қосуға әрқашан дайынмын, бұған бұрынғы міндеттерімді атқарғанымда және сіз Қазақстанның Түркия Республикасындағы елшісі болған кезіңізде де жақыннан куә болдыңыз.

Осы тұрғыда сіз басқарып отырған университетпен Абдулла Гүл университеті (AGÜ) арасында академиялық қарым-қатынас орнату туралы өз ұсынысымды айтқым келеді (ол туралы ақпарат қоса берілген).

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, тамаша қонақжайлылығыңыз үшін тағы да алғысымды білдіргім келеді және үлкен жауапкершілікпен қолға алған бүгінгі міндетіңізде зор табыстар тілеймін.



## ҚАЗҰУ САРАПШЫЛАРЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ҰСЫНАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен кезекті Ғылыми кеңес отырысында сараптамалық-талдау тобының жұмысының алғашқы нәтижелері талқыланды. Ғалымдар тобы елді дағдарыстан шығару бойынша кешенді шешімдер мен ұсынымдар әзірлеу мақсатында қаңтар оқиғаларынан кейінгі алғашқы күндері жедел құрылған болатын.

Сарапшылар тобының құрамына университеттің беделді ғалымдары, академиктері, профессорлары мен доценттері кірді. 6-9 қаңтар аралығында БАҚ-та 49-ға жуық жарияланым шықты. Кейіннен спикерлер ортасы кеңейіп, жетекші жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу институттары мен құрылымдары қосылды.

Талқылау барысында білім ордасының басшысы нақты шешімдер мен ұсыныстарға баса назар аударды. «Менің тапсырмам бойынша қазір сарапшылар тобы құрылып, геосаяси жағдай, саяси мәдениет, экономика, құқықтық жүйе, саяси технологиялар, киберқауіпсіздік, әлеуметтік, діни, этносаясат және басқа да салалар мәселелері бойынша зерттеу жүргізуде. Біз белсенді жұмыс істеп, мемлекет дамуы үшін қажетті ұсыныстар әзірлеуіміз керек. Апта сайын мен сараптамалық топтар жұмысы туралы есептерді тыңдайтын боламын.

Ғалымдардың осы өзекті тақырыптар бойынша сапалы зерттеу жүргізуі үшін жағдай жасау керек, ал нәтижелері магистрлік және докторлық зерттеулерге ұласуы маңызды», – деп түйіндеді ректор.

## ЭКСПЕРТЫ КАЗНУ ПРЕДЛОЖАТ РЕШЕНИЯ ОСТРЫХ ПРОБЛЕМ

На очередном заседании Ученого совета обсудили предварительные итоги заседания экспертно-аналитической группы и концепцию молодежной политики университета. По инициативе Председателя Правления – Ректора Жансеита Туймебаева в ведущем вузе страны оперативно, в первые дни после январских событий была создана экспертно-аналитическая группа с целью выработки комплексных решений и рекомендаций по выходу страны из кризисного положения.

В состав экспертных групп вошли авторитетные ученые, академики, профессоры, доценты университета. Всего с 6 по 9 января в печатных и электронных СМИ вышло порядка 49 публикаций. Впоследствии круг спикеров стал расширятся, подключились научно-исследовательские институты и структуры ведущего вуза страны.

В ходе обсуждения выступления спикера руководитель вуза высказал пожелание об активизации работы экспертных групп с акцентом на конкретных решениях и предложениях. «По моему поручению созданы экспертные группы, которые сейчас работают, исследуя проблемы геополитической ситуации, политической культуры, экономики, правовой системы, политтехнологий, кибербезопасности, социальных и религиозных сфер, этнополитики и других областей. В связи с этим нам нужно активно работать и разработать конкретные предложения по преобразованию общества. Еженедельно я буду выслушивать отчеты о работе экспертных групп. Необходимо создать условия, чтобы ученые глубоко работали над этими актуальными темами, а результаты должны трансформироваться в магистерские и докторские исследования».







# ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ «БОЛАШАҚТЫҚТАРДЫҢ» АЛДЫНА ЖАҢА МІНДЕТТЕР ҚОЙДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық білім беру стипендиясының иегерлерімен кездесті.

Озық ғылыми технологияларды трансферттеу мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауында жыл сайын 500 ғалымның әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Биыл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 41 оқытушысы мен қызметкері аталған стипендияның иегері атанды. Бұл еліміздегі стипендиаттардың жалпы санының 7,2 пайызын құрайды. Өткен жылғы көрсеткіш 5 пайыз болған. Бұл айтарлықтай жетістік. ҚазҰУ стипендиаттарының ең көбі АҚШ университеттерінде білім алады, олардың саны – 21. 18 адам Европа университеттеріне, Жапония мен Түркияның жоғары оқу орындарына бір адамнан барады.

ҚазҰУ басшысы стипендиаттардың алдына нақты міндеттер қойды: университет ғалымдары еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыруға жұмылуы

қажет. Жоғары инвестициялық тартымдылығы бар ғылыми жобалар мен бағдарламалардың тиімділігін арттыруға күш салу.

Сондай-ақ мемлекет дамуының бастапқы міндеттерін ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету үшін жаңа зерттеу топтарын құру жүктелді. Интеллектуалдық күшті нақты сектордың технологиялық мәселелерін шешуге және практикалық маңызы бар ғылыми бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға шоғырлану қажеттілігі айтылды.

## РЕКТОР КАЗНУ ПОСТАВИЛ НОВЫЕ ЗАДАЧИ ПЕРЕД «БОЛАШАКОВЦАМИ»

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с обладателями международной образовательной стипендии Президента Республики Казахстан «Болашақ».

В целях трансферта передовых научных технологий Глава государства Касым-Жомарт Токаев в Послании народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий» поручил обеспечить ежегодную стажировку 500 ученых в ведущих исследовательских центрах мира.

Обладателями данной стипендии в этом году стали 41 преподаватель и сотрудник КазНУ имени Аль-Фараби. Это 7,2% стипендиатов от общего количества по стране, в прошлом году их было всего 5 %. Это значительный прорыв. Наибольшее количество стипендиатов КазНУ – 21 человек – будут стажироваться в университетах США. В европейские вузы поедут 18 болашаковцев, в Японию и Турцию – по одному человеку.

Преподаватели и сотрудники КазНУ будут также проходить стажировку в университетах Джордж Вашингтона, Висконсина, Пенсильвании, в Лондонском Имперском колледже, Берлинском университете им. Гумбольдта, Токийском университете и др.

Руководитель вуза поставил задачу перед стипендиатами, подчеркнув, что ученые университета должны быть нацелены на увеличение вклада науки в социально-экономическое развитие страны. Предстоит решить задачу по повышению результативности научных проектов и программ, которые должны иметь высокую инвестиционную привлекательность.


СТУДЕНТТЕР


ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY




## ҚАЗҰУ «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» ЖӘНЕ 19 ҒЗИ-мен МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

«Ғылым ордасы» ғимаратында өткен жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары форумында білім мен ғылым интеграциясы мәселелері талқыланып, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

Ауқымды шараға ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Серік Сейдуманов және өзге де жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары мен ғылыми қоғамдастық өкілдері қатысты.

«Университетте ғылыми жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін нақты




сектордың технологиялық тапсырмаларын жинау механизмі әзірленді. Бүгінде біз ұжымдық пайдалануға арналған ғылыми зертханалар мен орталықтардың базасын кеңейтіп жатырмыз. Білім мен ғылымның интеграциясы қазақстандық ғылымның еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына қосатын үлесін арттыруға әкеледі», – деп түйіндеді ректор.

Сондай-ақ форум аясында университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары арасында білім және ғылым ықпалдастығын нығайту туралы келісімдерге салтанатты түрде қол қою рәсімі өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен 19 ғылыми-зерттеу институты ынтымақтастық туралы келісімшарт жасасты. Олардың қатарында Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Математика және математикалық модельдеу институты, Философия, саясаттану және дінтану институты, Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты және өзге де ғылыми институттар бар.




## КАЗНУ ПОДПИСАЛ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ С «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» И 19 НИИ

На Форуме высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов, который прошел сегодня в здании «Ғылым Ордасы», обсудили вопросы интеграции науки и образования и подписали ряд программных соглашений о сотрудничестве между вузами и НИИ.

Участие в масштабном мероприятии приняли: министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, Генеральный директор РГП на ПХВ «Институт философии, политологии и религиоведения» КН МОН РК Серик Сейдуманов, представители научно-исследовательских институтов, высших учебных заведений РК и научной общественности.

В своем выступлении руководитель вуза кратко охарактеризовал научно-образовательную деятельность ведущего университета страны, подчеркнув, что в настоящее время он нацелен на решение стратегических задач, поставленных Главой государства и Министерством образования и науки РК.

«С учетом современных задач, дальнейшая интеграция должна расширить сферы

сотрудничества и значительно увеличить круг интеграционных вопросов, – подчеркнул Председатель Правления – Ректор КазНУ имени аль-Фараби Жансеит Туймебаев. – Мы нацелены на создание новых исследовательских групп по научному сопровождению первостепенных задач государственного развития. Университет разработал механизм сбора технологических задач реального сектора для повышения инвестиционной привлекательности научных проектов. В настоящее время мы расширяем базу научно-исследовательских лабораторий и центров коллективного пользования. В целом, интеграция образования и науки приведет к увеличению вклада казахстанской науки в социально-экономическое и общественно-политическое развитие страны».

В рамках Форума состоялось торжественное подписание договоров о научно-образовательном сотрудничестве между вузами и НИИ. КазНУ имени Аль-Фараби заключил соглашения с Республиканским государственным предприятием «Ғылым ордасы» и 19 НИИ: институтами истории и этнологии имени Шокана Уалиханова, математики и математического моделирования, философии, политологии и религиоведения, языкознания имени Ахмета Байтурсынова и др.





## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПШЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «TAV Airports Holding» президенті әрі бас директоры Мұстафа Сани Шенер ғылым, техника және бизнес тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды. Оған оқу орнының жас ғалымдары мен оқытушылары, студенттер қатысты.

Жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, көшбасшы тұлға дәрісінің мәні мен маңызын атап өтті.

Мұстафа Шенер «Машина жасау» мамандығы бойынша Карадениз техникалық университетінің бакалавр дәрежесін, «Сұйықтық механикасы» мамандығы бойынша Сассекс университетінің (Ұлыбритания) магистр дәрежесін алған. 1997 жылдан бастап «TAV Airports Holding» Директорлар кеңесінің мүшесі, президенті және бас директоры. Оған дейін 1979-





1997 жылдар аралығында Түркия мен Еуропада инфрақұрылымдық сипаттағы түрлі индустриялық жобалармен айналысқан.

Мұстафа Шенердің басшылығымен компания қаржылық және операциялық жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Қазіргі уақытта компания әлемнің жеті елінде жұмыс істейді және 14 әуежайды басқарады. «TAV Airports Holding» сервистік компаниялары әлемнің 28 елінде күн сайын 100 әуежай мен әуе айлақтарында қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар дәріскер әуежай бизнесіндегі өз қызметінен де мол мағлұмат берді. Әлемдік деңгейдегі Алматы әуежайын салу жоспарымен бөлісіп, 66 жыл ішінде авиациялық технологиялар арқасында адамзат 50 миллион жолаушы тасымалдауға қол жеткізгенін алға тартты. Қазіргі уақытта ғылымның өте жылдам қарқынмен дамып келе жатқанын ерекше атап, жастарды оны меңгеруге және қиындыққа қарамастан, өз ісінің нағыз маманы болуға шақырды.

Дәріс соңында тыңдаушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ой-пікірлерін ортаға салды.



# МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЭКСПЕРТ ВЫСТУПИЛ С ЛИДЕРСКОЙ ЛЕКЦИЕЙ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби президент и генеральный директор TAV Airports Holding Мустафа Сани Шенер выступил с лидерской лекцией на тему науки, техники и бизнеса. Участие в ней приняли молодые ученые и преподаватели учебного заведения, студенты.

Открыл заседание Председатель Правления-ректор КазНУ Жансеит Туймебаев, подчеркнув важность и значение лекции о лидерстве для воспитания молодого поколения казахстанцев.





Мустафа Шенер получил степени бакалавра Технического университета «Карадениз» (Турция) по специальности «машиностроение», магистра Университета Сассекса (Великобритания) по специальности «механика жидкости». С 1997 года является членом Совета директоров, президентом и генеральным директором TAV Airports Holding. До этого с 1979 по 1997 годы занимался различными индустриальными проектами инфраструктурного характера в Турции и Европе.

Под руководством Мустафы Шенера компания достигла высоких финансовых и операционных показателей, имея подразделения в 7 странах мира и управляя 14 аэропортами. Сервисные компании TAV Airports Holding ежедневно обслуживают 100 аэропортов и воздушных гаваней в 28 странах мира.

В своей лекции ученый подчеркнул, как важны на пути научных поисков такие качества, как упорство и настойчивость.

В завершение мероприятия слушатели смогли задать интересующие их вопросы, поделиться мнением об услушанном в ходе дискуссии.



## 29 БАҒЫТ БОЙЫНША САРАПТАМА ЖАСАЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев сарапшылар тобымен кезекті жиын өткізді. Кездесу барысында ректор қаңтарда орын алған қайғылы оқиғаға орай, университеттің ғалымдары мен сарапшылары бірлесіп жұмыс істеу керектігін жеткізді.

Сонымен қатар университет басшысы жаңа Қазақстан құруда ҚазҰУ-дың ғалым-сарапшылары шетте қалмай, тиісінше аянбай еңбек ету қажеттігін атап өтті.

«Алдымен қаңтар оқиғасына байланысты жан-жақты ғылыми талдаулар жасауларыңыз қажет. Оқиғаның себеп-салдарына үңіліп, кешенді жұмыстарға кірісіңіздер. Кейін барлығын қорытындылай келе, өз ұсыныстарыңызды анық және нақты білдіріңіздер», – деді университет басшысы.

Айта кетейік, жыл басында орын алған қаңтар оқиғасынан кейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасымен сарапшылар тобы құрылған болатын. Сараптама тобына талдау және мониторинг жасау, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарға, органдар мен арнайы қызметтерге нақты ұсыныстар мен шешімдер әзірлеу тапсырылды. Сарапшылар тобының құрамына университеттің беделді ғалымдары, академиктері, профессорлары, доценттері кірді. Олар 29 бағыт бойынша талдау жұмыстарын жүргізуде.



## БУДУТ ПРОВЕДЕНЫ ЭКСПЕРТНЫЕ РАБОТЫ ПО 29 НАПРАВЛЕНИЯМ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел очередную встречу с членами экспертно-аналитической группы. На собрании эксперты выступили с докладами и поделились своими предложениями и рекомендациями.

В ходе встречи Жансеит Туймебаев особо подчеркнул, что после трагических январских событий эксперты должны работать усердно и сплоченно. «Ученые, профессоры КазНУ не должны остаться в стороне, а помочь обществу построить «Новый Казахстан. В первую очередь нужно провести комплексный научный анализ произошедских событий. Выясните причины январских протестов. Подводя все итоги, четко и ясно выражайте свои предложения и рекомендации», – сказал ректор университета.

Стоит отметить, что по инициативе Председателя Правления – Ректора Жансеита Туймебаева в первые дни после январских событий была создана экспертно-аналитическая группа. Главная задача - анализ и мониторинг, разработка конкретных предложений и рекомендаций государственным структурам, органам и специальным службам различного уровня. В состав экспертных групп вошли авторитетные ученые, академики, профессоры, доценты университета. Они ведут работу по 29 направлениям.



# КӘСІПКЕРЛЕР СТУДЕНТТЕРДІ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев кәсіпкерлермен кездесу өткізіп, серіктестік туралы мәселені талқылады.

Жүздесу барысында университет басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ аумағында емхана, жатақхана салу, оқу ғимараттарын жаңғырту жоба-жоспарларымен және атқарылған жұмыстармен бөлісті.

«Ahsel Holding» негізін қалаушы кәсіпкер Ахмет Хамди Аян көшбасшы университетпен серіктес болу ниетін білдіре келе, «Қазіргі уақытта Қазақстанда шетелдік әріптестермен бірлескен бағдарламалар тиімді жүргізілуде. Ауқымды жобаларды ықпалдаса іске асыру елдің көркеюіне көп пайдасын тигізетіні анық», – деп атап өтті.

«Nobel İlaç» компаниясының бас басқарушысы Селчук Танриверди университетіміздің студенттерін қызметке орналастырып, тәжірибеден өтуіне қуана келісетінін айтты.

Кездесуде «Alarko» компаниясының бас басқарушысы Аббас Шахин де өз ойын ортаға салды: «Біз Қазақстанда 30 жылдан бері қызмет етіп келеміз. Бүгінгі Қазақстан стандарттар деңгейіне өту үшін ішкі өндіріске көңіл бөлуі қажет деп ойлаймын. Ол үшін мемлекеттің өзіндік өндірістік жүйесі, ғылым-білімі, денсаулық сақтаудағы медициналық препараттары, зауыт-фабрикалары т.б. практикалық жолдары болуы керек. Ол үшін өндіруші әрі инвестор ретінде біз қолымыздан келгенді аянып қалмаймыз».

Шетелдік кәсіпкерлер инвестор ретінде ҚазҰУ кампусын жаңғыртуға бағытталған жобаларды жандандыруға дайын екендерін білдірді.

# ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ ГОТОВЫ ПРИГЛАШАТЬ СТУДЕНТОВ НА ПРАКТИКУ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль – Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с предпринимателями и обсудил вопросы сотрудничества.

В ходе встречи руководитель университета Жансеит Туймебаев поделился результатами проделанной работой, проектами и планами строительства поликлиники, общежития, модернизации учебных корпусов на территории КазНУ.

Основатель Ahsel Holding предприниматель Ахмет Хамди Аян выразил желание сотрудничать с ведущим университетом страны: «В настоящее время в Казахстане эффективно проводятся совместные программы с зарубежными партнерами. Очевидно, что интегрированная реализация масштабных проектов принесет большую пользу стране».

Сельчук Танриверди, главный управляющий компании Nobel Ilaç, сказал, что с радостью согласится принять на практику студентов нашего университета.

На встрече главный управляющий компании Alarko Аббас Шахин также высказал свое мнение: «Мы работаем в Казахстане уже 30 лет. Думаю, сегодня Казахстану необходимо развивать промышленное производство, чтобы выйти на уровень мировых стандартов. Для этого государство должно расширять собственную производственную базу, реализовывать научно-образовательные проекты, разрабатывать медицинские препараты, поднимать заводы и фабрики, искать практические пути развития науки и экономики. А мы в качестве инвесторов поддержим вас, сделаем все, что в наших силах».

Иностранные предприниматели выразили готовность инвестировать в проекты, направленные на модернизацию капуса КазНУ.





# ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНУҒА ЛАЙЫҚ!

Бүгін – ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні.

Бұл күнді атап өту ғалым әйелдерге демеу көрсетуге, олардың ғылым мен техника саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуын қолдауға бағытталған.

Ғылымды дамыту – жаңа Қазақстанның аса маңызды басымдықтарының бірі. Бұл игілікті іске әйел ғалымдардың да көптеп тартылатыны сөзсіз. Өйткені қазіргі қоғамда қай салада болсын білімімен, іскерлігімен, ақыл-парасатымен дараланып жүрген әйелдер қауымының қатары көбеюде.

Кейінгі жылдары, әсіресе, ғылым саласында қыз-келіншектердің үлесі арта түсті. Отбасы

мен ғылымдағы ізденістерін қатар алып жүретін әйел ғалымдардың жетістіктері лайықты бағалануы тиіс.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымында әйелдер қауымының алатын орны орасан зор. Қазіргі таңда оқу орнымыздың оқытушы-профессорлық құрамында 1725 қыз-келіншек жұмыс атқарады. Олар жалпы ғалымдар санының 63 пайызын құрайды.

Оның ішінде 324 ғылым докторы, 601 ғылым кандидаты, 286 PhD докторы, 1 ҚР ҰҒА академигі және Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының екі корреспондент-мүшесі бар.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің атаулы сыйлығымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әйелдер қауымынан бір жетекші ғалым, жеті жас ғалым, үш үздік ғылыми қызметкер және үш үздік оқытушы марапатталды.

Олар өз ізденістері арқылы білім мен ғылым саласының жаңаша дамуы мен түрленуіне өз ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Бүгін университет атынан зерттеуші ханымдарға зор денсаулық, отбасыларына амандық, ғылым жолындағы еңбектеріне табыс тілеймін!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы**
**Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректоры**
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЙЕЛЕУ МАҢЫЗДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің кезекті отырысы университетті халықаралық рейтингтерде ілгерілету және білім беру бағдарламаларының өзектілігін арттыру мәселелеріне арналды.

Жиын барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев көптеген ғылыми бағыттар бойынша айтылып кеткен көрсеткіштерді талдай отырып, олардың қатарындағы дәйексөз индексі және т.б. көрсеткіштер бойынша жұмыстарды одан әрі нығайту керектігіне тоқталды.

«Халықаралық рейтингтерде ілгерілету жұмысы ЖОО-ны дамытудың стратегиялық маңызды мәселесі болғандықтан, осы бағыттағы жұмысты жұмыла отырып күшейту қажет», – деп атап өткен ректор факультет декандарына аталған мәселені бақылауға алуды тапсырды.

# ВАЖНО СИСТЕМАТИЗИРОВАТЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ

Очередное заседание Ученого совета КазНУ имени Аль-Фараби было посвящено вопросу продвижения университета в международных рейтингах и мерам по актуализации образовательных программ.

По словам Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева, еще по многим областям показатели оставляют желать лучшего, в частности, по индексу цитирования и др. «Учитывая, что продвижение в международных рейтингах – это стратегический вопрос развития вуза, необходимо усилить работу в этом направлении, – подчеркнул руководитель вуза. – Деканам факультетов взять этот вопрос под контроль».






## 1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!**

Сіздерді 1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Алғыс айту күні – сан түрлі сынақтардан өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күн.

Бұрынғы бабаларымыздан «Жақсылық ұмытылмайды» деген жақсы ұғым қалыптасқан.

Сондықтан – айтулы күн, ризашылық пен мейірімнің, бейбітшілік пен келісімнің үйлесім тапқан мерекесі.

Бүгін Мемлекет басшысы қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтап: «Бұл – өзара тілектестікті, жанашырлықты, қамқорлықты дәріптейтін мейрам. Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиын-қыстау күндерде мемлекеттігіміз бен тұтастығымызды қорғап қалдық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылығымды білдіремін», – деді.

Осы ретте ішкі тұрақтылық пен татулықты сақтауда әрбір қазақстандыққа артылар жауапкершілік орасан.

Университет ұжымы «қасіретті қаңтар» оқиғасы кезінде жұдырықтай жұмылып, қауіпсіздік шараларын күшейтіп, күндіз-түні студент жастардың жанынан табылды.

Кәсіподақ мүшелері, Жастар комитеті азық-түлік себеттерін таратып, ең қажетті заттармен қамтамасыз етті.

Сол күндері оқу орнымыздың Әскери кафедрасы, Жағдаяттық басқару орталығы, Өндірістік қамтамасыз ету департаменті мен Студенттер қалашығының қызметкерлері әскери тәртіпте жұмыс істеді.

Осының бәрі елдің амандығы, жастарымыздың жарқын келешегі үшін атқарылған игілікті іс-шаралар.

Сондықтан, қиын сәттердегі жоғары жауапкершіліктеріңіз үшін, студенттердің білімге деген құштарлығы үшін, оқытушылардың ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз маңдай тері үшін, бәріңізге шын ниетіммен ризашылық білдіремін!

Әлемдік интеллектуалдық олимпиадаларда, халықаралық спорт жарыстары мен өнер байқауларында еліміз бен университетіміздің абыройын асқақтатып жүрген студенттерімізге де мың алғыс!

Көктемнің алғашқы шуағымен бірге келген Алғыс айту күні мерекесі құтты болсын!

Жақындарымызға жақсылық жасап, бір-бірімізге алғыс айтып жүрейік!

Елімізден ырыс-ынтымақ кетпесін!

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық**
**университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор**
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



## М.ТОМАНОВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ АТАП ӨТІЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология ғылымының докторы, профессор Мархабат Томановтың 90 жылдығына арналған «Түркітанудағы диахрондық парадигма» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Жиынға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, белгілі ғалымдар, АҚШ, Әзірбайжан, Түркия, Тәжікстан, Грузия түркологтары, М.Томановтың ұрпақтары, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев конференцияны құттықтау сөзбен ашып, М.Томановтың қазақ тіл білімі мен түркітанудың дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

– Мархабат Томанов – менің ұстазым. Ғалым қазіргі қазақ тілінің синтаксисі мен стилистикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің тілі саласында жемісті еңбек етті. Филология ғылымының докторы орыс-қазақ сөздіктерін құрастыруға белсене қатысты. Қазақ мемлекеттік университетінде «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» тақырыбында дәріс оқып, білімді шәкірттер тәрбиеледі, – деді университет басшысы.

Сондай-ақ Жансейіт Қансейітұлы Мархабат Томанов сынды көрнекті ғалымдардың еңбектерін зерделеу және насихаттау маңызды екенін атап өтті.

# В КАЗНУ ОТМЕТИЛИ 90-ЛЕТИЕ М.ТОМАНОВА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась международная научно-теоретическая конференция «Диахронная парадигма в тюркологии», посвященная 90-летию доктора филологических наук, профессора Мархабата Томанова.

В конференции приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Кансеитович Туймебаев, ученые, тюркологи США, Азербайджана, Турции, Таджикистана, Грузии, потомки М.Томанова, профессорско-преподавательский состав и студенты университета.

Конференция открылась с приветственного слова руководителя вуза Жансеита Туймебаева. В своей речи ректор особо отметил вклад М.Томанова в развитие казахского языкознания и тюркологии. «Мархабат Томанов был моим учителем, руководителем дипломной работы. Ученый плодотворно трудился в области синтаксиса, стилистики и исторической граматики современного казахского и языка древнетюркских письменных памятников. Доктор филологических наук принимал активное участие в составлении русско-казахских словарей. В КазНУ он читал лекции на тему «Историческая грамматика казахского языка» и воспитал не мало образованных учеников», - сказал руководитель университета.

Также Жансеит Туймебаев подчеркнул, что важно изучать и пропагандировать труды таких ученых, как Мархабат Томанов.














## ҚАЗҰУ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты шара өтті.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, нәзік жандардың қоғамдағы орнын айрықша атап өтті.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, әйелдер қауымы ежелден отбасының ұйытқысы, береке-бірлік пен өнегелі құндылықтардың сақтаушысы. Әрбір адамның тағдырындағы ең жарқын сәттер ардақты аналармен, аяулы арулармен байланысты. Халқымыздың басына түскен ауыр сынақтарда да әйелдер ел тағдыры үшін жауапкершілік арқалаған.

Бүгінгі егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Әйелдердің шығармашылық және кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін барлық жағдай жасалуда», – деді ректор.

Шара барысында университет дамуына үлес қосқан 20-ға жуық әйел оқытушы, қызметкерлер «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Жиын соңында университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан салтанатты шараға қатысушы әйелдер қауымына ықылас гүлдері ұсынылды.




## В КАЗНУ ОТМЕТИЛИ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ 8 МАРТА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось торжественное мероприятие, посвященное Международному женскому дню 8 марта.

Открывая праздничное мероприятие Председатель Правления – Ректор КазНУ ЖансеитТуймебаев в своей речи подчеркнул особую роль женщин в жизни общества.

«Как сказал Президент страны Касым-ЖомартТокаев, женщины испокон веков были хранительницами семейного очага и моральных ценностей. Самые добрые и светлые события в судьбе каждого человека связаны с вами. Во время тяжелейших испытаний, выпавших на долю нашего народа, женщины в полной мере разделили ответственность за судьбу народа. Трудовые и ратные подвиги многих наших великих соотечественниц навсегда вписаны в анналы истории страны и останутся в нашей благодарной памяти», – отметил Жансеит Туймебаев.

В ходе мероприятия были награждены около 20 представительниц прекрасного пола медалью университета «Ерен еңбегі үшін».

В завершении мероприятия всем женщинам в зале были вручены красивые цветы от имени Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева.




# 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ!

**Құрметті оқытушы ханымдар, қызметкер азаматшалар,**
**білім алушы қыздар қауымы!**

Сіздерді 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктем нұрымен бірге келген шырайлы мереке көңілдеріңізді гүлге, жандарыңызды шуаққа бөлесін.

Сіздер біздің қоғамдағы бірліктің, жасампаздық пен тұрақтылықтың бейнесіне айналдыңыздар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Әйелдердің шығармашылық және кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін барлық жағдай жасалуда. Алдағы уақытта талантты да талапты әйелдер қоғамдық-саяси өмірдің түрлі саласында зор жетістікке жететініне сенемін», – деп атап өткен болатын.

Ел Президенті биылғы 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бұл орайда, бала тәрбиелеп, ұрпақ өрбітіп отырған аналарға қамқорлық та, құрмет те айрықша болуы керек.

Қазіргі кезде білім беру саласында әйел-ұстаздардың, әйел-ғалымдардың үлесі басым. Бүгінгі күні ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамында 1725 қыз-келіншек жұмыс атқарады.







Олар жалпы ғалымдар санының 63 пайызын құрайды.

Оның ішінде 324 ғылым докторы, 601 ғылым кандидаты, 286 PhD докторы, 1 ҚР ҰҒА академигі және Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының 2 корреспондент-мүшесі бар.

**Құрметті арулар!**

Әйел-Ана – отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Қазақ халқы «Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық» деп, аналарымыздың қадір-қасиетін ерекше дәріптеген.

Үйлеріңізден қуаныш кетпесін, бала-шағаларыңыздың болашағы жарқын, азаматтарыңыз аман болсын!

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық**
**университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор**
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**







# ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ БОЛУЫ ТИІС

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қалашығы аумағын аралап, асханалар мен кофеханалар жұмысымен танысты.

Университет басшысы ректорат ғимаратының жанынан жаңадан ашылған The library кофеханасында болып, қызмет көрсету сапасына оң баға берді.

8 Наурыз мерекесі қарсаңында жұмысын бастаған кофехананың іші жайлы, дизайны да ерекше. Университет ректоры Жансейіт Түймебаев кофехана басшысына білім алушы жастар үшін ұсынылатын өнімдерге қолжетімді баға қою қажеттігін баса айтты.

Ректор сонымен қатар университет аумағындағы бос тұрған орындарды тиімді пайдаланып, білім алушыларға қолайлы жағдай жасауды тапсырды. Яғни студенттер үшін демалыс орындарын көптеп ашу қажет екенін жеткізді.

«Біздің студенттер асхана немесе демалыс орындарын іздеп, университет аумағынан шықпауы қажет. Студенттер үшін барлық жағдай қалашықта жасалуы тиіс. Сондықтан бос тұрған орындарды тиімді пайдаланып, кәдеге жарату маңызды», – деді Жансейіт Түймебаев.

Университет басшысы білім алушы жастардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, аталған жұмыстарды тиімді жүзеге асыруды тапсырды.



## КАЗГУГРАД ДОЛЖЕН БЫТЬ УДОБНЫМ ДЛЯ СТУДЕНТОВ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев посетил столовые и кофейни, расположенные на территории высшего учебного заведения.

Руководитель университета ознакомился с деятельностью новой кофейни The library, расположенной рядом со зданием ректората. В ходе визита Жансеит Кансеитович дал положительную оценку работе нового объекта, открытой в преддверии 8 марта. Также ректор вуза поручил руководству кофейни предоставлять услуги по приемлемым ценам, не повышая их.

Далее Жансеит Туймебаев совершил обход кампуса. Руководитель высшего учебного заведения отметил, что в КазГУграде должны быть созданы все условия для комфортной жизни студенческой молодежи.

«Наши студенты не должны покидать студенческий городок в поисках столовой или мест отдыха. Все условия для обучающихся должны быть созданы на территории вуза, поэтому важно эффективно использовать наши ресурсы», – сказал Жансеит Туймебаев.

Кроме того, руководитель университета подчеркнул, что для успешного выполнения данных поручений необходимо коммуницировать со студентами, знать их пожелания, учитывать предложения и идеи.



## ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫС АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев білім және ғылым интеграциясы жобасы аясында ғылыми-зерттеу институттарының басшыларымен кездесті.

Жүздесуге ҚазҰУ-мен келісімшартқа қол қойған 19 ҒЗИ директорлары қатысты. Негізгі мақсат – білім беру мен ғылыми әлеуетті нығайту.

Өз кезегінде Жансейіт Қансейітұлы ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп атқаратын негізгі бағыттарына тоқталды.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев факультет декандарына білім және ғылым интеграциясы жобасын жандандыру бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

«Ғылыми-зерттеу институттарына арнайы барып, директорлармен өзекті мәселелерді талқылау қажет. Сондай-ақ студенттерді ғылыми ұйымдарға тәжірибе алмасу мақсатында жиі жіберіп отыру керек. Кейін олар өз білімдерін іс жүзінде қолдана алатын болады», – деді ректор.

Кездесуден соң ғылыми-зерттеу институттарының директорлары жаңарған аудиторияларды аралап, ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымымен танысты.



## УСИЛИТСЯ СОВМЕСТНАЯ РАБОТА С НИИ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с директорами научно-исследовательских институтов в рамках проекта по интеграции образования и науки. Основная цель собрания – укрепление образовательно-научного потенциала.

Приветствуя гостей Жансеит Канссеитулы отметил что, всего в проекте задействованы 19 из 26 научных организаций Комитета науки МОН РК.

«Мы с вами подписали соглашение буквально месяц назад по вопросам интеграции образования и науки. Тогда КазНУ заключил меморандум о сотрудничестве с 19 НИИ. Нам предстоит внести общий вклад в повышение конкурентоспособности образования и науки.

В завершении собрания Жансеит Туймебаев дал поручения деканам факультетов по укреплению образовательно-научного потенциала.

«Необходимо посетить научно-исследовательские институты и обсудить вопросы с директорами. А также нужно регулярно отправлять студентов в НИИ, чтобы они применяли свои знания на практике», - заключил руководитель университета.

После встречи директоры научно-исследовательских институтов посетили обновленные аудитории и ознакомились научно-образовательной инфраструктурой вуза.



# ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ II ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Наурыз мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

Жоғары мемлекеттік наградаларға елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі, азаматтарды қорғауда және құтқаруда көрсеткен жеке жанқиярлығы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көрсеткен көмегі үшін еліміздің бір топ азаматы ие болды.



# РЕКТОР КАЗНУ ЖАНСЕИТ ТУЙМЕБАЕВ НАГРАЖДЁН ОРДЕНОМ «БАРЫС» II СТЕПЕНИ

В канун празднования Наурыза Указом Президента Республики Казахстан Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета им. Аль-Фараби Жансеит Кансеитулы Туймебаев награжден орденом «Барыс» II степени.

Так же за большой вклад в социально-экономическое и культурное развитие страны, активную общественную деятельность, личную самоотверженность, проявленную при спасении и защите граждан, помощь в обеспечении общественного порядка группа граждан награждена государственными наградами.




## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!**

Баршаңызды Түркі әлеміне ортақ, халқымыздың ең Ұлық мерекесі, жыл басы – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы Наурыз ортамызға тың бастамалар, жағымды жаңалықтармен келіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдау жариялап, ел алдына биік мақсаттар қойды.

Тәуелсіз мемлекетіміз үлкен өзгерістерге бетбұрыс жасады. Ел Президенті халыққа жолдауында: «Біз кез келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың күш-қуатын бірге арттырамыз деп сенемін. Ең бастысы – еліміздің егемендігі. Шын мәнінде біз үшін

Қазақстанның тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Қастерлі Отанымыздың тұғыры мығым, абыройы биік болсын!» – деп айрықша атап өтті.

Наурыз – жасампаздық жаршысы, жаңару мен жаңғырудың бастауы. Келешегіміздің жарқын болуы үшін әрқайсымыз оң өзгерістерді өзімізден бастауымыз керек. Заман талабына лайық жастарға сапалы білім беріп, озық ғылымды игеру – біздің басты міндетіміз. Көшбасшы университетіміздің туын биік көтеріп, аты мен беделіне сай адал қызмет атқаруға тиіспіз.

Елімізде орын алған қаңтар оқиғасы мен әлемдегі сын-қатерлер бізді бұрынғыдан да сергек қимылдауға шақырады. Біз адам баласын ізгілік пен сыйластыққа тәрбиелейтін ізгі құндылықтарымызды жастарымыздың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.

Ұлттық келбетіміздің, тамыры терең дәстүр-салтымыз бен азат рухымыздың нышанына айналған Наурыз мерекесі баршамызға мол қуаныш, зор бақыт әкелсін.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректор**
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



# ТМД ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ АССАМБЛЕЯСЫМЕН КЕЛІСІМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы кеңесінің хатшылығы арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Білім ордасында Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы кеңесі хатшылығының өкілдерімен кездесуі өтті, оның нәтижесінде тараптар ынтымақтастық туралы келісімге келді.

Делегация өкілдерін қарсы алған университет басшысы еліміздің жетекші оқу орнының жетістіктеріне тоқталып, халықаралық байланыстарды дамытуға және ТМД Парламентаралық Ассамблеясымен қарым-қатынасты нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

Өз кезегінде Бас хатшы – ТМД Парламентаралық Ассамблеясы кеңесі хатшылығының меңгерушісі Дмитрий Кобицкий ықпалды ұйымның қызметін қысқаша баяндап берді. «Мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы көптеген мәселелермен айналысады. Бірінші және ең маңыздысы – модельдік заң шығару, соның негізінде ТМД елдерінің заңдары әзірленеді. Достастық елдері жастары үшін де маңызды жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Біз бұл бағытта да ынтымақтастық жасай алатынымызға сенімдімін», – деді Бас хатшы.

Кездесу соңында қол қойылған келісім негізінде тараптар үлгі заңнамалық актілерді әзірлеу, бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар өткізу, ортақ ғылыми жобаларды қолға алу сынды өзара тиімді іс-қимылдарды жүзеге асыратын болады.

# СОГЛАШЕНИЕ С ПАРЛАМЕНТСКОЙ АССАМБЛЕЕЙ СНГ

Подписано соглашение о сотрудничестве между Секретариатом Совета Межпарламентской Ассамблеи государств – участников Содружества Независимых Государств и Казахским национальным университетом имени Аль-Фараби.

В КазНУ имени Аль-Фараби состоялась встреча Председателя Правления – Ректора университета Жансеита Туймебаева с представителями Секретариата Совета Межпарламентской Ассамблеи государств, результатом которой стало подписание соглашение о сотрудничестве.

Приветствуя представителей делегации, руководитель вуза рассказал о достижениях ведущего вуза страны, выразив заинтересованность в развитии международных связей и укреплении отношений с Межпарламентской Ассамблеей государств.

В ответной речи генеральный секретарь – руководитель Секретариата Совета Межпарламентской Ассамблеи государств – участников Содружества Независимых Государств Дмитрий Кобицкий вкратце охарактеризовал деятельность влиятельной организации. «Межпарламентская Ассамблея государств занимается многими вопросами. Первое и самое главное – модельное законотворчество, на базе которого разрабатываются законы стран СНГ. Мы также реализуем важные проекты для молодежи Содружества. Уверен, мы можем сотрудничать и в этом направлении», – подчеркнул Генеральный секретарь.

Встреча завершилась церемонией подписания соглашения, определившего основные направления взаимодействия сторон в разработке модельных законодательных актов, проведении совместных научно-практических конференций, симпозиумов и семинаров, реализации общих научных проектов.







## ЖУРНАЛИСТІҢ ЕҢ ҮЛКЕН МӘРТЕБЕСІ – ЕРКІНДІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Халықаралық түркі академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі, «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі көшбасшылық дәріс оқыды.

Дәріске оқу орнының оқытушылары мен студенттері қатысты. Кездесуді университет басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, қара шаңырақ түлектерінің Үкіметте, мемлекеттік органдарда, медиа және басқа да салаларда маңызды қызмет атқаратынын атап өтті. Ректор ҚазҰУ түлегі Дархан Қуандықұлының журналистикамен қатар, түркі әлемі руханиятының дамуына айрықша үлес қосып жүргеніне тоқталды.

«Дархан Қуандықұлы білікті медиаменеджер ретінде еліміздің бас газеті – «Egemen Qazaqstan» басылымын абыройлы басқарып келеді. Жаңа деңгейге көтерілген газеттің 100 жылдық тарихын шежіреге айналдырып, көптомдық кітап шығарды. Журналистік қызметін ғылыми ізденістерімен толықтырып, түркология саласында ғылыми-танымдық жобаларды іске асыруда. Оқу орнымыздың осындай қайраткер түлегі, интеллектуал тұлғаның кәсіби тәжірибесі біздің білім алушы жастарымызға үлкен сабақ», – деді университет ректоры.

Кездесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев публицист, ғалым, қайраткер азамат Дархан Қыдырәліні Ғылыми кеңес шешімімен университеттің «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Дархан Қыдырәлі көшбасшылық дәрісі барысында жаңа Қазақстанды құрудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі, заманауи қоғамдағы идеологияның дамуы сынды мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталып, өз ойын ортаға салды. Сонымен қатар ол журналистің қоғамдағы рөліне баса назар аудару қажеттігін жеткізді.

# ВЫСШИЙ СТАТУС ЖУРНАЛИСТА – ЕГО НЕЗАВИСИМОСТЬ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби с лидерской лекцией выступил Президент Международной Тюркской академии, Председатель Правления АО «Республиканская газета «Egemen Qazaqstan», академик НАН РК Дархан Кыдырали. В ходе встречи он поделился своим знанием и опытом в сфере журналистики.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поприветствовав гостя, подчеркнул, что Дархан Кыдырали – личность, который вносит весомый вклад не только в развитие журналистики, но и тюркологии.

«Сегодня, будучи опытным специалистом в области медиа, Дархан Кыдырали возглавяет главную газету страны. Он сумел поднять статус издания на новый уровень, согласно требованиям времени. Его труды в области тюркологии являются богатым наследием для казахского народа. Сегодня он специально приехал в свой родной университет, чтобы поделиться опытом со студентами», – отметил руководитель вуза.

В заключение своей речи Жансеит Туймебаев наградил гостя нагрудным знаком «Ерен еңбегі үшін».

В ходе лидерской лекции Дархан Кыдырали подробно остановился на таких вопросах как: роль средств массовой информации в формировании Нового Казахстана, развитие идеологии в современном обществе, вопросы науки, образования и духовности.

Общественный деятель считает, что сегодня необходимо акцентировать внимание на роли журналиста в обществе.







# ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ САРАЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен Ғылыми кеңесте оқу орнының ғылыми-инновациялық қызметінің нәтижелері, білім алушы жастардың интеллектуалдық, рухани дамуын қамтамасыз ету бойынша шаралардың жүзеге асырылуы талқыланды.

Ғылыми кеңес барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғалымдардың ғылыми мекемелермен тығыз ынтымақтастықта нәтижелі жұмыс атқару қажеттігіне айрықша назар аударды.

Студент жастарға қатысты мәселелерді талқылаған университет ректоры Ж.Түймебаев: «Бізде бюрократия болмауы керек. Ғылымға белсене араласатын студенттердің базасы болса, олармен кездесіп, шешімін таппай келе жатқан мәселелерді талқылау керек. Оқу үдерісі мен университет қызметін жақсарту үшін барлық өзекті мәселелерді бірлесіп шешу керек», – деп атап өтті. Жиын соңында университет ғалымдарының ғылыми атақ беру жөніндегі ұсыныстары мақұлданды.

# ОБСУДИЛИ ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ НАУКИ

На Ученом совете обсудили итоги научно-исследовательской и инновационной деятельности КазНУ за прошлый год, а также ход реализации мероприятий по обеспечению интеллектуального, духовно-нравственного и физического развития студентов университета.

В ходе ученого совета Председатель Правления-Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев обратил внимание ученых на усиление тесного сотрудничества с научными институтами.

Также на заседании обсудили вопрос диссертационных советов. По мнению ректора, многие темы по гуманитарным наукам повторяются из года в год, что отражается на качестве дипломных работ. В связи с этим, ректор поставил конкретные задачи перед ученым и преподавателями.

Обсуждая проблемы студенческой молодежи ректор вуза отметил: «Бюрократии у нас не должна быть. Если есть база данных активистов-студентов, которые активно занимаются наукой, то с ними нужно встречаться, обсуждать нерешенные проблемы. Нам нужно сообща решать все актуальные вопросы с целью улучшения учебного процесса и деятельности университета».

В завершение заседания были одобрены рекомендации ученых университета к присвоению ученых званий.






## СЕНАТОРЛАР ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Бейбіт Исабаев, Ақылбек Күрішбаев және Нұртөре Жүсіп Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келді. Жұмыс сапары барысында халық қалаулылары алдымен қалашықты аралап, білім ордасында атқарылған жұмыстарға қанықты. Сонымен қатар алдағы уақытта университетті дамытудың жоба-жоспарымен танысты.

Депутаттар ҚазҰУ студенттерімен «Жаңа саяси реформалар: жастардың рөлі мен үлесі» тақырыбында еркін форматта кездесу өткізді.

Кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған ауқымды саяси-экономикалық және әлеуметтік тың реформаларды іске асыруда жастардың алатын орны зор екенін атап өтті.

Өз кезегінде білім ордасына арнайы келген сенаторлар алдымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 16 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауында көтерген бастамаларына байланысты өз ойларын ортаға салды.

Шара барысында студенттер сенаторларға өздерінің сауалдарын қойып, пікір алысты.



## СЕНАТОРЫ ВСТРЕТИЛИСЬ СО СТУДЕНТАМИ КАЗНУ

Депутаты Сената Парламента Республики Казахстан Бейбит Исабаев, Акылбек Куришбаев, Нурторе Жусип посетили Казахский национальный университет имени Аль-Фараби и встретились со студенческой молодежью.

Встреча прошла в свободном формате на тему «Новые политические реформы: роль и вклад молодежи».

В ходе рабочего визита сенаторы осмотрели кампус высшего учебного заведения, ознакомились с деятельностью и дальнейшими планами вуза.

Поприветствовав гостей, Председатель Правления - Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил весомую роль молодежи в реализации масштабных политико-экономических и социальных реформ, предложенных Главой государства Касым-Жомартом Токаевым.

Депутаты рассказали о новых политических реформах, озвученных Президентом РК Касым-Жомартом Токаевым в Послании народу Казахстана.

Студенты задавали вопросы и получили исчерпывающие ответы от народных избранников.



# ҚАЗҰУ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Наурыз мейрамын сән-салтанатпен атап өтті.

ҚазҰУ қалашығындағы көктем мерекесі Әл-Фараби кітапханасы алаңында шырша отырғызудан басталды. Университет ректоры Жансейіт Түймебаев шетелдік оқытушы-профессорлармен және факультет декандарымен бірлесіп қалашық аумағына 100-ге жуық шырша отырғызды.

Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арнайы шақырылған меймандар университет аумағында құрылған 20 киіз үйді аралап, наурыз дастарханынан дәм татты. Аға буын өкілдері жастарға баталарын беріп, шежіреден біраз сыр шертті.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты. ҚазҰУ-дағы Наурыз мейрамына келген қонақтардың қатарында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚР ҰҒА президенті




Мұрат Жұрынов, ҚР Жоғарғы сотының экс-төрағасы Мұсабек Әлімбеков, мемлекет және қоғам қайраткерлері Амандық Баталов, Бақытжан Сағынтаев және ЖОО ректорлары, белгілі ғалымдар, қаламгерлер мен БАҚ өкілдері болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Өз сөзінде білім ордасының басшысы Наурыз ынтымақ пен бірліктің мерекесі екенін жеткізді. «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Бұл күні Жер-Ана қайта түлеп, дүние ерекше күйге енеді. Халқымыздың ұғымында Әз Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, үміт пен сенімнің символы. Көктемгі мерекеде достық пен татулық, қазақы қонақжайлылық дәріптеледі. Ұрпақтар сабақтастығы салтанат құрады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіледі. Берекесі ұйыған егемен еліміздің болашағы жарқын болсын!» – деді университет ректоры.








## В КАЗНУ ШИРОКО ОТМЕТИЛИ ПРАЗДНИК НАУРЫЗ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби широко отметили праздник Наурыз. Праздничное мероприятие началось с посадки саженцев сосен и елей на территории университета. Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, деканы факультетов, преподаватели и иностранные ученые посадили на аллеях кампуса более 100 зеленых насаждений.

Масштабное мероприятие, посвященное национальному празднику продолжилось концертной программой. На празднике Наурыз побывали такие почетные гости как: аким города Алматы Ерболат Досаев, экс-председатель Верховного Суда РК Мусабек Алимбеков, президент НАН РК Мурат Журинов, государственные и политические деятели Амандык Баталов и Бакытжан Сагинтаев, известные общественные деятели, ученые, ректоры высших учебных заведений, представители интеллигенции и СМИ.

Приветствуя собравшихся Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Канситович подчеркнул, что Наурыз – праздник единства и согласия.

«От чистого сердца поздравляю всех вас с весенним праздником Наурыз! Для казахов этот праздник является символом обновления, торжества любви, плодородия и дружбы.







Наурыз – это начало нового года, приход весны, день, когда природа возрождается к новой жизни. С приходом праздника казахи одевают нарядную одежду, ходят друг к другу в гости, делятся радостью и поздравляют с первым весенним – Наурыз мейрамы», – сказал руководитель вуза.








Наурыз
AL FARABI


SMART UNIVERSITY


НАУРЫЗ







# РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!




**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докоранттары!**

Сіздерді қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Отыз күн оразада өзара сыйластық пен мейірім, ырыс пен ынтымақ, ізгілік пен мейірім салтанат құрады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын ғибадат айының басталуымен құттықтай отырып, «Осы күндерде азаматтарымыз рухани тазарып, жан дүниесін жаңғыртады, жақсылық жасайды. Рамазан айында имандылық, жанашырлық және мейірімділік сияқты мызғымас құндылықтардың қадірі арта түседі. Исламның гуманистік идеалдары еліміздегі береке мен бірлікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту үшін маңызды рөл атқарады. Біз халқымыздың ырыс-ынтымағының арқасында кез-келген қиындықты еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басамыз» деп атап өтті.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан біздің университетте де отыз күн оразада мұқтаж жандарды қолдап, қайырымдылық көрсету игі дәстүрге айналды.

Әрдайым ұжымның ауызбіршілігі артып, ырыс-несібесі еселенсін!

Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын!

Сіздерге мықты денсаулық, елімізге тыныштық, әр шаңыраққа бақ-береке тілеймін!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



# ҚАЗҰУ-ДА МИФИ ФИЛИАЛЫН АШУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Ұлттық зерттеу ядролық университеті – МИФИ делегациясы арнайы жұмыс сапарымен келді. Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ресей Федерациясынан келген меймандарды қарсы алып, кездесу өткізді. Тараптар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Мәскеу инженерлік-физика институтының филиалын ашу жөніндегі мәселелерді талқылады.

Сонымен қатар ресейлік әріптестер ҚазҰУ базасында МИФИ филиалын ашу арқылы ынтымақтастықты нығайтуға және ядролық физика, лазерлік және плазмалық технологиялар, атом энергетикасы, нанотехнологиялар бағыты бойынша мамандарды әзірлеуге бірлесіп жұмыс жүргізуге дайын екендерін жеткізді.

«Ағымдағы жылдың қыркүйек айында біз Мәскеу институтының филиалын ашуға дайынбыз. Қазіргі таңда ауқымды жұмыстар іске асырылуда. Жол картасы бекітіліп, ҚазҰУ мен МИФИ арасындағы келісім дайындалды. Гранттар бөлінді. Алдымен филиал физика-техникалық факультетінің оқу корпусында орналасатын болады. Алдағы уақытта жеке корпус салынуы мүмкін», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Мәскеу инженерлік-физикалық институтының проректоры Дмитрий Савкин жылы қабылдағаны үшін университет басшылығына алғысын білдірді.

# В КАЗНУ НАЧАЛАСЬ РАБОТА ПО СОЗДАНИЮ ФИЛИАЛА МИФИ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетил с рабочим визитом руководство Национального исследовательского ядерного университета МИФИ. Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретил гостей из Российской Федерации и провел с ними встречу. Стороны обсудили вопросы созданию филиала НИЯУ МИФИ в КазНУ им. Аль-Фараби.

Кроме того, руководитель высшего учебного заведения выразил готовность укрепить сотрудничество путем открытия филиала МИФИ на базе КазНУ им. Аль-Фараби и совместной подготовки специалистов в области ядерной физики, лазерных и плазменных технологий, атомной энергетики, и нанотехнологий.

«В сентябре текущего года мы готовы открыть филиал московского института. В настоящее время проведена определенная работа. Подготовлены проекты Дорожной карты и соглашения между КазНУ и МИФИ. Выделены гранты. В первое время филиал будет располагаться в отдельном учебном корпусе физико-технического факультета. В дальнейшем, возможно строительство отдельного корпуса с учетом выделения бюджетных средств из республиканского бюджета РК», – сказал Жансеит Туймебаев.

В свою очередь, проректор Московского инженерно-физического института Дмитрий Савкин выразил благодарность за теплый прием и гостеприимство.






# І ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫ БАСТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде І халықаралық Фараби форумының ашылу салтанаты өтті.

Ауқымды шара Екінші ұстаз атанған ғұлама ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталды. Оған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Өзбекстан Республикасының Алматыдағы бас консулы Аброр Фатхуллаев және белгілі фарабитанушы ғалымдар, этномәдени орталық өкілдері қатысты.

Биыл тұңғыш рет халықаралық деңгейде ұйымдастырылып отырған Фараби форумын білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты. «Әл-Фараби феномені – шын мәнінде теңдесі жоқ құбылыс. Әл-Фараби – ұлы ойшыл ғана емес, ол – адамзаттың рухани өрлеуіне ықпал еткен планетарлық деңгейдегі ғұлама ғалым. Бүгінгі форумның тарихи миссиясы – Фараби ілімі арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту. Тарихи және заманауи құндылықтарды тоғыстыру арқылы фарабитанудағы жаңа бағыттарды дамыту, Фараби ілімін жан-жақты, сала-салаға бөліп талқылау», – деп атап өтті ректор.

Жиында сөз алған Өзбекстан Республикасының Алматыдағы бас консулы Аброр Фатхуллаев та ғалымның баға жетпес бай мұрасының жалпыадамзаттық маңызын сөз етті.

Фараби форумының ашылу салтанаты «Әл-Фараби және түркі халықтарының рухани дәстүрлері» атты халықаралық конференциямен жалғасты. Оған отандық және шетелдік белгілі фарабитанушы ғалымдар, оқытушылар мен білім алушы жастар қатысуда.

Халықаралық форум аясында бірнеше ғылыми конференция, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу жоспарланған.

# СТАРТОВАЛ I МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФАРАБИ ФОРУМ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось открытие I Международного Фараби форум.

Масштабное мероприятие началось с возложения цветов к памятнику великому учителю. Участие в церемонии приняли: Председатель Правления –Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, генеральный консул Республики Узбекистан в Алматы Аброр Фатхуллаев, известные ученые – фарабиеведы, представители этнокультурных центров.

С приветственным словом обратился к участникам руководитель вуза Жансеит Туймебаев, открыв I Международный Фараби форум.

«Феномен Аль-Фараби – явление поистине беспрецедентное. Аль-Фараби – не только великий мыслитель, но и ученый планетарного уровня, способствовавший духовному росту человечества. Историческая миссия сегодняшнего форума – расширение кругозора молодежи через учение Фараби, развитие новых направлений фарабиеведения посредством интеграции исторических и современных ценностей, всестороннее, отраслевое обсуждение учения Фараби», – отметил ректор.

Генеральный консул Республики Узбекистан в Алматы Аброр Фатхуллаев также отметил общечеловеческую значимость бесценного богатого наследия ученого.

Церемония открытия Фараби форума продолжилась международной конференцией «Аль-Фараби и духовные традиции тюркских народов», в которой принимают участие известные отечественные и зарубежные ученые-фарабиеведы, преподаватели и обучающаяся молодежь.

В рамках форума запланировано проведение нескольких научных конференций, семинаров и круглых столов.





# АҚШ ПРОФЕССОРЫ ҚАЗҰУ-ДА ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУДЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Массачусетс университеті Дартмут колледжінің профессоры Дилшод Ачиловпен кездесу өткізді.

Тараптар ҚазҰУ мен Массачусетс университеті арасындағы ынтымақтастықты арттыру мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында білім ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев Дилшод Ачиловке университеттің соңғы жетістіктері мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар туралы ақпарат берді.

Жүздесу соңында тараптар ізгі тілектер мен естелік сыйлықтармен алмасты.

Айта кетейік, PhD, профессор Дилшод Ачилов ҚазҰУ-ға арнайы АҚШ-тан келген. Ол философия және саясаттану факультетінде студенттерге сабақ беріп, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.




## ПРОФЕССОР ИЗ США ПРОВОДИТ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗНУ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с профессором Массачусетского университета Дартмурта Дилшод Ачиловым.

Стороны обсудили вопросы дальнейшего расширения сотрудничества между КазНУ и Массачусетским университетом.

В ходе встречи ректор вуза Жансеит Туймебаев проинформировал Дилшода Ачилова о последних достижениях университета и дальнейших работах.

В завершение встречи стороны выразили свои наилучшие пожелания друг к другу и обменялись подарками на память.

Стоит отметить, PhD, профессор Дилшод Ачилов специально приехал в КазНУ имени Аль-Фараби из США. Он преподает студентам факультета философии и политологии и проводит научно-исследовательскую работу.




## ҚАЗҰУ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН АРТТЫРДЫ

Бүгінде QS әлемдік рейтингінде 175-орынды иеленген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – әлемнің ең үздік 200 университеті қатарына кіретін жалғыз қазақстандық жоғары оқу орны. ҚазҰУ QS by Subject пәндік рейтингінде де қарқынды түрде алға жылжи бастады.

Бұл пәндік рейтингте университет екінші жыл қатарынан білім беру бағдарламаларын ілгерілету бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отыр. 2021 жылы үздіктер тобына 11 даярлық бағыты кірген болса, биыл олардың саны 16-ға дейін өсті. Осылайша QS by Subject 2022-де ҚазҰУ өз көрсеткішін нығайта түсті.

Атап айтқанда, «Заманауи тіл білімі» мамандарын даярлау бағытында кезекті рет тамаша нәтиже көрсетіп, әлемнің үздік университеттері арасында 60-орынға көтерілді.

«Лингвистика» бағыты бойынша университет топ 101-150-ге енді, ал «Дінтану» және «Антропология» мамандықтары алғаш рет әлем бойынша топ 101-150 құрамынан көрінді.

«Ағылшын тілі мен әдебиеті» және «Құқықтану» дайындық бағыттары топ 151-200 қатарында.

Сондай-ақ «Археология» және «Философия» мамандықтары беделді халықаралық рейтингке биыл алғаш рет кіріп, 151-200 тобынан табылды, ал «Саясат және халықаралық зерттеулер» әлемдегі үздіктер арасында топ 201-220-ға енді.

«Экономика және эконометрика» мен «Математика» – 251-300, «Физика және астрономия» 451-500 позициясына орналасты.

Бұдан бөлек, өткен жылмен салыстырғанда ҚазҰУ ағымдағы жылы «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» пәні бойынша жалпы көрсеткішін жақсартып, 156-дан 145-орынға жоғарылады. Сонымен қатар «Жаратылыстану ғылымдары» және «Инженерлік ғылымдар» пәндері бойынша 451-500 тобындағы позициясын сақтап қалды.

Нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия және посткеңестік аумақтағы өз көшбасшылығын кезекті рет дәлелдеді.

## КАЗНУ УЛУЧШИЛ СВОИ ПОКАЗАТЕЛИ В МИРОВОМ РЕЙТИНГЕ

Сегодня Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, занявший 175 место в мировом рейтинге QS, является единственным казахстанским вузом, входящим в топ-200 лучших университетов мира. КазНУ динамично продвигается и в предметном рейтинге QS by Subject, второй год достигая в нем высоких показателей.

Если в 2021 году в группу лучших входило 11 направлений подготовки, то в 2022 году их количество увеличилось до 16. Таким образом, в этом году в QS by Subject 2022 КазНУ укрепил свои показатели.

В частности, по специальности «Современное языкознание» в очередной раз показал отличные результаты и поднялся на 60-е место среди лучших университетов мира.

По специальности «Лингвистика» университет вошел в топ 101-150, а «Религиоведение» и «Антропология» впервые появились в топ 101-150.

Направления подготовки «Английский язык и литература» и «Юриспруденция» входят в топ 151-200.

Также специальности «Археология» и «Философия» впервые вошли в престижный международный рейтинг в этом году, были отмечены в группе 151-200, а ОП «Политика и международные исследования» вошла в топ-201-220 среди лучших в мире.

«Экономика и эконометрика» и «Математика» – 251-300, «Физика и астрономия» - 451-500.

Кроме того, по сравнению с 2021 годом КазНУ в текущем году улучшил общий показатель по предмету «Искусство и гуманитарные науки», поднявшись со 156 на 145 место. Также сохранил позиции в группе 451-500 по естественно-научным дисциплинам и специальности «Инженерные науки».

В результате КазНУ им. Аль-Фараби в очередной раз доказал свое лидерство в Центральной Азии и на постсоветском пространстве.




## ҚАЗҰУ-ДА ПРОФЕССОР Т.САЙРАМБАЕВТЫҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология ғылымының докторы, профессор Талғат Сайрамбаевтың 85 жылдығына арналған «Қазақ тілі грамматикасының қазіргі даму парадигмалары және оқытудың инновациялық технологиялары» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

Шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, оқытушы-профессорлар құрамы, студент жастар және Талғат Сайрамбаевтың жары мен шәкірттері қатысты.

Жиында сөз сөйлеген білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев конференция жұмысына сәттілік тілеп, Талғат Сайрамбаевтың қазақ тілін терең зерттеп, дамытудағы атқарған жұмыстарына тоқталды.

«Талғат Сайрамбайұлы өмірінің ұзақ жылдарын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізді. Оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болды. Қазақ тілі мен түркі тілдерінің Ғылыми диссертациялық кеңесін басқарып, білікті мамандарды даярлауға үлес қосты. Ғалым сөз тіркесінің құрылысын, құрамын, мағынасын айқындап, күрделі сөз тіркесінің құрылысы туралы ғылыми тұжырымдар жасады. Қазақ тіл білімінде алғаш рет есімді және етістікті күрделі сөз тіркестерінің басты ерекшеліктерін анықтап, зерттеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Конференция аясында «Ғибратты ғұмыр» сериясымен басылып шыққан Талғат Сайрамбайұлының шығармашылығына арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

# В КАЗНУ ОТМЕТИЛИ 85 ЛЕТИЕ ПРОФЕССОРА Т.САЙРАМБАЕВА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась международная научно-методическая конференция «Современные парадигмы развития грамматики казахского языка и инновационные технологии обучения», посвященная 85-летию доктора филологических наук, профессора Талгата Сайрамбаева.

В мероприятии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, профессорско-преподавательский состав университета, супруга ученого, студенческая молодежь, ученики Талгата Сайрамбаева.

В ходе собрания руководитель вуза Жансеит Туймебаев пожелал участникам успехов в работе конференции и остановился на жизнедеятельности почетного работника образования Республики Казахстан.

«Долгие годы своей жизни Талгат Сайрамбаевич посвятил Казахскому национальному университету имени Аль-Фараби. Он работал преподавателем, доцентом, профессором, заведующим кафедрой. Возглавлял научный диссертационный совет казахского и тюркского языков, внес свой вклад в подготовку квалифицированных специалистов. Ученый определил состав, значение словосочетания и сделал научные выводы о строении сложного словосочетания. Т.Сайрамбаев впервые в казахском языкознании изучил структурные типы сложных словосочетаний, выделил основные особенности сложных местоимений и глагольных словосочетаний», - отметил ректор университета.

В ходе конференции состоялась презентация книги, посвященной творчеству Талгата Сайрамбайулы, вышедшей в серии «Ғибратты ғұмыр».






## ҚАЗҰУ ҒАЛЫМЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Алматыда көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Құлжабай Қасымовтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның ашылуы өтті.

Ескерткіш белгі ғалым отыз жылдан астам уақыт тұрған Әл-Фараби даңғылы бойындағы №63/17 үйдің қабырғасына орнатылды.

Ашылу салтанатына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ғалымның туыстары, достары, әріптестері, шәкірттері, сондай-ақ қала әкімдігінің өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Құттықтау сөзінде Жансейіт Қансейітұлы Құлжабай Қасымовтың өз ісіне адал, математиканың дамуына үлкен үлес қосқан нағыз маман екенін атап өтті. «Құлжабай Әбдіқалықұлы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі. Оның ғылымға деген құштарлығы

университет қабырғасында байқалған. Студент кезінде матрицалық алгебраның сызықтық теңдеулер жүйесін шешудің тиімді әдістерін жасауға байланысты ғылыми мәселелермен айналысты. Бұл зерттеулер кейін оның дипломдық жұмысының негізін қалады. Ғалым өз өмірінде математикадан ондаған еңбектер жазды, көптеген шәкірттерді тәрбиеледі», – деп атап өтті университет ректоры.

## ОТКРЫТА МЕМОРИАЛЬНАЯ ДОСКА В ЧЕСТЬ УЧЕНОГО КАЗНУ

В Алматы состоялось торжественное открытие мемориальной доски, установленной в честь известного ученого, академика НАН РК, доктора физико-математических наук, профессора Кулжабай Касымова.

Памятная табличка была установлена на стене дома №63/17 по проспекту Аль-Фараби.

В торжественном открытии мемориальной доски приняли участие Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, родные ученого, его друзья, коллеги, ученики, а также представители городского акимата и общественные деятели.

В ходе приветственной речи Жансеит Кансеитович отметил, что Кулжабай Касымов был профессионалом, преданный своему делу и внес большой вклад в развитие математики.

«Кулжабай Абдыкаликович выпускник КазНУ имени Аль-Фараби. Его тяга к науке и научным исследованиям была замечена в стенах университета. Будучи студентом, занимался научными вопросами матричной алгебры, связанными с разработкой эффективных методов решения линейных систем уравнений. Эти исследования впоследствии легли в основу его дипломной работы. За свою жизнь ученый написал десятки трудов по математике, воспитал много учеников», - отметил ректор университета.








# 12 СӘУІР – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-ғалымдары, жас ізденушілер!**

Сіздерді 12 сәуір – Қазақстандағы Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата-бабаларымыз кез келген табыстың тек тынымсыз еңбек пен оқу арқылы келетінін жіті түсінген.

«Ғылым таппай мақтанба...» деп, ұрпақты ғылым, білімге үндеген ұлы Абайдың даналық ұстанымы бүгін де маңызын жойған жоқ.

Бүгінгі өркениет өлшемі ғылым мен білімнің даму көрсеткішіне байланысты.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды қалыптастыруда, бәсекеге қабілетті қуатты экономика құруда ғылымның ықпалы зор болуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым саласы қызметкерлерін құттықтаған сөзінде: «Осы айтулы дата – Ғылым қызметкерлері күнінің аса көрнекті ғалым Қаныш

Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келуінің мәні зор. Перспективасы бар ғылыми зерттеулерді қолдау, ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін арттыру – сөзсіз шешімін табуға тиісті стратегиялық міндет», – деп атап өтті.

Ел Президенті «Ғылымды дамыту – Қазақстанның аса маңызды басымдығы болып қала беретінін» басты назарда ұстап отыр.

Сондықтан қазіргі уақытта біздің алдымызда ғылымды жаңа бағыттар бойынша дамытудың ауқымды міндеттері тұр.

Әлемдегі топ-200 үздік ЖОО қатарына енетін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 29 ҚР ҰҒА академигі, 59 ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, 525 ғылым докторы, 891 ғылым кандидаты, 411 PhD докторы ғылым саласындағы ортақ мүдде үшін аянбай еңбек етуде.

ҚазҰУ ғылыми зерттеулер саны мен сапасы бойынша еліміздегі оқу орындарының арасында көш бастап келеді.

ҚР Үкіметі жанындағы ғылыми-зерттеу комиссиясы анықтаған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының ішінде университет жас ғалымдарының жобалары экономиканың нақты секторларына енгізу үшін перспективті деп танылды.

Бүгінде ҚазҰУ бірегей ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар ірі зияткерлік корпорацияға айналды.

Өткен 2021 жылы Технологияларды коммерцияландыру орталығы құрылды.

Басты мақсат – университет пен бизнес арасында мазмұнды ынтымақтастық орнатып, ғылымға қосымша инвестиция тарту.

Жаңа зертханалар қатарына Қан тамырлары патологиясы орталығы қосылды.

Жерді қашықтықтан зондтау орталығы, цифрлық сауда алаңы форматындағы TOURISMKAZ мобильді қосымшасы да ерекше сұранысқа ие тың жобалар.

Сондай-ақ фитохимия негізіндегі тағамдық қоспалардың шағын өндірісі ұйымдастырылуда.

Біз ғылымдағы әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, интеллектуалды қуат-күшімізді одан әрі жетілдіріп, ел игілігі жолында аянбай қызмет атқара бермекпіз.

**Құрметті әріптестер!**

Баршамыздың ортақ мерекеміз – Ғылым қызметкерлері күні құтты болсын!

Өздеріңіздей ғалымдарымыздың ізденістері мен ғылыми жетістіктері арқылы университетіміз дамып, еліміз өркендей бермек.

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке, ғылым жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы –**
**Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**




## ҚАЗҰУ МЕН ҚР ҰҒА МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Шараға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдар қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген білім ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев ғылым саласында өлшеусіз еңбек етіп жүрген ғалымдарды кәсіби мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. «Сіздерді Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ғылым – қоғамның қозғаушы күші, барлық саланың даму негізі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды қалыптастыруда, ғылымның ықпалы күшті болуы тиіс. Қазіргі уақытта біздің алдымызда ғылымды жаңа бағыттар бойынша дамытудың ауқымды міндеттері тұр. Сондықтан қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмай, бірлесіп ғылым саласын дамыту маңызды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеу университеті моделін іс жүзінде жүзеге асырады», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жиында ҚазҰУ-ға арнайы келген ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов сөз алып, білім ордасындағы ғалымдарды айтулы күнмен құттықтады. «Қазақ

ұлттық университеті – еліміздің мақтанышы. ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан түлектер қазіргі таңда Үкіметте, мемлекеттік органдарда өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып келеді. Жетекші университет студенттерге сапалы білім беріп қана қоймай, болашақ ғалымдарды даярлау қажет», – деді Мұрат Жұрынов.

Шара барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР Ұлттық ғылым академиясы арасындағы ынтымақтастықты арттыру бойынша Жансейіт Қансейітұлы мен Мұрат Жұрынұлы меморандумға қол қойды.

## КАЗНУ И НАН РК ПОДПИСАЛИ МЕМОРАНДУМ

Сегодня в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось торжественное собрание, приуроченное к празднованию Дня работников науки. В мероприятии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, Президент Национальной академии наук Республики Казахстан Мурат Журинов, профессорско-преподавательский состав университета и молодые ученые.

В ходе собрания руководитель вуза поздравил ученых и всех трудящихся в научной сфере с профессиональным праздником.

«Поздравляю вас с Днем работников науки! Наука – движущая сила общества, основа развития всех отраслей. В формировании Нового Казахстана мы должны уделять особое внимание развитию науки. В настоящее время перед нами стоят масштабные задачи. Поэтому важно не останавливаться на достигнутом, необходимо совместно и сплоченно работать в этом направлении. КазНУ имени Аль-Фараби на практике реализует модель исследовательского университета, основываясь на результатах фундаментальных и прикладных исследований. Основным вектором развития научной деятельности нашего университета является сохранение фундаментальных направлений исследований», – сказал Жансеит Туймебаев.

Специально прибывший на торжественное собрание доктор химических наук, профессор, Президент НАН РК Мурат Журинов подчеркнул, что наука – это всегда коллективный труд.

«Казахский национальный университет был и является гордостью страны. Всем известно, что в Правительстве, в государственных органах работают выпускники КазНУ и выполняют свои обязанности на профессиональном уровне. Главная цель ведущих университетов не только дать качественное образование студентам, но и подготовить будущих ученых на высоком уровне. Студент, окончивший вуз должен выпуститься не только образованным специалистом своей профессии, но и ученым», – сказал Мурат Журинович.

В ходе мероприятия между руководством КазНУ имени Аль-Фараби и НАН РК был подписан меморандум о сотрудничестве.



# ЕУРОПАРЛАМЕНТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Еуропалық Парламент делегациясы арнайы сапармен келді. Мәртебелі меймандар ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бастаған оқытушы-профессорлар құрамы және студенттерімен кездесті.

Еуропарламент өкілдері алдымен «Әл-Фараби» музейін аралап, қара шаңырақ тарихына қанықты. Сонымен қатар қонақтарға ҚазҰУ жанындағы Пан Ги Мун институтының қызметі баяндалып, оқу орнының даму жоспары таныстырылды.

Делегация құрамына «Қазақстан Республикасы – Еуропалық одақ» Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының төрағасы, Көлік және туризм комитетінің 3-ші вице-төрағасы Андрис Америкс (Латвия), елші, ҚР ЕО өкілдігінің басшысы Кестутис Янкаускас, ҚР-ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының мүшесі, ЕП Сыртқы істер комитетінің мүшесі Франциско Миллан-Мон (Испания) және басқа да ұйым мүшелері кірді.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қонақтарға арнап сөз сөйледі. Ректор «Біз Қазақстанның Еуропалық одақпен халықаралық мәдени-білім беру ынтымақтастығын интеграциялау және дамытуға аса мүдделіміз. Осылайша ҚазҰУ еуропалық

елдермен ғылыми зерттеулерді дамыту саласындағы ынтымақтастыққа өз үлесін қосады», – деп, бұл кездесудің өзара ықпалдастықты нығайта түсеріне зор сенім білдірді.

Өз кезегінде ҚР-ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының бірінші вице-төрағасы, ЕП Көлік және туризм комитетінің 3-ші вице-төрағасы Андрис Америкс: «Біз әртүрлі елдерден келдік, бірақ бәріміз еуропалықпыз. Біз бірліктен әртүрлілікке дейінгі бірегей процестерді бірге өткізудеміз, ортақ бірегейлікке иеміз. Біз еуропалық ұлттардың терең тарихымен бөлісіп, Еуроодақ қағидаларын Қазақстанға жеткізу үшін келдік. Сіздердің елдеріңіз азаматтық қоғамда маңызды рөл атқаратын мәдениетаралық диалог пен адам құқықтарын қолдауға септігін тигізеді деп үміттенеміз», – деп пікір білдірді.

## КАЗНУ ПОСЕТИЛА ДЕЛЕГАЦИЯ ЕВРОПАРЛАМЕНТА

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби с официальным визитом посетила делегация Европарламента. Почетные гости встретились с учеными, представителями профессорско-преподавательского состава и студентами вуза.

Представители Европарламента посетили музей «Аль-Фараби», где ознакомились с историей университета. Также гостям рассказали о деятельности института Пан Ги Мун при КазНУ, продемонстрировали макет-план развития учебного заведения.

В состав делегации Европарламента вошли: первый вице-председатель делегации Европейского Парламента в Комитете парламентского сотрудничества РК-ЕС, 3-й вице-председатель Комитета ЕП по транспорту и туризму Андрис Америкс (Латвия), посол, глава Представительства ЕС в РК Кестутис Янкаускас, член делегации Европейского Парламента в Комитете парламентского сотрудничества РК-ЕС, член Комитета ЕП по иностранным делам Франциско Миллан-Мон (Испания) и др.

Председатель Правления Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев обратился к гостям с приветственной речью. «Мы всецело заинтересованы вопросами интеграции и развития международного культурно-образовательного сотрудничества Казахстана с Европейским Союзом. Таким образом КазНУ вносит свой вклад в сотрудничество с европейскими странами в области развития научных исследований», – подытожил в своем выступлении ректор университета.

В ответном выступлении первый вице-председатель делегации Европейского Парламента в Комитете парламентского сотрудничества РК-ЕС, 3-й вице-председатель Комитета ЕП по транспорту и туризму Андрис Америкс сказал: «Мы приехали из разных стран, но все мы – европейцы. Вместе проходим уникальные процессы от единства к разнообразию, обладаем общей идентичностью. Мы здесь затем, чтобы поделиться длительной историей европейских наций и донести принципы Евросоюза до Казахстана. Надеемся, что ваша страна будет способствовать межкультурному диалогу и поддержке прав человека, которые играют важную роль в гражданском обществе».



# ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫНА АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алаш ардақтысы, көрнекті ағартушы ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған белгілі тілтанушы, тарихшы, әдебиетші ғалымдар, оқытушы-филологтар мен білім алушы жастар қатысты.

Конференция ашылуында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев түркі әлеміне ортақ тұлға тағылымы, оның ұлт болашағы мен бостандығы жолындағы жанкешті еңбегі хақында кеңінен ой өрбітті. Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген көзқарасының бүгінгі күні де аса өзекті екенін алға тартты.

«Біз еліміздің, тіліміздің болашағын ойласақ, Ахмет Байтұрсынұлы бағытын ұстануға тиіспіз. Өйткені тіл тағдыры – бүкіл мемлекеттің тағдыры. Бүгінгі конференцияның да тарихи миссиясы – Байтұрсынов танымы арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту», – деді университет басшысы.

Сонымен қатар конференция барысында ағартушы ғалымның таңдамалы шығармаларының үш томдығының тұсауы кесілді. Шығарылымның басты ерекшелігі – студенттер енді Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің түпнұсқасын оқуға толық мүмкіндік алды.

# КАФЕДРЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ ПРИСВОЕНО ИМЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла Международная научно-теоретическая конференция «Ахмет Байтурсынулы – духовный вождь нации», посвященная 150-летию со дня рождения выдающегося ученого-просветителя, Учителя нации Ахмета Байтурсынова. В мероприятии приняли участие известные ученые-языковеды, историки, литературоведы, преподаватели-филологи и обучающаяся молодежь.

На открытии конференции Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев особо отметил вклад великого сына тюркского народа в развитие науки и общества, его самоотверженный труд во имя свободы и будущего нации. Ахмет Байтурсынову принадлежат слова: «Чтобы не отстать от других, мы должны быть образованными и сильными. Для того, чтобы иметь знания, необходимо учиться. Чтобы быть богатым, нужно иметь дело. А для могущества необходимо единство и сплоченность. Для этих нужд необходимо работать, не покладая рук».

«Когда мы думаем о будущем нашей страны, языка, мы должны следовать курсу Ахмета Байтурсынова. Ведь судьба языка – это судьба всего государства.

Историческая миссия сегодняшней конференции – расширение кругозора молодежи через познание наследия Байтурсынова», – сказал руководитель университета.

Также в рамках конференции состоялась презентация 3-х томов избранных произведений ученого-просветителя. Благодаря уникальному изданию студенты получили возможность прочитать произведений Ахмета Байтурсынова в оригинале.





## I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде I халықаралық Фараби форумының жабылу рәсімі өтті. Онда форум жұмысы қорытындыланып, «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауы мен Студенттік бизнес-инкубаторлар инновациялық жобаларының жеңімпаздары марапатталды.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев форумға белсенді атсалысқаны үшін барлық қатысушыларға алғыс айтып, үздіксіз шығармашылық табыс, озық ғылыми нәтижелер мен жаңалықтар тіледі. «I халықаралық Фараби форумы Қазақстанның игілігі үшін одан әрі даму жолындағы біздің қара шаңырақтың үздік дәстүрлерін сақтап, дамыта отырып, университет ғылымының өзіндік символына айналды. Біз студенттік ғылымды қолдау және дамыту саясатын одан әрі жалғастыратын боламыз. Университетте біз іргелі және қолданбалы зерттеулер мен технологияларды коммерцияландыру шеңберінде жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми-техникалық ықпалдастығын дамытамыз», – деп атап өтті ректор.

Салтанатты шарада университет басшысы «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауы мен Студенттік бизнес-инкубаторлардың инновациялық жобалары жеңімпаздарына дипломдар мен қаржылай сыйлықтарды табыс етті.

# ЗАВЕРШИЛСЯ I МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФАРАБИ ФОРУМ

В КазНУ имени Аль-Фараби прошла церемония закрытия I Международного Фараби форума, на которой были подведены итоги масштабного мероприятия, а также состоялось награждение победителей конкурсов «Лучший молодой ученый КазНУ» и инновационных проектов студенческих бизнес-инкубаторов.

Торжественную церемонию открыл Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, поблагодарив всех участников за активное участие в форуме и пожелав непрерывного творческого совершенствования, новых значимых научных результатов и открытий.

«Бережно сохраняя и развивая лучшие традиции нашего университета для дальнейшего развития на благо Казахстана, I Международный Фараби Форум стал своеобразным символом университетской науки, – подчеркнул в своем выступлении руководитель вуза. – Мы будем и дальше продолжать политику поддержки и развития студенческой науки, развивать международную научно-техническую коллаборацию молодых ученых и студентов в рамках фундаментальных и прикладных исследований и коммерциализации технологий».

В университете большое внимание уделяется реализации научного потенциала молодых ученых. По предложению ректора университета Жансейт Кансейтовича 10% от общего грантового финансирования научно-исследовательских работ университета выделяется на вовлечение студентов в научно-исследовательскую деятельность. Победителям конкурса «Лучший молодой ученый КазНУ», а также и инновационных проектов студенческих бизнес-инкубаторов руководитель вуза вручил дипломы и денежные премии.





# ҚАЗҰУ-ACCELS ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТУДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Халықаралық білім беру жөніндегі американдық кеңестердің (ACCELS) негізін салушылардың бірі, доктор Дэн Дэвидсон келді.

Дэн Дэвидсон – Халықаралық білім беру жөніндегі американдық кеңестерді (ACCELS) ұзақ жылдар бойы басқарып келеді. 2017 жылға дейін және қазіргі уақытта ұйымның құрметті президенті, ғылыми-зерттеу орталығының директоры және аға академиялық кеңесшісі. Сондай-ақ ол Қырғызстанның Бішкек қаласындағы Білім беру, бағалау және оқыту әдістері орталығының (CEATM) тең құрылтайшысы және төрағасы. Бұл посткеңестік аумақтағы ЖОО-ға түсуге арналған алғашқы тәуелсіз тестілеу бағдарламасы.

Американдық ғалым және білім беруді ұйымдастырушы тұлғаны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қабылдады. Университет басшысы кездесуде жоғары білім мен ғылымның дамуына септігін тигізетін әріптестікті одан әрі ілгерілетуге дайын екенін жеткізді.

Тараптар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Халықаралық білім беру жөніндегі американдық кеңестер келісімі аясындағы ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Сондай-ақ жүздесуде ҚазҰУ-да сегізінші жыл қатарынан жүзеге асырылып отырған «Флагман» бағдарламасы бойынша оқитын американдық студенттер контингентін ұлғайту мәселелерін қарастырды. Сонымен қатар келесі жылы американдық орыстанушылар – мектеп мұғалімдері мен университет оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу міндеттерін көтерді.

Өз кезегінде доктор Дэвидсон университет басшылығына ағымдағы және болашақтағы жобалар мен бастамаларды жүзеге асыруда жан-жақты қолдау көрсеткені және шығармашылық ынтымақтастығы үшін алғыс білдірді.



## КАЗНУ РАСШИРИЛ СОТРУДНИЧЕСТВО С ACCELS

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетил доктор Д.Дэвидсон – один из учредителей Американских советов по международному образованию (ACCELS).

Доктор Дэвидсон – бессменный президент Американских советов по международному образованию. До 2017 года и в настоящее время является почётным президентом, директором Исследовательского центра и старшим академическим советником организации. Он также соучредитель и председатель Центра образования, оценки и методов обучения (CEATM) в Бишкеке (Кыргызстан), первой на постсоветском пространстве независимой программы тестирования при приеме в университеты.

В рамках визита состоялась встреча американского ученого и организатора образования с Председателем Правления – Ректором КазНУ имени Аль-Фараби Жансеитом Туймебаевым.

Руководитель университета выразил готовность и дальше содействовать партнерству, способствующему развитию высшего образования и науки.

В ходе встречи стороны обсудили перспективы сотрудничества в рамках соглашения между Казахским национальным университетом имени Аль-Фараби и организацией «Американские советы по международному образованию».

Стороны рассмотрели вопросы увеличения контингента американских студентов, обучающихся в КазНУ по программе «Флагман» вот уже восьмой год, рассмотрели задачи организации и проведения в будущем году курсов повышения квалификации американских русистов – учителей школ и преподавателей университетов.

В свою очередь доктор Д. Дэвидсон поблагодарил руководство вуза за всемерную поддержку и творческое сотрудничество в реализации действующих и перспективных проектов и инициатив.



## ИНДОНЕЗИЯ ЖОО-ЛАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІК ДАМИДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев Индонезияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Мохамад Фаджрус Рахман бастаған делегациямен кездесу өткізді. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев Индонезиядан келген меймандарды қарсы алып, оқу орнының тарихы мен жетістіктеріне тоқталды. Сонымен қатар Фаджрус Рахманға шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізудегі университет тәжірибесімен бөлісті.

«ҚазҰУ-да шетелдік оқытушы-профессорлар дәрістер өткізуде. Сондай-ақ шетелден келген студенттер біздің университетте білім алып жатыр. Солардың қатарында индонезиялық жастар да бар. Дегенмен осы нәтижемен тоқтап қалмай, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс атқаруымыз қажет», – деді ЖОО басшысы.

Сонымен қатар өз сөзінде Жансейіт Түймебаев Индонезияның жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді. Университет басшысы жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Өз кезегінде Мохамад Фаджрус кездесуге мүмкіндік бергені үшін білім ордасының ректорына ризашылығын білдірді. Ол Индонезия университеттері мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерін салатынын айтты.



# СОТРУДНИЧЕСТВО С ВУЗАМИ ИНДОНЕЗИИ БУДЕТ РАСШИРЯТЬСЯ

Председатель Правления-Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с делегацией во главе с Чрезвычайным и Полномочным послом Индонезии в Республике Казахстан Мохамадом Фаджрусом Рахманом. Стороны обсудили вопросы дальнейшего наращивания и активизации двустороннего сотрудничества.

Жансеит Туймебаев тепло и радушно встретил гостей из Индонезии. Во время переговоров ректор подробно рассказал об истории и достижениях вуза, поделился с опытом работы университета с зарубежными вузами-партнерами.

«Иностранные профессора преподают в КазНУ. Также в нашем университете обучаются иностранные студенты. В их числе обучающаяся молодежь из Индонезии. Однако, мы не должны останавливаться на достигнутом и в дальнейшем нам нужно работать совместно», — сказал руководитель вуза.

Жансеит Туймебаев выразил готовность развивать партнерские отношения с вузами Индонезии. Он также отметил, что намерен поддерживать инициативы, направленные на расширение плодотворного сотрудничества и взаимодействия.

В свою очередь Мохамад Фаджрус поблагодарил ректора вуза за возможность встречи. Он добавил, что приложит все усилия для развития сотрудничества между университетами Индонезии и КазНУ имени Аль-Фараби.



## ҚАЗҰУ-ДА АМЕРИКАЛЫҚ ПРОФЕССОР ДЭН ДЭВИДСОНМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Халықаралық білім беру жөніндегі американдық кеңестердің (ACCELS) президенті, доктор Дэн Дэвидсон оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушылармен кездесті. Америкалық ғалым «Флагман» бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы кеңінен әңгімелеп, өзінің жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Жиынды ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаев Брин Мар университетінің профессоры Дэн Дэвидсонды таныстырып өтті.

Университет басшысы өз сөзінде: «Ғалым және білім беруді ұйымдастырушы доктор Дэн Дэвидсонның беделі жоғары және мойындалған. Дэвидсон мырзаға Қазақстанға және біздің университетке деген құрметі үшін ерекше алғыс айтқым келеді. Алда үлкен жоспарларымыз бар. ҚазҰУ-ға Америкадан студенттер орыс және қазақ тілдерін үйренуге, ал АҚШ-тың колледж оқытушылары мен мектеп мұғалімдері тағылымдамадан өтуге келеді. Бұл кездесуге тыңғылықты дайындалып, өзара араласу, қарым-қатынас жасау және жаңа нәрселерді үйрену керек», – деп атап өтті.

Сонымен қатар ЖОО ректоры Дэн Дэвидсон мырзаға «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры» атағын салтанатты түрде табыс етті.

Жүздесу соңында қатысушылар еркін пікір алмасып, естелік суретке түсті.

# В КАЗНУ СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА С ПРОФЕССОРОМ ДЭНОМ ДЭВИДСОНОМ

Президент Американских советов по международному образованию (ACCELS) Доктор Дэн Дэвидсон встретился с обучающейся молодежью и профессорско-преподавательским составом Казахского национального университета имени Аль-Фараби, рассказав о реализации программы «Флагман» и поделившись богатым опытом работы.

В начале встречи Председатель Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби, представив профессора университета Брин Мар Дэна Дэвидсона аудитории, перечислил многочисленные регалии ученого.

Руководитель вуза подчеркнул в своей речи: «Авторитет ученого и организатора образования доктора Д. Дэвидсона высок и признан. Лично зная г-на Дэвидсона, хочу особо поблагодарить его за трепетное отношение к Казахстану и к нашему университету. У нас большие планы на будущее. В КазНУ едут обучаться русскому и казахскому языку студенты из Америки, на стажировку приедут преподаватели колледжей и учителя школ США. Нужно хорошо подготовиться к их встрече, взаимодействовать, общаться и учиться новому».

Руководитель университета торжественно вручил г-ну Дэвидсону диплом о присвоении звания почетного профессора Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

Далее доктор Дэвидсон представил вниманию участников встречи результаты работы по программе «Флагман», отметив роль мобильности школьников, студентов, ученых и идей. «Существует широкий консенсус, что знание производится и передается наиболее эффективно исследовательскими университетами, и что лучшие из них являются не только национальными, но мировыми, – сказал спикер. – И в этот отношении показателен прекрасный пример КазНУ имени Аль-Фараби».

В завершение встречи ректор университета Ж.Туймебаев поблагодарил доктора Дэвидсона за содержательную презентацию. Мероприятие завершилось памятной фотосессией с участием обучающейся молодежи, преподавателей и ученых вуза.








# ҚАЗҰУ-ҒА ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров арнайы келді. Сапар аясында ортсайлауком төрағасы университеттің тыныс-тіршілігімен танысты.

Мәртебелі қонақ алдымен ҚазҰУ Жағдаяттық басқару орталығында болып, қалашықтағы жағдайды уақтылы реттеп отыратын орталық қызметіне қанықты.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ағымдағы оқу жылы жүргізілген құрылыс жұмыстарына кеңінен тоқталды. Қадірменді қонақ күрделі жөндеуден өткен соңғы үлгідегі оқу ғимараттары мен жаңарған аудиторияларды аралады.

«Университетке ұзақ жылдардан бері күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, көптеген ғимараттардың тозығы жеткен. Сол олқылықтың орнын толтырып, университет аумағында үлкен жұмыстар атқарылды», – деді ЖОО басшысы.

Бұдан кейін төраға заманауи стандарттарға сәйкес жабдықталған Al-Farabi Business school оқу кабинеттерін аралап, студент жастармен пікір алмасты.

Сондай-ақ кездесуде оқу орнының басшысы университеттің соңғы жетістіктері мен алдағы уақытта салынатын нысандардың құрылыс жоспары туралы ақпарат берді.



# КАЗНУ ПОСЕТИЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ЦЕНТРИЗБЕРКОМА

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетил председатель Центральной избирательной комиссии Нурлан Абдиров. В ходе рабочей поездки он ознакомился с кампусом и достижениями университета.

Почетный гость первым делом посетил Центр ситуационного управления КазНУ, где проявил большой интерес к технологиям контроля и регулирования различных ситуаций на территории кампуса университета.

Председатель Правления – Ректор вуза Жансеит Туймебаев подробно остановился на строительных работах, реализованных в текущем учебном году. Почетный гость осмотрел капитально отремонтированные учебные корпуса последнего поколения и обновленные аудитории.

«В связи с тем, что на протяжении многих лет в университете не проводился капитальный ремонт, многие здания изношены. На территории университета проделана большая работа», – сказал глава вуза.

Затем председатель осмотрел учебные кабинеты Al-Farabi Business School, оборудованные в соответствии с современными стандартами, а также пообщался со студенческой молодежью.

Также на встрече руководитель учебного заведения проинформировал о последних достижениях университета и ближайших планах строительства новых объектов.





# АМАНДЫҚ БАТАЛОВ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет және қоғам қайраткері, Алматы облысының экс-әкімі Амандық Баталов оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер алдында «Жастар бойындағы көшбасшылық қасиеттер мен патриоттық сезімді тәрбиелеу» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Шараға құрметті қонақтар ретінде белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Амандық Баталов, Кәрім Көкірекбаев, Әлихан Тойбаев, Тұрарбек Асанов және Серік Байбатыровтар арнайы келді.

Көшбасшылық дәрісті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Амандық Ғаббасұлы қай қызметте болса да, өзін кәсіби маман, мықты ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде көрсете білген азамат екенін атап өтті.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев Амандық Ғаббасұлына «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын салтанатты түрде табыс етті.

Өз кезегінде Амандық Баталов көшбасшылық дәрісі барысында қарапайым құрылысшыдан мемлекеттік қызметке дейінгі аралықта атқарған жұмыстарына егжей-тегжейлі тоқталды.

«Менің жүрегімде ҚазҰУ ерекше орын алады. Себебі құрылысшы болып жүрген тұста университет қалашығын салуға өз үлесімді қостым. Қайтадан осы білім ордасына келіп, сіздермен қауышып отырғаныма қуаныштымын. Жастар – еліміздің болашағы. Мен облыс әкімі қызметінде болғанымда жастарға қолайлы жағдай жасау үшін бар күш-жігерімді салдым. Мәдени-тарихи нысандарды салуға жұмыстандым. Сондай-ақ денешынықтыру-сауықтыру кешендерін көптеп салуға тырыстым. Өйткені жастарымыз спортпен еркін шұғылдануы үшін оған жағдай жасалуын қаладым», – деді Амандық Ғаббасұлы.

Дәріс соңында тыңдаушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ой-пікірлерін ортаға салды.





# АМАНДЫК БАТАЛОВ ВЫСТУПИЛ С ЛИДЕРСКОЙ ЛЕКЦИЕЙ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась лидерская лекция государственного и политического деятеля, экс-акима Алматинской области Амандыка Баталова на тему «Воспитание лидерских качеств и патриотических чувств у молодежи».

В качестве почетных гостей в мероприятии приняли участие государственные и общественные деятели Карим Кокрекбаев, Алихан Тойбаев, Турарбек Асанов и Серик Байбатыров.

Лидерскую лекцию с приветственным словом открыл ректор университета Жансеит Туймебаев. В ходе своей речи руководитель вуза отметил, что Амандык Габбасович за время работы в разных сферах зарекомендовал себя как высококвалифицированный специалист, профессионал своего дела.

В завершение своей речи руководитель вуза вручил Амандыку Габбасовичу звание «Почетный профессор КазНУ им. Аль-Фараби».

В ходе лекции известный строитель, государственный и политический деятель поделился своим опытом с молодёжью. Амандык Баталов подробно рассказал студентам о своей трудовой деятельности.

«Казахский национальный университет имени Аль-Фараби занимает в моем сердце особое место. Потому что, сам участвовал в строительстве высшего учебного заведения. Я очень рад сегодняшней нашей встрече. Вы, молодежь – будущее нашей страны. За время моего пребывания на посту акима Алматинской области я приложил все усилия для создания благоприятных условий для молодежи. Работал над созданием и увеличением числа культурных, исторических и спортивных объектов. Я хотел, чтобы наши молодые люди беспрепятственно занимались спортом», – сказал Амандык Габбасович.

В завершении лекции слушатели задавали интересующие их вопросы и поделились своими мнениями.



# ҚАЗҰУ МАЖАРСТАН ЖОО-ЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев Мажарстанның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Отто Иван Ронмен және Алматыдағы бас консул Ференц Блауманнмен кездесу өткізді. Тараптар ҚазҰУ-дың Мажарстан жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Жүздесу барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті меймандарға бірқатар нақты ұсынысын білдірді. «Біз Мажарстанның жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамытуға дайынбыз. Жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдаймыз. Осы тұрғыда Мажарстан ЖОО-ларымен бірлесіп білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет. Сондай-ақ ғылым мен инновацияны дамыту бойынша ортақ ғылыми зерттеулер жүргізуді, көрмелер мен конференциялар және басқа да мәдени іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынамыз», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде елші Отто Иван Рон Жансейіт Қансейітұлы ұсынған бастамаларды қолдап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін білдірді. «Біз ҚазҰУ бастамаларын қолдай отырып, өз ұсынысымызды білдіргіміз келеді. Бізге бірлесіп ғылыми-зерттеу орталықтарын құру қажет. Бұл өз кезегінде ортақ ғылыми жобаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп санаймын», – деді Отто Иван Рон.

Кездесу соңында тараптар естелік сыйлықтар алмасты.



# КАЗНУ И ВЕНГЕРСКИЕ ВУЗЫ БУДУТ ВЕСТИ СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с Чрезвычайным и Полномочным Послом Венгрии в Республике Казахстан Отто Иван Роном и Генеральным Консулом Венгрии в Алматы Ференц Блауманном.

В ходе встречи стороны обсудили вопросы дальнейшего сотрудничества и расширение стратегического партнерства КазНУ с вузами Венгрии.

Поприветствовав почетных гостей Жансеит Туймебаев выдвинул ряд конкретных предложений.

«Мы выражаем готовность развивать партнерство с вузами Венгрии. Поддерживаем инициативы, направленные на расширение плодотворного сотрудничества и взаимодействия. В этой связи, хочу озвучить наши предложения. Необходимо разработать совместные образовательные программы с вузами-партнерами Венгрии, проводить офлайн, онлайн конференций по обмену опытом в контексте внедрения и развития передовых методов обучения и научных исследований. Также предлагаем провести совместные научные исследования по актуальным направлениям развития науки и инноваций, совместно организовывать выставки, научно-практические конференций, научные семинары и другие культурные мероприятия. Кроме того, необходимо разработать совместные научные проекты для участия в конкурсах по международным грантам», – подчеркнул руководитель университета.

В свою очередь Чрезвычайный и Полномочный Посол Венгрии в Республике Казахстан Отто Иван Рона поддержал инициативы Жансеита Кансеитовича и выразил готовность к наращиванию сотрудничества с КазНУ имени Аль-Фараби.

«Мы поддерживаем ваши конкретные предложения. И я был хотел со своей стороны тоже озвучить свои идеи. Я предлагаю создать совместные научно-исследовательские центры и работать дальше в этом направлении», – отметил Отто Иван Рона.

В завершение встречи стороны обменялись памятными подарками.



# ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫНДА КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет қайраткері, генерал-лейтенант, төтенше және өкілетті елші Нұрлан Ермекбаев «Қазақстанның әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Кездесуді ашқан ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қадірменді қонақты таныстыра келе, студент жастар арасында отансүйгіштікті, Қазақстан саясаты мен оның қауіпсіздігін насихаттаудың маңызын ерекше атап өтті.

Мәртебелі мейман өз кезегінде университет ұжымы мен студенттеріне қонақжайлылығы үшін алғыс білдіріп, өз білімі және тәжірибесімен бөлісуге әзір екенін жеткізді.

«Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметтің мақсаты – Қазақстан Республикасына төніп тұрған әскери қауіптерге тосқауыл қою үшін мемлекеттің әскери әлеуетін арттыру. Ел басшылығы қолдауының арқасында қарулы күштерді дамыту, қоғамдағы әскери қызмет мәртебесі мен беделін арттырудың барлық бағыттары бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Бұл әскердің жауынгерлік даярлығы мен техникалық жарақталуының сапасын айтарлықтай жақсартуға, әскери қызметкерлерге әлеуметтік қолдауға кепілдік беруге, тұрғын үй мәселелерін жүйелі шешуге, халықаралық және әскери ынтымақтастық аясында армияның беделін айтарлықтай көтеруге мүмкіндік берді», – деп атап өтті дәріскер.

# ЛИДЕРСКАЯ ЛЕКЦИЯ О ВОЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В КазНУ имени Аль-Фараби прошла лидерская лекция Государственного деятеля Республики Казахстан, Министра обороны РК (2018-2021 гг.), генерал-лейтенанта, Чрезвычайного и Полномочного Посла Нурлана Байузаковича Ермекбаева. Он выступил на тему «Политика Казахстана в области обеспечения военной безопасности».

Приветствуя почетного гостя Председатель Правления-Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поблагодарил его за визит и подчеркнул важность пропаганды политики Казахстана и ее безопасности среди студенческой молодежи.

Нурлан Ермекбаев в свою очередь поблагодарил коллектив и студентов университета за теплый прием и выразил готовность поделиться своими знаниями и опытом во время лекции. В своем выступлении государственный деятель подробно рассказал о важности обеспечения военной безопасности государства. «Целью деятельности в сфере обеспечения военной безопасности является повышение военного потенциала государства для адекватного реагирования на военные угрозы Республике Казахстан. Благодаря поддержке руководства страны целенаправленно реализуется комплекс мероприятий по всем аспектам развития Вооруженных Сил, повышения статуса и престижа воинской службы в обществе. Это позволило существенно повысить качество боевой подготовки и техническое оснащение войск, обеспечить социальные гарантии военнослужащим, планомерно решать жилищные вопросы, заметно поднять авторитет армии в рамках международного и военного сотрудничества», – отметил лектор.






# ШОТ-АМАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев «Сәулетші жолы – ұлт құндылығы» тақырыбындағы конференцияға арнайы қатысты. Тағылымы мол танымдық іс-шара көрнекті сәулетші, ҚР Елтаңбасының және Тәуелсіздік монументінің авторы Шот-Аман Уәлихановтың 90 жылдығына арналды.

Қоғам қайраткері Шот-Аман Ыдырысұлының өмірі мен шығармашылығынан сыр шертер конференцияға шақырылған құрметті қонақтардың қатарында Қазақстанның халық ақыны Олжас Сүлейменов, ҚР тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров, Еуразия мәдениет қорының президенті Ерұлан Қанапиянов, филология ғылымының докторы Шәкір Ыбыраев, сондай-ақ мемлекет қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері болды.

Конференция барысында «Ғибратты ғұмыр» сериясымен басылып шыққан Шот-Аман Уәлихановтың шығармашылығына арналған жеті томдық кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Жинақты шығаруға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұрындық болған.

Өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйледі. Өз сөзінде білім ордасының басшысы Шот-Аман Ыдырысұлы саналы ғұмырын сәулет өнеріне, ұлттық дүниетанымға негізделген көркем өнер тудыруға арнаған тұлға екенін атап өтті.

Сонымен қатар конференцияға қатысқан зиялы қауым өкілдері мен мемлекет қайраткерлері сөз сөйлеп, Шот-Аман Ыдырысұлының еңбектері туралы кеңінен айтып берді.



# 90 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ШОТ-АМАНА ВАЛИХАНОВА

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в конференции «Путь зодчего – достоинство свершений». Мероприятие было посвящено 90-летию выдающегося архитектора, общественного деятеля, автора герба Республики Казахстан и монумента Независимости Шот-Амана Идрисовича Валиханова.

В конференции приняли участие: народный поэт Казахстана Олжас Сулейменов, первый космонавт РК Тохтар Аубакиров, Президент Евразийского Фонда культуры Ерулан Канапьянов, доктор филологических наук Шакир Ибраев, а также известные архитекторы и писатели страны.

В ходе собрания состоялась презентация 7-томной книги, посвященной жизни и творческой деятельности Шот-Амана Идрисовича, вышедшей в серии «Ғибратты ғұмыр». Сборник был издан при поддержке руководства Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

С поздравительной речью выступил Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Канседтович Туймебаев.

Кроме того, представители интеллигенции, заслуженные архитекторы и общественные деятели рассказывали о заслугах и трудах Шот-Амана Идрисовича Валиханова, в которых сохранился его неповторимый стиль и подчерк.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнының бір жылда атқарған жұмыстары мен алдағы даму жоспары таныстырылды. Сондай-ақ ректор Мемлекет басшысына білім беру үдерісі, ғылыми-зерттеу жұмыстары және университеттің халықаралық жетістіктері туралы баяндады.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев Президентке ғылыми жобалардың тиімділігі мен кадрлардың әлеуетін арттыру және оқу ордасының 90 жылдығы қарсаңында ҚазҰУ қалашығын қайта жаңғырту жөніндегі ұсынысын жеткізді. Оның айтуынша, 2024 жылға қарай университет еліміздің ғылыми-техникалық дамуының перспективті деген бағыттары бойынша 650-ден астам ғылыми жобаны қолға алмақ. Ректор ғылыми жобалардың нәтижелерін экономиканың нақты секторына айналдыру 20-ға жуық спин-офф компанияларын құру арқылы жүзеге асырылатынын айтты.

Жансейіт Түймебаев жетекші оқу орнындағы ұзақ жылдардан бері қордаланған мәселелерге де тоқталып, оларды шешу жолдары туралы ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда, ескірген жатақханалар мен тозығы жеткен оқу корпустарының жай-күйі, 2 мыңнан астам оқытушы мен қызметкердің баспанаға мұқтаждығы жөнінде баяндады.

Кездесу соңында Президент білім сапасын түбегейлі жақсарту және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру мәселелеріне назар аударып, университет басшысының ұсыныстарын қолдады.



# ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРИНЯЛ РЕКТОРА КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ЖАНСЕИТА ТУЙМЕБАЕВА

Президенту были представлены результаты проделанной за год работы и планы дальнейшего развития университета. Ректор КазНУ ознакомил Главу государства с ходом образовательного процесса, научно-исследовательской работы, международными достижениями ученых вуза.

В ходе встречи Жансеит Туймебаев представил Президенту предложения, направленные на повышение эффективности научно-исследовательских проектов, улучшение кадровой работы, а также реконструкцию городка КазНУ в преддверии 90-летия учебного заведения. По его словам, к 2024 году университет планирует запустить более 650 проектов по наиболее перспективным направлениям научно-технического развития страны. Как сообщил ректор, преобразование результатов проектов в реальный сектор экономики будет осуществляться путем создания порядка 20 спин-офф компаний.

Жансеит Туймебаев также остановился на проблемах вуза, накопившихся в учебном заведении за долгие годы, и высказал свои предложения по их решению. В частности, он сообщил о высоком уровне износа общежитий и учебных корпусов, а также что более 2 тысячи преподавателей и сотрудников нуждаются в обеспечении жильем.

В завершение встречи Глава государства выразил поддержку предложениям руководителя учебного заведения, особо отметив необходимость кардинального повышения качества образования и увеличения вклада науки в социально-экономическое развитие страны.



## РЕКТОР ҚАЗҰУ-ДЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқытушы-профессорлар құрамы және қызметкерлермен кездесіп, ҚазҰУ қалашығын қайта жаңғырту жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар ұжымның ұсыныс-пікірін тыңдап, көкейдегі сұрақтарына жауап берді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауынан кейін өздеріңізбен кездесіп, Президент жүктеген тапсырмалар мен алға қойған міндеттерді арнайы жеткізуді жөн санап отырмын», – деді университет басшысы.

Ректор 2024 жылы ҚазҰУ-дың құрылғанына 90 жыл толатынын атап өтіп, алдымен атқарылған жұмыстарға тоқталды. Өткен жылдың басты оқиғасы – ҚазҰУ қызметкерлерінің жалақысы екі мәрте көтерілді. Университетте Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүл, сонымен қатар мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен көшбасшылық дәрістер

ұйымдастырылды. ҚазҰУ оқытушыларының делегациясы Түркияның ең ірі университеттерінің бірі – Білім университетінде біліктілік арттырып әрі демалып қайтты. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына түлектердің тартуы ретінде «Мәңгілік ел» сағаты салтанатты түрде ашылды.

Ағаштар аллеясы, Елбасы бағы, Ғалымдар бағы ашылып, 1000-ға жуық қырым қарағайы мен Алтай шыршасы және «Сиверс» алмасы, шие, қара өрік жеміс ағаштары отырғызылды. Еуропалық Парламент делегациясы ҚазҰУ-ға арнайы сапармен келді.

ҚазҰУ базасында қыркүйек айында Мәскеу инженерлік-физика институтының филиалын ашу жөнінде келісім жасалды. Қазіргі сәтте Түркия мен Қырғызстанда ҚазҰУ филиалын ашу жұмыстары аяқталып келеді. Оқу корпустары мен аудиторияларға және жатақханаларға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жыл ішінде орындалған өзге де маңызды жұмыстарды қамтыған оқу орнының басшысы келесі кезекте жиылғандар назарын қордаланған мәселелерге аударды. Алдымен жобалық сыйымдылығы 5,5 мың орындық 17 жатақхана орналасқан ЖОО кампусының материалдық-



техникалық жарақтандырылуына байланысты бірінші кезектегі міндеттер мен мәселелерді шешу қажет екенін айтты.

«Қазіргі таңда жатақханалардың пайдалануға берілгеніне 30 жылдан астам уақыт өткен. Студенттік жатақханалардағы жайлылық деңгейі төмен, үй-жайлар тозған және жөндеуді қажет етеді. Мұқтаж студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін университетке қосымша 12 мың орын қажет», – деді ректор.

Ал заманауи үлгідегі жатақханалардың құрылысы студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев университеттің физикалық және моральдық тұрғыдан ескірген оқу ғимараттары да дизайны мен мазмұны бойынша заманауи талаптарға сай емес екенін алға тартты. Инженерлік желілер мен коммуникацияның тозығы жеткен. Сол себептен оқу ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу қажет.

Университетте жалпы факультеттер мен ғылыми бөлімдер орналасқан 18 оқу және зертханалық корпус бар. Бірқатар факультеттер 1950 жылдары салынған және негізгі кампустан алыс орналасқан. Бұл жағдайлар бір университеттің әртүрлі факультеттерінде оқитын студенттер арасында білім алу теңсіздігін тудырады. Оған қоса, интернационалдандырудың жоғары деңгейі шетелдік оқытушылар мен студенттер, шетелдік делегациялардың университетке көптеп келетінін аңғартады. Демек, жобамен алты факультетке арналған жаңа оқу ғимараттарын салу қажет.

Сондай-ақ бүгінгі таңда университеттің 2000-нан астам оқытушысы мен қызметкері тұрғын үйге мұқтаж. «Кадрларды сақтау, жас талантты мамандарды тарту және қолдау үшін қызметтік тұрғын үй салу қажет. Бұл ұсынысты іске асыру университеттің оқытушылары мен мамандарының өмір сүру деңгейі мен сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті ректор.

Сөз соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қалашықты қайта жаңғырту жоспарын жүзеге асыруға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдау білдіргенін жеткізді. Президент бүгінгі қоғамда адами құндылықтардың негізгі қағидалары салтанат құру үшін университеттегі ұжымдық иммунитет пен гуманистік тәрбие қалыптастыруға бағытталған бірқатар тапсырма бергенін мәлімдеді.

Бұдан бөлек, 2024 жылға қарай университет еліміздің ғылыми-техникалық дамуының перспективті деген бағыттары бойынша 650-ден астам ғылыми жобаны қолға алады.

Ғылыми жобалардың нәтижелерін экономиканың нақты секторына айналдыру 20-ға жуық спин-офф компанияларын құру арқылы іске аспақ.

Сондықтан білім ордасының басшысы алда ауқымды жұмыстар, жарқын мақсаттар күтіп тұрғанын баса айтып, ұжымды жұдырықтай жұмыла жұмыс істеуге шақырды.

Жиын соңында университеттің оқытушы-профессор құрамының өкілдері ҚазҰУ-дың қайта жаңғыру жоспарын қуана қабылдағанын жеткізіп, ой-пікір, ұсыныстарымен бөлісті.



## РЕКТОР ПРЕДСТАВИЛ ПЛАН РЕКОНСТРУКЦИИ КАЗНУ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с профессорско-преподавательским составом и сотрудниками и представил план реконструкции университета. Также выслушал предложения коллектива и ответил на интересующие вопросы.

«После встречи с Главой государства Касым-Жомартом Токаевым я хочу донести до вас задачи, поставленные Президентом», – начал свое выступление руководитель университета. Отметив, что в 2024 году КазНУ отметит 90-летие, он остановился на проделанной работе.

Главным событием прошлого года стало двукратное повышение заработной платы сотрудников КазНУ.

В университете были организованы лидерские лекции с участием 11-го президента Турции Абдуллы Гюля, а также государственных и общественных деятелей. Делегация преподавателей КазНУ прошла повышение квалификации в одном из крупнейших вузов Турции – Университете Акдениз.

К 30-летию Независимости РК в качестве подарка выпускниками была возведена стелла с часами «Мәңгілік Ел». Открыта аллея деревьев, «Сад Елбасы», «Сад ученых», посажено около 1000 крымских сосен, алтайской ели и плодовых деревьев яблони Сиверса, вишни, сливы.

Со специальным визитом КазНУ посетила делегация Европейского парламента. На базе

КазНУ в сентябре было заключено соглашение об открытии филиала Московского инженерно-физического института. В настоящее время в Турции и Кыргызстане завершается работа по открытию филиала КазНУ. Проведен ремонт учебных корпусов, аудиторий и общежитий.

Руководитель учебного заведения перечислил и другие важные работы, выполненные в течение года, и обратил внимание на накопившиеся проблемы. «С вводом в эксплуатацию общежитий прошло более 30 лет. Уровень комфорта в студенческих общежитиях низкий, помещения изношены и требуют ремонта. Для обеспечения нуждающихся студентов общежитием университету необходимо дополнительно 12 тысяч мест», – сказал ректор. А строительство общежитий современного типа позволит обеспечить студентов жильем.

Жансеит Туймебаев также отметил, что физически и морально устаревшие учебные здания университета не отвечают современным требованиям по дизайну и содержанию. Изношены инженерные сети и коммуникации, поэтому необходимо провести капитальный ремонт учебных зданий.

В университете имеется 18 учебных и лабораторных корпусов, в которых расположены факультеты и научные отделы. Ряд факультетов был построен в 1950-х годах и находится далеко от основного кампуса. Эти условия создают неравенство в получении образования среди студентов, обучающихся на разных факультетах одного и того же университета. Кроме того, высокий уровень интернационализации свидетельствует о большом количестве иностранных преподавателей, студентов и делегаций. Следовательно, проектом предусмотрено строительство новых учебных корпусов для шести факультетов.

Также на сегодняшний день более двух тысяч преподавателей и сотрудников университета нуждаются в жилье. «Для сохранения кадров, привлечения и поддержки молодых талантливых специалистов необходимо строительство служебного жилья. Реализация





данного предложения позволит значительно повысить уровень и качество жизни преподавателей и специалистов университета», – подчеркнул ректор.

В завершение выступления Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев отметил поддержку Главы государства Касым-Жомарта Токаева в реализации плана реконструкции КазГУграда. Кроме того, Президент дал ряд поручений, направленных на формирование в университете коллективного иммунитета и гуманистического воспитания, чтобы в современном обществе основные общечеловеческие ценности оставались в приоритете.

Кроме того, к 2024 году университет запустит более 650 научных проектов по перспективным направлениям научно-технического развития страны. Преобразование результатов научных проектов в реальный сектор экономики будет осуществляться путем создания около 20 спин-офф компаний. Руководитель вуза подчеркнул, что впереди предстоит большая работа, яркие цели и призвал коллектив к сплоченной работе.

В завершение встречи представители профессорско-преподавательского состава университета с удовольствием приняли план модернизации КазНУ, поделились мнениями и предложениями.


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
1 Мамыр
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
БІРЛІГІ КҮНІ!
ДЕНЬ ЕДИНСТВА
НАРОДА КАЗАХСТАНА!
@Farabi_university
vk.com/farabiuniversity
@KazakhNationalUniversity
FARABI UNIVERSITY
www.kaznu.kz

# 1 МАМЫР – БІРЛІК МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы профессорлары, студенттері, магистрант, докоранттары!**

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңаша дамуға бет алған бүгінгі Қазақстан халқы өркендеу мен бейбітшілікке мызғымас бірліктің арқасында жетті.

Ынтымақ пен татулықты, достық пен сыйластықты ту еткен ел ғана мықты мемлекет бола алатынын тарихтың өзі дәлелдеді. Сондықтан біздің барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің мызғымас тұғыры – татулық пен тұтастық.

Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті 31-ші сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазір геосаяси ахуал ушығып тұр. Жаңа сын-қатерлер пайда болуда. Мұндай жағдайда еліміздің азаматтық бірегейлігін нығайтып, отаншылдық рухын көтеруге баса мән беруіміз керек. «Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидатымыз ешқашан өзгермейді. Біз жас ұрпақты нағыз отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Олардың бойына татулық пен келісім, төзімділік, толеранттылық пен мәдени ықпалдастық құндылықтарын сіңіру айрықша маңызды», – деп атап өтті.

Мәдениетаралық диалог пен толеранттық көзқарастың ілгерілеуіне ҚазҰУ ұжымы да өзіндік үлес қосып келеді.

Бүгінгі таңда оқу ордасындағы оқытушы-профессорлар құрамында 200-ден астам өзге ұлт өкілдері қызмет етеді.

Университетімізде әлемнің 50 елінен келген 2000-нан астам ұлты өзге студенттер білім алады.

«Бірлігі бекем елдің болашағы жарқын» деген ұстанымға сүйенген халқымыз әр ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына біріктіріп, бір мақсатта, бір тудың астында бейбіт өмір сүруде.

Осынау ақиқатты қалтқысыз ұғыну қастерлі Отанымыз – Қазақ елінде ұдайы бейбітшілік пен берекенің салтанат құруына септігін тигізеді.

Бүгінгі қоғамда бастау алып жатқан жүйелі жаңғыру үрдістері бірлігіміздің нығая түсуіне ықпал етіп, жаңа белестерді бағындыруымызға жол ашады деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке тілеймін!

Ел бірлігі бекем болсын!

**Ізгі ниетпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**




## ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, білім алушы жастары!**

Сіздерді қасиетті Ораза айт мерекесінің басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі құттықтауында:

«Ораза айт әр мұсылманның жүрегіне имандылық нұрын себеді. Жұртты жақсылық жасауға, қанағатшыл, қайырымды және кешірімді болуға үндейді. Біз халқымыздың осындай бірегей қасиеттерінің арқасында бірлігімізді бекемдеп келеміз.

Исламның асыл құндылықтары жаңа Қазақстанның да руханиятын өркендетуге септігін тигізері сөзсіз», – деп, қайырлы мерекенің қадір-қасиетін ерекше атап өтті.

Бауырмалдылық пен кішіпейілділікке, кешірім мен сүйіспеншілікке толы ізгі мейрам ырыс-несібесімен, бақ-берекесімен келсін.

Шаңырақтарыңызға қуаныш, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, ынтымақ-бірлігіміз арта берсін!

**Ізгі ниетпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**


ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY




# ҚАЗҰУ-ДА ЗАҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің отырысы өтіп, онда еліміздегі сот-құқықтық реформалар мен құқықтық білім беруді жетілдіру жолдары талқыланды.

ҚР Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті өкілдерінің көпшілігі университет түлектері. Олар Жағдаяттық басқару орталығына, Экономика және бизнес жоғары мектебі мен заң факультетіне барып, оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушы жастармен кездесті.

Кездесу барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысушыларды құттықтап, бүгінгі мемлекет өмірінің барлық саласында жүзеге асырылып жатқан демократияны қалыптастыруға бағытталған реформалардың маңыздылығын атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде 70 жылға жуық уақыт бойы университетте заңгерлерді даярлау табысты жүзеге асырылып жатқаны туралы баяндады. «Осы жылдар ішінде заң факультетінде тұтас ғылыми-білім беру экожүйесі қалыптасып, 30 мыңнан астам маман даярланды. Қазіргі уақытта «Құқық» бағыты бойынша ASIIN, AQUIN, AQA, FIBAA және HAAP сынды агенттіктерде аккредиттеуден өткен бакалавриат, магистратура және докторантурада 20-ға жуық білім беру бағдарламасы іске асырылуда», – деді ректор.

# В КАЗНУ ОБСУДИЛИ ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В КазНУ имени Аль-Фараби состоялось заседание Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Сената Парламента Республики Казахстан, на котором обсуждались судебные реформы и пути совершенствования юридического образования в стране.

Представители Комитета по конституционному законодательству Сената Парламента РК, многие из которых являются выпускниками университета, посетили Центр ситуационного управления, Высшую школа экономики и бизнеса и юридический факультет и встретились с профессорско-преподавательским составом и обучающимися.

Во время встречи Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, поприветствовав участников, подчеркнул важность реформ, направленных на построение демократии, которые сегодня осуществляются во всех сферах жизни государства.

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев в своем выступлении рассказал о том, как осуществляется подготовка юристов в университете на протяжении почти 70 лет. «За эти годы на юридическом факультете сформирована целостная образовательно-научная экосистема. Выпущено более 30 тысяч специалистов, – отметил руководитель вуза. – В настоящее время по направлению «Право» реализуется порядка 20 образовательных программ в бакалавриате, магистратуре и докторантуре, прошедших аккредитацию в таких агентствах, как: ASIIN, AQUIN, AQA, FIBAA и HAAP. В текущем году образовательная программа «Юриспруденция» вошла в топовую группу 151-200 мирового рейтинга QS by Subject по всем уровням: бакалавриат, магистратура и докторантура. Несмотря на имеющиеся достижения, мы нацелены на дальнейшую модернизацию юридического образования с учетом современных требований и реалий общественно-правовой жизни государства».




ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
9
МАМЫР
МАЯ
ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!
С ДНЕМ ПОБЕДЫ!
@Farabi_university
vk.com/farabiuniversity
@KazakhNationalUniversity
FARABI UNIVERSITY
www.kaznu.kz

# ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары,
студенттері, магистрант, докторанттары!**

Сіздерді 9 Мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақстандықтарды қастерлі мерекемен құттықтай отырып, «Батыр бабаларымыздың қаһармандығы қазіргі тыныш заманда да біздің бойымызға жігер береді. Ол ауызбіршілік, патриоттық, қайсарлық және Отанға деген махаббат арқылы кез келген қиындықты жеңіп, бейбіт әрі бақуатты өмірге қол жеткізуге болады деген сенімімізді нығайта түседі», – деп, ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне зор ілтипатын білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «9 Мамырдың төл тарихымыздағы орны ерекше. Бұл – жанқиярлықпен ел қорғаған аталарымыз бен әкелеріміздің, әжелеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым ететін күн. Бұл – фашизмді жеңген ерлердің ерен ерлігін жадымызда жаңғыртатын күн», – дей келе, мемлекет соғыс ардагерлеріне жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті осы ретте «Ардагерге құрмет» қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, екі соғыс ардагеріне, 88 тыл еңбеккеріне,13 Ауған соғысының жауынгеріне, 20 университет Ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне азық-түлік себеттерін таратып, қаржылай көмек көрсетті.

**Құрметті әріптестер, білім алушылар!**

Ел қорғаған ерлеріміздің ерен ерлігі ел жүрегінде сақталып, бейбіт күнде дүниеге келген ұрпақтың болашағы жарқын болсын!

Қайтпас қайсарлық пен қаһармандық үлгісі – Отанға деген сүйіспеншілік пен адал еңбектен көрініс тауып, шәкірттеріңіздің алғысына бөленіңіздер!

Жерімізге тыныштық, жақындарыңызға амандық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

**Құрметпен
ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ**




# ЫСТАМБҰЛДА ҚАЗҰУ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Қазақстан Президентінің ресми сапарына сәйкес, бүгін Ыстамбұл қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылды.

Университет мамандарының айтуынша, филиал жұмыс істей бастаған бірінші жылы Түркия Республикасы мен басқа да шет мемлекеттерден 500 студент қабылдау жоспарлануда. «ҚазҰУ филиалы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс істейді. Филиал базасында қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары, ғылыми жобалар мен сараптамалық-талдау бағытындағы зерттеулер жүзеге асырылатын болады», – деді ашылу салтанатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев.

Бұған қоса, Ыстамбұлда Қазақ ұлттық университеті мен Hacettepe University арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл меморандум бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларды іске асыруға, екі оқу ордасы арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - еліміздегі жетекші көпсалалы университет. ҚазҰУ білім берудің барлық деңгейінде кең ауқымды салаларда мамандар даярлау ісінде ерекше рөл атқарады. Қазір Қазақ ұлттық университетін әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру жұмыстары қолға алынды. 2021 жылы Quacquarelli Symonds

World University Rankings (QS WUR) рейтингінде ҚазҰУ 175-орынды иеленіп, ислам және түркі елдеріндегі ең үздік университет болып танылды. ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламалары үлкен сұранысқа ие, сондықтан көптеген елдер университет филиалын ашуға мүдделі.

## В СТАМБУЛЕ ОТКРЫЛСЯ ФИЛИАЛ КАЗНУ

В связи официальным визитом Президента Казахстана, сегодня в г.Стамбул (Турция) открылся филиал Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

Как отметили специалисты вуза, в первый год деятельности филиал планируется принять 500 студентов Турецкой Республики и других зарубежных государств. «В филиале КазНУ будут обучаться по профессиональным образовательным программам высшего и послевузовского образования, – подчеркнул Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев на церемонии открытия. – Кроме того, на базе филиала будут реализовываться программы дополнительного профессионального образования, научные проекты и экспертно-аналитические исследования». Кроме того, в Стамбуле подписано соглашение о сотрудничестве КазНУ с университетом Турции – Hacettepe University. Данный меморандум будет содействовать развитию и наращиванию темпа сотрудничества между вузами, способствуя реализации совместных образовательных программ и проектов.

В системе высшего и послевузовского образования Республики Казахстан КазНУ имени Аль-Фараби занимает особую роль, являясь лидирующим многопрофильным университетом страны, готовящим специалистов на всех уровнях образования по широкому спектру направлений.КазНУ им. аль-Фараби реализует трансформацию вуза в иссле¬дова-тельский университет мирового класса. В 2021 году в рейтинге Quacquarelli Symonds World University Rankings (QS WUR) КазНУ занял 175-е место и университет признан лучшим университетом исламских и тюркских стран.

Образовательные программы КазНУ пользуются большим спросом, поэтому в открытии филиала вуза заинтересованы многие страны.







# ҚАЗҰУ МЕН ТМЭУ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ташкент мемлекеттік экономика университетінің проректоры, ғылыми-зерттеу орталығының директоры Мухитдин Калоновпен кездесу өткізді.

Жүздесу барысында ҚазҰУ мен Ташкент мемлекеттік экономика университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Келісімнің негізгі мақсаты – серіктестікті дамыту, оқытушылар мен студент алмасу және білім мен ғылым саласында бірлесіп жұмыс істеу.

Кездесуде университет басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға Өзбекстан жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізудегі ҚазҰУ-дың тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ өз сөзінде ректор бүгінгі келісім жаңа мүмкіндіктер мен жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты арттыруға серпін беретінін атап өтті.

Өз кезегінде Мухитдин Калонов кездесуге мүмкіндік бергені үшін білім ордасының басшысына ризашылығын білдіріп, өз ойын ортаға салды.

«Меморандум аясында біз оқытушылар мен студенттер алмасып, мәдени іс-шаралар өткіземіз. Бұл тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан да бүгінгі бастама екі елдің білімі мен ғылымының дамуына үлес қосады деп сенемін», – деді Ташкент мемлекеттік экономика университетінің проректоры.



# КАЗНУ И ТГЭУ ПОДПИСАЛИ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

Председатель Правления - Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с проректором, директором научно-исследовательского центра Ташкентского государственного экономического университета Мухитдином Калоновым.

В ходе встречи между Казахским национальным университетом имени Аль-Фараби и Ташкентским государственным экономическим университета был подписан меморандум о сотрудничестве. Целью настоящего меморандума является намерение развивать академический и культурный обмен, межвузовское сотрудничество в сфере образования, научно-исследовательские работы между ТГЭУ и КазНУ.

Руководитель вуза Жансеит Канседтулы рассказал о плодотворном сотрудничестве КазНУ с высшими учебными заведениями Узбекистана. Кроме того, ректор подчеркнул, что партнерство откроет новые горизонты возможностей и даст импульс углублению взаимовыгодных отношений между вузами.

В свою очередь, Мухитдин Калонов поддержал Жансеита Туймебаева и озвучил основные направления взаимодействия.

«В рамках заключенного меморандума мы можем производить обмен студентами, преподавателями, проводить совместные научные исследования, образовательные и культурные мероприятия, обмениваться опытом. Надеюсь, сотрудничество наших вузов станет вкладом в развитие образования и науки двух стран», - сказал проректор ТГЭУ.



# ТӘЖІКСТАН ЖОО-ЛАРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Тәжікстан мемлекеттік университетінің басшысы Кобилджон Хушвахтзода бастаған делегациямен кездесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев Тәжікстан елінен келген меймандарды ыстық ықыласпен қарсы алды. Өз сөзінде білім ордасының басшысы Тәжікстанның жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ ол жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

«Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тәжікстанның үш жоғары оқу орнымен бірлесіп жұмыс істейді. Біз бауырлас мемлекетпен серіктестікті одан әрі арттыруға ниеттіміз. Жуырда Түркияның Ыстамбұл қаласында Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылды. Бүгін біздің білім ордамызда Орталық Азия елдері жоғары оқу орындары ректорларының форумы өтіп жатыр. Ертең форум аясында біз Тәжікстан мемлекеттік университетімен меморандумға қол қоямыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Кобилджон Хушвахтзода Жансейіт Қансейітұлы ұсынған бастамаларды қолдап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін білдірді.

«Біздің университетте 25 мыңнан астам студент білім алуда. 19 факультет, 18 ситуациялық кеңес бар. Барлығы 120 мамандық ұсынамыз. 2021 жылы QS World University Rankings рейтингінде 241-орынды иелендік. Бүгінгі таңда Тәжікстанда 41 жоғары оқу орны білім алушы жастар үшін қызмет етуде. Олардың 30-дан астамында біздің университеттің түлектері ректорлық қызметте», – деді Кобилджон Хушвахтзода.



# УСИЛИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С ВУЗАМИ ТАДЖИКИСТАНА

Председатель Правления - Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с делегацией во главе с ректором Таджикского национального университета Кобилджоном Хушвахтом. Стороны обсудили вопросы дальнейшего перспективного сотрудничества.

Поприветствовав гостей, Жансеит Туймебаев выразил готовность развивать партнерство с вузами Таджикистана. Он также отметил, что намерен поддерживать инициативы, направленные на расширение плодотворного сотрудничества и взаимодействия.

«КазНУ им. Аль-Фараби на сегодняшний день сотрудничает с тремя вузами Таджикистана. Мы планируем активно развивать партнёрство с братской страной. На днях открылся филиал Казахского национального университета в Турции. Сегодня в стенах нашего вуза проводится форум ректоров стран Центральной Азии, в котором и вы принимаете участие. Завтра в рамках форума мы подпишем меморандум о сотрудничестве с Таджикским национальным университетом», - сказал Жансеит Канссеитулы.

В свою очередь, Кобилджон Хушвахт дал подробную информацию о Таджикском национальном университете.

«В нашем вузе обучаются 25 тысяч студентов. У нас 19 факультетов, 18 ситуационных советов. Всего предлагаем 120 специальностей. В 2021 году заняли 241 место в рейтинге QS World University Rankings. На сегодняшний день в Таджикистане действуют 41 университет. В более 30 из них ректорами работают выпускники нашего высшего учебного заведения», - отметил Кобилджон Хушвахт.



# ҚАЗҰУ-ДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ РЕКТОРЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Орталық Азия елдері университеттері ректорларының I халықаралық форумы өтті. Форум жұмысына ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және Орталық Азия елдерінің білім, ғылым саласы министрлері мен ЖОО ректорлары қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Орталық Азиядағы ғылыми ұйымдар мен университеттер арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және озық тәжірибе алмасудың маңыздылығын, сондай-ақ бүгінгі форумдағы диалогтың болашақ ұрпақтың экономикалық тұрақтылығы мен өмір сүру сапасына қосқан үлес екенін атап өтті. Университет басшысы ҚазҰУ-дың алдағы даму бағдарламасының негізгі бағыттары мен жоспарын, халықаралық әріптестіктің географиясы мен жасалған соңғы ғылыми жобалардың нәтижелері жайында баяндап берді.

Пленарлық отырыста сонымен қатар Қырғыз Республикасы Білім және ғылым министрінің орынбасары Расул Абазбек уулу, Тәжік ұлттық университетінің ректоры Кобилджон Хушвахтзода және т.б. баяндама жасады.

Ректорлар форумының негізгі басымдығы – жоғары оқу орындары арасында көпжақты

байланыстарды мейлінше дамыту. Сол арқылы ғылым және білім беру саласының өкілдері арасында өзара түсіністік қалыптастып, ұлттық жоғары білімді интернационалдандыру ықпалы күшейіп, студенттер алмасу және оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамытудың жолдарын кеңейтеді. Өз кезігінде бұл халықаралық аренада еліміздің оң имиджін ілгерілетуге және әлемдік деңгейде ұлттық мүддені қолдауға қосымша мүмкіндіктер тудырады.

Халықаралық шара аясында «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік, ЖОО ұжымы мен студенттерінің ұтқырлығы» және «Жоғары оқу орындарының цифрлық трансформациясы және Орталық Азия елдері зерттеу кеңістігінің интеграциясы» тақырыбында сессиялар өтіп, онда орталықазиялық жоғары оқу орындарының өкілдері өз ұйымдары негізінде екі ел үшін бірлескен зерттеулер қалай жүргізілетіні туралы тәжірибелерімен бөлісіп, екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Орталық Азия елдерінің ЖОО Альянсының 2022-2023 жылдарға арналған жұмыс жоспарын дамыту бойынша форумның ұсынымдары қабылданды.













## ФОРУМ РЕКТОРОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ПРОШЕЛ В КАЗНУ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялся Первый международный форум ректоров стран Центральной Азии, участие в котором приняли министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов, Председатель Правления - Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, а также министры и ректоры стран Центральной Азии.

Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев подчеркнул важность расширения сотрудничества и обмена передовым опытом между научными организациями и вузами Центральной Азии, а также отметил, что диалог на сегодняшнем форуме будет способствовать экономической стабильности и повышению качества жизни будущих поколений. Глава вуза рассказал собравшимся об основных направлениях и программе дальнейшего развития КазНУ, географии международного сотрудничества и результатах последних научно-исследовательских проектов.

На пленарном заседании также выступили: заместитель министра образования и науки Кыргызской Республики Расул Абазбек уулу, ректор Таджикского национального университета Хушвахтзода Хушвахт и другие.

Как отметили участиники форума, основным приоритетом форума ректоров является максимальное развитие многосторонних связей между вузами. Тем самым будет создана атмосфера взаимопонимания между представителями науки и образования, усилен процесс

интернационализации национального высшего образования, расширен обмен студентами и пути развития академической мобильности преподавателей. В свою очередь, это создаст дополнительные возможности для продвижения положительного имиджа страны на международной арене и поддержания национальных интересов на мировом уровне.

В рамках международного мероприятия прошли сессии на тему «Глобальная конкурентоспособность, мобильность коллектива и студентов вузов» и «Цифровая трансформация вузов и интеграция исследовательского пространства стран Центральной Азии», где представители центральноазиатских вузов поделились опытом решения многих вопросов по образовательным и научным программам, организации совместных исследований между странами, а также обсудили направления дальнейшего сотрудничества.

В завершение работы форума между 19 вузами Центральной Азии и Казахстана были подписаны важные двусторонние программные документы и соглашения. А также были приняты рекомендации форума по развитию плана работы Альянса вузов стран Центральной Азии на 2022-2023 годы.











# ҒЫЛЫМИ ҚАУЫМДАСТЫҚ РЕФОРМАЛАРДАН ШЕТ ҚАЛМАУЫ ТИІС

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының ел Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумға арналған кездесуі өтті.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамымен және білім алушы жастармен кездесуге ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан, «Аманат» партиясының Алматыдағы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейіржан Отыншиев, ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшелері Айдос Сарым және Жұлдыз Сүлейменова, сондай-ақ белгілі журналист, қоғам қайраткері Сергей Пономарев арнайы келіп, пікір алмасып, ой бөлісті.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың қоғам үшін оң өзгерістер әкелетінін атап өтіп, референдумның тарихи маңыздылығына тоқталды.

«Бұл бастама жаңа Қазақстанның дамуындағы жаңа кезең құрылысы басталуының нышаны. Негізгі заңның 33 бабына енгізілген өзгерістер бүкіл Конституцияның үштен бірін құрайды. Алдағы референдум – мемлекетіміздің болашағын айқындайтын қадам.

Конституцияға ұсынылатын түзетулер ел үшін ерекше маңызға ие және бұл ретте ғылыми қоғамдастық шет қалмауы тиіс. Еліміздің болашағы әрқайсымызға байланысты. Сондықтан біз азаматтық ұстанымымызды көрсетуге дайынбыз. Ел тарихындағы елеулі оқиғаға бейжай қарамай, белсенді қатысу – әрбір азаматтың борышы», – деді ректор.

Кездесу аясында алдағы өткізілетін конституциялық реформалар кеңінен талқыланды, сондай-ақ қатысушылар өздерінің өзекті сұрақтарын қойып, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының толық және мазмұнды жауаптарын алды.

# НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО НЕ ДОЛЖНО ОСТАВАТЬСЯ В СТОРОНЕ ОТ РЕФОРМ

В КазНУ имени Аль-Фараби состоялась встреча депутатов Мажилиса Парламента с профессорско-преподавательским составом университета, посвященная Республиканскому референдуму по внесению изменений и дополнений в Конституцию РК.

Перед профессорско-преподавательским составом и обучающимися вуза выступили: Председатель комитета по международным делам, обороне и безопасности Мажилиса Парламента РК Айгуль Куспан, первый заместитель председателя городского филиала партии «Аманат» в Алматы Мейржан Отыншиев, члены комитета по социально-культурному развитию Мажилиса Парламента РК Айдос Сарым и Жулдыз Сулейменова, а также известный журналист, общественный деятель Сергей Пономарев.

Участники мероприятия, модератором которого выступил Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев, обсудили важность и своевременность проведения референдума по внесению изменений и дополнений в Конституцию РК.

Обратившись к собравшимся, руководитель вуза акцентировал внимание на исторической значимости конституционных реформ, нацеленных на комплексную трансформацию всей государственной модели. Они знаменуют начало строительства значимого этапа развития Нового Казастана. Поправки в 33 статьи Основного закона составляют треть всей Конституции.

«Предстоящий референдум – это исторический процесс, определяющий будущее нашего государства. Поправки, предлагаемые в Конституцию страны, имеют особую значимость для страны, и научное сообщество не должно оставаться в стороне. Будущее нашей страны зависит от каждого из нас. Поэтому мы готовы продемонстрировать свою гражданскую позицию» – отметил ректор.

В рамках встречи состоялось обсуждение предстоящих конституционных реформ, участники смогли задать интересующие их вопросы и получить полные и содержательные ответы депутатов Парламента Мажилиса РК.





# ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 50 ЖЫЛ

Биыл ҚазҰУ қалашығының іргетасы қаланып, құрылысы басталғанына 50 жыл толды.

Бүгін осы айтулы датаға орай, ардагер құрылысшылар мен түлектер университетте бас қосты.

Мерейлі іс-шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысып, ҚазҰУ қалашығын салуда ардагер құрылысшылардың үлесі зор екенін атап өтті.

«Біз тұрған ҚазҰУ қалашығы Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің өз қолымен іргетасы қаланған, әлемдік деңгейдегі ірі жоғары оқу орны. Ол 1970-1986 жылдары университетімізді басқарып, жаңа деңгейге көтерді. Оқу залдары қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жаңа жатақханалар салынды. Сонымен қатар оқу ғимараттары бой көтерді. Осы алып құрылыста әрқайсыларыңыздың айқын қолтаңбаларыңыз бар. Бүгінде білім ордасында айтарлықтай жұмыстар өз жалғасын тауып келеді. Қазіргі таңда ҚазҰУ әлемдік рейтингтерде көшбасшы оқу орындары қатарында. Университет қалашығы жаңа заман талабына сай түрленуде», – деді Жансейіт Түймебаев.

Шарада ардагер құрылысшылардың бастамасымен жарық көрген «ҚазМУ қалашығына – 50 жыл» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Сондай-ақ қалашықты салуда еңбек еткен ардагер құрылысшыларды университет басшысы «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Құрмет» грамотасымен марапаттады.



## 50 ЛЕТ СО ДНЯ ОСНОВАНИЯ КАМПУСА КАЗНУ

В этом году исполнилось 50 лет со дня основания и начала строительства КазГуграда.

В честь этой знаменательной даты ветераны-строители и выпускники собрались в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби.

В юбилейном мероприятии принял участие Председатель-Правления–Ректор университета Жансеит Туймебаев, который отметил большой вклад строителей-ветеранов в создание студенческого городка КазНУ.

«Кампус КазНУ, в котором мы находимся, является студенческим городком мирового уровня, который был построен под руководством Омирбека Арыслановича Жолдасбекова. Он возглавлял наш университет в 1970-1986 годах и поднял его на новый уровень. Читальные залы были оснащены необходимым оборудованием, построены новые общежития.

Кроме того, были возведены учебные корпуса. Каждый из вас внес свой труд в строительство этих зданий. Как и много лет назад, сегодня в университете продолжается большая работа. В настоящее время КазНУ является одним из ведущих университетов мира. Кампус вуза преображается и соответствует современным требованиям, – сказал Жансеит Туймебаев.

На мероприятии состоялась презентация книги «50 лет городку КазГУ», инициированная основателями кампуса. Руководитель вуза наградил ветеранов-строителей медалью «Ерен еңбегі ушін» и грамотой «Құрмет».



## ҚАЗҰУ-ДА АНКАРА ӘКІМІ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Анкара қаласының губернаторы Васип Шахин Қазақстан – Түркия дипломатиялық қарым-қатынасының 30 жылдығына арналған көшбасшылық дәріс оқыды.

Жиынға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өкілеттік кеңесінің төрағасы Мұхитдин Шимшек, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Әли Рыза және университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Көшбасшылық дәрісті университет басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Васип Шахиннің табысты еңбек жолына тоқталды.

«Васип Шахин Түркияның Байбурт қаласында туған. 1985 жылы Ыстамбұл университетінің заң факультетін бітірген. 1987 жылы Ұлыбританияда оқуын жалғастырып, тағылымдамадан өтті. Ол білікті заңгер, тәжірибелі саясаткер. Васип Шахин бірнеше аймақты басқарып, Түркия ішкі істер министрлігінде жауапты қызмет атқарды. Бұған дейін Малатия, Ыстамбұл қалаларының әкімі болды. 2014 жылдан бері Түркия астанасы – Анкара қаласының әкімі қызметінде», – деді ректор.

Кездесу барысында Васип Шахин мырза бауырлас екі елдің жемісті ынтымақтастығы мен дипломатиялық қарым-қатынасының жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Кейін кездесу сұрақ-жауап форматында жалғасты. Студенттер құрметті мейманға өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

Дәріс соңында Жансейіт Түймебаев Анкара қаласының әкімі Васип Шахинді «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.

# ГУБЕРНАТОР АНКАРЫ ВЫСТУПИЛ С ЛИДЕРСКОЙ ЛЕКЦИЕЙ В КАЗНУ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась лидерская лекция губернатора Анкары Васип Шахина, посвященная 30-летию дипломатических отношений Казахстана и Турции.

В мероприятии приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им.Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, Председатель Полномочного совета Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави Мухиттин Шимшек, Генеральный консул Турецкой Республики в Алматы Али Рыза, профессорско-преподавательский состав и обучающаяся молодежь вуза.

Открывая лекцию руководитель университета Жансеит Туймебаев рассказал присутствующим о трудовой деятельности Васип Шахина.

«Господин Васип Шахин родился в городе Байбурт (Турция). В 1985 году окончил юридический факультет Стамбульского университета. В 1987 году продолжил обучение в Великобритании и там прошел стажировку. Васип Шахин – квалифицированный юрист, опытный политик. Руководил несколькими регионами и занимал ответственную должность в Министерстве внутренних дел Турции. Ранее он был мэром городов – Малатьи, Стамбула. С 2014 года занимает должность губернатора города Анкары», – сказал ректор вуза.

В ходе лекции губернатор Анкары Васип Шахин подробно рассказал собравшимся о плодотворном сотрудничестве и дипломатических отношениях двух братских стран.

Встреча продолжилась в формате «Вопросы-ответы», в ходе которого преподаватели и студенты смогли получить ответы на все интересующие их вопросы.

В завершение лекции Жансеит Туймебаев наградил мэра города Анкары Васип Шахина Золотой медалью Аль-Фараби. В свою очередь почетный гость выразил признательность за теплый прием и гостеприимство.








# ҚАЗҰУ-ДА САЯСАТТАНУШЫЛАРДЫҢ Х КОНГРЕСІ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» тақырыбында Қазақстан саясаттанушыларының Х конгресі өтті.

Жиынға ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, мемлекеттік органдардың өкілдері, депутаттар, ғалымдар, сарапшылар мен еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев конгресс жұмысының маңыздылығына тоқталып, саясаттанушылардың ұсыныстары мен талдаулары қоғам өміріне ықпал жасап, саяси реформаларды іске асыру үшін тиімді болу керектігіне тоқталды.

«Саясаттанушылар ішкі және сыртқы оқиғаларды бақылай отырып, тиімді саяси шешімдер қабылдау үшін өз ұсыныстарын білдіреді. Қазіргі таңда саясаттанушылардың алдында жаңа міндеттер тұр. Бүгінгі кездесу жаңа бастамаларды қалыптастыруға, тың идеяларға қол жеткізуге мүмкіндік береді», – деді университет ректоры.

Жансейіт Түймебаев алдағы референдум жаңа Қазақстан тарихындағы үлкен саяси оқиға екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қаулысымен 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өтеді деп белгіленді. Еліміздің болашағы үшін дұрыс таңдау жасау – әр азаматтың міндеті. Бұл ретте халықтың саяси сауатын арттыруда саясаттанушылардың рөлі жоғары болуы тиіс. Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси тұрақтылықты нығайтудың қиын жолынан өтті. Бүгінде Қазақстанда саяси жүйені демократияландыру процесі жүзеге асып келеді. Уақыт талабына сай әлеуметтік-экономикалық реформалар қолға алынуда. Басты өзгерістердің бірі халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейту болмақ», – деді білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев.

# В КАЗНУ ПРОШЕЛ X КОНГРЕСС ПОЛИТОЛОГОВ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялся X Конгресс политологов Казахстана на тему «Новый Казахстан в новом мире».

В мероприятии приняли участие Государственный секретарь РК Ерлан Карин, Министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов, Председатель Правления – Ректор КазНУ им.Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, представители государственных органов, депутаты, ученые, эксперты и преподаватели вузов страны.

Поприветствовав почетных гостей в стенах высшего учебного заведения, ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев подчеркнул, что рекомендации, сформированные профессиональным сообществом политологов должны быть не только объективными, но и эффективными.

«Политологи, оперативно реагируя на внутренние и внешние политические процессы, формируют предложения для принятия эффективных решений. Сейчас, перед политологами стоят новые задачи с точки зрения теоретической и прикладной политической науки. Формат сегодняшней встречи позволяет искать и формировать новые смыслы и идеи по вопросам развития страны», – отметил ректор вуза.

Кроме того, Жансеит Туймебаев подчеркнул важность референдума в построении Нового Казахстана.

«5 июня нас ждет важное историческое событие – республиканский референдум по поправкам в Конституцию. В условиях новой реальности Президент Касым-Жомарт Токаев ставит новые стратегические задачи. Решение этих задач будут направлены на трансформацию политической системы и развитие гражданского общества. Предложенная Президентом программа модернизации политической системы страны – результат общественного запроса на кардинальные перемены.

Безусловно, все изменения в Основной закон нашей страны создадут правовую базу для успешной реализации начатых реформ. Мы должны сделать свой выбор, показать свою гражданскую позицию», – сказал руководитель университета.







# БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ЖАҢҒЫРТУ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің кезекті отырысында білім беру үрдісін жаңғырту шаралары, сондай-ақ университеттің ұжымдық шартының талаптарын іске асыру барысы талқыланды.

Ғылыми кеңестің отырысын аша отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университетте атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды.

«ҚазҰУ тек ғылым мен білімнің ғана емес, сонымен қатар көптеген республикалық және халықаралық іс-шаралардың орталығына айналуда», – деп атап өтті университет басшысы.

9 мамырда Ыстамбұлда ҚазҰУ филиалы ашылды, Түркияның бірнеше университетімен келісімге қол қойылды. Орталық Азия елдері жоғары оқу орындары ректорларының форумы өтті, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарымен, ҚазҰУ қалашығы құрылысының 50 жылдығына орай, құрылысшы-ардагерлермен, Анкара қаласының губернаторымен және т.б. кездесулер өтті. ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Кариннің қатысуымен саясаттанушылардың Х республикалық конгресі ұйымдастырылды. Жақын арада бірқатар маңызды оқиғалар жоспарланған, оларға мұқият дайындалу керек.

Спикерлердің баяндамаларын талқылағаннан кейін оқу құралдарының, университет ғалымдарының монографияларының ұсынымдары, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының өкілдеріне ғылыми атақтар беру мәселесі қаралды.

# ОБСУДИЛИ МЕРЫ ПО МОДЕРНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

На очередном заседании Ученого совета КазНУ имени Аль-Фараби обсудили меры по модернизации образовательного процесса, а также ход реализации условия коллективного договора университета.

Открывая заседание Ученого совета, Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев рассказал о важных событиях в жизни вуза, которые происходят в последнее время. «КазНУ становится центром не только науки и образования, но и многих республиканских и международных мероприятий», – подчеркнул руководитель вуза. 9 мая был открыт филиал КазНУ в Стамбуле, подписаны соглашения с несколькими университетами Турции. Состоялся Форум ректоров Центральной Азии, прошли встречи с депутатами Мажилиса Парламента, с ветерами-строителями КазГУграда, которому исполнилось 50 лет, с губернатором г. Анкары и др. Был проведен Республиканский X конгресс политологов с участием государственного секретаря РК Ерлана Карина. На ближайшее время также запланирован ряд значимых событий, к которым нужно тщательно подготовиться.

После обсуждения докладов спикеров были рассмотрены рекомендации учебных пособий, монографий ученых университета, а также вопрос присвоения представителям ППС ученых званий.





# ЕКІ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ҚАЗҰУ ФИЛИАЛЫНЫҢ АШЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстан Республикасына ресми сапары аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Қырғызстан Білім және ғылым министрі Алмазбек Бейшеналиев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мәртебелі меймандарды қарсы алған Жансейіт Түймебаев алдымен ашылып жатқан ҚазҰУ филиалы туралы ақпарат берді.

«Бішкек қаласында орналасқан филиалда 13 білім беру бағдарламасы іске асырылады. Оқу бағдарламасы қырғыз, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Студенттер бакалавриат пен магистратураға оқуға түсіп, білім ала алады. Білім алушы жастарға филиалда 50 оқытушы сабақ береді. Оның 15-і Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мұғалімі болса, қалғаны Қырғызстан оқытушылары. Сондай-ақ қорытынды аттестаттаудан сәтті өтіп, білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушыларға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дипломы

берілетін болады. Филиалдың жыл сайын 300-ге жуық студентті қабылдауға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар 10 дарынды жасқа ҚазҰУ дәстүрлі түрде грант бөліп отырады», – деді ректор.

Іс-шара барысында мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров оқу аудиторияларын аралап, кітап көрмесімен танысты.

Филиал жұмысымен танысып болғаннан кейін екі ел басшылары мәртебелі қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Айта кетейік, ҚР Президенті Садыр Жапаров 2021 жылдың 2-3 наурызында Қазақстанға ресми сапармен келген еді. Осы сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, екі ел Президенті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын Бішкекте ашу туралы шешім қабылдаған болатын.












## ПРЕЗИДЕНТЫ ДВУХ СТРАН ПРИБЫЛИ НА ОТКРЫТИЕ ФИЛИАЛА КАЗНУ В КЫРГЫЗСТАНЕ

В рамках официального визита Главы государства Касым-Жомарта Токаева в Республику Кыргызстан состоялось открытие филиала Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

В церемонии открытия приняли участие: Президент РК Касым-Жомарт Токаев, Президент Кыргызской Республики Садыр Жапаров, Министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов, Министр образования и науки КР Алмазбек Бейшеналиев, Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев.

Встретив высоких гостей, Жансеит Туймебаев рассказал о новом филиале КазНУ. «В филиале Казахского национального университета имени Аль-Фараби г.Бишкек обучение будет проводиться по 13 образовательным программам бакалавриата и магистратуры. Учебный процесс будет осуществляться на трех языках: кыргызском, русском и английском. После окончания обучения выпускникам будут выдаваться дипломы КазНУ имени Аль-Фараби. Ежегодно филиал может принимать до 250-300 обучающихся. Планируется ежегодно

выделять 10 грантов КазНУ для одаренных детей. Занятия в новом филиале будут вести всего 50 преподавателей, из которых 30% из КазНУ. Мы обеспечим постоянное пребывание наших преподавателей в Бишкеке. Они будут приезжать и на постоянной основе вести здесь занятия. Также мы планируем приглашать наших кыргызских коллег для преподавания в филиале», – сказал руководитель вуза.

В ходе мероприятия президенты и министры двух стран осмотрели новые учебные кабинеты, ознакомились с книжной выставкой, а также с информационным залом и стендами КазНУ. Ректор Жансеит Туймебаев дал подробную информацию о генеральном плане развития высшего учебного заведения.

Кроме того, после церемонии открытия филиала КазНУ Президенты двух стран оставили запись в книге почетных гостей.

Стоит отметить, Президентом Республики Казахстан К-Ж.К.Токаевым по итогам Государственного визита Президента Кыргызской Республики С.Жапарова в Республику Казахстан 2-3 марта 2021 года было принято решение об открытии филиала НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» в Кыргызской Республике, г. Бишкек.













## «ӘЛ-ФАРАБИ – ИҚБАЛ»: ТҮРКІ ӘЛЕМІ ТАРИХИ ЖАДЫН ЖАҢҒЫРТУ

Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби атындағы ғылыми кітапханасында түркі әлеміне ортақ ойшылдар – әл-Фараби мен Мұхаммед Иқбалдың бай мұраларын зерттеп, насихаттауға арналған халықаралық форум басталды.

Форум жұмысын ашқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бұл шара ғылыми орта үшін тәжірибе алмасудың үлкен диалог алаңы болатынына сенім білдірді.

«Рухани басқосу – заманымыздың әйгілі ойшыл-философы, Пәкістанның «рухани көсемі» Мұхаммед Иқбал шығармашылығын жаңа қырынан зерттеуге жол ашады. Форумның тарихи миссиясы – әл-Фараби және Мұхаммед Иқбал еңбектері арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту. Иқбалдың ислам мәдениеті мен руханиятының жаңғыруына қосқан үлесі шынымен де өлшеусіз. Бұл XX ғасырдың бас кезіндегі жаңа мұсылман ренессансы басында болған ұлы ақын және ойшыл. Мұхаммед Иқбал – мұсылман мәдениетін сақтап, дамытуға үлкен үлес қосқан тұлға. Иқбал батыстың беделді университеттерінде оқыған, ғылыми білімі зор, кең ойлайтын ғалым ретінде биік руханияттың, философиялық тереңдіктің, саяси жауапкершіліктің

үлгісі бола білді. Иқбал шығармашылығы ұлы әл-Фарабидің рухани мұрасымен тығыз байланысты», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Форумның модераторы, Халықаралық түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі жиынның маңыздылығына тоқталып, 2020 жылы Ислам ынтымақтастығы ұйымы Тұрақты комитетінің (COMSTECH) үйлестіруші директоры Мұхаммед Иқбал Чаудхаридің ұйытқы болуымен Пәкістанда әл-Фарабиге арналған ауқымды іс-шара ұйымдастырылғанын атап өтті.

Пленарлық мәжіліс барысында «El-Farabi KITABU’L MUSIKA’L-KEBIR» кітабының және Әл-Фараби жаһандық форумы материалдарының бес тілде жарық көрген жинағының тұсаукесері өтті.

Жиын соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бірқатар ғалымдарды Әл-Фараби атындағы медальмен марапаттады.














## «АЛЬ-ФАРАБИ – ИКБАЛ»: ВОЗРОЖДЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ ТЮРКСКОГО МИРА

В научной библиотеке Аль-Фараби стартовал международный форум, посвященный изучению и пропаганде богатого наследия мыслителей тюркского мира – Аль-Фараби и Мухаммеда Икбала.

Открывая форум, Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев акцентировал внимание на важности его миссии и выразил уверенность, что он станет большой диалоговой площадкой для обмена опытом. Мероприятие открывает путь к изучению творчества известного мыслителя-философа современности, «духовного лидера» Пакистана Мухаммеда Икбала. «Историческая миссия сегодняшнего форума – расширение кругозора молодежи через учение Фараби и его последователей. Вклад Мухаммада Икбала в Возрождение исламской культуры и духовности, поистине неоценим! Это великий поэт и мыслитель, ставший во главе нового мусульманского Ренессанса на рубеже 20-ого века. Вклад Мухаммада Икбала заключается в сохранении и развитии мусульманской культуры. Это мыслитель с широчайшим научным кругозором,

получивший образование в престижных университетах Запада. Он является образцом высокой духовности, философской глубины и политической ответственности».

Модератор форума – Президент Международной Тюркской академии Дархан Кыдырали особо отметил, что в 2020 году под эгидой координационного директора Постоянного комитета Организации исламского сотрудничества (COMSTECH) Мухаммада Икбала Чаудари в Пакистане было организовано масштабное мероприятие, посвященное Аль-Фараби.

В ходе пленарного заседания состоялась презентация книги El-Farabi KITABU’L MUSIKA’L-KEBIR и сборника материалов Глобального форума Аль-Фараби, изданного на пяти языках.

После завершения пленарного заседания форума Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев наградил известных ученых медалью Аль-Фараби.












## ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕР КҮНІН АТАП ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жылдағы дәстүр бойынша Түлектер күнін атап өтті.

Университеттегі іс-шара ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы президиумының отырысынан басталды. ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми құттықтау сөз сөйлеп, елімізде болып жатқан саяси өзгерістер мен демократиялық қайта құрулармен қатар, Түлектер қауымдастығының да қызмет аясы кеңейе түсетінін айтты.

Қауымдастық президиумы атқарылған жұмыстарды саралап, ҚазҰУ-дың 90 жылдығын мерекелеуге дайындық бойынша алдағы мақсат-міндеттерді белгіледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университет қызметі туралы ақпарат беріп, жаңа даму жоспарын таныстырды.

Жиыннан соң президиум мүшелері мен түлектер шығыстың ұлы ойшылы Әбу-Насыр әл-Фарабидің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен мерекенің салтанатты ашылуында университет басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, түлектерге табыс тіледі.

Ректор өз сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚазҰУ-ға ерекше көңіл бөліп, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мен ғылым-білімді дамытуда ұжымға үлкен жауапкершілік жүктеп отырғанын атап өтті.

«Биыл ҚазҰУ түлектерінің қатары 9000 адаммен толығады. Жаңа буын кәсіби мамандардың алдында тұрған міндеттер өте жауапты. Озық біліммен қаруланған түлектеріміз жаңа Қазақстанның дамуына өзіндік үлес қосуы тиіс. ҚазҰУ-дың дарынды студенттері оқуда, спортта, ғылыми және қоғамдық қызметте елеулі табыстарға жетіп, университет абыройын асырып келеді. Түлектерімізге ақ жол тілеймін!» – деді ректор.

Салтанатты шарада ҚазҰУ Ғылыми кеңесі мен Түлектер қауымдастығы президиумының шешімімен оқу орнымыздың қайраткер түлектері, ҚазҰУ-дың бұрынғы ректорлары – Төлеген Қожамқұлов пен Бақытжан Жұмағұлов «Аса көрнекті түлек» медалімен марапатталды.

Сондай-ақ университет ректоры Жансейіт Түймебаев бірқатар белсенді білім алушы жастарды «Үздік студент» дипломымен марапаттады.








## В КАЗНУ ОТПРАЗДНОВАЛИ ДЕНЬ ВЫПУСКНИКОВ

Традиционный, ежегодный праздник – День выпускников – прошел в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби.

Мероприятие началось с заседания президиума Ассоциации выпускников КазНУ. С приветственной речью к присутствующим обратился Председатель Конституционного Совета Республики Казахстан, президент Ассоциации выпускников КазНУ имени Аль-Фараби Кайрат Мами, отметив, что в связи с происходящими в стране политическими процессами и демократическими преобразованиями, диапозон деятельности Ассоциации выпускников расширится.

Президиум Ассоциации определил актуальные задачи по подготовке 90-летнего юбилея КазНУ. С информацией о деятельности и планах развития вуза выступил Ректор университета Жансеит Туймебаев.

Члены Президиума и выпускники возложили цветы к памятнику великого мыслителя Востока Абу-Насра Аль-Фараби.

На торжественном открытии праздника во дворце студентов имени О.Жолдасбекова выступил Председатель Правления-Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, поздравив выпускников. В своей речи руководитель университета подчеркнул особое внимание Главы государства Касым-Жомарта Токаева месту и роли Казахского национального университета в подготовке конкурентоспособных специалистов и позиционированию вуза как флагмана отечественного высшего образования в мировом образовательном пространстве.

«Армию выпускников в этом году пополнят около девяти тысяч студентов КазНУ. Задачи перед новым поколением специалистов-профессионалов очень ответственные. Нужно обеспечить рывок в развитии Нового Казахстана. Талантливые студенты КазНУ демонстрируют отличные достижения в учебе, спорте, научной и общественной деятельности. Всем выпускникам желаю больших успехов!» – сказал ректор.

В этом году согласно решению Ученого совета и Президиума Ассоциации медаль «Аса көрнекті түлек» вручена выдающимся выпускникам КазНУ, экс-ректорам университета, академикам – Толегену Кожамкулову и Бакытжану Жумагулову.

Ректор университета Жансеит Туймебаев также наградил ряд активных студентов дипломом «Лучший студент».









# ҚАЗҰУ-ДА МИФИ ФИЛИАЛЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында МИФИ филиалын құру туралы келісімге қол қойылып, халықаралық жоба аясындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары айқындалды.

МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университеті ҚазҰУ-мен бұрыннан серіктес. Екі оқу орны байланыстарының нәтижесінде магистратурада бірлескен білім беру бағдарламалары сәтті жүзеге асуда. Қазір жеті бірлескен білім беру бағдарламасы қолданыста.

ҚазҰУ базасында МИФИ филиалын құру екіжақты қарым-қатынасты нығайтудағы тағы бір стратегиялық маңызды қадам.

Келісімге қол қою рәсіміне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен МИФИ ҰЯЗУ Ректоры Владимир Шевченко қатысты.

Ректор қонақтарға білім ордасының жетістіктері, халықаралық ғылыми-білім беру жобаларының жүзеге асырылуы және МИФИ филиалын ашуға дайындық барысы туралы айтып өтті. Бүгінге дейін көп жұмыс атқарылды. ҚазҰУ мен МИФИ арасындағы Жол картасының және келісімдердің жобасы дайындалды.

«Филиал ядролық физика, лазерлік және плазмалық технологиялар, сондай-ақ ядролық энергетика және нанотехнологиялар салаларында мамандарды бірлесіп даярлауға жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына сенімдімін», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде, МИФИ ҰЯЗУ ректоры Владимир Шевченко Ресейдің топ-3 университеті легіне кіретін МИФИ ҰЯЗУ филиалын құруға қатысты барлық мәселелерді шешуге белсенді көмек көрсетуге уәде берді.

МИФИ Ұлттық зерттеу ядролық университеті Ресейде құрылған алғашқы ұлттық зерттеу университеттерінің бірі. Университет іргелі және қолданбалы ғылым мен заманауи технологияларды дамытудың ең өзекті бағыттары бойынша Ресей мен шет елдерге арнап аспиранттар, магистрлер, бакалаврлар мен мамандарды дайындайды.

# КАЗНУ БУДЕТ СОЗДАН ФИЛИАЛ НИЯУ МИФИ

Подписано соглашение о создании филиала НИЯУ МИФИ на базе КазНУ имени Аль-Фараби, определившее основные направления сотрудничества в рамках международного проекта.

С Национальным исследовательским ядерным университетом МИФИ КазНУ объединяет давнее партнерство, которое позволяет успешно осуществлять совместные образовательные программы в магистратуре. В церемонии подписания соглашения участие приняли Председатель Правления – Ректор КазНУ имени аль-Фараби – Жансейт Канcеитулы Туймебаев и ректор НИЯУ МИФИ Владимир Шевченко.

В приветственном слове руководитель ведущего вуза страны рассказал о достижениях университета, реализации международных научно-образовательных проектов КазНУ и подготовке к открытию филиала НИЯУ МИФИ.

Открытие филиала Национального исследовательского ядерного университета МИФИ в КазНУ имени Аль-Фараби является важным этапом укрепления нашего стратегического партнерства, целью которого является совместная подготовка специалистов в области ядерной физики, лазерных и плазменных технологий, атомной энергетики, наноматериалов, нанотехнологий, наноэлектроники и других областях по всем группам образовательных программ, включая бакалавриат, магистратуру и докторантуру». В свою очередь ректор НИЯУ МИФИ Владимир Шевченко, поблагодарив руководство КазНУ за теплый прием, пообещал активное содействие и помощь в решении всех вопросов, связанных с созданием в Казахстане филиала высшего учебного заведения, которое входит в топ-3 лучших российских университетов.

Национальный исследовательский ядерный университет МИФИ́ – один из первых национальных исследовательских университетов, созданных в России. Университет ведет подготовку аспирантов, магистров, бакалавров и специалистов для России и зарубежных стран по наиболее актуальным направлениям развития фундаментальной и прикладной науки и современных технологий. Главная особенность обучения в НИЯУ МИФИ – неразрывность образовательной, научной и инновационной деятельности.







# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗҰУ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы барды.

Еліміздің жетекші университетіне сапары барысында Мемлекет басшысы оқытушы-профессорлар құрамымен және жас ғалымдармен кездесті.

Президент шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұрасына арналған мұражай экспозиция-ларымен, ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми-инновациялық жобаларының нәтижелерімен танысты.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысына оқу ғимараттары мен қызметтік тұрғын үй және студенттік жатақхана салу бойынша ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарын баяндады.

Мемлекет басшысы оқу орнының зерттеу университетіне трансформациялану бастамасы мен ҚазҰУ-ды қайта жаңғырту жоспарын қолдады.

Президент білім ордасында жоғары білікті мамандар даярлау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру және университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берді.










## ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОСЕТИЛ КАЗНУ

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев со специальным визитом посетил Казахский национальный университет имени Аль-Фараби.

В ходе визита в ведущий университет страны Глава государства ознакомился с инновационными проектами учебного заведения, встретился с профессорско-преподавательским составом и молодыми учеными.

Президент ознакомился с музейными экспозициями, посвященными наследию великого мыслителя Востока Аль-Фараби, результатами научно-инновационных проектов ученых КазНУ.

Ректор университета Жансеит Туймебаев доложил Главе государства о плане реализации второго этапа строительства кампуса КазНУ, строительстве учебных зданий, служебного жилья и студенческого общежития.

Глава государства поддержал инициативу трансформации учебного заведения в исследовательский университет и план модернизации КазНУ.

Президент отметил важность деятельности университета по подготовке высококвалифицированных специалистов, дал конкретные поручения по улучшению качества образования, повышению вклада науки в развитие страны и по модернизации кампуса университета.



## БЕЛАРУСЬ ҒЗИ-ЛАРЫМЕН ӘРІПТЕСТІК ОРНАЙДЫ

Беларусь Ұлттық ғылым академиясының өкілдері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келді. Құрметті меймандар университет ғалымдарымен кездесіп, ғылыми-инновациялық жобалармен және ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарымен танысты.

Кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстанда ғылымды дамытуға ерекше мән беріліп отырғанын атап өтті. «Ғылым – қоғамның қозғаушы күші, барлық саланың даму негізі. Біз ғылымдағы әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, жаңа нәтижелерге жетуге ұмтылуымыз қажет. Мемлекет тарапынан ғылымды дамыту үшін айтарлықтай көмек көрсетіліп жатыр. Қазіргі таңда біз білім беру бағдарламаларын жаңартудамыз. Жоғары оқу орнының басты басымдығы – ғылымды дамыту. Бүгінде ҚазҰУ еліміздің білім беру және ғылыми әлеуетін күшейту бойынша маңызды қадамдар жасауда», – деді ректор.

Кездесу барысында Беларусь ҰҒА төрағасының орынбасарлары Петр Витязь бен Александр Кильчевский және Беларусь Ұлттық ғылым академиясының академигі Владимир Агабеков университет қызметі мен ғалымдардың ғылыми жобаларын жоғары бағалап, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Жиын барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев Беларусь ғылыми-зерттеу институттарымен серіктестік орнату бойынша өз ұсынысын білдірді. Бұл бастама ғылыми жобаларды бірлесіп жасауда үлкен мүмкіндік болатынын жеткізді.

# БУДЕТ НАЛАЖЕНО СОТРУДНИЧЕСТВО С НИИ БЕЛАРУСИ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетила делегация представителей Национальной академии наук Беларуси. В ходе визита почетным гостям был представлен план реализации строительства на территории КазНУ. Также делегация встретилась с профессорско-преподавательским составом и ознакомилась с инновационными проектами ученых университета.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им.Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил, что сегодня в Казахстане особое значение уделяется развитию науки. «Государство поддерживает ученых и их перспективные научные исследования. Поэтому, нам предстоит решить задачу по повышению результативности научных проектов. Необходимо развивать не только имеющиеся научные школы, но и формировать новые направления исследований. Мы начали работу по кардинальному обновлению образовательных программ. Важнейший приоритет вуза – это развитие науки. Сегодня нашим университетом делается важный шаг по усилению образовательно-научного потенциала нашей страны»,– сказал руководитель университета.

В ходе встречи заместители Председателя НАН Беларуси Петр Витязь и Александр Кильчевский, академик Национальной академии наук Беларуси Владимир Агабеков высоко оценили деятельность вуза и научные проекты ученых.

В ходе собрания руководитель вуза Жансеит Туймебаев подчеркнул, что сотрудничество с белорусскими научно-исследовательскими институтами дадут большие возможности для совместной разработки новых инновационных технологий.









## ҚАЗҰУ-ДА ҮШ САЙЛАУ УЧАСКЕСІ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша республикалық референдумға дауыс беру үшін үш сайлау учаскесі белгіленіп, жұмыс істеуде.

№568, №258 және №259 учаскелік комиссия өз жұмысын жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-де бастады. Дауыс беру кешкі сағат 20:00-ге дейін жалғасады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қалашықта орналасқан №259 сайлау учаскесіне барып, алғашқылардың бірі болып дауыс берді. Кейін білім ордасының басшысы ҚазҰУ аумағындағы өзге де сайлау учаскелерін аралады.

Университетте орналасқан учаскелік сайлау комиссиясында бекітілген тізім бойынша жергілікті тұрғындар мен ҚазҰУ ұжымы, сондай-ақ студенттер республикалық референдумға белсенді қатысып, дауыс беруде.

Айта кетейік, ҚазҰУ аумағында орналасқан үш сайлау учаскесінде 1333 адам дауыс беруші ретінде тіркелген.



## В КАЗНУ РАБОТАЮТ 3 ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби работают 3 участка для голосования на республиканском референдуме по внесению изменений и дополнений в Конституцию.

Избирательные участки № 568, № 258 и № 259 открылись в 06:00 по местному времени, за час до начала голосования. Само голосование началось в 07:00 и завершится в 20:00 местного времени.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев первым отдал свой голос на избирательном участке № 259.

Далее руководитель вуза посетил и ознакомился с работой всех избирательных участков, расположенных на территории кампуса.

Активное участие в голосовании принимают коллектив и студенты КазНУ, а также жители города.

Отметим, что на 3 избирательных участках, расположенных на территории КазНУ, в качестве голосующих зарегистрированы 1333 граждан.




## ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ALMAU УНИВЕРСИТЕТІНЕ БАРДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры жұмыс сапарымен Алматы менеджмент университетіне барды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев AлмaU университетінің президенті Асылбек Қожахметовпен кездесу өткізіп, білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысты. Асылбек Қожахметов Жансейіт Түймебаевқа жоғары оқу орнының алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Жүздесу барысында университет басшылары екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады. Сонымен қатар тараптар ғылыми-инновациялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев AлмaU университетімен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ ол жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Кроме того, Директор Национальной библиотеки Турции выразил поддержку инициативе Жансеита Туймебаева, направленной на установление и развитие партнерских отношений.

В конце встречи стороны обменялись подарками и сфотографировались на память.



# РЕКТОР КАЗНУ ПОСЕТИЛ АЛМАU

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев с рабочим визитом посетил Almaty Management University.

В ходе работы Жансеит Туймебаев провел встречу с Президентом AlmaU Асылбеком Кожахметовым и ознакомился с жизнедеятельностью вуза.

В рамках визита, Асылбек Кожахметов провел для руководства КазНУ им.Аль-Фараби кампус-тур, рассказал об актуальных проектах университета, а также представил дальнейший план работы.

Кроме того, Жансеит Туймебаев и Асылбек Кожахметов обсудили вопросы дальнейшего наращивания двустороннего сотрудничества, в том числе реализацию совместных научно-инновационных проектов.

В свою очередь, Жансеит Туймебаев выразил готовность развивать партнерство с высшим учебным заведением и поддерживать инициативы, направленные на расширение плодотворного сотрудничества и взаимодействия.



# ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫНЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Түркия Президентінің Ұлттық кітапханасының директоры Айхан Туглумен кездесу өткізді.

Жүздесуде тараптар ынтымақтастық орнату және тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады.

Алдымен Жансейіт Түймебаев университет аумағында орналасқан Орталық Азия жоғары оқу орындары арасындағы ең үлкен кітап қорына ие Әл-Фараби кітапханасы туралы ақпарат берді. Сондай-ақ өз сөзінде білім ордасының басшысы қос кітапхана арасында ынтымақтастық орнату және дамыту мақсатында меморандум жасасуды ұсынды.

Өз кезегінде құрметті мейман Түркиядағы Ұлттық кітапхана туралы Жансейіт Түймебаевқа кеңінен мәлімет берді.

«Түркия Президентінің Ұлттық кітапханасы бір уақытта 5500 оқырманға қызмет көрсете алады. Қорда 2 миллионнан астам кітап және 2 миллионға жуық журнал бар. Сонымен қатар 550 000 электрондық кітап, 6 500 000 электрондық диссертация және 60 000-ға жуық электрондық журнал мен 120 000 000 мақала мен баяндама сақталған. Мәдени орталықта Түркия президенттерінің кітаптары мен 16 буын Түрік империясына қатысты кітаптар орналастырылған. Оқырман үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалған. Мәселен, келушілер үшін демалыс және интернет бөлмесі, балаларға арналған орын және асхана қарастырылған», – деді Айхан Туглу.

Сонымен қатар Түркия Президентінің Ұлттық кітапханасының директоры серіктестік орнатуға бағытталған бастаманы қолдайтынын жеткізді.

Кездесу соңында қос тарап сыйлықтармен алмасып, естелік суретке түсті.

## РАСШИРИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО БИБЛИОТЕКИ АЛЬ-ФАРАБИ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с директором Национальной библиотеки Турции Айхан Туглу.

Стороны обсудили вопросы сотрудничества и обмена опытом в сфере культуры.

Руководитель вуза Жансеит Туймебаев рассказал почетному гостю о библиотеке «Аль-Фараби», которая имеет самый большой книжный фонд среди вузов Средней Азии. Кроме того, ректор предложил заключить меморандум о сотрудничестве между библиотекой «Аль-Фараби» и Национальной библиотекой Турции.

В свою очередь, Айхан Туглу дал подробную информацию о Национальной библиотеке Турции.

«Работа по созданию Национальной библиотеки началась в 2015 году под руководством Президента Реджепа Тайипа Эрдогана. Библиотека занимает площадь 125 000 м2 и может обслуживать до 5500 читателей одновременно. Фонд библиотеки насчитывает 2 млн печатных книг, около 2 млн журналов, 550 тысяч электронных книг, 6,5 млн электронных диссертаций, около 60 тысяч электронных журналов и 120 млн статей. Для читателей созданы все комфортные условия. Так, для посетителей предусмотрены комната отдыха, игровая для детей и столовая», - отметил Айхан Туглу.



## БІЛӘЛ ЕРДОҒАН ҚАЗҰУ-ДА ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркиядағы Ибн Халдун университетінің делегациясы арнайы сапармен келді.

Құрметті меймандар – Ибн Халдун университеті Қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары Нежмеддин Біләл Ердоған және Ибн Халдун университетінің ректоры, профессор Атилла Аркан, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, доктор Ирфан Гүндүз, Гейдар Әлиев атындағы Еуразиялық зерттеулер орталығының директоры, профессор Яшар Сары, Ибн Халдун университетінің халықаралық байланыстар бөлімінің директоры Енес Иалман Әл-Фараби кітапханасында болып, ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарымен танысты.

Қос тарап шағын құрамда кездесу өткізіп, ортақ мәселелерді талқылады.

«Бүгінгі кездесуден соң Ибн Халдун мен ҚазҰУ арасында оқытушылар мен студент алмасу бойынша бірқатар бағдарламалар іске асырылатынын атап өткім келеді. Алдағы уақытта

қос университет арасындағы ортақ инновациялық жобалар сәтті жүзеге асады деген үміттемін», – деді Нежмеддин Білəл Ердоған.

Сонымен қатар кездесуде сөз сөйлеген Ибн Халдун университеті Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, профессор, доктор Ирфан Гүндүз ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық бойынша бірқатар ұсыныстарын жеткізіп, ҚазҰУ-мен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді.

Бұл кездесу екіжақты қарым-қатынасты дамыту аясында академиялық ұтқырлық, оқытушылар мен студенттер алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулер шеңберіндегі жобаларды іске асыруды көздейді. Өз сөзінде Жансейіт Түймебаев жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Шара соңында Ибн Халдун университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті академиялық және білім беру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.










# БИЛАЛ ЕРДОГАН ПОСЕТИЛ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби с официальным визитом посетила делегация университета Ибн Халдуна (Турция).

Турецкая делегация в состав которой вошли – Председатель попечительского совета Университета Ибн Халдуна в Стамбуле, профессор Ирфан Гюндуз, Заместитель председателя попечительского совета Университета Ибн Халдуна Неджмеддин Билал Эрдоган, ректор Университета Ибн Халдун профессор Атилла Аркан, директор Центра евразийских исследований имени Гейдара Алиева Университета Ибн Халдуна, профессор Яшар Сары, директор по международным отношениям Энес Ялман побывали в библиотеке Аль-Фараби и на выставке, посетили фонд редких книг и рукописей, зал Абая и зал Первого Президента, экспозицию «Лидеры Алаш» и «Семь граней великой степи», ознакомились с Генеральным планом развития КазНУ.

«Хочу подчеркнуть, что между университетами Ибн Халдуна и Аль-Фараби будут реализованы программы обмена как между ППС, так и студентами. В Турции по данной программе действуют образовательная программа Орхун и Мевлана. Я очень рад перспективе и инфраструктуре вашего университета.

Надеюсь на дальнейшее плодотворное и взаимовыгодное сотрудничество, – сказал Неджмеддин Билал Эрдоган.

Председатель попечительского совета Университета Ибн Халдуна в Стамбуле, профессор Ирфан Гюндуз озвучивая цель визита, рассказал о потенциале вуза и предложил несколько проектов по сотрудничеству в области науки и образования. Также профессор Ирфан Гюндуз

и заместитель председателя попечительского совета Университета Ибн Халдуна Неджмеддин Билал Эрдоган выразили заинтересованность в интернационализации.

Было отмечено, что это большой шаг в развитии двухсторонних отношений, которые предусматривают реализацию проектов в рамках академической мобильности, обмена преподавателями и студентами, совместных научных исследований.

Во время встречи сторон ректор КазНУ и представители университета Ибн Халдуна обсудили вопросы научно-образовательной сферы и перспективы развития двухсторонних отношений между вузами.

В завершение встречи было подписано соглашение об академическом и образовательном сотрудничестве между университетами Ибн Халдуна и Казахским национальным университетом имени Аль-Фараби.









# ҚАЗҰУ-ҒА QS WUR СЕРТИФИКАТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

2022 жылғы 8 маусымда жарияланған QS WUR жаһандық рейтингінің қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 150-орынға ие болды. Осыған орай, білім ордасындағы Әл-Фараби кітапханасында университетке QS рейтингінің сертификатын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Марапатты ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христолюбов ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевқа табыстады.

Сергей Христолюбов ҚазҰУ-дың соңғы жылдардағы жетістіктерін атап өтіп, QS жаһандық рейтингіндегі талаптарға тоқталды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биыл көптеген талаптар бойынша өз көрсеткіштерін едәуір жақсартты. Халықаралық деңгейдегі рейтингте 150-орынға жайғасу бұл үлкен көрсеткіш және жетістік. Мұндай ҚазҰУ тарихында болмаған. Университеттің дамуына сүбелі үлес қосып, еңбек еткен оқытушы-профессорлар құрамы, ғалымдар мен барлық ұжымға алғысымды білдіргім келеді. Бұл сіздердің еңбектеріңіз. Мәселен, сіздердің білім ордаларыңыз дамыған мемлекеттердің университеттері арасынан оза шығып, алдыңғы қатарға жайғасты. Бұл білім ордасында ауқымды жұмыстар атқарылғанын көрсетеді. Шара аясында университеттің алдағы даму жоспарымен және ғалымдар әзірлеген ғылыми-инновациялық жобаларымен таныстық. Алдағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін», – деді Сергей Христолюбов.

Өз кезегінде университет басшысы Жансейіт Түймебаев халықаралық рейтинг қазақстандық жоғары оқу орындары үшін жыл сайын өз көрсеткіштерін жетілдіруге мүмкіндік беретінін жеткізді.

«Бір жыл ішінде оқу орнымыз 175-орыннан 25 позицияға жоғарылады. QS WUR жаһандық

рейтингіндегі жаңа көрсеткішіміз – 150-орын. Бұл біз үшін үлкен жетістік әрі жоғары жауапкершілік», – деп атап өтті ректор.

Айта кетейік, QS WUR әлемнің үздік университеттерінің тізімі 2004 жылдан бері жарияланып келеді. Ағымдағы жылы рейтингке әлемнің 100 елінен 2,5 мыңға жуық ЖОО қатысқан болатын.

## КАЗНУ ВРУЧИЛИ СЕРТИФИКАТ QS WUR

По итогам глобального рейтинга QS WUR, опубликованного 8 июня 2022 года, Казахский национальный университет им.Аль-Фараби занял 150 место. В связи с этим в Библиотеке Аль-Фараби состоялась торжественная церемония вручения памятного знака и сертификата международного рейтинга QS Казахскому национальному университету имени Аль-Фараби.

Региональный директор QS по странам СНГ и Центральной Азии Сергей Христолюбов вручил награду Председателю Правления – Ректору КазНУ имени Аль-Фараби Жансеиту Туймебаеву.

Поздравляя руководство и коллектив высшего учебного заведения Сергей Христолюбов отметил, что такого высокого результата в рейтинге QS КазНУ достиг впервые в своей истории.

«150 место в рейтинге QS WUR – это большой показатель и выдающееся достижение. Хочу выразить благодарность всем факультетам, кафедрам, ученым и преподавателям, которые работали по повышению показателей университета. Вы добились просто потрясающих результатов по показателям академической репутации и репутации среди работодателей. Об этом говорят факты и статистика. Благодаря коллективному труду вы вошли в число самых лучших университетов мира. Поздравляю вас и желаю плодотворной работы», – сказал региональный директор QS по странам СНГ и Центральной Азии Сергей Христолюбов.

В ходе церемонии награждения руководитель вуза Жансеит Туймебаев подчеркнул, что рейтинг QS стал для казахстанских вузов своеобразной площадкой имиджевого позиционирования, которая также дает стимул и мотивацию для дальнейшего улучшения показателей университетов.

«По итогам международного рейтинга QS WUR, опубликованного 8 июня 2022 года Казахский национальный университет им.Аль-Фараби занял 150 место. За один год наш вуз продвинулся с 175 место на 25 позиций вверх и попал в топ-150 лучших университетов мира. Для нас это большая честь и ответственность», – сказал ректор КазНУ Жансеит Туймебаев.

Стоит отметить, что список лучших университетов мира QS WUR публикуется с 2004 года. В этом году в глобальном рейтинге QS участвовали порядка 2,5 тысяч вузов из 100 стран мира.



## SAMSUNG ELECTRONICS ҚАЗҰУ-ДА ҚЫЗМЕТІН ЖАНДАНДЫРУДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Samsung Electronics компаниясының вице-президенті Джеймс Киммен кездесті.

Әл-Фараби кітапханасында өткен кездесуде университет басшысы ҚазҰУ-дың заман талабына сай білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға басымдық беріп отырғанын атап өтті.

«Самсунг Электроникс» тапсырысы бойынша 2015 жылдан бастап ҚазҰУ оқытушылары мобильді қосымшаларды, интернет құрылғылардың технологияларын әзірлеу, машиналық оқыту курстарын даярлап, енгізді.

– Соңғы жылдары студенттер мен оқушылар арасында сандық электроника бойынша халықаралық және республикалық конкурстар өткізілді. Қызметкерлер мен студенттер Smart технологиялар, робототехника, жасанды интеллект және оқу-зертханалық стендтер және т.б. бойынша жобаларды әзірледі және іске қосты, – деді Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев.

Университет басшысы Самсунг инновациялық академиясында жыл сайын Алматы қаласының 100-ге жуық студенті мен 80 мектеп оқушысы заманауи цифрлық технологиялар бойынша теориялық және тәжірибелік дағдыларға үйренетінін айта келе, екіжақты ынтымақтастыққа бағытталған барлық бастамаларға қолдау білдіретінін жеткізді.

Өз кезегінде Samsung Electronics компаниясының вице-президенті Джеймс Ким жоғары оқу орнының басшылығына жылы қарсы алғаны үшін алғысын білдіріп, Қазақстанның жетекші университетінде компания қызметін жандандыруға мүдделі екенін айтты.

## SAMSUNG ELECTRONICS АКТИВИЗИРУЕТ СВОЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КАЗНУ

В Бибиотеке имени Аль-Фараби прошла встреча Председателя Правления-Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаев с вице-президентом компании Samsung Electronics Джеймсом Кимом.

Поблагодарив за визит и проявленный интерес представителей корейской компании, руководитель вуза отметил заинтересованность КазНУ в реализации различных образовательных программ и научно-инновационных проектов.

По заказу Самсунг Электроникс с 2015 года были разработаны и внедрены преподавателями КазНУ курсы по разработке мобильных приложений, технологий интернет вещей, машинному обучению.

– За последние годы совместно были проведены международные и республиканские конкурсы среди студентов и школьников по цифровой электронике, разработаны и запущены сотрудниками и студентами проекты по Smart технологиям, робототехнике, искусственному интеллекту и учебным лабораторным стендам и мн. др. Ежегодно в Инновационной академии Самсунг около 100 студентов и 80 школьников города Алматы получают теоретические и практические навыки по современным цифровым технологиям», – сказав ректор вуза Жансеит Туймебаев, выразил поддержку всех инициатив, направленных на плодотворное двустороннее сотрудничество.

В свою очередь Джеймс Ким- Вице-президент компании Samsung Electronics поблагодарил руководство вуза за теплый прием и выразил надежду на дальнейшее тесное сотрудничество с ведущим университетом Казахстана.







# PROFESSIONAL WEEK-2022 АПТАЛЫҒЫ АЯҚТАЛДЫ

13-17 маусым аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша Professional Week-2022 апталығы ұйымдастырылды. Бүгін аптаның қорытындысы ретінде «Жаңа Қазақстан: білім мен ғылымды жаңғырту жолдары» тақырыбында пленарлық сессия отырысы өтті.

Жиынға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христолюбов, «Bank RBK» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі Мұсабек Әлімбеков, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Әділет Тойбаев және оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Пленарлық сессия барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, отандық білім мен ғылымды дамытуда жаңа трендтерді қалыптастыру маңызды екенін атап өтті.

«Әлемдік тәжірибені негізге алып, кәсіби біліктілікті жетілдіріп отыру қажет. Біз қазақстандық

жоғары білімнің әлем азаматтары үшін тартымдылығын арттыруға күш салуымыз керек. Алдымыздағы мақсат – білім мен ғылымның қазақстандық брендін халықаралық аренада ілгерілету. Professional Week-2022 апталығы аясында айтылған бастамалар мен тың идеялар университеттегі ғылым мен білімді, сондай-ақ инновациялық жобаларды одан әрі дамытуға сеп болады деп ойлаймын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ жиында Мұсабек Әлімбеков «Жаңа Қазақстан: Конституцияға өзгерістер енгізу» және Әділет Тойбаев «Отандық ғылымды дамытудың басым бағыттары» тақырыбында баяндама жасап, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

## ЗАВЕРШИЛАСЬ НЕДЕЛЯ PROFESSIONAL WEEK-2022

С 13 по 17 июня 2022 года в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла неделя профессионального развития ППС и сотрудников Professional Week-2022. И сегодня в заключительный день программы состоялась сессия «Новый Казахстан: пути модернизации образования и науки».

В собрании приняли участие Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, Региональный директор Агенства QS Сергей Христолюбов, Член Совета директоров – независимый директор АО «Bank RBK» Мусабек Алимбеков, Председатель Комитета науки МНВО РК Адлет Тойбаев, профессорско-преподавательский состав и сотрудники КазНУ.

Цель Professional Week - определение приоритетов развития профессиональных навыков и компетенций преподавателей и ученых.

С приветственным словом к участникам сессии обратился Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев.

«В рамках Professional Week-2022 между участниками состоялся очень полезный и конструктивный диалог. Мы высоко ценим вклад наших преподавателей и сотрудников в развитие научно-образовательной деятельности университета. Все идеи и предложения, которые были выработаны в рамках недели профессионального развития Professional Week-2022, создадут новые возможности и основу для дальнейшего развития образования, науки и инноваций в нашем университете», – сказал руководитель вуза.

Также в рамках заключительного этапа Professional Week-2022, член Совета директоров – независимый директор АО «Bank RBK» Мусабек Алимбеков выступил с докладом на тему «Новый Казахстан: изменения в Конституцию», а также Председатель Комитета науки МНВО РК Адлет Тойбаев на тему «Приоритетные направления развития казахстанской науки».



# АСҚАР АҚАЕВ:
# ҚАЗҰУ-МЕН 45 ЖЫЛДАН СОҢ ҚАУЫШҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қырғыз Республикасының Тұңғыш Президенті, Ресей ғылым академиясының академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаев көшбасшылық дәріс оқыды.

ҚазҰУ-ға арнайы келген көрнекті ғалым алдымен қазақ-қырғыз ынтымақтастығына арналған кітап және сурет көрмесін тамашалап, ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарымен танысты.

Академик Асқар Ақаевтың «Көне дәуірден бергі демографиялық даму көрсеткіші және адамзат болашағы (компьютерлік болжау және математикалық модельдеу)» тақырыбындағы көшбасшылық дәрісіне көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР ҰҒА академиктері, ғалымдар, қаламгерлер, ҒЗИ басшылары, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшелері, БАҚ өкілдері, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қатысты.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға арнайы шақыртуды қабыл алып,

университетке келгені үшін алғыс айтып, ғылымды дамытуға қосқан айрықша үлесін атап өтті.

Академик Асқар Ақаев білім ордасының басшылығы мен ұжымына жылы қабылдағаны үшін алғысын білдіре отырып, ҚазҰУ-ға 45 жылдан кейін келіп тұрғанын ерекше ілтипатпен жеткізді.

«ҚазҰУ-мен 45 жылдан соң қайта қауышқаныма қуаныштымын. Бүгінгі кездесуді ұйымдастырғандарыңыз үшін көп рақмет. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Орталық Азиядағы ең үздік университет. Биік табыстарға көптеген жоғары оқу орындары өте ұзақ жолдан өтіп жетеді. Бұл жұдырықтай жұмылып еңбек еткен білікті ұжымның жемісі», – деді профессор.

Көшбасшылық дәрістен кейін Жансейіт Түймебаев академик Асқар Ақаевқа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Құрметті профессоры» атағын табыстады.

## АСКАР АКАЕВ:
## Я РАД СНОВА ПОБЫВАТЬ В КАЗНУ СПУСТЯ 45 ЛЕТ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби посетил Первый Президент Кыргызской Республики, академик Российской академии наук, ученый, главный научный сотрудник Института математических исследований сложных систем МГУ им. М.Ломоносова, профессор Аскар Акаев.

В ходе своего визита академик Аскар Акаев выступил с лидерской лекцией на тему: «Демографическая динамика с древнейших времен и будущее человечества», а также ознакомился с планом модернизации КазНУ.

В масштабном мероприятии приняли участие видные государственные и общественные деятели, известные академики, ученые, писатели, руководители НИИ, члены Совета директоров КазНУ, представители СМИ, профессорско-преподавательский состав и студенты университета.

Поприветствовав почетного гостя, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев подробно рассказал о трудовой деятельности Аскара Акаева и отметил, что он внес огромный вклад в развитие науки.

Поблагодарив руководство и коллектив вуза за теплый прием, Аскар Акаев подчеркнул, что он рад снова побывать в КазНУ спустя 45 лет.

«Я очень рад сегодняшней нашей встрече. КазНУ – лучший университет в Центральной Азии. Многим высшим учебным заведениям нужны десятилетия чтобы достичь высоких результатов. Я уверен, что КазНУ имени Аль-Фараби достойно ответит на все требования времени» – сказал Аскар Акаевич.




# АСҚАР АҚАЕВ: АҚПАРАТ – ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗЕГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қырғыз Республикасының Тұңғыш Президенті, Ресей ғылым академиясының академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақайұлының екінші дәрісі «Цифрлық экономика (нұсқалар мен болжамдар)» тақырыбына арналды.

Кездесуді ашқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Асқар Ақайұлының қызметтік жолына тоқталып, әлемдік ғылымдағы жетістіктерін атап өтті.

Асқар Ақаев өз дәрісінде дамыған озық мемлекеттердің цифрлық экономиканы құрудағы табыстарына талдау жасап, дамушы елдердің экономикалық бағыттарына сараптама жасады.

Көрнекті ғалым Асқар Ақаев цифрлық экономиканың бүгіні мен болашағы туралы өз

көзқарасын ұсына отырып, өзі әзірлеген цифрлық дәуірге арналған технологиялық прогрестің ақпараттық модельдері және цифрлық экономикаға арналған өндірістік функция жайлы баяндады. «Адам және интеллектуалды машина үйлесімі цифрлық дәуірде ең өнімді күшке айналмақ». Осы сценарийді іске асыру үшін іргелі STEM-білім алу қажеттігі айтылды.

Жиында сөз алған ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов Асқар Ақайұлының Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүше-академигі болып қабылданғанын қуанышпен жеткізіп, арнайы куәлік табыс етті.

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алтынбек Қоразбаев «Нарыннан жазған сәлем хат» әнін орындап, әннен шашу шашты.

Қадірменді қонақ ҚазҰУ басшылығына қонақжайлылығы үшін алғыс білдіре отырып, Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші университетте көшбасшылық дәріс оқығанына ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен Асқар Ақаевты ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.













## АСКАР АКАЕВ: ИНФОРМАЦИЯ – «НЕФТЬ» ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошли лидерские лекции Первого Президента Кыргызской Республики, академика Российской академии наук, ученого, главного научного сотрудника Института математических исследований сложных систем МГУ им. М.Ломоносова, профессора Аскара Акаева.

Тема второй лекции «Цифровая экономика (модели и прогнозы)» также связана с исследованиями, которыми занимается сегодня профессор А. Акаев. Вторая лекция прошла во Дворце студентов имени О.Жолдасбекова.

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, представив почетного гостя аудитории, коротко остановился на главных вехах биографии и достижениях экс-президента Кыргызстана.

В своем выступлении Аскар Акаев отметив авангардные страны, также рассказал о развитии развивающихся стран, которые формируют инфраструктуру для создания цифровой экономики.

В лекции изложены разработанные автором информационные модели технического

прогресса для цифровой эпохи и производственной функции для цифровой экономики. Симбиоз человека и интеллектуальной машины станет самой продуктивной силой в цифровую эпоху, в котором человек является лидером – ведущей рабочей силой. Для реализации данного сценария необходимо получения фундаментального STEM- образования.

В свою очередь, выступая президент НАН РК Мурат Журинов сообщил, что Аскар Акаевич принят членом-академиком Национальной академии наук Республики Казахстан и вручил специальное удостоверение.

В честь Первого президента Кыргызской Республики Аскара Акаева, народный артист Республики Казахстан и Кыргызской Республики, лауреат Государственной премии Алтынбек Коразбаев исполнил песню «Нарыннан жазған сәлем хат».

В завершение лекции ректор Жансеит Туймебаев решением Ученого совета КазНУ вручил Аскару Акаеву Золотую медаль имени Аль-Фараби.











# ҚАЗҰУ-ДА ҚР ҰҒА-НЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ұлттық ғылым академиясы Әлеуметтік ғылымдар бөлімшесінің мәжілісі өтті.

Алқалы жиынға Ұлттық ғылым академиясын реформалау барысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген келелі міндеттер арқау болды.

Жиында бөлімше төрағасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев арнайы баяндама жасады. Онда «ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 01.06.2022 жылғы тапсырмалары аясында ҚР ҰҒА әлеуметтік ғылымдар саласы қызметін орта мерзімді уақытқа реформалаудың міндеттемелері туралы» кеңінен қамтылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Ұлттық ғылым академиясының 75 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде академия мәртебесінің өзгеруіне байланысты ауқымды міндеттерді алға қойған болатын. Осы орайда, бөлімше төрағасы жаңа қазақстандық қоғамды құру жолындағы жауапты да күрделі кезеңде әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласы мен оның өкілдеріне қойылатын талаптың бірнеше есе артқанына мән берді.

Сонымен қатар ҚР ҰҒА мәртебесінің өзгеруі жағдайында әлеуметтік-гуманитарлық

ғылымдар саласының алдында тұрған міндеттерді шешу жолдарын іске асыру саланың дамуына үлкен серпіліс беретінін атап өтті.

«ҚР ҰҒА-ның әлеуметтік ғылымдар саласындағы таяу келешекке арналған реформалары шеңберінде ғалымдар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ағымдағы жағдайын талдап, бірқатар міндеттерді шешуі тиіс», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

ҚР ҰҒА-ның елді экономикалық және әлеуметтік-қоғамдық жаңғырту бағытындағы рөлі мен орны жоспарланған кешенді жұмыстар арқылы көрініс табатын болады.

## В КАЗНУ ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК НАН РК

В научной библиотеке Аль-Фараби состоялось заседание отделения социальных наук Национальной академии наук Казахастана.

Председатель отделения, Председателя Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев в своем докладе «О задачах по реформированию НАН РК в сфере социальных наук в рамках поручения Президента РК К.К.Токаева от 01.06.2022 года на среднесрочную перспективу» отметил ответственный и сложный период на пути построения нового казахстанского общества и акцентировал внимание на возрастающие требования к социально-гуманитарной сфере и ее представителям.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев, выступая на праздновании 75-летия Национальной Академии Наук Республики Казахстан (НАН РК), поставил перед научным сообществом ряд задач, связанных с изменением статуса Национальной академии наук. В этой связи, очевидно, что в ходе реформирования Национальной академии наук перед сферой социальных наук стоят большие задачи.

Ректор Жансеит Туймебаев подчеркнул, что реализация путей решения этих задач, стоящих перед отраслью социально-гуманитарных наук в условиях изменения статуса НАН РК, даст большой импульс развитию отечественной отрасли социально-гуманитарных наук. «Эти изменения, по своей сути, являются прежде всего гуманитарными, речь должна идти о необходимости разработки новой гуманитарной парадигмы, интегрирующей знания и опыт различных дисциплин в осмыслении реалий глобального мира и призванной определять мировоззрение гражданина Нового Казахстана. В свете реформирования НАН РК в сфере социальных наук на ближайшую перспективу, ученые должны проанализировать текущее состояние социо-гуманитарных наук и решить ряд задач», – сказал ректор КазНУ Жансеит Туймебаев.

Участники заседания задали вопросы основным докладчикам, высказали свои предложения по дальнейшему разрешению основных задач по реформированию НАН РК в сфере социальных наук.



# ЕУРОПА МЕН АЗИЯ ЕЛДЕРІ РЕКТОРЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ ӨТУДЕ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Францияның Гренобль-Альпі университетінде Директорлар кеңесінің 8-ші отырысына қатысты.

«Campus in Campus» жобасы – ғылыми-білім беру ресурстарын ұлттық немесе институционалдық кедергілерсіз пайдалану мақсатында серіктес университеттер кампусын ортақ пайдалану бастамасы. Сонымен қатар серіктес университеттер «Campus-in-Campus» (CiC) жобасы аясында студенттер, оқытушылар құрамы мен әкімшілік қызметкерлердің ұтқырлығын арттыруы қажет.

ҚазҰУ 2019 жылдан бастап «Campus-in-Campus» жобасының қатысушысы болып табылады. Цукуба университеті (Жапония) мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы CiC меморандумына қара шаңырақта өткен QS World University Rankings форумы аясында қол қойылған болатын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Еуропа мен Азия университеттерінің кездесуіне қатысуда. Директорлар кеңесінің 8-ші отырысына Цукуба университеті, Бордо университеті, Тайвань ұлттық университеті, Сан-Паулу университеті, Малайзия технологиялық университеті, Ирвандағы Калифорниялық университеті (CiC зерттеу серіктесі), Утрехт университеті (CiC зерттеу серіктесі), Гренобль-Альпі университеті, Огайо мемлекеттік университеті, Бохумның Рур университеті сынды әлемнің жетекші ЖОО-нан делегация келді.

ҚазҰУ делегациясының сапары аясында Гренобль-Альп университеті, Цукуба университетімен қарым-қатынасты кеңейту уағдаластығы жасалып, Бордо университетімен екі жақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.



## ПРОХОДИТ ВСТРЕЧА РЕКТОРОВ СТРАН ЕВРОПЫ И АЗИИ

Делегация КазНУ имени Аль-Фараби во главе с Председателем Правления – Ректором Жансеитом Туймебаевым приняла участие на 8-м Заседании совета директоров на базе Университета Гренобль-Альп в г.Гренобль (Франция).

Проект «Кампус в кампусе» (Campus in Campus) – это инициатива совместного использования кампусов университетов-партнеров с целью использования исследовательских и образовательных ресурсов без каких-либо национальных или институциональных барьеров. Кроме того, в рамках проекта «Campus-in-Campus» (CiC) университеты-партнеры должны повысить мобильность студентов, преподавателей и административного персонала.

С 2019 года КазНУ является участником проекта «Кампус в кампусе». Меморандум CiC между Университетом Цукуба (Япония) и Казахским национальным университетом им. аль-Фараби подписан в рамках Форума QS World University Rankings, который прошел на базе КазНУ.

На 8-м Заседании совета директоров принимают участие ряд ведущих мировых вузов, таких как Университет Цукуба, Университет Бордо, Национальный университет Тайваня, Университет Сан-Паулу, Университет Технологий Малайзии, Калифорнийский университет в Ирвайне (исследовательский партнер CiC), Утрехт кий университет (исследовательский партнер CiC), Университет Гренобль-Альпы, Университет штата Огайо, Рурский университет Бохума.

Важным этапом участия делегации КазНУ стало подписание соглашения о двустороннем сотрудничестве с Университетом Бордо. Также в рамках данного визита были заключены договоренности о расширении коллаборации с Университетом Гренобль-Альп и Университетом Цукуба.




# ҚАЗҰУ-ДА ОТАНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ МҮМКІНДІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан дипломатиясына 30 жыл толуына орай, Алматы қаласындағы ҚР Сыртқы істер министрлігі және дипломатиялық корпус өкілдерімен кездесу өтті.

ҚР дипломатиялық корпусының өкілдері оқу орнының ұжымы алдында сөз сөйлеп, университет басшылығына қонақжайлылығы, қолдауы мен тығыз ынтымақтастығы үшін алғыс білдірді. Олар өз сөздерінде егемен Қазақстанның сыртқы саясаты мен дипломатиясының 30 жылдық қызметінің маңызды тарихи кезеңдерінен мағлұмат берді.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев дипломатиялық корпус өкілдерін кәсіби мерекемен құттықтады. Қазақстан Республикасының Дипломатиялық қызмет күні жыл сайын 2 шілдеде атап өтіледі.

«Қазіргі таңда еліміз халықаралық қатынастар саласында өзіндік бағыт ұстанып, бейбітшілік пен татулықтың жаршысына айналды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы дамудың жаңа сатысына аяқ басты. Еліміздің ішкі саясатында жүргізіліп жатқан күрделі реформалар сыртқы саясат пен дипломатия саласында да әсер ететіні анық. Осы ретте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үлкен міндеттерді іске асыруда», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ кездесу барысында БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі

және Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық бюросының басшысы Властимил Самек, ҚХР-дың Алматыдағы бас консулы Цзян Вей, Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Али Рыза Акынжы сөз сөйлеп, өзара ынтымақтастықтың жарқын болашағы мен дипломатиялық кадр даярлаудағы ҚазҰУ-дың рөлін ерекше атап өтті.




## В КАЗНУ ОБСУДИЛИ ПЕРСПЕКТИВЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ДИПЛОМАТИЙ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла встреча профессорско-преподавательского состава с представителями МИД РК г. Алматы и дипломатического корпуса.

Перед коллективом КазНУ выступили представители дипломатического корпуса РК, которые поблагодарили руководство вуза за теплый прием, поддержку и тесное многолетнее сотрудничество. В своем выступлении они отметили перспективы и важные исторические вехи 30-летней деятельности внешней политики и дипломатии суверенного Казахстана.

В свою очередь Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поздравил представителей дипломатического корпуса с профессиональным праздником – «Днем дипломатической службы Республики Казахстан», который ежегодно отмечается 2 июля.

– Наша страна имеет собственное направление в международных отношениях и стала вестником мира и согласия. Республика Казахстан вступила в новый этап развития и очевидно, что комплекс реформ во внутренней политике страны отразится на внешней политике и дипломатии. В этом направлении КазНУ имени Аль-Фараби выполняет большие задачи по созданию нового Казахстана – справедливого Казахстана, – сказал ректор вуза, отметив достижения КазНУ в мировом рейтинге QS среди 800 лучших вузов мира.

Также во время встречи с приветственной речью выступили: представитель Департамента глобальных коммуникаций ООН и Глава Информационного бюро ООН в Казахстане – Властимил Самек, Генеральный консул КНР в г.Алматы Цзян Вей, Генеральный консул Турецкой Республики в г.Алматы Али Рыза Акынджы и др.



## ҒЫЛЫМДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕСІ САРАЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Ғылым ордасында» өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының жалпы сессия отырысына қатысты.

Жиында ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов, ҒЗИ басшылары, академиктер мен ғалымдар бас қосып, күн тәртібіндегі екі өзекті мәселені талқылады. Атап айтқанда: ҚР ҰҒА президиумының жұмысы туралы және Мемлекет басшысының ұйымға мемлекеттік мәртебе беру туралы бастамасы.

Өз кезегінде ҚР ҰҒА-ның Әлеуметтік ғылым бөлімшесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Ұлттық ғылым академиясының 75 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде академия мәртебесінің өзгеруіне байланысты ауқымды міндеттерді алға қойған болатын. Қара шаңырақтың мәртебесін көтеру Қазақстан ғылымын дамытуға сөзсіз ықпал етеді. Бүгінде отандық ғылым өте қарқынды даму үстінде. Дегенмен Президенттің «Ғылым ордасында» сөйлеген сөзінен кейін ғалымдарымызға қойылатын талап пен жауапкершілік бірнеше есе артады. Сондықтан да біз бірлесіп ғылым саласын жаңа бағытта дамытуымыз қажет», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сессия отырысына қатысушылар Ұлттық ғылым академиясының рөлін арттыру және отандық ғылымды дамыту мәселелері бойынша өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар академияның алдағы жұмыс жоспары мен міндеттерін айқындады.

## РАССМОТРЕНЫ ВОПРОСЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ НАУКИ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в сессии Общего собрания Национальной академии наук Республики Казахстан.

На заседании собрались руководители НИИ, академики и ученые. На повестку дня были выставлены два вопроса. В частности, информация о работе Президиума НАН РК и ход работы по приданию НАН РК государственного статуса на основании выступления Президента страны Касым-Жомарта Токаева.

В ходе собрания Ректор КазНУ, Председатель отделения социальных наук Национальной академии наук Жансеит Туймебаев выступил с докладом на тему «О задачах по реформированию деятельности НАН РК в рамках поручения Президента РК Касым-Жомарта Токаева от 01.06.2022 года на среднесрочную перспективу».

«Сегодня приоритетным для государства является развитие естественных наук, причем основной акцент делается на прорывах в таких областях, как энергетические ресурсы и новые технологии. Поэтому, необходимо найти в среде социально-гуманитарных наук такие направления деятельности, которые действительно могут быть полезны и интересны государству и обществу в целом», – отметил Жансеит Туймебаев.

Далее участники сессии высказали свои мнения, идеи и предложения по таким вопросам как, изменение статуса НАН РК, повышение роли Академии, развитие отечественной науки. Кроме того, академики и ученые обозначили конкретные задачи и определили дальнейшие цели Национальной академии наук Республики Казахстан.







# ИНДОНЕЗИЯЛЫҚТАРМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖАЛҒАСАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Жокьякарт мемлекеттік университетінен академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор М. Хам. Маргана бастаған өкілдік делегация келді.

Индонезиялық меймандар қатарында аталған жоғары оқу орнының жоспарлау және ынтымақтастық жөніндегі проректоры, доктор Сисвандойо, Әлемдік деңгейдегі университет кафедрасының меңгерушісі Мухаммад Брури Трийо, ғалымдар Нуник Сугести, Исти Юнита және академиялық мәселелер жөніндегі топ жетекшісі Амрих Бакти Утама сынды білікті мамандар бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қонақтарды университет жұмысымен таныстырып, ҚазҰУ жетістіктері мен алдағы мақсаттарға тоқталды.

Профессор М. Хам. Маргана өз кезегінде университет басшылығына жылы қабылдағаны үшін алғыс айтып, Жокьякарт мемлекеттік университеті ректорының сәлемін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

# ОБМЕН ОПЫТОМ С ИНДОНЕЗИЙЦАМИ ПРОДОЛЖИТСЯ

В Казахский национальный университет имени Аль-Фараби прибыла представительская делегация из Джокьякартского государственного университета во главе с проректором по академическим вопросам профессором М. Хам. Маргана.

В состав Индонезийской делегации вошли проректор университета по вопросам планирования и сотрудничества – профессор доктор Сисвандойо, заведующий кафедрой университета мирового класса – профессор Мухаммад Брури Трийо, PhD Нуник Сугести, PhD Исти Юнита, руководитель группы по академическим вопросам Амрих Бакти Утама.

Приветствуя гостей Председатель Правления-Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев выразил благодарность индонезийским коллегам за визит и рассказал о работе и достижениях университета.

Проректор Джокьякартского государственного университета профессор М. Хам. Маргана в свою очередь поблагодарил руководство университета за теплый прием. От имени ректора Джокьякартского университета передал самое радушное приветствие. Он отметил, что ему приятно присутствовать на этой встрече и считает огромной честью находиться в стенах КазНУ, который является самым лучшим университетом в средней Азии и Казахстане. Далее глава делегации познакомил со своими коллегами и рассказал о деятельности своего вуза, поделился о дальнейших планах развития.

В конце встречи состоялась церемония подписания меморандума о взаимопонимании.







## ҚАЗҰУ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиында оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің 2021-2022 оқу жылындағы индикативтік жоспары және рейтинг қорытындысы қаралды.

Күн тәртібіндегі басты тақырыпқа орай, Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажева баяндама жасады.

«ҚазҰУ жуырда QS рейтингінде 25 сатыға көтеріліп, әлемнің үздік жоғары оқу орындарының 150 тобына кірді. Бұл жаңа мәртебе жоғары оқу орнының басшылығы мен ұжымы үшін үлкен жауапкершілік. Оған қоса, тынымсыз еңбек пен нәтижелі жұмысты талап етеді. Өткен оқу жылының индикативтік жоспар қорытындысы бойынша оқытушы-профессорлар құрамы жақсы нәтиже көрсетті. Бұл өз кезегінде QS рейтингінің жалпы көрсеткіштеріне әсер етті», – деді орталық директоры.

Сонымен қатар мәжілісте IT-инфрақұрылымды дамыту департаменті директорының орынбасары Ғалымжан Сариев хабарлама жасады. Ол университеттің IT-инфрақұрылымын жаңа оқу жылына дайындау туралы мәлімет беріп, халықаралық сапа стандарттарына сәйкес болу үшін жүзеге асырылатын алдағы жоспарлар туралы айтты.

Сондай-ақ жиын соңында Түркология және алтайтану ғылыми-зерттеу институтын құру, Археология және дала өркениеті ғылыми-зерттеу институтының атауын Археология және антропология ҒЗИ-ына өзгерту және университет ғалымдарына ғылыми атақтар беру жөніндегі ұсыныстар мен өзге де өзекті мәселелер қаралды.




# КАЗНУ НАРАЩИВАЕТ ПОТЕНЦИАЛ НАУКИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел очередной Ученый совет, где были рассмотрены итоги индикативного плана и рейтингов профессорско-преподавательского состава кафедр и факультетов за 2021-2022 учебный год.

С презентацией выступила директор Центра по стратегическому развитию Гульшарат Минажева. КазНУ недавно поднялся на 25 строчек вверх в рейтинге WORLD QS и вошел в топ-150 лучших вузов мира. Данный новый статус большая ответственность как для руководителя, так и всего коллектива вуза, и требует много труда и результативной работы. По итогам индикативного плана прошедшего учебного года профессорско-преподавательский состав показал хорошие результаты, которые также отразились на общих показателях в рейтинге QS.

Также на ученом совете выступил с докладом заместитель директора департамента по развитию IT-инфраструктуры Галымжан Сариев, который поведал о подготовке ИТ-инфраструктуры университета к новому учебному году и рассказал о дальнейших планах, которые необходимо выполнить, чтобы соответствовать международным стандартам качества.

В завершение были рассмотрены вопросы о создании НИИ Тюркологии и алтаистики, переименовании НИИ Археологии и степной цивилизации (в НИИ Археологии и антропологии) и рекомендации ученых университета к присвоению ученых званий.



## ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ ЖАҢА БАҒЫТТА ДАМИДЫ

Бүгін «Ғылым ордасында» Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының кезекті отырысы өтті.

Басқосуда Саясат Нұрбек сөз сөйлеп, министрлік пен ғалымдар бірлесіп жұмыс жасау қажет екенін атап өтті. Өз сөзінде министр ғалымдардың кез келген ұсыныс-пікірін тыңдауға әзір екенін жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 маусым күні Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында Ғылым академиясының қызметін түбегейлі жаңарту, оны ғылыми ой-пікірдің орталығына айналдыру қажеттігін, академияны беделді құрылым ретінде қайта құрып, ғылыми ұйымға мемлекеттік мәртебе беру керектігін мәлімдеді.

Өз кезегінде ҚР ҰҒА-ның Әлеуметтік ғылым бөлімшесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

«Мемлекет тарапынан ғылымға деген көзқарас жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, келесі жылы ғылым саласына бөлінетін қаржы төрт есеге көбейгелі отыр. Бұл үлкен қолдау. Біз осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ғылым саласын жаңа бағытта жетілдіруіміз қажет. Сондай-ақ ғылымдағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсынуымыз керек. Ғылымды дамытуда билік пен халық ғалымдарға сенеді», – деді университет ректоры.

# ОТЕЧЕСТВЕННАЯ НАУКА БУДЕТ РАЗВИВАТЬСЯ В НОВОМ НАПРАВЛЕНИИ

Сегодня в «Ғылым ордасы» состоялось расширенное заседание Президиума Национальной академии наук Республики Казахстан.

Выступая с приветственным словом, министр науки и высшего образования Саясат Нурбек выразил готовность выслушать любые предложения и рекомендации ученых. Также министр призвал ученых к совместной плодотворной работе.

«Президент Касым-Жомарт Токаев 1 июня 2022 года на юбилейной сессии Национальной академии наук Республики Казахстан заявил о необходимости кардинально обновить деятельность Академии науки, сделать ее центром научной мысли и авторитетной структурой и присвоить научной организации государственный статус.

Наша основная цель – развитие науки. Я готов выслушать любые ваши предложения и рекомендации. Кроме того, необходимо систематизировать работу научно-исследовательских институтов. В этой связи, вузы и НИИ должны работать совместно», – сказал министр.

В свою очередь, Ректор КазНУ имени Аль-Фараби, Председатель отделения социальных наук Национальной академии наук Жансеит Туймебаев призвал ученых объединиться и активно работать во благо развития отечественной науки.

«Сегодня государство оказывает большую поддержку науке и его представителям. К примеру, в следующем году финансирование научной сферы увеличится в 4 раза. Мы должны воспользоваться данной возможностью и работать совместно в этом направлении. Мы должны предложить пути решения актуальных проблем научной сферы. Руководство страны и народ верят в нас и ждет наших конкретных действий», – сказал ректор университета.






# ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы келді. Министр білім ордасында атқарылған жұмыстармен және алдағы даму жоспарымен танысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев министрге ағымдағы оқу жылы жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарынан мағлұмат берді. Сонымен қатар оқу орнының Стратегиялық даму жоспарында айқындалған міндеттерге тоқталды.

Жұмыс сапары кезінде министр оқу ғимараттарында болып, жаңарған оқу аудиториялары мен зертханалардың жай-күйімен танысты.

Бұдан кейін министр Әл-Фараби кітапханасында ұйымдастырылған ҚазҰУ-дың ғылыми жетістіктері көрмесін тамашалады.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев министрге ҚазҰУ құрылысының II кезеңі жайлы баяндап, жатақхана, оқу корпустары мен қызметтік тұрғын үйлер жобасын көрсетті.

Соңында министр оқытушы-профессорлар құрамымен ғылымды дамыту мәселелерін талқылады.



# МИНИСТР НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК ПОСЕТИЛ КАЗНУ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби с рабочим визитом посетил министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек. Высокий гость ознакомился с научно-образовательной деятельностью и перспективами развития ведущего вуза страны.

Председатель Правления-Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев рассказал министру о проведенных ремонтно-строительных работах текущего года, а также о предстоящих планах обозначенных в стратегическом плане развития вуза.

В процессе знакомства министр осмотрел учебные корпуса, обновленные современные лаборатории и учебные аудитории.

Посетив выставку в библиотеке Аль-Фараби, Саясат Нурбек ознакомился с результатами научно-инновационных проектов молодых ученых КазНУ, а также был проинформирован об образовательных программах университета.

В ходе встречи ректор университета Жансеит Туймебаев доложил министру о плане реализации второго этапа строительства университетского городка КазНУ по возведению учебных зданий, служебного жилья и студенческих общежитий.




# МҰХТАР ТІЛЕУБЕРДІ ҚАЗҰУ-ДА ҚР СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯСЫ ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Дипломатиялық қызмет күні мерекесі аясында «Жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан дипломатиясы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Жиында сөз алған Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді шараға қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Қазақстан 30 жыл ішінде экономикасы тұрақты, халықаралық аренада беделі жоғары мемлекетке айналғанын айтты.

«Қазақ дипломатиясының берік іргетасын Керей мен Жәнібек хандар қалады. Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан халықаралық аренада өзінің дербес сыртқы саяси бағыты мен ұстанымын қалыптастыра бастағаны баршаға мәлім. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан өзге елдермен тұрақты қарым-қатынас орната бастады. Отыз жыл ішінде біздің еліміз өзін бейбітшілік пен келісімнің жақтаушысы ретінде көрсете білді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ шара аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Премьер-министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді мен жоғары оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және дипломатиясы» орталығы ашылды.




## МУХТАР ТЛЕУБЕРДИ ОТКРЫЛ ЦЕНТР ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ И ДИПЛОМАТИИ РК В КАЗНУ

В рамках празднования Дня дипломатической службы Республики Казахстан в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялся круглый стол на тему «Казахстанская дипломатия в новых геополитических реалиях».

Министр иностранных дел Мухтар Тлеуберди поздравил всех дипломатов с профессиональным праздником.

Поздравляя участников круглого стола с 30-летием дипломатической службы Независимого Казахстана ректор КазНУ Жансеит Туймебаев подчеркнул, что за короткий по историческим меркам период Казахстан смог занять достойное место в системе международных отношений.

«Прочный фундамент казахской дипломатии был заложен ханами Кереем и Жанибеком. Как всем известно, в начале девяностых Казахстан начал формировать свой самостоятельный внешнеполитический курс и позиционирование на международной арене. С момента обретения независимости Казахстан начал поступательно и устойчиво выстраивать добрые отношения с другими странами. За 30 лет наша страна зарекомендовала себя как сторонник мира и согласия. При этом сумела сформировать свой уникальный стиль в сфере внешней политики и дипломатии. Сегодня Казахстан в новых политических условиях начинает новый исторический шаг в системе международных отношений», – сказал руководитель вуза.

Кроме того, Заместитель Премьер-Министра - Министр иностранных дел РК Мухтар Тлеуберди и Председатель Правления - Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев в торжественной обстановке открыли Центр внешней политики и дипломатии Республики Казахстан.




## ҮЗДІК ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде түлектерге диплом табыстау рәсімі өтті. Салтанатты жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты.

Білім ордасын биыл 8058 түлек бітірді. Оның ішінде 6180-і бакалавр, ал олардың арасынан 1186 түлек үздік диплом иегері атанды. Сондай-ақ 1462 жас биыл магистр дәрежесін алса, 376 ізденуші докторантураны, 40 маман интернатураны тамамдап, ғылыми дәрежеге ие болды.

Университет басшысы бітіруші түлектер арасында үздік студенттердің көп екенін ерекше атап өтті. Олардың бір бөлігі қос диплом бағдарламасымен білім алса, бірқатары ТМД-ның үздік студенттері атанды. Бірқатары халықаралық, республикалық олимпиадалардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздары. Қазақстан Гиннесс рекордтар кітабына енген және ҚР «Шапағат» медалінің иегері, 100 үздік жас ғалым жобасының жеңімпаздары да бар.

# ВЫПУСКНИКАМ ВРУЧИЛИ ДИПЛОМЫ КАЗНУ

Лучшие выпускники КазНУ имени Аль-Фараби получили свои красные дипломы из рук Председателя Правления-Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева.

На торжественном мероприятии ректор КазНУ вручая 82 выпускникам, окончившим обучение на отлично отметил, что диплом КазНУ всегда пользуется высоким спросом на рынке труда.

Так, в этом году вуз окончили 8058 выпускников. Из них 6180 бакалавров, 1186 выпускников стали обладателями дипломов с отличием. Также 1462 молодежи получили степень магистра, 376 соискателей степень докторанта, 40 специалистов окончили интернатуру.











# ҚАЗҰУ МЕН ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Ядролық физика институты» РМК өкілдерімен кездесті. Жүздесуде тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті меймандарға бірқатар нақты ұсынысын білдірді.

«Жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдаймыз. Біз ортақ ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттары бойынша бірлескен ғылыми іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға дайынбыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім ордасындағы оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру үшін қажетті курстарды өткізуге дайын», - деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев Жансейіт Қансейітұлы ұсынған бастамаларды қолдап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ядролық физика институты арасында консорциум құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы бастама арқылы бакалавриат, магистратура және докторантурада білікті маман даярлауда бірлескен білім беру бағдарламалары іске асырылатын болады.

# УКРЕПИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗНУ И ИНСТИТУТА ЯДЕРНОЙ ФИЗИКИ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с представителями РГП на ПХВ «Институт ядерной физики» Министерства энергетики Республики Казахстан. В ходе встречи стороны обсудили перспективы развития взаимного сотрудничества.

Приветствуя гостей руководитель вуза Жансеит Туймебаев обозначил конкретные предложения по плодотворному партнёрству КазНУ имени Аль-Фараби и Института ядерной физики.

«Мы предлагаем вам рассмотреть возможность участия в реализации образовательных программ специализированной подготовки обучающихся высшего образования. Мы готовы организовывать и осуществлять совместные научные фундаментальные и прикладные исследования по приоритетным направлениям развития науки и техники по общим для обеих сторон профилям. По востребованным сторонами направлениям КазНУ имени Аль-Фараби готов к рассмотрению организации и проведения курсов повышения квалификации для профессорско- преподавательского состава и специалистов», - сказал ректор университета.

В свою очередь поддерживая инициативы Жансеита Туймебаева, Генеральный директор РГП на ПХВ «Институт ядерной физики» Саябек Сахиев рассказал о сегодняшней деятельности ИЯФ.

По итогам встречи, для обеспечения практического эффективного взаимовыгодного сотрудничества, достигнута договоренность о создании Консорциума между НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» и РГП на ПХВ «Институт ядерной физики», в рамках которого будут совместно реализовываться образовательные программы специализированной подготовки обучающихся высшего образования по всем ступеням подготовки кадров (бакалавриат, магистратура, докторантура и пост-докторантура).





# ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ ОҚУ ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде биылғы оқу жылына қатысты қос мәселе күн тәртібіне шықты.

Жиын барысында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев гуманитарлық сала докторанттарының шетелдік жоғары рейтингілі ғылыми журналдарда мақала жариялауына байланысты қиындықтарды қозғады. «Докторанттарға қалай көмектесуге болатынын ойластырып, осы мәселенің шешімін табу қажет. Келесі жаңа оқу жылында бұл қиындықтар қайталанбауы тиіс. Ол үшін барлық тәуекелдерді ескеріп, жас ғалымдармен жоспарлы түрде белсенді жұмыс істеу керек», – деді ректор.

Сондай-ақ отырыста университеттің негізгі көрсеткіштерін жетілдіру туралы Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажеваның баяндамасы тыңдалып, жаңа оқу жылының білім беру бағдарламаларына қатысты басқа да мәселелер талқыланды.



# ИТОГИ РАБОТЫ УЧЕБНОГО ГОДА ПОДВЕЛИ НА УЧЕНОМ СОВЕТЕ

На очередном ученом совете КазНУ имени Аль-Фараби были обсуждены итоги работы диссертационных советов и защищаемости докторантов, и анализ состояния качества и эффективности летней экзаменационной сессии.

На заседании ректор вуза Жансеит Туймебаев затронул вопросы материальных затрат докторантов гуманитарных сфер, которые встречаются со сложностями разного характера во время публикации статей в зарубежных научных журналах. – Нужно подумать, как помочь докторантам и разрешить данный вопрос. В следующем новом учебном году мы не должны повторять ошибки и для этого нужно учесть все риски, запланировать и активно работать, – подчеркнул руководитель вуза Ж. Туймебаев.

С презентацией о совершенствовании основных показателей университета выступила директор Центра стратегического развития Гульшарат Минажева. Также по повестке дня были рассмотрены вопросы образовательных программ нового учебного года, организационные вопросы и мн.др.




## ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!**

Сіздері Құрбан Айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл қасиетті мереке адамзатты бірлік пен ынтымаққа, ізгілік пен қайырымдылыққа үндейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған құттықтауында: "Құрбан айт мейрамы елімізде рухани құндылықтарды берік орнықтырып, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтау жолында ерекше рөл атқарады. Бұл мереке Қазақстанда тұратын түрлі этнос және конфессия өкілдерінің өзара сыйластығы мен құрметін арттырып, достығын нығайта түседі", — деп атап өтті.

Ежелден иман мен дәстүрді ұйыстырып, ұлттық құндылықтарды ерекше дәріптеген халқымыздың ізгі амалдары қабыл болсын. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

**Құрметпен,**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



## КОРЕЯЛЫҚ ИНСТИТУТ ҚАЗҰУ-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА НИЕТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Кореяның Еуразия ғылымдары және түркология институтының директоры О Ын Ген ханымды қабылдады.

Жүздесуде екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, алдағы уақытта атқарылатын ортақ жобалар талқыланды.

Профессор О Ын Ген Қазақстан Республикасының Кореядағы елшілігі арқылы арнайы келгенін жеткізіп, жетекші білім ордасымен терең ықпалдастық орнату ниетін жеткізді. Түркітанушы ғалым бүгінгі таңда Қазақстанды зерттеп жүргенін тілге тиек етті.

Өз кезегінде оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев түркітануды тереңдету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Осы мақсатта ҚазҰУ-да Түркітану және тіл теориясы кафедрасы жұмыс істейтінін айтып, түркітану саласындағы зерттеулерді бірлесіп алға жылжытуды қолдайтынын білдірді.

# КОРЕЙСКИЙ ИНСТИТУТ НАМЕРЕН УКРЕПИТЬ СОТРУДНИЧЕСТВО С КАЗНУ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль – Фараби Жансеит Туймебаев принял директора Корейского Института евразийских наук и тюркологии О Ын Ген.

В ходе встречи стороны подписали меморандум о двустороннем сотрудничестве и обсудили совместные проекты, которые будут реализованы в дальнейшем.

Выразив благодарность руководству КазНУ за гостеприимство, профессор О Ын Ген выразила намерение установить глубокое взаимодействие с ведущим вузом страны. Кроме того, ученый-тюрколог отметила, что на сегодняшний день активно занимается изучением Казахстана.

В свою очередь руководитель высшего учебного заведения Жансеит Туймебаев рассказал почетному гостю о достижениях университета.

Далее ректор остановился на проводимой в университете работе по углублению тюркологии. В этой связи, Жансеит Туймебаев отметил, что в КазНУ действует кафедра тюркологии и теории языка, а также выразил готовность проводить совместные исследования в области тюркологии.

В завершении встречи стороны договорились провести переговоры для дальнейшего развития проекта «Тюркский мир».





# ҚАЗҰУ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨШБАСШЫ УНИВЕРСИТЕТІ МӘРТЕБЕСІН НЫҒАЙТТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақстан Республикасының сұранысқа ие жоғары оқу орындары – 2022» ұлттық рейтингінде үлкен айырмашылықпен алға шығып, кезекті рет үздік университет атанды.

Еліміздің жетекші университеті Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (IAAR) жариялаған нәтиже бойынша қазақстандық білім ордалары арасында ең жоғары балл жинап, «Қазақстанның көшбасшы университеті» мәртебесін нығайтты.

ҚазҰУ әлемдік Q1-Q2 журналдарында индекстелетін ғылыми жарияланымдар саны мен ЖОО ғалымдарының дәйексөздер индексін ұлғайта отырып, осы рейтингте серпіліс жасады. Бұл ҚазҰУ ғалымдары жүзеге асырған ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сұранысқа ие екенін айқын көрсетеді.

Білім, ғылым және инновацияларды үйлестіретін классикалық көпсалалы университет бола отырып, ҚазҰУ еліміздегі ғылыми жобалар мен жарияланымдар саны бойынша көшбасшы болып саналады. Рейтингтік басылымдардағы әрбір бесінші қазақстандық жарияланым университетке тиесілі. Бес ғылыми журнал халықаралық мәліметтер базасына кіреді. ҚазҰУ ғалымдарының Хирш жиынтық индексі 3100-ден асады.




## КАЗНУ УКРЕПИЛ СТАТУС УНИВЕРСИТЕТА-ЛИДЕРА КАЗАХСТАНА

По итогам Национального рейтинга востребованных вузов РК-2022 КазНУ имени Аль-Фараби признан первым и лучшим университетом, опередившим по количеству баллов другие национальные вузы страны.

Ведущий университет страны подтвердил статус лучшего вуза Казахстана, набрав наибольшее количество баллов по основным критериям Национального рейтинга востребованных вузов РК, который проводится Независимым Агентством аккредитации и рейтинга (IAAR), аккредитованным Observatory on Academic Ranking and Excellence (IREG) с 2014 года.

КазНУ совершил прорыв в данном рейтинге, увеличив количество научных публикаций в мировых индексируемых журналах Q1-Q2, а также индексируемость ученых нашего вуза, что свидетельствует о востребованности результатов научных работ и эффективности научных исследований.

Являясь классическим многопрофильным университетом, сочетающим образование, науку и инновации, КазНУ по праву считается лидером по количеству научных проектов и публикации в нашей стране. Каждая пятая казахстанская публикация в рейтинговых изданиях принадлежит университету. Пять научных журналов входят в международные базы данных. Суммарный индекс Хирша наших ученых составляет более 3100.



## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ҒА ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне зерттеу университеті мәртебесі берілді.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – әлемдегі ең үздік 150 университет қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны.

Бір жыл ішінде білім ордасы QS WUR жаһандық рейтингі бойынша Топ-200 ішінде 25 позицияға жоғарылап, 175-орыннан 150-орынға көтерілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алдағы даму бағыты – әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде алға жылжу.



## КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ПРИСВОЕН СТАТУС ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

Постановлением Правительства Республики Казахстан КазНУ имени Аль-Фараби присвоен статус исследовательского университета.

Сегодня КазНУ имени Аль-Фараби является единственным вузом в Казахстане и Центральной Азии, который вошел в топ-150 лучших университетов мира.

За один год университет продвинулся на 25 позиций вверх внутри Топ-200 глобального рейтинга QS WUR, поднявшись со 175 позиции на 150 место.

Дальнейшее развитие КазНУ имени Аль-Фараби – трансформация в исследовательский университет мирового уровня и продвижение в международное образовательно-научное пространство.




## ҚАЗҰУ – КЕМБРИДЖ УНИВЕРСИТЕТІ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Кембридж университеті ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруда.

Осы орайда, Кембридж университеті жанындағы Кавендиш зертханасының аға ғылыми қызметкері, доктор Сиддхарт С. Саксен және ҚазҰУ түлегі, Кембридж университетінде докторлық диссертация қорғаған ғалым Шоқан Лаумулин Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға арнайы келді.

Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниет білдіріп, білім беру қызметіндегі серіктестіктің басым бағыттарын талқылады. Сонымен қатар жүздесуде бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, университеттер арасында ғылыми

зертханалар желісін ұйымдастыру туралы бастама қарастырылды. Олар тек іргелі зерттеулер жүргізіп қана қоймай, Қазақстан өнеркәсібін де белгілі бір қызметтермен қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Бүгінгі таңда 30 қызметкер-зерттеуші Нобель сыйлығын алған Кавендиш зертханасы студенттер академиялық білім алып, атақты ғалымдар мен профессорлармен қатар қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізе алатын алғашқы оқу-ғылыми зертханасы болып табылады.

Айта кетсек, Кембридж университеті – әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының бірі. Бұл беделді білім ордасында 130 Нобель сыйлығының лауреаты жұмыс істеген. QS халықаралық рейтингінде ол әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының бестігіне кіреді.

## КАЗНУ И КЕМБРИДЖСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ: НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

КазНУ имени Аль-Фараби и представители Кембриджского университета планируют развивать сотрудничество в области науки и образования.

С официальным визитом ведущий университет страны посетили старший научный сотрудник Кавендишской лаборатории при Кембриджском университете доктор Сиддхарт С. Саксена и выпускник КазНУ, защитивший докторскую диссертацию в Кембриджском университете Чокан Лаумулин.

Кавендишская лаборатория, в которой на сегодняшний день 30 исследователей – сотрудников получили Нобелевские премии, является первой в мире учебно-научной лабораторией, где студенты могут получать академические знания и проводить прикладные научные исследования наряду с именитыми учеными и профессорами.

Во время встречи стороны выразили заинтересованность в дальнейшем двухстороннем сотрудничестве, обсудили приоритетные направления партнерства в образовательной деятельности и реализации совместных научных исследований.

Также были обсуждены вопросы организации сети научных лабораторий между университетами, которые будут проводить не только фундаментальные исследования, но и обеспечивать определенными услугами промышленность Казахстана.

Кембриджский университет является одним лучших вузов мира. В его стенах работали 130 нобелевских лауреатов. В международном рейтинге QS он входит в пятерку лучших вузов мира.



## СҰЛТАНҒАЛИ САДЫРБАЕВ ТУРАЛЫ КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

Бүгін профессор, филология ғылымының докторы, Ыбырай Алтынсарин және Жамбыл Жабаев атындағы халықаралық сыйлықтарының лауреаты Сұлтанғали Садырбаевтың 90 жылдығы аталып өтті.

Жиында жоғары оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, профессордың өмір жолына кеңінен тоқталды. «Сұлтанғали Садырбаев ғұмырын қазақ халқының ауыз әдебиеті мен фольклор жанрын зерттеуге арнады. Нәтижесінде «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Жамбыл және фольклор», «Фольклор және эстетика», тағы да басқа оқулықтар мен монографиялар жазды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және журналистика факультетінің студенттеріне 48 жыл дәріс оқыды. Бүгінде филология факультетінің бір дәрісханасы Сұлтанғали Садырбаевтың атында. Биыл аудитория күрделі жөндеуден өтіп, жаңа құрылғылармен толықты», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ басқосуда белгілі қоғам қайраткерлері мен профессорлар, Сұлтанғали Садырбаевтың шәкірттері сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Шара барысында университеттің бастамасымен «Ғибратты ғұмыр» сериясы аясында басылып шыққан «Сұлтанғали Садырбаев» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітапта профессордың өмірбаяны мен зерттеулері, қанатты сөздері, мұрағат құжаттары, толғаныстар мен естеліктері қамтылған.




## ИЗДАНА КНИГА В ПАМЯТЬ О СУЛТАНГАЛИ САДЫРБАЕВЕ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби отметили 90-летие профессора, доктора филологических наук, лауреата премии им. И. Алтынсарина и Ж. Жабаева Султангали Садырбаева.

В ходе собрания руководитель вуза Жансеит Туймебаев отметил, что Султангали Садырбаев внес огромный вклад в исследование исторических основ народного поэтического творчества.

«Султангали Садырбаев всю свою жизнь посвятил изучению устного народного творчества и фольклора казахского народа. В результате написал учебники и монографии «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Жамбыл және фольклор», «Фольклор және эстетика» и другие. В течение 48 лет преподавал студентам факультета филологии и журналистики Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Сегодня аудитория филологического факультета носит имя Султангали Садырбаева. В текущем году данная аудитория была капитально отремонтирована и пополнилась новым оборудованием», - сказал Жансеит Туймебаев.

Также на встрече выступили известные общественные деятели, академики, ученики Султангали Садырбаева, которые поделились своими воспоминаниями.

В ходе мероприятия состоялась презентация книги «Султангали Садырбаев», изданной в КазНУ в серии «Ғибратты ғұмыр». В книгу включены биографические сведения о деятельности профессора, исследования С.Садырбаева, воспоминания о нём близких родственников, друзей, учеников, коллег, материалы из архивов.



## ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңес отырысында ЖОО-ны зерттеу университетіне трансформациялау бағдарламасы талқыланып, жүзеге асыру бойынша нақты шаралар ұсынылды.

Отырысты ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ұжым алдында тұрған стратегиялық міндеттерге тоқталды. «Жаңа оқу жылына дайындық қызу жүріп жатыр. Негізгі міндеттерді шешуге және ұзақ мерзімді мақсаттарды жаңартуға басты назар аудару қажет. Бүгінгі басқосудың тақырыбы осы болмақ», – деді ЖОО басшысы.

Жиынға қатысушылар баяндамаларды белсене талқылап, білім ордасының 2022/23 оқу жылына арналған зерттеу университетіне трансформациялау бағдарламасын іске асыру бойынша ұсыныстарын енгізді.



# НОВЫЕ ЦЕЛИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

На очередном заседании Ученого совета обсудили Программу трансформации КазНУ имени Аль-Фараби в исследовательский университет на 2022 – 2023 учебный год, предложив конкретные меры по ее реализации.

Открывая заседание, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев подчеркнул важность стоящих перед коллективом стратегических задач по реализации программы трансформации в исследовательский университет. «Полным ходом идет подготовка к новому учебному году. Необходимо сосредоточиться на решении первостепенных задач и актуализировать перспективные цели. Этому будет посвящено сегодняшнее заседание», – отметил руководитель вуза.

Участники Ученого совета активно поучаствовали в обсуждении докладов и внесли ценные предложения по реализации Программы трансформации КазНУ имени Аль-Фараби в исследовательский университет на 2022-2023 учебный год.



# ҚАЗҰУ ZTE CORPORATION КОМПАНИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚХР-дағы ұялы телефондар мен телекоммуникациялық жабдықтарды өндіруші ZTE компаниясының өкілдерімен кездесті.

Жүздесуде қос тарап цифрлық трансформация саласында ынтымақтастық орнату және инновациялық технологияларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

ҚазҰУ басшысы меймандарға әлемге әйгілі компаниялармен бірлесіп жұмыс істеудегі университет тәжірибесімен бөлісті.

«Университетте Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Лаборатория Касперского», Huawei және өзге де жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, зертханалары, институттары табысты жұмыс істеуде. Аталған жетекші компаниялармен бірлесіп оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Университет базасында Samsung зертханасы ашылды. Сонымен қатар жоғары оқу орнының ғалымдары әзірлеген инновациялық жобаларымыз бар. Оқытушылар мен студенттер Smart технология, робототехника, жасанды интеллект және оқу-зертханалық стендтері бойынша жобаларды әзірлеп, іске қосты», – деді университет басшысы.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобаларды іске асыруға мүдделі екенін және цифрлық трансформация саласындағы жемісті ынтымақтастыққа бағытталған барлық бастамаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

# КАЗНУ УСТАНОВИЛ СОТРУДНИЧЕСТВО С ZTE CORPORATION

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с делегацией компании ZTE Corporation во главе с Генеральным директором по развитию бизнеса ZTE в странах СНГ Вэй Вэй.

Стороны обсудили дальнейшее сотрудничествов области цифровой трансформации и выразили стремление проработать направления по вопросам внедрения и развития инновационных технологий.

Приветствуя почетных гостей в стенах высшего учебного заведения руководитель университета Жансеит Туймебаев рассказал о плодотворном сотрудничестве КазНУ с известными мировыми компаниями.

«В университете успешно функционируют сертификационные центры, институты, академии высоко технологичных компаний таких как: «Samsung», «Hewlett-Packard», «Cisco», «KonicaMinolta», «Fujitsu», «Alcatel», Microsoft, «Лаборатория Касперского», «Huawei» и др. В этой связи, с данными ведущими компаниями были проведены ряд мероприятий, которые положительно воздействовали развитию образования и повышения квалификаций ППС. К примеру, с 2015 года по заказу Samsung Electronics по настоящее время были разработаны и внедрены курсы преподавателями КазНУ такие как: разработка мобильных приложений, технологий интернет вещей (IoT), машинное обучение. Кроме того, нашими сотрудниками и студентами разработаны и запущены проекты по Smart технологиям, робототехнике, искусственному интеллекту и учебным лабораторным стендам», - сказал ректор университета.

В заключении своей речи Жансеит Туймебаев отметил, что заинтересован в реализации различных образовательных программ и научно-инновационных проектов, а также готов поддержать все инициативы, направленные на плодотворное сотрудничество в области цифровой трансформации.








# ҚАЗҰУ ҚОҒАМНЫҢ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қызметіне арналған дөңгелек үстел өтті. Жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, депутаттық корпус, ЖОО, қоғамдық кеңес өкілдері, кәсіпкерлер, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының мүшелері қатысты.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев қордың мақсаты мен міндеттері туралы айта келе, қор жобалары мен бағдарламаларын таныстырды.

Жиын барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев жоғары оқу орындары да қоғамның түйінді мәселелерін шешуге қатысатынын жеткізді.

«Бүгінгі дөңгелек үстел өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететініне сенімдімін. Біз де шет қалмаймыз. Еліміздің жетекші университеті ретінде өз ұсыныстарымызды білдіреміз», – деді университет ректоры.



# КАЗНУ НЕ ОСТАНЕТСЯ В СТОРОНЕ ОТ РЕШЕНИЯ КЛЮЧЕВЫХ ПРОБЛЕМ ОБЩЕСТВА

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялся круглый стол, посвященный деятельности общественного фонда «Қазақстан халқына». В собрании приняли участие заместитель акима города Алматы Арман Кырыкбаев, Председатель Правления ОФ «Қазақстан халқына» Болат Жамишев, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, представители депутатского корпуса, вузов, общественных советов, предприниматели, члены неправительственных и молодежных организаций.

Председатель Правления Общественного фонда «Қазақстан халқына» Болат Жамишев рассказал о целях и задачах ОФ «Қазақстан халқына» а также представил вниманию участников круглого стола проекты и программы фонда.

В ходе собрания Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил, что высшие учебные заведения тоже будут участвовать в решении актуальных проблем общества.

«Я уверен, что сегодняшний круглый стол будет способствовать решению насущных проблем. Мы тоже не останемся в стороне. Как ведущий университет страны мы озвучим и предложим свои рекомендаций», – сказал ректор университета.



# ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Қонаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

Мінбеге шығып сөз алған қоғам өкілдері қайраткер тұлғаның ел алдындағы еңбегі мен өнегелі істерін тебірене еске алды. Гүл шоқтарын қою рәсімінен кейін жиналғандар Дінмұхамед Ахметұлы 1969-93 жылдар аралығында тұрған мемориалдық пәтер-мұражайына барды. Бұл үйде Дінмұхамед Ахметұлының жеке кітапханасы, пайдаланған тұрмыстық заттары, мемлекет қайраткерлері жасаған сыйлықтар сақталған. Сонымен қатар мұражайда Дінмұхамед Қонаевтың өзі жазған кітаптары мен ол туралы жарық көрген еңбектер қойылған.



## ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ ДИНМУХАМЕДА КУНАЕВА

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в церемонии возложения цветов к памятнику видного общественного и государственного деятеля, трижды Героя Социалистического Труда Динмухамеда Кунаева.

Собравшиеся с особым трепетом вспоминали труды и заслуги человека, внесшего огромный вклад в становление и развитие Казахстана. Далее общественность посетила мемориальный дом-музей Динмухамеда Кунаева, в которой он прожил 24 года, в период с 1969 по 1993 годы. В квартире представлены домашняя библиотека Д.Кунаева в 7000 книг, личные вещи и подарки государственных деятелей.



## ҚАЗҰУ-ДА КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан Республикасының Конституциясы: тарихы және жаңа саяси болмысы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жиында Қайрат Мәми сөз сөйлеп, жиналғандарды Конституция күнімен құттықтады. Сонымен қатар өз сөзінде ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы бүгінгі конференцияның маңызына тоқталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ата Заңның мемлекеттік құрылым мен саяси басқарудағы маңызды рөліне тоқталды.

«Ағымдағы жылдың 5 маусым күні Қазақстан Республикасы Конституциясына бүкілхалықтық референдум арқылы мемлекетіміздің саяси дамуының түбегейлі жаңа векторын айқындап берген іргелі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл ретте 1995 жылғы Конституцияның негізіне алынған демократиялық және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар сабақтастығы қағидаттарының сақталғанын айта кету қажет», – деп атап өтті университет ректоры.

Конференция соңында Жансейіт Түймебаев Өзбекстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Мырза-Ұлықбек Әбдусаломовқа, Қырғыз Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Эмиль Осконбаевқа, Тәжікстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Абдулхафиз Ашурзодаға «Әл-Фараби» алтын медалін табыстады.

# В КАЗНУ ПРОШЛА КОНФЕРЕНЦИЯ, ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ КОНСТИТУЦИИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась научно-практическая конференция «Конституция Республики Казахстан: история и новая политическая реальность».

Открывая работу конференции, Председатель Конституционного Совета РК Кайрат Мами отметил важность проводимого мероприятия и выразил уверенность, что оно внесет свой вклад в укрепление режима конституционной законности в стране.

В свою очередь, Председатель Правления – Ректор КазНУ им.Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил важную роль Конституции в государственном устройстве и политическом управлении.

«Конституция Республики Казахстан была принята на всенародном референдуме 30 августа 1995 г. В подготовке действующей Конституции принимали активное участие известные ученые Казахстана, которые долгое время работали в КазНУ имени Аль-Фараби. Это академики: Зиманов Салык Зиманович, Сартаев Сұлтан Сартаевич, Сапаргалиев Гайрат Сапаргалиевич. Отметим, что на референдуме, прошедшем 5 июня текущего года, были внесены существенные изменения и дополнения в основной закон. Все они направлены на развитие демократии. Настоящая конференция имеет целью обобщение исторического пути развития Конституции Республики Казахстан, раскрытие ее основного содержания, оценка ее с точки зрения мировых стандартов», – отметил Жансеит Туймебаев.

В завершение конференции ректор университета Жансеит Туймебаев вручил «Золотую медаль Аль-Фараби» Председателю Конституционного Суда Республики Узбекистан Мырза-Улугбеку Абдусаломову, Председателю Конституционного суда Кыргызской Республики Эмилю Осконбаеву, Председателю Конституционного Суда Республики Таджикистан Абдулхафизу Ашурзода.





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!
30 ТАМЫЗ
АВГУСТА
С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!
@Farabi_university
vk.com/farabiuniversity
@KazakhNationalUniversity
FARABI UNIVERSITY
www.kaznu.kz

# 30 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттер, магистрант, докторанттар!

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата Заңымыз – мызғымас мемлекеттігіміздің айғағы, өркениетті дамуымыз бен кемел келешегіміздің кепілі.

Конституция талаптарының орындалуы – мемлекет дамуы мен азаматтық келісімнің негізі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Конституция күнімен құттықтай келе: «Биыл бұл мейрам айрықша саяси мәнге ие болып отыр. Ата Заңға өзгерістер енгізу жөніндегі жалпыұлттық референдумның нәтижесі халқымыздың бірлігін және елімізді жан-жақты жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалардың барынша қолдау тапқанын көрсетті», – деп атап өтті.

Елімізде тұрақтылық болып, халқымыздың ынтымағы мен бірлігі арта берсін!

Шаңырақтарыңызға құт-береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректор**
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
1 ҚЫРКҮЙЕК
СЕНТЯБРЯ
БІЛІМ КҮНІ!
ДЕНЬ ЗНАНИЙ!
@Farabi_university
vk.com/farabiuniversity
@KazakhNationalUniversity
FARABI UNIVERSITY
www.kaznu.kz

# КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КІЛТІ – БІЛІМДЕ

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттер, магистрант, докторанттар!

Сіздерді 1 қыркүйек – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген қағидасы бүгін де маңызын жойған жоқ. Сондықтан білім беру саласына артылар жауапкершілік өте зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей тапсырмасымен биылғы оқу жылынан бастап жоғары оқу орындары студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 15 пайызға өседі.

Біздің басты мақсатымыз – жастарға сапалы білім беру, білікті ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін білікті мамандарды тәрбиелеу.

Алдымыздағы 2024 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толады. Осы мерейлі белеске жаңа жетістіктермен жетейік.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Жаңа оқу жылы табысты болсын!

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің**
**Басқарма Төрағасы – Ректор**



# ҚАЗҰУ-ДА ТҮРКОЛОГИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Номгон мемориалдық кешенін тапқан экспедиция мүшелері – Халықаралық түркі академиясының ғылыми қызметкері Нәпіл Бәзілхан мен Моңғолия Ғылым академиясы Тарих археология институтының жетекші ғылыми қызметкері Алтангэрэлийн Энхтөрдің қатысуымен «Құтлық қаған жазуы – ғасыр жаңалығы» атты ғылыми-теориялық дөңгелек үстел өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев шараны ашып, түркі тарихынан сыр шерткен ғылыми жаңалықтың маңызына тоқталды.

«Моңғолияның Архангай аймағы, Номгон жазығындағы ғылыми археологиялық экспедиция жұмыстарының нәтижесінде табылған Құтлық Елтеріс қағанның кешені мен жазуы – түркология ғылымындағы үлкен олжа», – деп атап өтті ректор. Бұл жаңалықтың түркітілдестердің түп-тұқиянынан бүгінге дейінгі тарихи жолына жаңаша көзқараспен карауды талап ететінін жеткізді.

Сондай-ақ сала мамандары өз сөздерінде түркі тілдерін зерттеу, Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері мәтінін түпнұсқадан қайта оқу, түркі тілдерінің сабақтастығын көрсету сынды түркологияның өзекті мәселелерін қозғап, өз пікірлерін ортаға салды. Түркілік ортақ қазынаны молайту мақсатында зерттеулерге бірлесе атсалысу ұйғарылды.



# В КАЗНУ ОБСУДИЛИ НОВОСТИ ТЮРКОЛОГИИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялся научно – теоретический круглый стол «Надпись Кутлык Каган - открытие века» с участием членов экспедиции – научного сотрудника Международной Тюркской академии Напила Базилхана и ведущего научного сотрудника Института исторической археологии Академии наук Монголии Алтангэрэлийн Энхтур.

Открывая мероприятие, Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил важность научного открытия в тюркской истории.

«Комплекс и надпись Кутлыкского Елтерис-кагана, найденные в результате работ научной археологической экспедиции на равнине Номгон, Архангельской области Монголии – большая находка для тюркологии», – отметил ректор. Эта новость требует нового подхода к историческому пути тюркоязычных народов от истоков до наших дней.

В своих выступлениях специалисты отрасли затронули актуальные вопросы тюркологии, такие как изучение тюркских языков, перевод текстов орхонских, талсейских, таласских письменных памятников с оригинала, демонстрация преемственности тюркских языков. В целях прумножения и сохранения общего тюркского достояния необходимо совместное участие в научных исследованиях.



# ҚАЗҰУ-ДА ЖОО РЕКТОРЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫС КЕҢЕСІ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиевтің қатысуымен жұмыс кеңесі өтті. Онда студенттердің оқу, тұрғын үй және жатақханамен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды.

Жиында Алматы қаласы жоғары оқу орындарының басшылары ЖОО-дағы жағдайды сипаттап, студенттерді тұрғын үймен және жатақханамен қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылданып жатқаны туралы айтып берді. Сонымен қатар тілек білдірушілер жағдайды қалай реттеу керектігі жөнінде өз ұсыныстары мен идеяларын айтты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жоғары оқу орындары және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделін енгізу туралы жолдауда айтылған ұсынысын қолдады. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2022-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес, жұмыс істеп тұрған 14 жатақхананы қайта жаңарту және алты жаңа жатақхана салу жоспарлануда. ЖОО-ның басты назарында студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі тұр», – деп атап өтті университет басшысы.



# В КАЗНУ ПРОШЛО РАБОЧЕЕ СОВЕЩАНИЕ РЕКТОРОВ ВУЗОВ

В КазНУ имени Аль-Фараби состоялось рабочее совещание с участием вице-министра высшего образования и науки Куаныша Ергалиева, на котором обсуждались актуальные вопросы обеспечения студентов общежитиями и условиями для проживания и учебы.

Руководители высших учебных заведений Алматы обрисовали ситуацию в своих вузах и рассказали о том, какие меры принимаются для обеспечения студентов жильем и общежитиями. Кроме того, желающие смогли высказать свои предложения и идеи, как урегулировать ситуацию.

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жанесит Туймебаев поддержал предложение Президента РК Касым-Жомарт Токаева, озвученного в Послании о внедрении модели государственно-частного партнерства с высшими учебными заведениями и строительными компаниями. «В соответствии с программой развития КазНУ им. Аль-Фараби на 2022-2026 годы планируется реконструировать 14 действующих и построить 6 новых общежитий. В центре внимания вуза – вопрос обеспечения студентов общежитиями», – подчеркнул руководитель университета.




## ҚАЗҰУ-ДА МИФИ ҰЯЗУ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен МИФИ ҰЯЗУ филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Бірлескен білім беру жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы «Қайғылы қаңтар сабақтары: қоғамның бірлігі – тәуелсіздік кепілі» атты отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған Ресейдің озық техникалық жоғары оқу орындары филиалдарын құру туралы стратегиялық міндетін орындау аясында жүзеге асырылуда.

Салтанатты шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, РФ Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Наталья Бочарова, «Росатом» мемлекеттік корпорациясы бас директорының персонал жөніндегі орынбасары Татьяна Терентьева, МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің ректоры Владимир Шевченко, РФ елшілігінің кеңесшісі Алексей Коропченко, ҚР Энергетика министрлігі Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев, «Қазатомөнеркәсіп» және «Росатом» компанияларының өкілдері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және МИФИ филиалының профессорлары мен білім алушылары қатысты.

Мәртебелі меймандарды қарсы ала отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев екі ел министрлігі басшыларына және МИФИ мен ҚазҰУ-дағы әріптестеріне ЖОО-ның және жалпы елдің одан әрі дамуы үшін стратегиялық

маңызды білім беру жобасын іске асырғаны үшін алғыс білдірді. Филиалдың құрылуы саланы «Ядролық энергетика және технологиялар», «Информатика және есептеу техникасы» мамандықтары бойынша білікті кадрлармен қамтамасыз ете отырып, елде ядролық энергетиканың дамуына жаңа серпін беретінін айтты.

«Филиал түлектері еліміздің стратегиялық саласын дамытуға елеулі үлес қосарына сенімдіміз. Студенттер сапалы инженерлік білім алады. Олар ғылыммен айналысады, қажетті дағдыларға ие болады, заманауи ғылыми зертханаларда тағылымдамадан өтеді», – деп атап өтті жетекші ЖОО басшысы.

## В КАЗНУ ОТКРЫЛСЯ ФИЛИАЛ НИЯУ «МИФИ»

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла торжественная церемония, посвященная открытию филиала НИЯУ «МИФИ» с участием Министра науки и высшего образования РК Саясата Нурбека.

Совместный образовательный проект воплощается в жизнь в рамках реализации стратегической задачи создания филиалов передовых технических вузов России, поставленной Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Токаевым на заседании Мажилиса Парламента РК «Уроки трагического января: Единство общества – гарантия Независимости» от 11 января 2022 года.

В торжественном мероприятии приняли участие: Министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, заместитель министра науки и высшего образования РФ Наталья Бочарова, заместитель генерального директора по персоналу Госкорпорации «Росатом» Татьяна Терентьева, ректор Национального исследовательского ядерного университета «МИФИ» Владимир Шевченко, советник посольства РФ Алексей Коропченко, генеральный директор Института ядерной физики Министерства энергетики РК Саябек Сахиев, представители компаний «Казатомпром» и «Росатомпром», профессора и обучающиеся КазНУ им. Аль-Фараби и филиала «МИФИ».

Приветствуя высоких гостей, Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поблагодарил руководителей министерства обеих стран и коллег из МИФИ и КазНУ за реализацию образовательного проекта, стратегически важного для дальнейшего развития вуза и страны в целом. Создание филиала даст новый толчок развитию в стране ядерной энергетики, обеспечив отрасль квалифицированными кадрами по специальностям: «ядерная энергетика и технологии», «информатика и вычислительная техника».

«Мы уверены, что выпускники филиала внесут существенный вклад в развитие стратегической отрасли нашей страны, – подчеркнул руководитель ведущего вуза страны. – Студенты получат качественное инженерное образование. Они будут заниматься наукой, приобретут нужные навыки, пройдут стажировку в современных научных лабораториях».




# ҚАЗҰУ-ДА ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДЕН БИОПРЕПАРАТ ДАЙЫНДАЙТЫН ӨНДІРІС АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы» базасында өсімдік шикізаты негізінде инновациялық өнім әзірлейтін шағын өндірістің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері мен білім ордасының ғалымдары қатысты.

Шара барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйлеп, өндіріс жұмысына сәттілік тіледі. Өз сөзінде министр отандық ғылымды дамытуда осындай өндірістердің көп болуы маңызды екенін жеткізді.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев дәрілік препараттар медицина саласындағы өзекті мәселелерді шешуге сеп болатынын айтты.

«Орталықтың негізгі мақсаты – Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеу. Яғни ғылыми орталықтың нәтижелі жұмысы елімізде көптеген түйінді мәселелерді оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, өз елімізде өсетін дәрілік өсімдіктерді пайдалану арқылы

көптеген әсерлі, табиғи негіздегі дәрілік заттардың, оның ішінде сырттан импортталып жатқан көптеген дәрілердің өзімізде өндірілуіне мүмкіндік ашылады. Орталық еліміздің медицина саласының өркендеуіне де, ел экономикасының дамуына да үлкен үлес қосары даусыз», – деді университет басшысы.




## В КАЗНУ ОТКРЫЛСЯ ЦЕХ ПО ПРОИЗВОДСТВУ ЛЕКАРСТВЕННЫХ ПРЕПАРАТОВ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось торжественное открытие малотоннажного производства инновационных продуктов на основе растительного сырья на базе Научно-исследовательского центра лекарственных растений.

В мероприятии приняли участие министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, Председатель Правления - Ректор КазНУ им.Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, представители акимата города Алматы, ученые и профессорско–преподавательский состав вуза.

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев подробно рассказал почетным гостям о работе центра.

«Целью деятельности данного цеха является разработка и реализация научно-исследовательских работ из лекарственных растений, производство на их основе биологически активных добавок, фиточаев, фитопрепаратов, косметических средств. Результативная работа научного центра позволит оптимально решить многие ключевые проблемы в стране. Новое производство площадью более 300 кв.м. обладает многочисленными инновационными ресурсами для проведения исследований», – сказал руководитель университета.



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Өркениеттер арасындағы алмасу және ынтымақтастық қорының» негізін қалаушы және президенті Имам Мохаммад Башар Арафатпен кездесті. Жүздесуде тараптар өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Мәртебелі мейман университет басшылығына қонақжайлығы үшін алғыс білдіріп, қордың қызмет аясына тоқталды.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Мохаммад Арафат мырзаның әлемдегі тыныштықты сақтау жолындағы еңбегін атап өтті.

«Біз Ислам ынтымақтастық ұйымының мүшесі болып саналамыз. Ислам әлеміндегі қарым-қатынасты дамытуға мүдделіміз. Оған ғалымдарымыз сүбелі үлес қосуда. Университет қабырғасында шығыс елдері, мәдениеті мен дін тақырыбында зерттеулер жүргізіледі. Шығыстану факультетінде парсы тілдері үйретіліп, дипломатия қатар оқытылады. Сіздің қызметіңізбен тоғысып жатқан тұсымыз көп. Сондықтан ортақ мақсаттарды бірлесе жүзеге асыруға мүдделіміз», – деді Жансейіт Түймебаев.

# ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

Председатель Правления-Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с основателем и президентом «Фонда обмена и сотрудничества между цивилизациями» имамом Мохаммадом Башаром Арафатом. На встрече стороны обсудили вопросы взаимовыгодного сотрудничества.

Высокий гость поблагодарил руководство университета за гостеприимство и ознакомил с деятельностью фонда.

В свою очередь, глава КазНУ Жансеит Туймебаев отметил личные заслуги г-на Мохаммада Арафата в деле сохранения мира.

«КазНУ является членом Организации исламского сотрудничества. Мы заинтересованы в дальнейшем развитии партнерских отношений в исламском мире. В этом направлении наши ученый вносят весомый вклад. В стенах университета проводятся исследования на темы истории, культуры и религии стран Востока. На факультете востоковедения обучают персидскому языку и параллельно преподают дипломатию. У нас много общих точек соприкосновения с вашей деятельностью. Поэтому мы заинтересованы в совместной реализации общих целей», – сказал Жансеит Туймебаев.






# АКАДЕМИК РАХМАН АЛШАНОВ – 75 ЖАСТА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев көрнекті ғалым, «Тұран» университетінің ректоры, экономика ғылымының докторы, профессор, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшановтың ғылыми қызметіне арналған конференция жұмысына қатысты.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бүгінгі шара «Тұран» университеті үшін ғана емес, Қазақ ұлттық университеті үшін де ерекше оқиға екенін жеткізді.

«Рахман Алшанұлының өмір жолы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. Рахман Алшанов көп жылдар бойы жоғары оқу орнының сол кездегі

ректоры Өмірбек Жолдасбековпен бірге еңбек етіп, ҚазҰУ қалашығының қалыптасуына үлкен үлес қосты. Рахман Алшанұлы республикамыздағы алғашқы жекеменшік «Тұран» университетін құрып, бүгінде оқу орнын ірі білім беру корпорациясы деңгейіне көтерді. Рахман Алшанұлы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде университетімізге үнемі қолдау көрсетеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

## АКАДЕМИКУ РАХМАНУ АЛШАНОВУ - 75 ЛЕТ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в конференции, посвященной профессиональной и научной деятельности ученого, ректора университета «Туран», доктора экономических наук, профессора, академика Академии естественных наук РК, президента Ассоциации вузов Республики Казахстан Рахмана Алшанова.

В свою очередь, ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев подчеркнул, что сегодня – особенное событие не только для университета «Туран», но и для Казахского национального университета.

«Жизненный путь Рахмана Алшанова тесна связан с Казахским национальным университетом им. Аль-Фараби. Многие годы Рахман Алшанулы трудился вместе с основателем «студенческого городка КазГУ», ректором вуза Омирбеком Жолдасбековым и внес большой вклад в становление университета. Он сумел показать себя как трудолюбивый человек и высококвалифицированный специалист. Сегодня Рахман Алшанович – Член Совета директоров КазНУ. Он всегда оказывает нам поддержку и участвует во всех наших мероприятиях», – сказал Жансеит Туймебаев.









## ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК РЕКТОРЛАР ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Бішкекте өткен «Ұлттық инновациялық экожүйені құрудағы университеттердің рөлі» атты халықаралық ректорлар форумына қатысып, баяндама жасады.

ҚазҰУ басшысы өз сөзінде: «Бүгінгі таңда адами капиталды дамыту, білім мен ғылымға инвестиция салу алдыңғы орында тұр. Университеттер экономикалық және әлеуметтік үдерістерді дамытудың қозғаушы күшіне айналып, ғылыми-технологиялық өзгерістерге бастамашы болуда», – деп атап өтті.

Жансейіт Түймебаев өз баяндамасында зерттеу университеттерін құру бойынша қазақстандық әдістемені алға тарта отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибесімен бөлісті.

Сөз соңында Басқарма төрағасы тығыз байланыстар мен серіктестік құру үшін ұсыныстарды талқылауға әзір екенін білдіріп, форум жұмысына сәттілік тіледі.

# РЕКТОР КАЗНУ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В РАБОТЕ ФОРУМА РЕКТОРОВ МИРА

Председатель Правления-Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие и выступил с докладом на международном форуме ректоров «Роль университетов в создании национальной инновационной экосистемы» в Бишкеке.

В своем выступлении ректор ведущего университета Казахстана отметил, что сегодня вопросы развитие человеческого капитала, инвестиции в образование и науку стоят на первом месте. Университеты становятся движущей силой развития экономических и социальных процессов и инициируют научно-технологические изменения.

В своем докладе Жансеит Туймебаев поделился опытом КазНУ им. Аль-Фараби, продвигая казахстанскую методику по созданию исследовательских университетов.

В завершение Председатель Правления-Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев выразил готовность обсудить предложения по налаживанию тесных связей и партнерских отношений и пожелал успехов в работе форума.





# ҚАЗҰУ-ДА ТҮРІКМЕНСТАННЫҢ 540 СТУДЕНТІ БІЛІМ АЛУДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түрікменстанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Батыр Режеповпен кездесті. Жүздесуде тараптар екі елдің білімі мен ғылымын дамыту мақсатында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында ректор университеттің тарихы мен жетістіктері туралы баяндады. Сонымен қатар өз сөзінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен Түрікменстан университеттері арасында жасалған көпжылдық байланыстың жемісті болғанын атап өтті.

«Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылы орнатылды. Қазіргі таңда екі мемлекет білім беру саласындағы қарым-қатынасты 1997 жылдан бастап дамытып келе жатқан стратегиялық әріптес. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түрікменстан Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық қатынастар институтымен және Мақтымқұлы атындағы мемлекеттік университетімен келісімге қол қойды. Бүгінде ҚазҰУ-да Түрікменстанның 540 студенті білім алуда. Оның 535-і келісімшарт бойынша, ал бесеуі мемлекеттік білім гранты негізінде оқып жатыр», – деді ЖОО басшысы.

Өз кезегінде Түрікменстанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Батыр Режепов ҚазҰУ ұжымын жетістіктерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар елші жоғары оқу орны түрікмен студенттерінің сүйікті орнына айналғанын атап өтті.

# В КАЗНУ ОБУЧАЮТСЯ 540 СТУДЕНТОВ ИЗ ТУРКМЕНИСТАНА

Председатель Правления - Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с Чрезвычайным и Полномочным Послом Туркменистана в Республике Казахстан Батыр Реджеповым. Стороны обсудили вопросы казахстанско-туркменского сотрудничества в области образования и науки, а также наметили дальнейшие планы по их укреплению.

Поприветствовав почетных гостей руководитель вуза Жансеит Туймебаев рассказал о сегодняшней деятельности университета и дальнейших планах. Также ректор отметил плодотворное сотрудничество КазНУ с университетами Туркменистана.

«Дипломатические отношения между нашими государствами были установлены в 1992 году. На сегодня, наши страны являются стратегическими партнерами, которые развивают взаимодействие во многих областях, в том числе и в сфере образования с 1997 года. Казахский национальный университет имени Аль-Фараби подписал 2 соглашения с вузами Туркменистана: с Институтом международных отношений Министерства иностранных дел Туркменистана и государственным университетом имени Махтумкули. На сегодняшний день в КазНУ обучаются 540 студентов из Туркменистана, из них 535 на договорной основе, 5 на основе государственного образовательного гранта», – сказал Жансеит Туймебаев.

В свою очередь, Чрезвычайный и Полномочный Посол Туркменистана в Казахстане Батыр Реджепов поздравил коллектив КазНУ с получением статуса исследовательского вуза и подчеркнул, что ведущий университет Казахстана стал излюбленным местом туркменских студентов.





# ҚАЗҰУ-ДА «ИРАН-ҚАЗАҚСТАН ФАРАБИТАНУ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Мохсен Фагани жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Иран делегациясы мен ҚазҰУ басшылығы ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық келешегін талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университет жетістіктеріне қысқаша тоқталып, құрметті қонақ назарын шығыстану факультетіндегі ирантану бөлімінің қызметіне аударды. Осы күнге дейін бөлімді 170 бакалавр, 25 магистр және 4 докторант тамамдаған. Сонымен қатар ЖОО басшысы ирандық оқытушылар мен профессорларды дәріс оқуға шақыру ниетін жеткізді.

«ҚазҰУ ирандық серіктестермен білім және ғылым саласындағы белсенді ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Қазақстан мен Иран байланысы тату көрші, серіктестік рухына толық сай және өзара тиімді ынтымақтастығымыздың көрінісі», – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

2022 жылғы 19 маусымда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Иран Ислам Республикасына ресми сапары барысындағы уағдаластық аясында ҚазҰУ «Иран-Қазақстан фарабитану» ғылыми-зерттеу орталығын ашуға ниетті. Осы міндетті жүзеге асыруда Алматы қаласындағы Иран Ислам Республикасы Бас консулдығы қолдауына және өзара тиімді ынтымақтастыққа үмітті екенін білдірді.

# НА БАЗЕ КАЗНУ БУДЕТ ОТКРЫТ ЦЕНТР «ИРАНО-КАЗАХСТАНСКОЕ ФАРАБИЕВЕДЕНИЕ»

Генеральный консул Исламской Республики Иран в г. Алматы Мохсен Фагани посетил Казахский национальный университет имени Аль-Фараби. В ходе ознакомительного визита делегации Ирана и руководство КазНУ обсудили перспективы сотрудничества в области науки и образования.

В приветственном слове Председатель Правления-Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, коротко остановившись на достижениях вуза, акцентировал внимание почетного гостя на деятельности отделения иранистики (факультет востоковедения), выпустившего 170 бакалавров, 25 магистров и 4 докторанта. Вуз кроме Иранских студентов намерен пригласить преподавателей и профессоров для чтения лекции.

«КазНУ нацелен на развитие активного сотрудничества в сфере образования и науки с иранскими партнерами, – подчеркнул руководитель вуза. – Казахстанско-иранские отношения – это демонстрация нашей приверженности духу добрососедства и взаимовыгодного сотрудничества».

Доказательство тому – намерение открыть научно-исследовательский центр «Ирано-казахстанское фарабиеведение» в рамках договоренностей между главами наших государств в ходе официального визита Президента РК Касым-Жомарт Кемелевича Токаева в Исламскую Республику Иран 19 июня, 2022 года. «Мы будем рады поддержке Генерального консульства Исламской Республики Иран в г. Алматы в осуществлении данной задачи и надеемся на плодотворное взаимовыгодное сотрудничество», – подчеркнул ректор КазНУ.







# ҚАЗҰУ-ДА «ӨМІР ҮШІН ЫҚПАЛДАСУ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ АЯСЫНДА АРНАЙЫ ТАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Өмір үшін ықпалдасу» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Шара студенттерге жойқын жер сілкінісі кезіндегі төтенше жағдайды жою іс-қимылдарын үйретуге бағытталған.

Конференцияның пленарлық отырысын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, адам өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың алдын алу, табиғи, техногендік апаттар кезінде шұғыл іс-әрекеттер жасаудың қоғам үшін маңызын атап өтті.

«Біз Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибе алмасудың сындарлы алаңына айнала отырып, жақын арада Алматы қаласының ғана емес, бүкіл республиканың білім беру ұйымдары үшін төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі консультативтік-үйлестіру орталығына айналады деп үміттенеміз», – деді ЖОО басшысы.




## В КАЗНУ ПРОШЛИ ТАКТИКО-СПЕЦИАЛЬНЫЕ УЧЕНИЯ В РАМКАХ КОНФЕРЕНЦИИ «ИНТЕГРАЦИЯ РАДИ ЖИЗНИ»

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция «Интеграция ради жизни», нацеленная на подготовку студентов к действиям по ликвидации ЧС при возникновении разрушительного землетрясения, организованная факультетом медицины и здравоохранения университета.

Обратившись к участникам конференции с приветственным словом, руководитель КазНУ имени аль-Фараби Жансеит Туймебаев подчеркнул важность мероприятия по профилактике и предупреждению последствий при чрезвычайных ситуациях. Отметив необходимость системно усилить работу по предотвращению и минимизации последствий природных и техногенных катастроф, руководитель вуза сказал: «Мы надеемся, что КазНУ имени Аль-Фараби станет конструктивной площадкой для обмена опытом и в ближайшем времени базой консультативно-координационного центра по вопросам ЧС для образовательных организаций не только г.Алматы, но всей республики».



# БЕЛГІЛІ ГЕНЕТИК ШУХРАТ МИТАЛИПОВ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде биология ғылымының докторы, Орегон ұлттық приматтарды зерттеу орталығы және АҚШ-тың Діңгекті жасушалар орталығының профессоры Шухрат Миталипов «Қазіргі эмбриология мен генетикадағы жаңа технологиялар» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Құрметті қонақты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев таныстырып, приматтарды клондауға алғаш қол жеткізген ғалымның ерен еңбегін атап өтті.

«Елімізде және шетелде жоғары дәрежеге жеткен тұлғалардың көшбасшылық дәрістерін ұйымдастыру университетіміздің студенттері мен жас ғалымдарына зор тәжірибе, үлкен мүмкіндіктер береді. Студенттерге таңдаған мамандығының ерекшеліктері туралы алғашқы құнды ақпараттарды беріп, одан әрі өзін-өзі дамытуға және жетістікке жетуге жетелейді. Шухрат Миталипов – генетикалық ауруларды емдеуде әлем бойынша жетекші ғалымдардың бірегейі. Шухрат Миталиповтың зерттеулері ғылымға жаңа жаңалық алып келді. Бүгінгі көшбасшылық дәріс университеттің ғалымдары мен студенттеріне пайдалы болады деген үміттемін», – деді ректор.

Ғалым Шухрат Миталипов жатырдағы сәбиді тұқым қуалайтын аурулардан сақтау жолын дәріске қатысушыларға кеңінен ақпарат беріп, өзінің ғылыми жобасын түсіндірді.

Дәріскер сөз соңында өз командасының ғалымдарын тәжірибе алмасу мақсатында ҚазҰУ

профессорларымен таныстыруға ниетті екенін білдірді. Осы бастама арқылы ол бірлескен бағдарламалар мен жаңа зерттеулер жүргізуге болатынын жеткізді.

Сондай-ақ жүздесуде ҚР ҰҒА академигі, «ПЕРСОНА» репродуктология аналитикалық орталығының бас директоры, Халықаралық репродуктология академиясының президенті Вячеслав Локшин «Бедеулікті емдеудегі заманауи технологиялар» тақырыбында баяндама жасады.

## ИЗВЕСТНЫЙ ГЕНЕТИК ШУХРАТ МИТАЛИПОВ ВЫСТУПИЛ С ЛИДЕРСКОЙ ЛЕКЦИЕЙ

Доктор биологических наук, профессор Орегонского национального исследовательского центра приматов, профессор Центра стволовых клеток США Шухрат Миталипов прочел в КазНУ имени Аль-Фараби лидерскую лекцию на тему «Новые технологии в современной эмбриологии и генетике».

Почетного гостя приветствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Отметив заслуги первого ученого, которому удалось клонировать приматов, руководитель вуза представил участникам Щухрата Миталипова и подчеркнул: «Организация лидерских лекций успешных людей дает возможность живого общения студентов и молодых ученых нашего университета с всемирно известными, признанными учеными, общественными деятелями, писателями и предпринимателями нашей республики. Это общение позволяет студентам из первых уст получить информацию о специфике деятельности по выбранной специальности, а также вдохновляет их для дальнейшего саморазвития и построения успешной карьеры».

В ходе лекции Шухрат Миталипов подробно рассказал собравшимся о своих проектах и проводимых исследованиях.

Кроме того, профессор поделился основными тенденциями медицинского генного редактирования зародышевой линии человека, перечислил возможные проблемы и пути их решения.

Лекция, посвященная новым технологиям и достижениям в современной

В заключение своего выступления лектор выразил намерение познакомить ученых из своей команды с профессорами КазНУ в целях обмена опытом. Тем самым он подчеркнул, что готов разрабатывать совместные программы и проводить исследования.

Также на мероприятии с докладами выступили д.мед.н.,профессор, академик НАН РК, генеральный директор аналитического центра репродуктологии «ПЕРСОНА» (Казахстан, Алматы), президент международной академии репродуктологии Вячеслав Локшин («Современные технологии в лечении бесплодия») и д.б.н., профессор, академик НАН РК Амангельды Бисенбаев («Стратегии и перспективы научных исследований факультета биологии и биотехнологии КазНУ имени Аль-Фараби»).



# ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ «DIGITAL BRIDGE 2022» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Астана қаласында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Digital Bridge 2022» халықаралық технологиялық форумы өтті.

Іс-шараға ҚР премьер-министрі Әлихан Смаилов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, мемлекеттік органдар мен бизнес-құрылымдардың жетекшілері, отандық және халықаралық сарапшылар қатысты.

Президентке Astana Hub IT экожүйесінің қазіргі қызметі және Google for Startups компаниясымен бірлескен бағдарламасының жүзеге асырылуы жөнінде баяндалды, сондай-ақ Alem бағдарламалау мектебі мен «Қазақстан халқына» қорының жобасы таныстырылды.

Президент, сарапшылардың болжамы бойынша, он жылдан кейін әлемде өнімдер мен қызметтердің 70 пайызы цифрлық платформалық модельдер негізінде құрылатынын мәлімдеді. Мұндай жағдайда Қазақстан өзіне еуразиялық кеңістіктегі ең ірі цифрлық хабтардың біріне айналу стратегиялық міндетін қойды. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан көптеген дамыған елден озып, БҰҰ-ның цифрланған мемлекеттер рейтингінде үздік 30 елдің қатарына кіреді. Дегенмен Қазақстанды одан әрі цифрлық трансформациялау үшін көп жұмыс істеу керек. Президент өз сөзінде оның басымдықтарын айқындап берді.

# РЕКТОР КАЗНУ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В МЕЖДУНАРОДНОМ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОМ ФОРУМЕ «DIGITAL BRIDGE»

В Астане состоялся международный технологический форум «Digital Bridge» с участием Президента РК Касым-Жомарта Токаева.

На мероприятии собрались Премьер-Министр РК Алихан Смайлов, Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, руководители государственных органов, бизнес-структур, отечественные и международные эксперты.

В ходе посещения Касым-Жомарту Токаеву рассказали о деятельности IT-экосистемы Astana Hub, реализации совместной программы с Google for Startups, презентовали проект школы программирования Alem и фонда «Қазақстан Халқына». Затем Касым-Жомарт Токаев ознакомился с проектами, представленными на аллее стартапов. Некоторые из них уже вышли не только на отечественный, но и на зарубежные рынки.

Президент сообщил, что, по прогнозам экспертов, через десять лет до 70 % продукции и услуг в мире будут базироваться на цифровых платформенных моделях. В этих условиях Казахстан поставил перед собой стратегическую задачу – стать одним из крупнейших цифровых хабов на евразийском пространстве. Как подчеркнул Глава государства, сегодня наша страна входит в топ-30 рейтинга самых оцифрованных государств ООН, опережая многие развитые страны. Тем не менее предстоит большая работа по дальнейшей цифровой трансформации Казахстана, приоритеты которой Президент обозначил в своей речи.





# ҚАЗҰУ ҚАБЫЛДАУ КАМПАНИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кезекті Ғылыми кеңес өтті. Жиында қабылдау кампаниясының қорытындылары және 2022-2023 оқу жылындағы білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы айтылды.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев білім беру бағдарламалары сапасына және оқытушы-профессорлық құрам арасындағы ғылыми кадрлар санын арттыруға баса назар аудару қажеттігін атап өтті.

Университет басшысы жиын соңында: «Кафедралар мен факультеттер жарнамалық компанияға белсенді қатысуы керек. Себебі ҚазҰУ зерттеу университеті болып табылады. Біз өз мәртебеміз бен имиджімізді көтеруіміз керек. Ғылым мен білім беру үрдістерін ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын қайта қарау қажет», – деп тапсырды.

Ғылыми кеңес мүшелері оқу үрдісінің әдістемелік жұмысын қамтамасыз ету мен зерттеу университеті әлеуетін арттыру жайын талқылап, өз пікірлері және ұсыныстарын ортаға салды.

## ИТОГИ ПРИЕМНОЙ КАМПАНИИ В КАЗНУ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел очередной ученый совет, на котором прозвучали итоги приемной кампании и организации образовательного процесса в 2022-2023 учебном году.

Председатель Правления-Ректор КазНУ имени аль-Фараби Жансеит Туймебаев сделал акцент на необходимости повышения качества образовательных программ и численности остепененных кадров среди профессорско-преподавательского состава.

Как отметил руководитель вуза: «Кафедры и факультеты должны активно принимать участие в рекламной компании, так как университет является исследовательским, мы должны поднять свои статус и имидж. Необходимо пересмотреть все образовательные программы с учетом трендов науки и образования». Также был акцентирован вопрос об обеспечении методической работы учебного процесса и наращиванию потенциала исследовательского университета.



## ЖАҢА ЖОБАЛАРДЫ БІРЛЕСІП ІСКЕ АСЫРУҒА УАҒДАЛАСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркия Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы TENMAK протонды үдеткіштер орталығының директоры Исмаил Бозтосунмен кездесті.

Тараптар ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты одан әрі арттыру, Қазақстан мен Түркия арасындағы атом және ядролық саланы дамыту перспективаларын талқылады.

Жүздесу барысында білім ордасының басшысы ҚазҰУ-дың ғылымдағы жетістері туралы баяндады.

«Біздің университет өзінің ғылыми және білім беру қызметін табысты жалғастыруда. Тек ұлттық ауқымда ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде зияткерлік әлеуетін

көрсетуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында ғылымды дамыту және әлемдік деңгейде заманауи ғылыми зерттеулер жүргізу бізге әлемдік үздік университеттермен бәсекеге түсуге мүмкіндік береді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Кездесу соңында тараптар бастамаларды бірлесіп жоспарлы түрде іске асыруға уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

## ДОГОВОРИЛИСЬ О РЕАЛИЗАЦИИ НОВЫХ СОВМЕСТНЫХ ПРОЕКТОВ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел встречу с директором Центра протонных ускорителей TENMAK при Министерстве энергетики и природных ресурсов Турецкой Республики, профессором университета Акдениз Исмаилом Бозтосуном.

Стороны обсудили вопросы дальнейшего сотрудничества в области науки и образования, а также перспективы развития атомной и ядерной отрасли между Казахстаном и Турцией.

В ходе встречи руководитель вуза рассказал о успешной научной и образовательной деятельности КазНУ имени Аль-Фараби.

«Наш университет активно демонстрирует интеллектуальный потенциал не только в пределах государства, но и на международном уровне. Развитие науки на базе КазНУ им. Аль-Фараби и проведение современных научных исследований позволяют нам конкурировать с лучшими мировыми университетами», – сказал Жансеит Туймебаев.

В завершение встречи стороны наметили дальнейшие планы по углублению сотрудничества и договорились о реализации новых совместных проектов.



## ЛИССАБОН КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ АВТОРЫ ҚАЗҰУ-ДА КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Еуропа Кеңесі білім департаментінің басшысы, Дублин қалалық университетінің құрметті докторы, профессор Шур Берган көшбасшылық дәріс оқыды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақты таныстырып, білім саласындағы басты жетістіктеріне тоқталды.

«Өздеріңіз білетіндей, ТМД елдері Болон үдерісі мүшелігіне кіргеніне көп уақыт болған жоқ. Қазақстан Ресейден кейін Болон үдерісіне қосылған алғашқы елдердің бірі. Сол кезде Шур Берган Болон үдерісі комиссиясының жұмысына көп көмектесті. Университеттерді аралап, Қазақстанды қабылдау туралы шешім қабылданғанға дейінгі құжаттарды тексерді. Бүгінде біз бұл жұмыстың жемісін көріп отырмыз. Біздің студенттер ғана емес, бүкіл республиканың жоғары оқу орындарының жастары Еуропаның кез келген университетінде білім алып, тәжірибе алмаса алады», – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

«Сапаны бақылау – бұл Еуропадағы жоғары білім саласындағы басты сұрақ. Мәселен, Қазақстандағы жоғары білім сапасын бақылау Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің барлық талаптар мен көрсеткіштерге сай екенін көрсетті. Бұл фактіні ресми түрде растау туралы сөз еткенде біз кез келген елдің жоғары білімі еуропалық стандарттар мен талаптарға сүйенуі керек екенін меңзейміз», – деді Шур Берган.

# АВТОР ЛИССАБОНСКОЙ КОНВЕНЦИИ ПРОЧЕЛ ЛИДЕРСКУЮ ЛЕКЦИЮ В КАЗНУ

В КазНУ имени Аль-Фараби выступил с лидерской лекцией руководитель Департамента образования Совета Европы, почетный доктор Дублинского городского университета, профессор Шур Берган.

Мероприятие вызвало большой интерес представителей профессорско-преподавательского состава, ученых, обучающихся университета.

Почетного гостя приветствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. В своей речи руководитель университета, представив лектора, отметил его главные достижения.

«Как вы знаете, стран СНГ, которые являются членами Болонского процесса, не так много. И Казахстан – одна из первых после России стран, присоединившихся к Болонскому процессу, – отметил руководитель вуза. – Профессор Шур Берган помогал в работе комиссии, которая посещала университеты, проверяла документы перед тем, как было принято решение о принятии Казахстана. – В настоящее время мы пожинаем плоды этой работы. Наши студенты, не только КазНУ, но и всей республики, могут обучаться и проходить стажировку в любом университете Европы».

«Контроль качества – это основной вопрос в сфере высшего образования в Европе, – подчеркнул г-н Берган. – Так, например, контроль качества высшего образования в Казахстане показал, что Казахский национальный университет имени Аль-Фараби соответствует требованиям и параметрам, в чем я не сомневался. Когда мы говорим о формальном подтверждении этого факта, мы подразумеваем, что высшее образование любой страны должно опираться на европейские стандарты и нормы».









## ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXIV СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Астана қаласында өткен «AMANAT» партиясының кезектен тыс XXIV съезіне қатысты.

Шараға саяси кеңестің мүшелері, Парламент депутаттары, өңірлерден келген 700 делегат, сондай-ақ сарапшылар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері жиналды.

Күн тәртібіне сәйкес, бірінші кезекте алдағы президент сайлауына партиядан кандидат ұсыну мәселесі қаралды. Пікір алмасып, дауыс беру рәсімінен кейін съезд шешімімен «AMANAT» партиясы президенттікке Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынды.

Съезде партия мүшелері, Мәжіліс депутаттары, өңірден келген делегаттар баяндама жасап, партияның жаңа Саяси тұғырнамасына қатысты пікірлерін білдірді.



## РЕКТОР КАЗНУ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ ВО ВНЕОЧЕРЕДНОМ XXIV СЪЕЗДЕ AMANAT

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль – Фараби Жансеит Туймебаев принял участие во внеочередном XXIV съезде партии «AMANAT» в Астане.

На мероприятии собрались члены политического совета, депутаты Парламента, 700 делегатов из регионов, а также эксперты, представители неправительственных организаций.

Согласно повестке дня, в первую очередь был рассмотрен вопрос выдвижения кандидата от партии на предстоящие президентские выборы. После обмена мнениями и процедуры голосования решением внеочередного XXIV съезда партия «AMANAT» выдвинула кандидатуру Касым-Жомарта Токаева на пост Президента страны.

На съезде члены партии, депутаты Мажилиса, делегаты от регионов выступили с докладами и высказали свое мнение о новой политической платформе партии.



# ҚАЗҰУ-ДА ӘЛЕМДІК ТРЕНДТЕР МЕН ҮЗДІК БІЛІМ ЭКСПОРТЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің қатысуымен «Әлемдік білім беру кеңістігіндегі трансұлттық өзара әрекеттестік» атты VI орталықазиялық халықаралық форумы өтті.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев трансұлттық өзара іс-қимыл және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған форум тақырыбының өзектілігіне тоқталып, зерттеу университеті – бұл білім мен ғылымның көп тармақты мәселелерін шешуге қабілетті модель екенін атап өтті.

«Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ макро деңгейде білім беру және ғылыми-инновациялық қызмет нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған даму бағдарламасын іске асыруда. Біздің университет QS жаһандық рейтингінде әлемдегі ең үздік университеттер арасында 150-орында, сондай-ақ ұлттық және халықаралық рейтингтерде алдыңғы орындардан көрінуде. Оқу орнының білім беру және ғылыми әлеуетін ескере отырып, біз Қазақстанда әлемдік деңгейдегі зерттеу университеті моделін құрудамыз», – деді ректор.

Жиында сөз алған ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары білім сапасын арттыру жолындағы мақсат-міндеттерге назар аударды. Ведомство басшысы форум қатысушыларына көптеген мәселелерді алқалы түрде пысықтауды ұсынды. Оның қатарында жоғары білімнің қандай моделін, атап айтқанда: әлеуметтік тегін, тәуелсіз немесе аралас түрін енгізу мәселесін атады.

Сондай-ақ жиын барысында рейтинг жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) рейтингінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірінші орынды иеленді.

# В КАЗНУ ОБСУДИЛИ МИРОВЫЕ ТРЕНДЫ И ЛУЧШИЕ СТРАТЕГИИ ЭКСПОРТА ОБРАЗОВАНИЯ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел VI Центрально-Азиатский международный форум «Транснациональное взаимодействие в глобальном образовательном пространстве» с участием министра науки и высшего образования РК Саясата Нурбека.

Крупнейший международный форум, организованный Независимым агентство аккредитации и рейтинга (IAAR), нацелен на обеспечение качества образования, создание международной диалоговой площадки для обсуждения и обмена лучшей практики в сфере образования в условиях цифровой трансформации.

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев в приветственном слове отметил актуальность тематики форума, посвященного вопросам транснационального взаимодействия и обеспечения качества высшего образования. По словам руководителя КазНУ, исследовательский университет – именно та модель, которая способна решать многомерные задачи образования и науки.

«В настоящее время КазНУ имени Аль-Фараби реализует Программу развития, которая ориентирована на достижение результатов образовательной и научно-инновационной деятельности на макроуровне, – подчеркнул ректор.

Министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек в своем выступлении отметил, что с целью повышения качества высшего образования, перед министерством стоят серьезные задачи. В связи с этим, руководитель ведомства предложил участникам форума коллегиально проработать многие вопросы. В частности, какую модель высшего образования необходимо внедрять – социальную бесплатную или децентрализованную, либо смешанную.

В ходе пленарного заседаний также состоялась торжественная церемония награждения. Независимое агентство аккредитации и рейтинга (IAAR) представило итоги, согласно которым победу в конкурсе одержал Казахский национальный университет имени Аль-Фараби.






# ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ «ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІН МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Алматыда «Тұран» университетінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жаһандық өзгерістер: ғылым және білім талабы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум өтті.

Шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР Парламент Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов, көрнекті ғалымдар, белгілі мемлекеттік және қоғам қайраткерлері қатысты.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев жиында сөз алып, Қазақстандағы тұңғыш жекеменшік оқу орнын 30 жылдық белесімен құттықтады.

«Білім ордасы осы уақыт ішінде өзін бәсекеге қабілетті білім мекемесі ретінде танытып, экономикалық, гуманитарлық, құқықтық сала мамандарын тәрбиелеп шығарды. Рахман Алшанұлы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде академик Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековтің қасында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып, орасан зор еңбек сіңірді. Оқу орнының «Тұран» атауы кездейсоқ таңдалған жоқ, оның символдық мәні бар. Өткен жылы Түркі елдері Түркі мемлекеттері ұйымының жаңа атауымен бірігіп, интеграцияның жаңа кезеңін белгіледі», – деді Жансейіт Түймебаев.



## РЕКТОР КАЗНУ ПОЗДРАВИЛ УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН» С ЮБИЛЕЕМ

В Алматы прошел международный научно-практический форум «Глобальные изменения: наука и требования образования», приуроченный к 30-летию университета «Туран». В мероприятии приняли участие Министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, депутат Сената Парламента РК Бахытжан Жумагулов, известные государственные и общественные деятели.

В свою очередь, руководитель КазНУ Жансеит Туймебаев поздравил с 30-летием со дня основания первое частное учебное заведение в Казахстане.

«За это время вуз зарекомендовал себя как конкурентоспособное образовательное учреждение, воспитал специалистов в экономической, гуманитарной, правовой сферах. Рахман Алшанович Алшанов – не просто выпускник КазГУ, а его выдающийся выпускник. Наша гордость! Мы гордимся не только созданием Университета «Туран». В деятельности Казахского государственного университета имени С.М.Кирова Рахман Алшанович Алшанов сыграл огромную роль, долгие годы работая рядом с Умирбеком Арслановичем Жолдасбековым. И название созданному университету было выбрано неслучайно, оно несет символический смысл. Как мы знаем, в прошлом году Тюркские страны объединились под новым названием Организации тюркских государств, ознаменовав новый этап их интеграции», – подчеркнул Жансеит Туймебаев.



## БАҚЫТЖАН ЖҰМАҒҰЛОВ: «ҚАРА ШАҢЫРАҚ БІЗГЕ ӨМІР ЖОЛЫН АШТЫ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, академик Бақытжан Жұмағұлов оқытушы-профессорлар, докторанттар және магистранттармен кездесті.

Кездесуді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, академиктің ғылымдағы қайраткерлік жолына тоқталды.

Бақытжан Жұмағұлов – ҚазҰУ-дың механика және қолданбалы математика факультетінің түлегі. Еңбек жолын ғылыми және ұстаздық қызметтен бастап, қара шаңырақта ассистент, профессор, кафедра меңгерушісі болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін абыроймен басқарып, білім ордасының дамуына елеулі үлес қосты.

«Ел тәуелсіздігінің қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген қайраткер тұлға өзі оқыған білім ордасынан қол үзбей келеді. Университетімізде дәстүрге айналған мұндай кездесулердің жастар үшін тәрбиелік мәні зор», – деп атап өтті ректор.

Бақытжан Жұмағұлов өз кезегінде университетте білім алған, қызмет атқарған жылдарды сағынышпен еске алды. Өмір жолындағы барлық жетістіктері үшін университетке және оның ұстаздарына алғыс білдірді.

«Қара шаңырақ бізге өмір жолын ашты. Осында ұстаздарымыздың арқасында алғашқы қадамды бастадық. Университетке әрқашан ризашылық білдіремін», – деді Бақытжан Тұрсынұлы. Сонымен қатар соңғы жылдары университет басшылығының атқарған ауқымды жұмыстарына жоғары баға беріп, ұжым жұмысына табыс тіледі.

# БАКЫТЖАН ЖУМАГУЛОВ: «АЛЬМА-МАТЕР ДАЛА НАМ ПУТЕВКУ В ЖИЗНЬ»

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась встреча депутата Сената Парламента РК, академика Бакытжана Жумагулова с профессорско-преподавательским составом, докторантами и магистрантами.

Почетного гостя представил Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, остановившись на основных этапах его жизненного и профессионального пути.

Бакытжан Жумагулов – выпускник КазНУ, который в 1979 году окончил факультет механики и прикладной математики. Трудовую деятельность начал с научной и преподавательской деятельности, прошел в альма-матер путь, начиная с должности ассистента, профессора, заведующего кафедрой до ректора.

«Известный человек, который внес большой вклад в становление независимости страны, до сих пор связан с родным университетом. Такие встречи, ставшие традиционными в нашем университете, имеют большое воспитательное значение для молодежи», – отметил ректор.

Академик Бакытжан Жумагулов, в свою очередь, с ностальгией вспомнил годы учебы, службы в стенах университета. Поблагодарил КазНУ и его учителей за все достижения на жизненном пути.

«Альма-матер дала нам путевку в жизнь. Здесь, благодаря нашим учителям, мы сделали первый шаг. Всегда благодарен университету», – сказал Бакытжан Турсынович. Он также обратил внимание на масштабную работу, проделанную в университете за последние годы и выразил радость по этому поводу.






## ҚАЗҰУ– IAAR EURASIAN UNIVERSITY RANKING 2022 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ КӨШБАСШЫ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) өткізген «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR)» 2022 университеттерінің халықаралық рейтингісінің нәтижелері бойынша Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Беларуссия, Украина, Әзірбайжан және Молдова университеттері арасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші және ең үздік университет болып танылды.

Көшбасшылар үштігіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Қаржы университеті және Ош мемлекеттік университеті кірді.

IAAR EUR халықаралық рейтингі жоғары оқу орындарын төрт индикатор негізінде саралайды: білім сапасы (20 пайыз), жоғары оқу орнының ғылыми әлеуеті (30 пайыз), жоғары оқу орнының халықаралық мойындалуы (20 пайыз), жоғары оқу орнының академиялық беделі (30 пайыз) және IAAR EUR рейтингінің әдістемесі IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence) халықаралық аудитінің сарапшыларымен мақұлданған.

IAAR EUR рейтингі университеттердің бәсекеге қабілеттілігін соңғы әлемдік трендтерге сәйкес бағалайды, жоғары оқу орындарының осы рейтингтегі жоғары позициялары шетелдік талапкерлерді көбірек тартуға, білім беруді интернационалдандыру деңгейін және тек жоғары оқу орындарының ғана емес, жалпы, елдің де имиджік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Халықаралық рейтингтің жоғары бағасына ие болған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің жоғары бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне сәтті интеграциялануын тағы бір рет көрсетті.

Рейтинг нәтижелерімен агенттіктің веб-сайтындағы сілтеме бойынша танысуға болады: https://iaar.agency/rating

## КАЗНУ – ЛИДЕР В МЕЖДУНАРОДНОМ РЕЙТИНГЕ IAAR EURASIAN UNIVERSITY RANKING 2022

По итогам международного рейтинга вузов «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR)» 2022, проводимым Независимым агентством аккредитации и рейтинга» (НААР) КазНУ имени Аль-Фараби признан первым и лучшим университетом среди вузов Казахстана, России, Кыргызстана, Беларуси, Украины, Азербайджана и Молдовы.

В тройку лидеров вошли Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации и Ошский государственный университет.

Международный рейтинг IAAR EUR ранжирует вузы на основе четырех индикаторов: качество обучения (20%), научный потенциал вуза (30%), международное признание вуза (20%), академическая репутация вуза (30%) и методология рейтинга IAAR EUR одобрена международными экспертами международного аудита IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence).

Рейтинг IAAR EUR оценивает конкурентоспособность университетов согласно новейшим мировым трендам. Высокие позиции вузов в данном рейтинге позволяют привлечь большее количество иностранных абитуриентов, повысить уровень интернационализации образования и имиджевую привлекательность не только самих вузов, но и страны в целом. Удостоившись высокой оценки в международном рейтинге КазНУ имени Аль-Фараби в очередной раз продемонстрировал высокую конкурентоспособность и успешную интеграцию в глобальное научно-образовательное пространство.

С итогами рейтинга можно ознакомиться пройдя по ссылке на сайт агентства: https://iaar.agency/rating



## ҚАЗҰУ ECOSTUDENTKZ ЧЕЛЛЕНДЖІНЕ ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері EcoStudentKZ республикалық челленджіне қызу қолдау білдірді. ҚазҰУ жастары танымал туристік орындар – Көкжайлау үстірті мен Бутаковка шатқалын қоқыстардан тазарту жұмыстарына қатысты.

Экологиялық акция аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығында да жалпы университеттік сенбілік өтті. Оған университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер – барлығы 4000-нан астам адам атсалысты.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қалашықта өткен сенбілікке арнайы келіп, атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйін пысықтады. Ректор акцияға қатысушы жастармен пікірлесіп, қоршаған ортаға қамқорлық танытуға шақырды.






## КАЗНУ УЧАСТВОВАЛ В ЧЕЛЛЕНДЖЕ ECOSTUDENTKZ

Студенты Казахского национального университета имени аль-Фараби поддержали республиканский челлендж EcoStudentKZ. В рамках экологической акции 8 октября около 200 обучающихся в КазНУ молодых людей приняли участие в работах по очистке от мусора популярных туристических мест, в частности, плато Кок Жайлау и Бутаковского ущелья.

В рамках экологической акции в этот день в кампусе Казахского национального университета имени Аль-Фараби прошел субботник. В нем приняли участие руководство университета, профессорско-преподавательский состав и студенты, всего более 4000 человек.

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев лично проинспектировал ход субботника и пожелал молодежи плодотворной работы.




## ҚАЗҰУ МЕН КАТАР УНИВЕРСИТЕТІ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Астана қаласында өткен Қазақстан-Катар инвестициялық форумы аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Катар университеті Меморандумға қол қойды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың Катар университетінің президенті Хасан Рашид Әл-Дерхаммен кездесуі нәтижесінде екі университет арасында өзара түсіністік туралы келісімге қол жеткізілді.

Университет басшысы өз сөзінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті катарлық жоғары оқу орындарымен араб тілі мен мәдениеті, исламтану саласында маман даярлау, академиялық ықпалдастық және мұнай химиясы, наноматериалдар мен нанотехнологиялар, жаңартылатын энергия және киберқауіпсіздік бойынша тәжірибе алмасып келе жатқанын атап өтті.

«Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында ҚазҰУ-дың жас ғалымдары ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өту үшін Катардың жоғары оқу орындарында болды. Сонымен қатар Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту тәжірибесін белсенді дамыта отырып, біз Катардан келген беделді ғалымдарды дәріс оқуға және PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік етуге

шақырдық», – дей келе, Жансейіт Түймебаев меморандум өзара тиімді қарым-қатынастарға жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

Жетекші жоғары оқу орындары арасында қол қойылған меморандум шеңберіндегі ынтымақтастық: ғылыми зерттеулердің нәтижелері, ақпарат және тәжірибе алмасу, статистикалық деректер, материалдарды жариялау, бірлескен зерттеулер, конференциялар, кеңестер мен тренингтер өткізу және өзге де салаларды қамтиды.

## ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ МЕЖДУ КАЗНУ И КАТАРСКИМ УНИВЕРСИТЕТОМ

В рамках Казахстанско-катарского инвестиционного форума, прошедшего в г.Астана, состоялось подписание Меморандума между КазНУ и Катарским университетом.

Встреча Председателя Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева с Президентом Катарского университета Хасан Рашид Аль-Дерхамом завершилась подписанием Меморандума о взаимопонимании между двумя университетами, определившего направления дальнейших партнерских взаимоотношений.

В своем выступлении руководитель университета подчеркнул, что Казахский национальный университет имени Аль-Фараби объединяет с катарскими вузами давнее сотрудничество в области совместной подготовки специалистов по арабскому языку и культуре, исламоведению, академическому обмену и опытом в области нефтехимии, наноматериалов и нанотехнологий, возобновляемой энергии и кибербезопасности.

«В рамках программы академической мобильности обучающихся и ППС молодые ученые КазНУ выезжали в вузы Катара для прохождения и проведения научно-исследовательских работ, – отметил ректор. – Активно развивая практику привлечения зарубежных ученых в вузы Казахстана, мы приглашали авторитетных ученых из Катара для чтения лекций и осуществления научного руководства докторантами PhD». Завершая выступление, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев выразил уверенность в том, что меморандум придаст новый импульс развитию взаимовыгодных отношений.

Сотрудничество в рамках подписанного между вузами меморандума охватывает области: обмена опытом, информацией, результатами научных исследований, статистических данных, публикации материалов, проведения совместных исследований, конференций, совещаний и тренингов и др.



# «ДАРА» ҚОРЫНА – 15 ЖЫЛ

Алматыда Ә.Қастеев мұражайында «Дара» қайырымдылық қорының 15 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Оған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениет пен өнер майталмандары қатысты.

ҚазҰУ ректоры «Дара» қайырымдылық қорының 15 жылдық биік белесімен құттықтап, қайырымдылық адамдардың бір-біріне көрсететін ең ізгі, асыл қасиеттерінің бірі екенін атап өтті.

«Қазақ халқында «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген бір керемет сөз бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биыл «Қазақстан халқына» қоғамдық қорын құрғаны белгілі. Мұндағы мақсат – жеке көздер арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, қайырымдылық көмек беру. Президент өз сөзінде қайырымдылыққа атсалысатын адамдардың саны тұрақты артып келе жатқанын үнемі еске салып отырады. Соның ішінде «Дара» қайырымдылық қоры 15 жыл бойы кең-байтақ Қазақстанның түкпір-

түкпіріндегі талантты тұлғаларға қол ұшын созып, өнері мен қабілетін танытуға айрықша үлес қосып келеді. Қор басшысы Гүлнар Есенгелдіқызы нардың жүгін көтеріп, ер-азаматтардың өзі жүрексінетін жұмысты бұйым көрмей атқарып келеді. Осы 15 жыл ішінде көмекке мұқтаж жандар мен жетім балаларға арналған әлеуметтік жобалары жемісті нәтиже берді», – деді университет ректоры.

Сондай-ақ «Дара» қорының көпбалалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көрсетіп жатқан қамқорлығы да халық тарапынан оң бағаға ие болды. Қор жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастыруына, білімдерін жетілдіруге және шығармашылықтарын дамытуға өзіндік жол ашып отыр.

Өз сөзінде Жансейіт Түймебаев қайырымдылық қорының басшылығы мен ұжымының алдағы жұмыстарына үлкен жетістіктер тілеп, естелік сыйлықтарын табыс етті.

## ФОНДУ «ДАРА» – 15 ЛЕТ

В Алматы в музее имени А.Кастеева прошло мероприятие приуроченное к 15 летнему юбилею благотворительного фонда «Дара». В ее работе приняли участие: Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, известные государственные и общественные деятели.

Поздравляя руководство благотворительного Фонда с юбилейной датой, ректор вуза отметил, что благотворительность – одно из самых добрых, благородных качеств, которые люди проявляют друг к другу.

«Как вы знаете, в этом году Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев создал общественный фонд «Қазақстан халқына». Цель – поддержка социально уязвимых слоев населения и оказание благотворительной помощи через частные источники. В своих выступлениях Президент страны постоянно напоминает, что количество людей, принимающих участие в благотворительности, неуклонно растет. В том числе благотворительный фонд «Дара» на протяжении 15 лет вносит особый вклад в развитие искусства и способностей талантливых личностей Казахстана».

Деятельность фонда «Дара» началась 15 лет назад под руководством Гульнары Досаевой. Надо отметить, что не всем дано нести такое бремя. За эти годы социальные проекты для нуждающихся в помощи детей-сирот дали свои плоды и реальные результаты», – отметил Ж.К.Туймебаев. Миссией фонда является реализация проектов, направленных на улучшение условий жизни и расширение возможностей развития детей-сирот и детей с особыми образовательными потребностями. Также было отмечено, что положительную оценку со стороны населения получила и забота, оказываемая многодетным семьям и гражданам с ограниченными возможностями. Фонд «Дара» открывает путь для формирования здорового образа жизни, совершенствования знаний и развития творчества молодого поколения.

В завершение ректор КазНУ имени Аль-Фараби Ж.Туймебаев пожелал руководству и коллективу фонда больших успехов в дальнейшей работе и вручил памятные сувениры.




## ТІЛШІ ҒАЛЫМДЫ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев көрнекті тілші-ғалым, ҚР ҰҒА академигі Зейнеп Базарбаеваның 70 жылдығына арналған «XXI ғасыр тілтанымдық ойдың даму үдерісі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылуына қатысты.

Алқалы жиында ЖОО басшысы сөз сөйлеп, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың дамуына сүбелі үлес қосқан профессор Зейнеп Мүсілімқызын мерейлі жасымен құттықтады.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкерден бастап, академиялық мәртебеге қол жеткізуіңіз тынымсыз ізденіс пен қажырлы еңбегіңіздің нәтижесі. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың дамуына елеулі үлес қосып, «Филология» және «Шетел филологиясы» мамандықтары бойынша PhD диссертациялық ғылыми кеңестің мүшесі болып келесіз. Сіздің лингвистика саласындағы мазмұны терең еңбектеріңіз ғылыми ортада мойындалып, жоғары бағаланды. Жастардың қамқоршысы болып, білімді шәкірттер тәрбиелеп, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырдыңыз», – деген жылы лебізін білдірді. Жансейіт Түймебаев өз сөзінде ғалымның қажырлы еңбегінің жас ұрпаққа үлгі-өнеге екенін атап өтті.

Сондай-ақ ғылыми шараға қатысушы ғалымдар түркітілдес халықтардың тілі мен әдебиетін зерттеген тұлғаның адамгершілік қасиеті мен жетістіктері, мол тәжірибесі жайлы айтып, мерейтой иесіне ізгі тілектерін жеткізді. Қатысушылар баяндамаларында тіл білімінің өзекті мәселелері кеңінен қозғалды.

## ПОЗДРАВИЛИ УЧЕНОГО ЯЗЫКОВЕДА С ЮБИЛЕЕМ

Председатель Правления-Ректор Казахского национального университета им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в международной научно-практической конференции «Процесс и перспективы развития языковой мысли XXI века», посвященной 70-летию видного ученого-корреспондента, академика НАН РК Зейнеп Базарбаевой.

Выступая на заседании коллегии, руководитель вуза поздравил с юбилеем профессора Зейнеп Муслимовну, внесшую значительный вклад в развитие КазНУ им. Аль-Фараби. «Начав трудовую деятельность в Институте языкознания имени Ахмета Байтурсынова в качестве младшего научного сотрудника вы достигли академического статуса. Это результат вашего кропотливого поиска и огромного труда. Вы и сегодня продолжаете вносить значительный вклад в развитие КазНУ и являетесь членом диссертационного ученого совета PhD по специальностям «Филология» и «Иностранная филология». Ваши глубокие труды в области лигвистики получили признание и высокую оценку в научной среде. «Вы стали попечителем молодежи, воспитали образованных учеников и создали свою научную школу», – сказал ректор КазНУ. Кроме того, Жансеит Туймебаев отметил, что самоотверженный труд ученого является примером для подрастающего поколения.

Также участники конференции рассказали о богатом опыте, нравственных качествах и достижениях Зейнеп Базарбаевой, изучавшей язык и литературу тюркоязычных народов, а также высказали юбиляру свои наилучшие пожелания. В своих докладах ученые обсудили актуальные вопросы языкового образования.



# ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЫН БАСҚАРҒАН Т.ТӨЛЕГЕНОВКЕ МЕМОРИАЛДЫҚ БАРЕЛЬЕФ АШЫЛДЫ

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында жарты ғасыр бұрын ҚазҰУ қалашығының құрылысын басқарған көрнекті сәулетші және құрылысшы Тарас Төлегеновке арналған мемориалдық барельефтің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, университет ректоры болған академик Өмірбек Жолдасбеков тұсында ҚазҰУ қалашығының құрылысын басқарған Тарас Төлегеновтің қосқан еңбегін жоғары бағалады.

«Биыл қалашықтың құрылғанына және құрылысының басталғанына 50 жыл толды. ҚазҰУ қалашығының бой көтеруіне Тарас Сәтмағамбетұлының қосқан үлесі зор», – деп атап өтті университет басшысы. «Кампус қазіргі таңда заман талабына сай өзгеруде. Біз оқу ғимараттары мен жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Жақында Үкімет қаулысымен ҚазҰУ-ға зерттеу университеті мәртебесі берілді. Қазіргі кезде ҚазҰУ қалашығын жаңғыртудың екінші кезеңінің жоспарлап отырмыз. Алдағы уақытта қалашықтың заманауи

инфрақұрылымын жан-жақты дамыту жөніндегі жұмысты жүйелі жалғастыратын боламыз», – деді ЖОО басшысы.

Қайраткер тұлғаның қызы Әселина мен әпкесі Мәдина Тарас Сәтмағамбетұлының еңбегін жоғары бағалаған университет басшылығына жылы лебіздерін білдіріп, үздік студенттерге Тарас Төлегенов атындағы арнайы шәкіртақы тағайындағандарын атап өтті.





## УВЕКОВЕЧИЛИ ПАМЯТЬ О СТРОИТЕЛЕ КАЗГУГРАДА

В КазНУ имени Аль-Фараби, во Дворце студентов имени Жолдасбекова состоялось торжественное открытие мемориального барельефа, посвященного выдающемуся архитектору и строителю Тарасу Тулегенову, который руководил строительством КазГУграда полвека назад.

Торжественное мероприятие открыл Председатель Правления – Ректор Жансеит Туймебаев. Поздравив участников со знаменательным событием, он высоко оценил вклад Тараса Сатмагамбетовича Тулегенова, руководившего строительством КазГУграда рука об руку с первым ректором университета Умирбеком Жолдасбековым.

В этом году исполнилось 50 лет со дня основания и начала строительства Казгуграда. В облике современного КазНУ сохранился почерк талантливого архитектора и строителя Тараса Тулегенова.

«Сегодня мы продолжаем дело Тараса Сагмагамбетовича, – подчеркнул руководитель университета. – Университетский городок преображается в соответствии с требованиями нового времени. Мы провели капитальный ремонт ветхих учебных зданий и общежитий. Сейчас мы потготовили проект – план второго этапа модернизации КазГУграда. Мы будем последовательно продолжать работу по всестороннему развитию современной инфраструктуры КазГУграда».

После церемонии открытия мемориального барельефа и памятной фотосессии с участием почетных гостей состоялось вручение стипендии имени Тараса Сатмагамбетовича, которую в память об отце учредила его дочь Аселина Тарасовна и сестра Мадина.



# КОЛУМБИЯ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖЕР ИНСТИТУТЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ЖОО басшылығының Колумбия университеті жанындағы Жер институтының директоры Янис Бен Амормен кездесуі өтті. Жүздесуде екіжақты ынтымақтастықтың даму келешегі талқыланды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев әлемнің жетекші университеттері және ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыстың маңызына тоқталды.

«Бүгінгі таңда ҚазҰУ АҚШ-тың түрлі саладағы академиялық мекемелерімен қарқынды ықпалдастықта. Қазірге дейін 10-нан астам жетекші университет, институт, ғылыми орталық, қауымдастық және үкіметтік емес ұйымдармен келісімге қол қойылды. Түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар табысты жүзеге асырылуда», – деді ректор.

Өз кезегінде Янис Бен Амор ҚазҰУ басшылығына қонақжайлылығы үшін алғыс білдіріп, Жер институты қолға алған жаңа жобалармен таныстырды. ҚазҰУ-мен қарым-қатынас аясын кеңейтуге және тәжірибе алмасуға дайын екенін жеткізді.




## РАСШИРИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С ИНСТИТУТОМ ЗЕМЛИ ПРИ КОЛУМБИЙСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошла встреча руководства вуза с директором Института Земли при Колумбийском университете Янис Бен Амором.

Поприветствовав гостя, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев ознакомил его с главными направлениями сотрудничества с ведущими вузами мира и деятельностью исследовательского вуза, нацеленного на повышение глобальной конкурентоспособности и подготовку востребованных высококвалифицированных специалистов.

В свою очередь, директор Института Земли при Колумбийском университете Яни Бен Амор рассказал о деятельности иститута и выразил готовность дальнейшего развития двустороннего сотрудничества. В завершение мероприятия стороны обменялись мнениями и договорились о расширении коллаборации.




## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ THE WUR 2023 РЕЙТИНГІНДЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Times Higher Education (THE) WUR 2023 әлемдік университеттер рейтингінде 1001-1200 орынға ие болды. Әлемдік университеттер рейтингіне Қазақстанның үш университеті енді.

Рейтингте бірінші орында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, одан кейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (1201-1500) және Қ.Сәтбаев университеті (1501+).

Times Higher Education World University Rankings 2023 әлемдік университеттер рейтингі 104 ел мен аймақтан 1799 университеттің қызметін сараптады. Бұл рейтинг зерттеу университеттерінің барлық негізгі миссияларын: оқыту, зерттеу, білім беру

және халықаралық көзқарас бойынша көрсеткішін беретін жалғыз жаһандық нәтижелік кесте болып табылады.

Мұқият таңдалған 13 өнімділік көрсеткіштері студенттер, ғалымдар, университет басшылары, өнеркәсіп және үкіметтер сенетін ең толық және теңдестірілген салыстыруларды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Тиімділік көрсеткіштері бес бағыт бойынша топтастырылған: оқыту (оқыту ортасы); зерттеу (көлемі, кірісі және беделі); дәйексөздер (зерттеу әсері); халықаралық көзқарас (қызметкерлер, студенттер және зерттеулер); өнеркәсіптік кіріс (білімді тарату).

ҚазҰУ табысты трансформацияға ықпал ететін халықаралық ғылыми кеңістікте серпінді ілгерілеуде.

## КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ В РЕЙТИНГЕ THE WUR - 2023

Казахский национальный университет имени аль-Фараби в мировом рейтинге университетов Times Higher Education (THE) WUR - 2023 занял позицию 1001-1200. Три вуза Казахстана вошли в мировой рейтинг университетов, первым в рейтинге значится Казахский национальный университет имени аль-Фараби, после него идут Евразийский национальный университет имени Л.Гумилёва (1201-1500) и Satbayev University (1501+).

Рейтинг университетов мира Times Higher Education за 2023 год проанализировал деятельность 1799 университетов из 104 стран и регионов. Мировой рейтинг университетов Times Higher Education — это единственная глобальная таблица эффективности, в которой оцениваются исследовательские университеты по всем их основным задачам: преподавание, исследования, передача знаний и международные взгляды.

Используется 13 показателей эффективности, обеспечивающие сбалансированное сравнение и охватывающие мнение студентов, ученых, руководителей университетов, а также представителей промышленности и производства.

Показатели эффективности сгруппированы по пяти направлениям: Преподавание (среда обучения); Исследования (объем, доход и репутация); Цитаты (исследовательское влияние); Международные взгляды (сотрудники, студенты и исследования); и Промышленный доход (передача знаний).

КазНУ динамично продвигается в международном - научном пространстве, что способствует успешной трансформации.




## АКАДЕМИК СҰЛТАН САРТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Біз конституциялық кеңістікте өмір сүріп жатырмыз: академик Сұлтан Сартаевтың саяси-құқықтық көзқарастары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев конференцияны ашып, академиктің егемен мемлекеттің қалыптасуындағы рөлін атап өтті.

«Академик Сұлтан Сартаев – еліміздегі алғашқы құқықтық реформаларды жүзеге асыруға айрықша үлес қосқан ғалым. Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның, ҚР азаматтығы туралы, ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы, Тіл туралы заңдарды, Ата заңымызды жасауға және қабылдауға тікелей қатысқан қайраткер тұлға», – деді ЖОО басшысы.

Сондай-ақ халықаралық басқосуда мемлекет және қоғам қайраткерлері, халықаралық және отандық сарапшылар, ғалымдар сөз алып, ғалымның халқына сіңірген ерен еңбегі жайлы ой толғап, пікір білдірді. Академик Сұлтан Сартаев егемен мемлекеттің қалыптасу тарихында, қоғамдық қызметте, халықаралық қатынастарда, заң білімі мен ғылымында, Қазақстанның құқықтық және этикалық санасында ерекше орын алатынын зерделеді.

# У ИСТОКОВ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась Международная научно-практическая конференция «Мы живем в конституционном пространстве»: политико-правовые взгляды академика Султана Сартаева», организаторами который выступили кафедры теории истории государства и права, конституционного и административного права; уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета.

Открывая конференцию, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил роль академика С. Сартаева в становлении суверенного государства. Он выступал одним из авторов Декларации «О государственном суверенитете Казахской ССР» от 25 октября 1990 г., Конституционного закона «О независимости Республики Казахстан» от 16 декабря 1991 г. и других исторических законодательных актов РК.

Академик Султан Сартаев занимает особое место в истории становления суверенного государства, общественной деятельности, международных отношений, в юридическом образовании и науке, правовой и этической мысли Казахстана.





# ҚАЗАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазан федералды (Еділ) университетінің делегациясымен кездесті.

Білім ордасының басшысы қонақтарға ҚазҰУ-ға арнайы сапармен келгені үшін алғысын білдіріп, QS рейтингінде 150 орын алып отырған Қазақстанның жетекші көпсалалы жоғары оқу орнының қызметі туралы хабардар етті.

ҚазҰУ Ресейдің жетекші университеттерімен ынтымақтастық туралы 190-нан астам екі жақты келісімге қол қойған. Бүгінде университет қабырғасында Ресейден келген 54 студент білім алуда. Оның 18-і грантпен, 36-сы келісім-шарт негізінде оқып жатыр.

«2014 жылдан бастап біздің университеттер арасында әріптестік келісім жасалған, биыл ҚазҰУ медицина және денсаулық факультетінің бір докторанты Қазан мемлекеттік медицина университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті», – деді ҚазҰУ университетінің басшысы.

Келіссөздер барысында тараптар пікір алмасып, өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Қорытындылай келе, тараптар академиялық ұтқырлық бағдарламасын жандандыру, сондай-ақ PhD докторанттарға дәріс оқу және ғылыми жетекшілік ету үшін жетекші ғалымдармен алмасуға келісті.




## ДЕЛЕГАЦИЯ КАЗАНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ПОСЕТИЛА КАЗНУ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с делегацией Казанского федерального (Приволжского) университета.

Глава вуза поблагодарил гостей за визит в КазНУ, который занимает 150-е место в рейтинге QS.

КазНУ подписал более 190 двусторонних соглашений о сотрудничестве с ведущими университетами России. Сегодня в стенах университета обучаются 54 студента из России. Из них 18 обучаются на грантах, 36 – на контрактной основе.

«С 2014 года между нашими университетами заключено партнерское соглашение, в этом годудокторант факультета медицины и здоровья КазНУпрошел научную стажировку в Казанском государственном медицинском университете», – сказал глава университета КазНУ.

В заключение стороны договорились активизировать программу академической мобильности, а также обменяться ведущими учеными для чтения лекций и научного руководства докторантами PhD.



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Цукуба университетінің профессоры Такаши Ниномиямен кездесті.

Университет басшысы өз сөзінде екі жоғары оқу орны арасындағы ынтымақтастық барысына тоқталды. Цукуба университетімен келісімге қол қойылған сәттен бастап ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін дамытуға бағытталған бірқатар жобалар іске асырылды. Биыл 8 докторант, 1 магистрант, 15 бакалавр және 4 ҚазҰУ қызметкері Жапонияда академиялық ұтқырлық бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуде. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да Кобе, Токио шет тілдер және Токио университеттерінен алты студент білім алуда.

«Сіздің Цукуба университетіндегі «Кампустағы кампус» жобасының үйлестірушісі ретіндегі жұмысыңызды ерекше атап өткім келеді. Жоба аясында ҚазҰУ-мен қатар, Бордо, Тайвань, Сан-Паоло, Гренобль, Утрехт сынды әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен табысты жобаларды жүзеге асырып келесіз», – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

# СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО

В Казахском университете имени Аль-Фараби состоялась встреча Председателя Правления – Ректор КазНУ Жансеита Туймебаева с профессором Университета Цукуба Такаши Ниномия.

В приветственном выступлении Председатель Правления – Ректор КазНУ имени аль-Фараби остановился на основных вехах сотрудничества между двумя вузами. С моменты подписания соглашения о сотрудничестве с Университетом Цукуба совместно реализуется ряд проектов, направленных на развитие научно-исследовательской и образовательной деятельности. В этом году 8 докторантов, 1 магистрант, 15 бакалавров и 4 сотрудника КазНУ проходят научную стажировку в Японии по академической мобильности. В настоящее время в КазНУ обучаются 6 студентов из Университета Кобе, Токийского университета иностранных языков, Токийского университета.

«Особо хочу отметить вашу работу в качестве координатора проекта «Кампус в кампусе» в университете Цукуба, – подчеркнул руководитель вуза. – В рамках этого проекта вы наряду с КазНУ реализуете успешные проекты с ведущими мировыми вузами – университетами Бордо, Тайваня, Сан-Паоло, Гренобля, Утрехта. С вашей помощью в университете Цукуба открыт центр Аль-Фараби, ведется системная работа. Как квалифицированный специалист в области востоковедения вы преподаете в университете с 2014 года. Благодарю вас за участие в подготовке совместных проектов и образовательных программ, за особый вклад в развитие университета».





# ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ТҮРКІТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Вашингтон университеті Таяу Шығыс тілдері және өркениеті кафедрасының профессоры Талант Мауқанұлы мен Германияның Гиссен университетінің профессоры Майкл Гесті қабылдады. Әңгіме барысында еліміздегі және әлемдегі түркітану саласының дамуы сөз болып, түркологияның өзекті мәселелері талқыланды.

ҚазҰУ басшысы Қазақстан түркі мемлекеттерінің орталығы екенін атап өтіп, бабалар мұрасының баға жетпес құндылығына тоқталды. Түркологияның өзекті мәселелері бойынша ҚазҰУ ғалымдарының ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып келе жатқанын атап өтті.

Түркітанушы шетелдік ғалымдар ҚазҰУ-дың зор әлеуетін ерекше атап өтіп, өзара тиімді ынтымақтастыққа мүдделілік танытты. Сондай-ақ жүздесуде түркі тілдерін зерттеу, оны түпнұсқадан қайта оқудың маңызы және түркілік ортақ қазынаны молайту сынды мәселелер кеңінен қозғалды.





# РЕКТОР КАЗНУ ВСТРЕТИЛСЯ С УЧЕНЫМИ-ТЮРКОЛОГАМИ

Председатель Правления - Ректор Казахского национального университета имени Аль – Фараби Жансеит Туймебаев принял профессора кафедры ближневосточных языков и цивилизации Вашингтонского университета Таланта Мауканулы и профессора немецкого Гиссенского университета Майкла Геса.

В ходе беседы были обсуждены актуальные вопросы тюркологии, развитие тюркологии в стране и мире.

Глава вуза отметил, что Казахстан является центром тюркских государств и подчеркнул неоценимую ценность наследия предков. Он отметил, что ученые КазНУ проводят масштабные тсследования в области тюркологии. Сегодня в университете успешно работает кафедра тюркологии и теории языка.

Тюркологи подчеркнули огромный научно-исследовательский потенциал ученых КазНУ и выразили заинтересованность во взаимовыгодном сотрудничестве. Также в ходе встречи были затронуты такие вопросы, как изучение тюркских языков, значение исследований на основе оригиналов и сохранение общего тюркского наследия.



## ҚАЗҰУ-ДА ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОРЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күніне орай, жас ғалымдар мен үздік білім алушылар форумы өтті. Оған университет басшылығы мен оқытушы-профессорлар құрамының өкілдері, докторанттар, магистранттар мен білім алушылар қатысты.

Форумды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, Республика күніне арналған шараның мәні мен маңызын атап өтті. «Сіздер еліміздің болашағы, жаңа Қазақстанды құрушы жаңа буын өкілдерісіздер. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан – дарынды жастар мекені. Бүгінгі жастар ғылым мен технологияның қыр-сырын игерген өте білімді, алғыр. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз», – деп айрықша атап өткен болатын», – деді ректор.

Форум аясында зерттеулерді коммерцияландыру мәселелері және университеттің жас зерттеуші ғалымдарының ғылыми қызметінің өзекті бағыттары талқыланды.

Жиын соңында ректор жас ғалымдармен еркін форматта кездесіп, ғылымдағы өзекті мәселелерді талқылау үшін Жас ғалымдар клубын құруды және ғылыми жетістіктер көрмесін ұйымдастырып, ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізуге жол ашатын Жас ғалымдар қорын құруды тапсырды.



# В КАЗНУ СОЗДАДУТ ФОНД МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел Форум молодых ученых и обучающихся, приуроченный ко Дню Республики Казахстан.

В мероприятии приняли участие: Председатель Правления - Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, представители руководства и профессорско-преподавательского состава университета, докторанты, магистранты и обучающиеся.

Открывая форум Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев, отметил особое значение мероприятия в преддверии Дня Республики.

«Вы – будущее нашей страны, представители молодого поколения, созидающего новый Казахстан, – отметил руководитель университета. – Глава государства Касым-Жомарт Токаев говорил о том, что Казахстан – страна талантливой молодежи, образованной, знающей тонкости науки и технологий. Мы должны сделать все возможное, чтобы открыть для вас новые горизонты и расширить поле деятельности».

В рамках форума обсуждались возможности и перспективы самореализации нового поколения ученых-исследователей университета, а также вопросы коммерциализации исследований и другие вопросы их научной деятельности.

В завершение ректор поручил создать Клуб молодых ученых для обсуждения актуальных проблем в науке в свободном формате, а также организовать фонд и выставку научных достижений, которые позволят внедрять научные разработки в производство.



# ҚАЗҰУ-ДА ӘЛЕМ АРХИВШІЛЕРІ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде I Халықаралық архившілер конгресінің «Архивтер, музейлер және кітапханалар: ұлттық жадты сақтау міндеттерінің бірлігінде білім беру траекториясын өзгерту» атты диспут-сессиясы өтті. Оған қазақстандық мамандармен қатар шетелдік эксперттер, университет оқытушы-профессорлары мен білім алушы жастары қатысты.

Іс-шара модераторы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев алдымен құрметті қонақтарды таныстырып, университеттің архившілер мен құжаттанушы мамандарды даярлауда алдыңғы орында екенін жеткізді.

Университетте «Архивтану және деректану» білім беру бағдарламасы 1991 жылдан оқытылып келеді. ҚазҰУ мен ҚР Президенті архиві арасындағы дуальды білім беру туралы меморандум аясында оқу-өндірістік «Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану» кафедрасы табысты жұмыс істейді. «IT құжаттану және мұрағаттану» мамандарын даярлау биыл екінші жыл жүргізілуде.

Сонымен қатар жетекші оқу орны жыл сайын ҚР Президентінің архиві және Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен бірлесіп жас мұрағатшылардың Халықаралық жазғы мектебін өткізеді.

«Бүгінде ҚазҰУ-дың «Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану» кафедрасында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.

Жақын арада университеттің Ыстамбұл және Бішкек филиалдарында осы сала бойынша мамандар даярлау және ҚазҰУ базасында Орталық Азия бойынша «Құжаттану және мұрағаттар» ғылыми орталығын ашу жоспарлануда», – деді Жансейіт Түймебаев.

Шақырылған қонақтар қатарында Түркия Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік архивтер басқармасының директоры Угур Унал, Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік бюросының байланыс және ақпараттандыру бөлімінің басшысы Сергей Карпов, ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұра комитеті төрағасының орынбасары Рустам Музафаров сөз сөйлеп, пікір білдірді.

## В КАЗНУ АРХИВИСТЫ МИРА ОБМЕНЯЛИСЬ ОПЫТОМ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась диспут-сессия I Международного конгресса архивистов «Архивы, музеи и библиотеки: изменение образовательной траектории в единстве задач сохранения национальной памяти».

В конгрессе приняли участие как казахстанские специалисты, так и зарубежные эксперты, профессорско-преподавательский состав и обучающаяся молодежь университета.

Модератор мероприятия – Председатель Правления-Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев представив почетных гостей, отметил успехи в деятельности университета, который занимает лидирующие позиции в подготовке архивистов и документоведов.

Образовательная программа «Архивоведение и источниковедение» в университете изучается с 1991 года. В рамках меморандума о дуальном образовании между КазНУ и архивом Президента РК успешно функционирует учебно-производственная кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения. Подготовка специалистов «IT документоведение и архивоведение» в этом году ведется второй год.

Кроме того, ведущее учебное заведение ежегодно совместно с архивом Президента РК и Российским государственным гуманитарным университетом проводит Международную летнюю школу молодых архивистов.

«Сегодня на кафедре всемирной истории, историографии и источниковедения КазНУ уделяется особое внимание научно-исследовательской работе. В ближайшее время планируется подготовка специалистов в этой области в Стамбульском и Бишкекском филиалах университета и открытие на базе КазНУ научного центра «Документоведение и архивы в Центральной Азии», – сказал Жансеит Туймебаев.

В числе приглашенных гостей выступили также: директор Управления государственных архивов при Президенте Турецкой Республики Угур Унал, руководитель отдела коммуникации и информации Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы Сергей Карпов, заместитель председателя комитета нематериального культурного наследия ЮНЕСКО Рустам Музафаров.




## ҚАЗҰУ-ДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күніне орай, «Әділ мемлекет. Біріккен ұлт. Өркендеген қоғам» атты республикалық жастар форумы өтті.

Ректор өз сөзінде жаңа Қазақстанды бәсекеге қабілетті жастар, өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ғана қалыптастыра алатынын айтып, сұранысқа ие білікті мамандарды даярлау үшін университетте ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанына тоқталды.

Форум барысында ректор салтанатты жиынға қатысушыларға Мемлекет басшысы бекіткен ҚазҰУ құрылысының екінші кезеңінің жобасын таныстырды.

# В КАЗНУ ПРОШЕЛ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ФОРУМ МОЛОДЕЖИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел республиканский молодежный форум «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество», приуроченный ко Дню Республики Казахстан.

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, приветствуя гостей и студентов объявил об открытии молодежного форума.

В своем выступлении ректор отметил, что в Послании Президента РК Касым-Жомарта Токаева «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество», Глава государства уделяет особое внимание молодежи и возлагает на нее большие надежды.

«Новый Казахстан» в современном мире может сформировать только конкурентоспособная молодежь и специалисты, которые в совершенстве владеют своей профессией, – отметил руководитель университета. – В университете проводится большая работа по подготовке квалифицированных и востребованных специалистов». Также присутствующим на торжественном мероприятии был продемонстрирован проект второй очереди строительства КазНУ, утвержденный Президентом РК К.Токаевым.






## ӘДІЛЕТ ГЕНЕРАЛ-МАЙОРЫ МҰХТАР ЖӨРГЕНБАЕВ: «ЖАҚСЫ ҰСТАЗ БОЛУ ҮШІН ЖАҚСЫ ШӘКІРТ БОЛА БІЛУ ҚАЖЕТ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әділет генерал-майоры, ҚР прокуратурасының құрметті қызметкері, заңгер Мұхтар Жөргенбаев көшбасшылық дәріс оқыды.

Дәріске зиялы қауым өкілдері, прокуратура саласының ардагерлері, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Көшбасшылық дәрісті білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Мұхтар Әкебайұлы қай қызметте болса да, өзін кәсіби маман, мықты ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде көрсете білген азамат екенін атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен елімізге танымал мемлекет қайраткерлері, ақын-жазушылар, спортшылар, мықты журналистер, прокурорлар шықты. ҚазҰУ – білімнің қара шаңырағы. Осы мықтылар шыққан білім ордасына келіп, көшбасшылық

дәріс оқу маған үлкен мәртебе. «Жақсы ұстаз болу үшін жақсы шәкірт бола білу қажет» деген сөз қазақта бекер айтылмаған. Қазір жақсы шәкірт бола білген студент ертең мықты ұстаз болады. Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Бүгінгі жас – болашақ жаңа Қазақстанның жанды бейнесі. Сондықтан білікті және білімді маман болып шығуларыңыз үшін сапалы білім алуларыңыз керек», – деді Мұхтар Әкебайұлы.

Сондай-ақ өз сөзінде Мұхтар Жөргенбаев қызметтегі жетістіктері мен өмір жолынан сыр шертіп, жастарды озық білімді игеріп, өз елінің патриоты болуға шақырды.

Жұмыс барысындағы қызықты оқиғаларын әңгімелеген Мұхтар Әкебайұлы дәріске қатысушы студенттердің сұрауы бойынша ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа айтып, ақын шығармалары туралы өз ойын білдірді.

Дәріс соңында тыңдаушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ой-пікірлерін ортаға салды.

Кездесу соңында университет ректоры Жансейіт Түймебаев Ғылыми кеңестің шешімімен құрметті мейманға «Әл-Фараби» Күміс медалін табыстады.





# ГЕНЕРАЛ-МАЙОР ЮСТИЦИИ М.ЖОРГЕНБАЕВ: «ЧТОБЫ БЫТЬ ХОРОШИМ УЧИТЕЛЕМ, НУЖНО БЫТЬ ХОРОШИМ УЧЕНИКОМ»

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби с лидерской лекцией выступил генерал-майор юстиции, почетный работник прокуратуры РК, юрист Мухтар Жургенбаев.

В мероприятии приняли представители интеллигенции, ветераны прокуратуры, профессорско-преподавательский состав и обучающаяся молодежь.

С приветственным словом выступил руководитель вуза Жансеит Туймебаев, отметив, что Мухтар Акебаулы – является сильным организатором, квалифицированным руководителем и профессионалом своего дела.

«КазНУ имени Аль-Фараби выпустил известных государственных деятелей, поэтов-писателей, спортсменов, сильных журналистов, прокуроров. КазНУ – наша альма-матер.

Для меня большая честь приехать в учебное заведение и прочесть лекцию, где учились и получили образование самые авторитетные профессионалы нашей страны. У казахов есть поговорка: «Чтобы быть хорошим учителем, нужно быть хорошим учеником». Ученик, который может быть хорошим учеником сегодня, может стать завтра сильным учителем. Будущее любой страны – это образованная молодежь. Сегодняшняя молодежь – это яркий образ будущего нового Казахстана. Поэтому, чтобы стать квалифицированным специалистом, нужно получить качественное образование», – сказал Мухтар Акебайулы.

Также в своем выступлении лектор рассказал о своих достижениях и жизненном пути. Он поделился интересными жизненными историями, которые случились с ним во время его работы. По просьбе студентов Мухтар Акебайулы прочел стихи выдающегося поэта Мукагали Макатаева и разъяснил их смысл и глубину слов.

Во время лекции участники задали интересующие их вопросы и поделились мнениями.

В завершение встречи ректор университета Жансеит Туймебаев по решению ученого совета вручил почетному гостю серебряную медаль «Аль-Фараби».





## ҚАЗҰУ ИНДОНЕЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Сұлтан Сиариф Касим атындағы мемлекеттік ислам университетінің ректоры іссапармен келді. Сапар аясында ҚазҰУ ректоры ЖОО басшысымен кездесіп, әріптестік бағыттар мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

«Студент алмасу келісімі аясында ҚазҰУ-да халықаралық құқық, халықаралық қатынастар, экономика және менеджмент мамандықтары бойынша Индонезияның бес студенті білім алуда. Тағылымдамадан өту, студент алмасу, ғылыми орта қалыптастыру және «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы аясында жетекші ғалымдардың дәріс оқуы белсенді түрде жүзеге асырылуда. ҚазҰУ білім мен ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту жөніндегі барлық бастамаларды қолдауға дайын», – деді Жансейіт Түймебаев.



# КАЗНУ РАСШИРЯЕТ СОТРУДНИЧЕСТВО С ГЛАВНЫМ ВУЗОМ ИНДОНЕЗИИ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби посетил ректор Государственного исламского университета им. Султана Сярифа Касима в г. Риау (Индонезия). На встрече с руководством КазНУ, состоявшейся в рамках визита, был подписан Меморандум о сотрудничестве, определивший направления и перспективы дальнейшего партнерства.

«Помимо обмена студентами, стажировками, активно привлекаются ведущие ученые в рамках программы «Привлечение зарубежных специалистов в вузы Казахстана», для чтения лекций и осуществления научного руководства, –подчеркнул ректор КазНУ Жансеит Туймебаев. – КазНУ готов поддерживать все инициативы по развитию взаимовыгодного сотрудничества по различным направлениям образования и науки».




## ҚАЗҰУ-ДА РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті. Жиынға оқу орнының басшылығы, оқытушы-профессорлары мен білім алушы жастар қатысты.

Мерекелік шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қайта жаңғыртқан ұлттық мереке – Республика күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

1990 жылы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияда Қазақстанның шекарасы, азаматтығы, дипломатиялық дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл құжат тәуелсіздігіміздің басты алғышарты, негізгі тірегі саналады. Жаңа Қазақстан құру жолында Республика күні мерекесінің қайтарылуы маңызды және тарихи шешім болды», – деді ректор.

Құттықтау сөзден соң, ҚазҰУ ректоры білім мен ғылымды дамытуға елеулі үлес қосқан университеттің оқытушы-профессорлары мен қызметкерлерін «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Құрмет грамотасымен» марапаттады.




# СОСТОЯЛОСЬ ТОРЖЕСТВЕННОЕ СОБРАНИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ ДНЮ РЕСПУБЛИКИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялось торжественное собрание, посвященное Дню Республики. В нем приняли участие руководство учебного заведения, профессорско-преподавательский состав и обучающаяся молодежь.

Праздничное мероприятие открыл Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. «От всей души поздравляю вас с Днем Республики, национальным праздником, возрожденным Главой государства Касым-Жомартом Токаевым! В Декларации о государственном суверенитете, принятой 25 октября 1990 года, утверждены границы, гражданство, дипломатическая самостоятельность, государственные символы Казахстана. Этот документ является главной предпосылкой и опорой нашей независимости. Важным и историческим решением стало возвращение празднования Дня Республики на пути создания нового Казахстана», – сказал ректор.

После поздравительной речи ректор КазНУ наградил представителей профессорско-преподавательского состава и сотрудников университета, внесших значительный вклад в развитие образования и науки, медалью «Ерен еңбегі үшін» и Почетной грамотой.




## 25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

**Құрметті оқытушы-профессорлар, студент, магистрант, докторанттар!**

Сіздерді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қайта жаңғыртқан ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1990 жылы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияда Қазақстанның шекарасы, азаматтығы, дипломатиялық дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл құжат тәуелсіздігіміздің басты алғышарты, негізгі тірегіне айналды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде: «Қазақстанның

Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қастерлі Тәуелсіздігімізге жол ашты. Сондықтан бұл тарихи құжаттың мән-маңызы зор.

Біз биылдан бастап Республика күнін ұлттық мереке ретінде жаңа мазмұнда атап өтеміз. Осы бастама жұрттың кең қолдауына ие болып, дәстүрге айналарына сенімдімін. Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке», – деп атап өтті.

Жаңа әлемдегі әділетті, жаңа Қазақстанды бәсекеге қабілетті жастар, өз кәсібін жетік меңгерген кәсіби мамандар, білікті ғалымдар ғана қалыптастыра алады.

Тәуелсіздік тұғырын нығайтып, жаңа Қазақстанның туын жықпай, мемлекетімізді биіктерге көтеру – бәрімізге ортақ міндет.

Көк туымыз желбіреп, еліміздің мәртебесі асқақтай берсін!

Баршаңызға мықты денсаулық, әр шаңыраққа бақыт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Ұлттық мерекеміз – Республика күні құтты болсын!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың**
**Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**





# ПЕНСИЛЬВАНИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебінің деканы Стивен Барнспен кездесті.

Жүздесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орнының жетістіктерімен таныстырып, АҚШ жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық барысына тоқталды.

«Бүгінгі таңда ҚазҰУ АҚШ-тың түрлі саладағы академиялық мекемелерімен белсенді байланыс орнатқан. Қазірге дейін Мичиган, Вайоминг, Скрэнтон, Техас сынды 10-нан астам жетекші университет, институт, ғылыми орталықтармен келісімге қол қойылды. Оның аясында түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар табысты жүзеге асырылуда», – дей келе, ректор ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің PhD докторы Пенсильвания штаты университетінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өткенін атап өтті.

Шетелдік профессор өз сөзінде академиялық ұтқырлық және ықпалдастықтың өзге де бағыттары бойынша әріптестікке дайын екенін жеткізді.

Нәтижесінде екі ҚазҰУ студентін АҚШ университетінде тегін бір семестр бойы оқыту және ақылы негізде оқуға ниет білдірген жастарға жеңілдік жасау, университет оқытушылары мен докторанттарын тәжірибе алмасуға шақыру бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

Кездесуден соң құрметті қонақ университеттің оқытушы-профессорлары және білім алушылары алдында «АҚШ Конституциясына сәйкес, биліктің бөліну қағидасы» тақырыбында дәріс оқыды.

# ПРОФЕССОР ПЕНСИЛЬВАНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ПРОЧЕЛ ЛЕКЦИЮ В КАЗНУ

Руководство Казахского национального университета имени Аль-Фараби провело встречу с деканом Школы права Университета штата Пенсильвания Стивеном Барнсом.

На встрече Председатель Правления КазНУ – Ректор Жансеит Туймебаев ознакомил декана с достижениями учебного заведения и акцентировал внимание на вопросах сотрудничества с высшими учебными заведениями США.

«Сегодня КазНУ установил контакты с академическими учреждениями США в различных областях. На данный момент подписаны соглашения с более чем 10 ведущими университетами, институтами, исследовательскими центрами, сообществами и неправительственными организациями, такими как Мичиган, Вайоминг, Скрэнтон, Техас. В его рамках успешно реализуются различные образовательные программы и научно-инновационные проекты», – сказал ректор, отметив, что доктор PhD факультета международных отношений КазНУ прошел стажировку в Пенсильванском государственном университете по программе «Болашак».

Стивен Барнс также выразил готовность к обмену опытом в области академической мобильности.

В результате переговоров сторон была достигнута договоренность о бесплатном семестровом обучении двух студентов КазНУ и скидках для молодых людей, желающих обучаться на платной основе.

После встречи сторон декан Школы права Пенсильванского Университета Стивен Барнс провел лекцию для студентов и преподавателей КазНУ на тему: «Принципы разделения властей в Конституции США».








# ҚАЗҰУ BEST GLOBAL UNIVERSITIES РЕЙТИНГІНЕ ЕНДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдегі ең үздік 2000 университетті қамтитын Best Global Universities рейтингіне енді.

US News есептеулерінің қорытындысы бойынша барлық ЖОО-лар, сонымен бірге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 13 көрсеткіш бойынша бағаланған: жаһандық бағалау, жаһандық зерттеу беделі, өңірлік зерттеу беделі, жарияланымдар, кітаптар, конференциялар, дәйексөздің әсері, жарияланымдар саны, жарияланымдардың жалпы санының пайызы, халықаралық ынтымақтастық, жоғары цитаталанған мақалалар саны, жоғары цитаталанған мақалалардың пайызы.

Биылғы Best Global Universities жалпы рейтингіне 95 елден 2000 үздік ЖОО кірді.

Рейтинг индикаторлары мынадай көрсеткіштерді қамтиды: жаһандық зерттеу беделі; аймақтық зерттеу беделі; басылымдар; кітаптар; конференциялар; дәйексөздің қалыпқа келтірілген әсері; жалпы дәйексөздер; ең көп кездесетін дәйексөздердің 10 пайызына кіретін жарияланымдардың жалпы санының пайызы; халықаралық ынтымақтастық; өз саласында ең көп келтірілген дәйексөздердің 1 пайызына кіретін мақалалар саны; ең көп келтірілген мақалалардың 1 пайызына кіретін жарияланымдардың жалпы санының пайызы.





# КАЗНУ ВОШЕЛ В РЕЙТИНГ BEST GLOBAL UNIVERSITIES

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби был включен в рейтинг Best Global Universities, который охватывает 2000 лучших университетов мира.

По итогам расчетов US News все вузы, в том числе и КазНУ имени Аль-Фараби оценивались по 13 показателям, как: глобальная оценка, глобальная исследовательская репутация, региональная исследовательская репутация, публикации, книги,конференции, нормализованное влияние цитирования, всего цитирований, количество публикаций, процент от общего числа публикаций, международное сотрудничество, количество высокоцитируемых статей, процент высокоцитируемых статей.

В этом году общий рейтинг Best Global Universities включает 2000 лучших вузов из 95 стран.

Индикаторы рейтинга включают такие показатели: глобальная исследовательская репутация; региональная исследовательская репутация; публикации; книги; конференции; нормализованное влияние цитирования; всего цитирований; количество публикаций, которые входят в 10% наиболее цитируемых; процент от общего числа публикаций, которые входят в число 10% наиболее цитируемых; международное сотрудничество – относительно страны; международное сотрудничество; количество высокоцитируемых статей, которые входят в 1% наиболее цитируемых в своей области; процент от общего числа публикаций, входящих в 1% наиболее цитируемых статей.



# ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ҚР ҰҒА ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Ұлттық ғылым академиясы президиумының кеңейтілген отырысына қатысты. Онда Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау жөніндегі жұмыс барысы талқыланды.

Отырыста сөз алған ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарына назар аударды.

«Қасым-Жомарт Кемелұлы өз бағдарламасында экономика, ғылым, білім, ауыл шаруашылығы, мәдениет және басқа да негізгі салалардағы өзекті мәселелерді қамтыды. Таяу уақытта Қазақстан үшін 150 млрд теңге инвестиция бөлініп, барлық қаражат әділдік бойынша бөлінетін болады. Президент ғылымға ерекше тоқталып, барлық ғалымдарды экономиканың дамуына және елдің болашақ өркендеуіне лайықты үлес қосуға шақырды. Мен Алматы қаласының

сайлауалды штабының төрағасы болып тағайындалдым, онда сегіз аудан бойынша 147 адам жұмыс істейді. Егер біз өз кандидатымызды бірауыздан қолдағымыз келсе, онда 20 қарашада бәріміз оған дауыс беруіміз керек», – деді Жансейіт Түймебаев.

## РЕКТОР КАЗНУ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ НА ЗАСЕДАНИИ НАН РК

Председатель Правления-Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в расширенном заседании Президиума, где члены Национальной академии наук РК обсудили план работы по поддержке кандидата – действующего главы государства Касым-Жомарта Токаева на досрочных выборах президента Казахстана.

Выступая на заседании Президиума НАН РК Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев обратил внимание на приоритетные направления предвыборной программы Главы государства Касым-Жомарта Токаева. В своей предвыборной программе Президент страны выделил актуальные вопросы в экономике, науке, сельском хозяйстве, культуре и др. основных сферах. В ближайшее время 150 млрд тенге инвестиции будут выделены для Казахстана, все средства будут распределены по справедливости. «Президент особо остановился на науке и призвал всех ученых сделать достойный вклад на развитие экономики и в будущее процветание страны. Я был назначен председателем предвыборного штаба г. Алматы, где в восьми районах работают 147 человек. Если мы хотим единогласно поддержать нашего кандидата, то 20 ноября мы должны отдать свои голоса за него».



# ҚАЗҰУ-ДЫҢ IT-ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде «Корпоративтік басқару моделін құрудың негізгі параметрлері», «ҚазҰУ IT-инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамасы» сынды тақырыптар тыңдалып, талқыланды.

Ғылыми кеңесті қорытындылай келе, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қысқы сессияға дайындықты дәйекті түрде жүргізуді, бар инфрақұрылымды сараптауды, цифрлық жүйелердің сапасын арттырып, университеттің негізгі процесс бағдарламасын дайындауды тапсырды. Барлық факультеттер цифрлық технология жұмысын оңтайландыру ісі бойынша ұсыныс енгізуі керек.

Ғылыми кеңес соңында университеттің Ғылыми кітапханасының «Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры» және шығыстану факультетіндегі дәрісханаға Әбсаттар қажы Дербісәлінің есімін беру туралы шешім қабылданды.



## УЧЕНЫЙ СОВЕТ ОБСУДИЛ РАЗВИТИЕ IT-ИНФРАСТРУКТУРЫ КАЗНУ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби прошел очередной Ученый совет, где на повестке дня были заслушаны и обсуждены темы как: «Основные параметры создания модели корпоративного управления», «Концепция развития IT-инфраструктуры КазНУ».

Председатель Правления-Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев подводя итоги поручил провести последовательную подготовку к зимней сессии, провести анализ существующей инфраструктуры, улучшить качество цифровых систем и подготовить программу основных процессов вуза. Все факультеты должны дать предложение по оптимизации работы цифровых технологии. В завершение ученого совета было принято решение о присвоении «Фонду редких книг и рукописей» Научной библиотеки университета и аудитории факультета востоковедения имени Абсаттара хаджи Дербисали.




## ҚАЗҰУ THE WUR BY SUBJECT 2023 РЕЙТИНГІНДЕ ӨЗ ПОЗИЦИЯЛАРЫН ЖАҚСАРТТЫ

Times Higher Education рейтингтік агенттігі әлем университеттерінің 2023 жылға арналған пәндік рейтингінің қорытындыларын жариялады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Times Higher Education World University Rankings by Subject 2023» пәндік рейтингінің қорытындысы бойынша өз позицияларын жақсартты:

- Өнер және гуманитарлық ғылымдар (401-500);
- Бизнес және экономика (601-800);
- Информатика (601-800);
- Әлеуметтік ғылымдар (801+);
- Инжиниринг (801-1000);
- Физика ғылымдары (801-1000).

Биылғы жылы әлемдік рейтингке 104 ел мен аймақтан 1799 университеттердің енгізілді.

Университеттер 11 пәндік сала бойынша рейтингке ие болды: «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және экономика», «Инжиниринг», «Компьютерлік ғылымдар», «Физика ғылымдары», «Клиника және денсаулық», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Өмір туралы ғылымдар», «Білім», «Психология», «Құқық». Жаһандық рейтинг әдістемесі көрсеткіштердің бес тобына біріктірілген және жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттарын көрсететін 13 негізгі индикатор негізінде құрылады. Рейтинг әдістемесі: Білім (30%); Ғылыми-зерттеу жұмысы (30%); Дәйексөз (30%); Интернационалдандыру (7,5%); Ғылыми зерттеулерден түскен табыс (2,5%).

ҚазҰУ зерттеу университетіне айнала отырып, басқа да танылған әлемдік рейтингтерде серпінді ілгерілеуін көрсетуді жалғастыруда.

## КАЗНУ УЛУЧШИЛ СВОИ ПОЗИЦИИ В РЕЙТИНГЕ THE WUR BY SUBJECT 2023

Рейтинговым агентством Times Higher Education опубликованы итоги предметного рейтинга университетов мира на 2023 год. По итогам предметного рейтинга «Times Higher Education World University Rankings by Subject 2023» КазНУ им. аль-Фараби улучшил свои позиции:

-Искусство и гуманитарные науки (401–500);

-Бизнес и экономика (601–800);

-Информатика (601-800);

-Социальные науки (801+);

-Инжиниринг (801-1000);

-Физические науки (801-1000).

В этом году в мировой рейтинг включены большое количество университетов - 1799 из 104 стран и регионов. Вузы ранжировались по 11 предметным областям: «Социальные науки», «Бизнес и экономика», «Инжиниринг», «Компьютерные науки», «Физические науки», «Клиника и здоровье», «Искусство и гуманитарные науки», «Науки о жизни», «Образование», «Психология», «Право». Методология глобального рейтинга строится на основе 13 ключевых индикаторов, объединенных в пять групп показателей и отражающих ключевые области научно-исследовательской деятельности вузов. Методология рейтинга включает: Образование (30%); Научно-исследовательская работа (30%); Цитируемость (30%); Интернационализация (7,5%); Доход от научных исследований (2,5%).

КазНУ трансформируясь в исследовательский университет, продолжает демонстрировать динамичное продвижение в признанных мировых рейтингах.




## КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН №5 ЖАТАҚХАНА ҚАЙТА АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 356 орындық №5 жатақханасы күрделі жөндеуден өтіп, журналистика факультетінің студенттеріне салтанатты түрде қайта берілді. Осыған орай, оқу орнында БАҚ өкілдеріне арналған арнайы баспасөз туры ұйымдастырылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев студенттерді жаңа қоныстарымен құттықтады.

«№5 жатақхананың қолына қалам ұстаған қауым үшін өзіндік терең тарихы бар. ҚазҰУ-да оқыған есімі елге танымал журналистер осы студенттер үйінде тұрды. Бүгін сол дәстүр жалғасын тауып, журналистика факультетінде оқып жатқан білім алушы жастарға қолданысқа берілді. Алдағы уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құрылысының екінші кезеңінде қалашықта жаңа жатақханалар бой көтеретін болады», – деді ректор.

Одан соң университет басшысы журналистерге жатақхананың жөндеу жұмыстарының




барысы жайлы әңгімеледі. Жөндеу кезінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары қайта сыланып, әрленді. Есік-терезе, еден төсеніштері мен жиһаздар сатып алынды. Сонымен қатар электр жүйесі қайта жүргізіліп, жарық беруші шамдар жаңадан орнатылды. Әр секцияға заманауи душ кабиналары қойылып, санитарлық-техникалық жабдықтар ауыстырылды. Бұған қосымша, ғимараттың су құбыры мен кәріз жүйесі монтаждалды.





# ОТКРЫТИЕ ОБНОВЛЕННОГО ОБЩЕЖИТИЯ №5 ПОСЛЕ КАПИТАЛЬНОГО РЕМОНТА

Общежитие №5 на 356 мест Казахского национального университета имени Аль-Фараби после капитального ремонта было торжественно передано студентам факультета журналистики. В связи с этим, в учебном заведении был организован специальный пресс-тур для представителей СМИ.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поздравил студентов с новосельем.

«Общежитие № 5 имеет богатую историю. В этом студенческом доме жили известные журналисты, которые учились в КазНУ. Сегодня эта традиция будет продолжена, здание передано в распоряжение обучающейся на факультете журналистики молодежи. В настоящее время в университете создаются все условия для получения качественного образования. В дальнейшем, на втором этапе строительства Казахского национального университета







имени аль-Фараби, на территории кампуса будут построены новые общежития», – сказал ректор.

Затем руководитель университета рассказал журналистам о том, как проходили ремонтные работы общежития. В процессе работ был отремонтирован фасад здания, а стены всех помещений снова оштукатурены и отделаны. Приобретены двери-окна, напольные покрытия и мебель. Кроме того, была проведена реконструкция электрической системы и установлены новые осветительные приборы. В каждой секции теперь – современные душевые кабины, заменено санитарно-техническое оборудование. Дополнительно оборудованы водопровод и канализация здания.








# ҚАЗҰУ-ДА ММУ ПРОФЕССОРЫ СҮЛЕЙМАН АЛЛАХВЕРДИЕВ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде М.В.Ломоносов атындағы ММУ профессоры Сүлейман Аллахвердиев «Баламалы энергетика: жетістіктер, проблемалар мен перспективалар» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Сондай-ақ Сүлейман Аллахвердиев ҚазҰУ-ға сапары барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың қабылдауында болды. Жүздесуде тараптар екі жоғары оқу орны арасындағы ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру перспективаларын талқылады. Кездесу соңында университет басшысы ғалымға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.





# ПРОФЕССОР МГУ СУЛЕЙМАН АЛЛАХВЕРДИЕВ ПРОЧЕЛ ЛИДЕРСКУЮ ЛЕКЦИЮ В КАЗНУ

Профессор МГУ имени М.В. Ломоносова Сулейман Аллахвердиев прочел лидерскую лекцию «Альтернативная энергетика: достижения, проблемы и перспективы» в КазНУ имени Аль-Фараби.

В ходе визита профессора МГУ Сулеймана Аллахвердиева в ведущий университет страны состоялась встреча почетного гостя с Председателем Правления – Ректором КазНУ имени Аль-Фараби Жансеитом Тумебаевым, на которой обсуждались перспективы сотрудничества между двумя вузами и реализации совместных научно-образовательных проектов. В завершение встречи ученому была вручена медаль КазНУ «Ерен еңбегі үшін».





## ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметімен және күрделі жөндеуден өткен жұмыс орнымен танысты.

Ректорды Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры – Баспасөз хатшысы Қаншайым Байдәулет қарсы алып, департамент жұмысы туралы ақпарат берді. Департамент қарамағына төрт басқарма және бір сектор кіреді. Баспасөз қызметі, «Farabi University» сайты, «Farabi Media» телестудиясы, «Qazaq universiteti» газеті басқармалары мен Ақпарат

және мониторинг секторы оқу орны басшысының тапсырмасымен қайта жасақталып, ректораттың 3-қабатына орналастырылды. Баспасөз қызметінің телестудиясы құрылып, түсірілім бөлмесі, дыбыс жазу және монтаждау бөлмесі қолдағы бар техникалармен жабдықталып, пайдаланылуға берілді.

Барлық бөлмелер мен дәлізге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, есік-терезелер, жылыту жүйелері ауыстырылды. Қабырғалары қайта сыланып, заманауи әрленді. Еден төсеніштері (ламинат) мен жарық беруші шамдар орнатылды. Электр көздері, интернет желілері қайта жүргізілді. Журналистер тиісті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жиһаздар жаңартылды.

Жансейіт Қансейітұлы Ақпарат және коммуникациялар департаментінің бірлесіп атқарған жұмысын жоғары бағалап, алдағы уақыттағы ұстанар бағыт-бағдарын айқындап берді.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан ұжымға ризашылығын білдіріп, қызметтеріне толағай табыс тілеп, соңынан бірқатар нақты тапсырмалар берді.




ДЕЙІН


КЕЙІН


ДЕЙІН


КЕЙІН


ДЕЙІН


КЕЙІН


ДЕЙІН


КЕЙІН


ДЕЙІН


КЕЙІН


ДЕЙІН


АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ
Баспасөз қызметі басқармасы
Farabi Media телестудиясы
Farabi Media басқармасы
Farabi University сайт басқармасы
"Qazaq Universiteti" газеті басқармасы
Ақпараттық жұмыс және мониторинг секторы
КЕЙІН



# РЕКТОР КАЗНУ ОЗНАКОМИЛСЯ С РАБОТОЙ ПРЕСС-СЛУЖБЫ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев ознакомился с деятельностью Департамента информации и коммуникаций, в котором был проведен капитальный ремонт.

Ректора встретила директор – пресс-секретарь Департамента информации и коммуникаций Кайшайым Байдаулет, которая проинформировала руковолителя вуза о работе подразделения. В ведение департамента входят четыре управления и один сектор. Пресс-служба, сайт «Farabi University», телестудия «Farabi Media», газета «Qazaq Universiteti» и Сектор информации и мониторинга были реорганизованы по поручению руководителя учебного заведения и размещены на 3-м этаже ректората. Создана телестудия пресс-службы, оборудованная съемочной, звукозаписывающей и монтажной комнатами.

Во всех кабинетах и коридоре проведен капитальный ремонт, заменены двери-окна, системы отопления. Стены были повторно оштукатурены и отделаны современными

материалами. Установлены напольные покрытия (ламинат) и осветительные приборы. Возобновлены электрические источники, сети интернет. Журналисты обеспечены соответствующим техническим оборудованием, обновлена мебель.

Жансеит Кансеитович высоко оценил совместную работу Департамента информации и коммуникаций и определил дальнейшие направления.

Он выразил признательность коллективу, пожелал успехов в работе и дал ряд конкретных поручений.








# ҚАЗҰУ-ДА ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ АТАП ӨТІЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына арналған «Жаңа Қазақстан және Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы әділетті қоғам идеясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Мерейтойлық жиынды құттықтау сөзбен ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев «Әдебиетте де, журналистикада да, саясатта да Шерхан Мұртазаның жарқырап даңғайыр даңғыл жолы жатыр. Сол даңғыл жол кейінгі буынға ғажайып, үлкен, дара мектеп болып қалды» – деп, ұлы қаламгердің ұлт руханиятындағы еңбектеріне тоқталды.

Конференция аясында Шерхан Мұртазаның шығармашылығы туралы фильм көрсетіліп, ҚР Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құттықтаулары және онлайн форматта шетелдік ғалымдардың да арнайы құттықтаулары оқылды.

Шара барысында ұлттық идеология, ақпараттық қауіпсіздік, қазір белсенді қолданысқа енген жаңа медиа трендеріне қатысты түйткілді мәселелер жан-жақты талқыланды. Алдағы уақытта конференция материалдары ғылыми жинақта жарияланатын болады.




# В КАЗНУ ОТМЕТИЛИ ЮБИЛЕЙ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ

В Казахском национальном университете им. Аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция «Новый Казахстан и идея справедливого общества в творчестве Шерхана Муртазы», посвященная 90-летию со дня рождения.

С приветственной речью к участникам конференции обратился Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. В своем выступлении он высоко оценил творчество и заслуги народного писателя, государственного и общественного деятеля перед народом.

Участникам конференции был представлен фильм о творчестве Шерхана Муртазы и зачитаны поздравления Председателя Сената РК Маулена Ашимбаева, акима города Алматы Ерболата Досаева, а также в онлайн формате прозвучали поздравления зарубежных ученых.

В ходе конференции обсуждались вопросы национальной идеологии, информационной безопасности, новых медиа-трендов, которые сейчас активно используются, были проанализированы и изучены пути сочетания практических умений и теоретических знаний в профессии журналиста. Материалы конференции будут опубликованы в научном сборнике.



# ӘЗІРБАЙЖАН ЖОО-ЛАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІК АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінің халықаралық қатынастар және бағдарламалар жөніндегі проректоры Неман Мурадлымен кездесті.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады. Жансейіт Түймебаев Әзірбайжаннан келген меймандарды қарсы алып, білім ордасында атқарылып отырған жұмыстармен таныстырып, ғылыми жетістіктеріне тоқталды. Сонымен қатар Неман Мурадлыға шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізудегі университет тәжірибесімен бөлісті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS рейтінгінде 150-ші орында. Бүгінде алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 500-ден астам халықаралық келісімге қол қойылды. Осы келісімдер аясында түрлі оқу-білім беру

бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар іске асырылып келеді. Солардың қатарында Әзірбайжанның жоғары оқу орындары бар. Бұл қатарда Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетімен серіктестік орнатуға ниеттіміз. Жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдаймын», – деді университет басшысы.

Өз кезегінде Неман Мурадлы Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университеті мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерін салатынын айтты.

Кездесу соңында тараптар ізгі тілектер мен естелік сыйлықтармен алмасты.

## РАСШИРЯТСЯ ПАРТНЕРСКИЕ ОТНОШЕНИЯ С АЗЕРБАЙДЖАНСКИМИ ВУЗАМИ

Председатель Правления-Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с проректором по международным отношениям и программам Азербайджанского государственного экономического университета Неманом Мурадлы. Стороны обсудили вопросы дальнейшего двустороннего сотрудничества.

Жансеит Туймебаев приветствовав гостей из Азербайджана, остановился на истории и достижениях учебного заведения. Также поделился опытом университета по сотрудничеству с зарубежными высшими учебными заведениями.

«Казахский национальный университет имени Аль-Фараби находится на 150 месте в рейтинге QS. На сегодняшний день подписано более 500 международных договоров о сотрудничестве с вудущими высшими учебными заведениями и институтами. В рамках этих соглашений реализуются различные образовательные программы и научно-инновационные проекты. Среди них высшие учебные заведения Азербайджана. Мы намерены тесно сотрудничать с Азербайджанским государственным экономическим университетом и поддерживать инициативы, направленные на плодотворное сотрудничество и расширение взаимодействия», – сказал руководитель КазНУ.

В свою очередь Неман Мурадлы поблагодарил ректора вуза за теплый прием и уделенное время. Он отметил, что приложит все усилия для развития сотрудничества между Азербайджанским государственным экономическим университетом и КазНУ имени Аль-Фараби.

В завершение встречи стороны обменялись мнениями и пожеланиями.



# ҒАЛЫМДАР САЯСИ НАУҚАНДА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Ұлттық ғылым академиясы Әлеуметтану бөлімінің кезекті отырысын өткізді.

Жиынды ҚазҰУ ректоры, ҚР ҰҒА Әлеуметтану бөлімінің басшысы Жансейіт Түймебаев ашты.

«Бүгінгі өркениет өлшемі ғылым мен білімнің даму көрсеткішіне тікелей байланысты. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды қалыптастыруда, бәсекеге қабілетті қуатты экономика құруда ғылымның ықпалы зор болуы тиіс», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ қазіргі уақытта Әлеуметтік бөлім мүшелері қоғамдық және гуманитаралық ғылым салаларының көптеген бағыттары бойынша табысты жұмыс атқарып отырғанын айта келе, қоғамдағы әлеуметтік проблемалар сан салалы терең зерттеулерді қажет ететінін алға тартты.

Алқалы жиын барысында Әлеуметтік бөлім академиктері мен корреспондент-мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты талқылап, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.




# УЧЕНЫЕ ПРОЯВЛЯЮТ АКТИВНОСТЬ В ПОЛИТИЧЕСКОЙ КАМПАНИИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев провел очередное заседание отделения социальных наук Национальной Академии наук Республики Казахстан.

Открыл заседание ректор КазНУ, руководитель отделения социальных наук НАН РК Жансеит Туймебаев.

«Формирование сегодняшней цивилизации напрямую зависит от показателя развития науки и образования. Наука должна иметь большое влияние на формирование Нового Казахстана в новом мире, создание мощной конкурентоспособной экономики», – сказал Жансеит Туймебаев.

Также подчеркнув, что в настоящее время члены отделения социальных наук успешно работают по многим направлениям общественной и гуманитарной науки, он отметил, что социальные вопросы в обществе требуют углубленных исследований.

В ходе встречи академики и члены-корреспонденты отделения социальных наук НАН РК подробно обсудили вопросы повестки дня и высказали свое мнение.



## QS негізін қалаушы-Президенті Нунцио Кваккарелли: ҚАЗҰУ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ҮЗДІК ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне QS рейтингінің негізін қалаушы және Президенті Нунцио Кваккарелли арнайы келіп, ҚазҰУ басшылығы мен ұжымын жеткен жетістіктерімен құттықтады.

Университет алғаш рет QS рейтингісі бойынша Орталық Азиядағы ең үздік жоғары оқу орындары тізіміне еніп, 44-ші орынға ие болды. Сондай-ақ, «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингісінде бірінші орында тұр.

Салтанатты шараға QS рейтингінің негізін қалаушы және Президенті Нунцио Кваккарелли, ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христолюбов, университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Өз кезегінде QS рейтингінің негізін қалаушы және Президенті Нунцио Кваккарелли жылы

қабылдағаны үшін университет ұжымына алғысын білдіріп, ҚазҰУ-дың жетістіктерін жоғары бағалады. Өз сөзінде ол QS компаниясының құрылу тарихы туралы қысқаша айтып, тәжірибесімен бөлісті.

Сонымен қатар Нунцио Кваккарелли ҚазҰУ басшылығы мен ұжымын жаһандық рейтингтегі айтулы жетістігімен құттықтап, QS рейтингінде одан әрі ілгерілеуді тіледі. Сөз соңында Кваккарелли мырза Жансейіт Түймебаевқа беделді рейтингтегі жоғары позицияларды растайтын сертификаттарды табыс етті.

## Президент-основатель QS Нунцио Кваккарелли:
## КАЗНУ – ЛУЧШИЙ ВУЗ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Основатель и президент QS Нунцио Кваккарелли посетил КазНУ имени Аль-Фараби поздравил руководство и коллектив университета с успехом. Университет впервые включен в рейтинг QS Азиатского региона вузов и занял в нем 44-е место, а также находится на первой позиции в «QS Asia University Rankings 2023: Центральная Азия».

Встреча с почетными гостями – основателем и президентом QS Нунцио Кваккарелли и региональным директором QS С.В. Христолюбовым – собрала в научной библиотеке аль-Фараби представителей руководства, профессорско-преподавательского состав, ученых и обучающихся университета.

В свою очередь, основатель и президент QS, г-н Нунцио Кваккарелли, поблагодарив за теплый прием, высоко оценил достоинства кампуса, оснащение научной библиотеки Аль-Фараби. В своем выступлении он поделился собственной историей успеха, вкратце рассказав об истории основания компании QS.

Завершая выступление, основатель и президент QS поздравил руководство и коллектив КазНУ со знаменательным событием, пожелал дальнейшего продвижения в рейтинге QS. Г-н Кваккарелли вручил руководителю университета Жансеиту Туймебаеву сертификаты, подтверждающие высокие позиции в авторитетных рейтингах.







# САЯСАТ НҰРБЕК: ҚАЗҰУ ЖАТАҚХАНАДАҒЫ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫН ТИІМДІ ШЕШЕ БАСТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жатақханаларға күрделі жөндеу жүрізіп, бөлмелерді кеңейту арқылы орын тапшылығын шеше бастады. Осы тәсіл арқылы оқу орны алдағы уақытта жатақханалардағы орын санын 2000-ға көбейтуді көздеп отыр.

Бүгін Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен күрделі жөндеуден өткен №10 жатақхана қайта ашылып, студенттерге пайдалануға берілді.

Кездесу барысында министр Саясат Нұрбек жаңарған жатақхана бөлмелерін аралап, студент жастармен пікірлесті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысының жатақхана тапшылығын шешу тапсырмаларына сәйкес атқарылған жұмыстарды атап өтіп, жатақхананың жөндеуге дейінгі және кейінгі жай-күйімен таныстырды.







Жөндеу кезінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары қайта әрленді. Есік-терезе ауыстырылып, әр секцияға заманауи душ кабиналары қойылды. Электр жүйесі қайта жүргізіліп, жарық беруші шамдар жаңадан орнатылды. Бұған қосымша, ғимараттың су құбыры мен кәріз жүйесі монтаждалды.

313 орындық жатақханаға тарих факультетімен қатар, химия және химиялық технологиялар факультеті мен физика-техникалық факультетінің студенттері орналасты.








## САЯСАТ НУРБЕК: КАЗНУ НАЧАЛ ЭФФЕКТИВНО РЕШАТЬ ПРОБЛЕМУ НЕХВАТКИ ОБЩЕЖИТИЙ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби решили проблему нехватки мест в общежитиях путем проведения капитального ремонта и перепланировки помещений. Таким образом планируется увеличить жилищную площадь общежитий вуза на 2000 койко-мест.

Сегодня общежитие №10, которое было капитально отремонтировано в рамках начавшейся системной реновации кампуса, вновь открыто и введено в эксплуатацию для студентов. В открытии принял участие Министр науки и высшего образования РК Саясата Нурбека.

В ходе встречи Саясат Нурбек осмотрел обновленные комнаты общежития и пообщался со студенческой молодежью.

Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев отметил проделанную работу, направленную на решение вопроса с дефицитом общежитий в соответствии с поручениями Главы государства. Ректор вуза продемонстрировал министру фотографии, на которых отображено состояние помещений до и после ремонта.

Во время ремонта был обновлен фасад здания, а стены всех помещений снова оштукатурены и отделаны. Заменены двери-окна, в каждой секции установлены современные душевые кабины. Была проведена реконструкция системы электроснабжения и установлены новые осветительные приборы. Кроме того, проведены монтажные работы трубопровода и канализации здания.

В обновленном общежитии на 313 мест, наряду со студентами исторического факультета, разместились обучающиеся факультетов химии и химических технологий и физико-технического.














# АҚШ САРАПШЫСЫ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Wikistrat Global Consultancy компаниясының мемлекеттік қорғаныс жөніндегі сарапшысы Ричард Вайцпен кездесу өткізді.

Өз Ричард Вайц ҚазҰУ басшылығына жылы қабылдағаны үшін алғысын білдіріп, серіктестікті одан әрі арттыруға дайын екенін жеткізді. Ол өз сөзінде халықаралық қауіпсіздік саласындағы студенттерге өзінің ғылыми жетекшілігін жалғастыратынын, ҚазҰУ сарапшыларымен бірлескен ғылыми еңбектерді дайындауға және жариялауға жәрдемдесетінін, жоғары рейтингті журналдарда талдамалық шолулар дайындайтынын хабарлады.



## ЭКСПЕРТ США ПОСЕТИЛ КАЗНУ

В КазНУ имени Аль-Фараби прошла встреча руководства вуза с экспертом по государственной обороне компании Wikistrat Global Consultancy Ричардом Вайцом.

Приветствуя гостя, Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансейт Туймебаев рассказал о деятельности вуза и перспективных направлениях развития сотрудничества с зарубежными партнерами.

В свою очередь, эксперт по государственной обороне компании Wikistrat Global Consultancy Ричард Вайц поблагодарил руководство КазНУ за теплый прием и выразил готовность к дальнейшему сотрудничеству. В частности, он сообщил, что продолжит свое научное руководство над студентам в области международной безопасности, будет содействовать подготовке и публикации совместных научных трудов с экспертами КазНУ и готовить аналитические обзоры в высокорейтинговых журналах.



# НОВОСИБИРСК УНИВЕРСИТЕТІМЕН СЕРІКТЕСТІК АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Новосибирск мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалының ұйымдастырушы директоры Кәрім Арғынбаевпен кездесті. Жүздесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниет білдіріп, білім беру қызметіндегі серіктестіктің басым бағыттарын талқылады.

Кездесуде ректор университеттің тарихы мен жетістіктері туралы баяндады. Сонымен қатар өз сөзінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен Новосибирск университеті арасында жасалған көпжылдық байланыстың жемісті болғанын атап өтті.

«Бүгінде Ресей Федерациясының алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 150-ден астам келісімге қол қойылды. Осы келісімдер аясында түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар іске

асырылып келеді. Солардың қатарында Новосибирск мемлекеттік университеті де бар. ҚазҰУ білім мен ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту жөніндегі барлық бастамаларды қолдауға дайын», – деді Жансейіт Түймебаев.

## РАСШИРИТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С НОВОСИБИРСКИМ УНИВЕРСИТЕТОМ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль – Фараби Жансеит Туймебаев встретился с директором-организатором Новосибирского государственного университета в Казахстане Каримом Аргинбаевым.

В ходе встречи стороны выразили готовность развивать двустороннее сотрудничество и обсудили приоритетные направления партнерства в научно-образовательной деятельности.

На встрече ректор КазНУ рассказал о деятельности и достижениях университета. В своем выступлении Жансеит Туймебаев также отметил плодотворное многолетнее сотрудничество между КазНУ и Новосибирским университетом.

«На сегодняшний день подписано более 150 соглашений о коллаборации с ведущими вузами, институтами Российской Федерации. В рамках этих соглашений реализуются различные учебно-образовательные программы и научно-инновационные проекты. Среди них есть проекты Новосибирского государственного университета. КазНУ готов поддержать все инициативы по развитию взаимовыгодного сотрудничества по различным направлениям образования и науки», – сказал Жансеит Туймебаев.



## ҚАЗҰУ САЙЛАУДА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кезектен тыс президент сайлауында дауыс беру үшін үш сайлау учаскесі жұмыс істеуде.

ҚазҰУ қалашығы аумағында №258, №259 және №568 сайлау учаскелері өз жұмысын жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-де бастады. Дауыс беру кешкі сағат 20:00-ге дейін жалғасады.

ҚР президенттігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қалалық қоғамдық штабының жетекшісі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қалашықта орналасқан №258 сайлау учаскесіне барып, алғашқылардың бірі болып дауыс берді. Кейін білім ордасының басшысы ҚазҰУ аумағындағы өзге де сайлау учаскелерін аралады.

Университетте орналасқан сайлау учаскелерінде бекітілген тізім бойынша жергілікті тұрғындар мен ҚазҰУ ұжымы, сондай-ақ студенттер саяси науқанға белсенді қатысып, өз таңдауларын жасауда.







# КАЗНУ ПРОЯВЛЯЕТ АКТИВНОСТЬ НА ВЫБОРАХ

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби действуют три избирательных участка для голосования на внеочередных президентских выборах.

На территории КазГУграда избирательные участки №258, №259 и №568 начали свою работу в 07:00 по местному времени. Голосование продлится до 20:00.

Руководитель Общественного штаба кандидата в Президенты РК Касым-Жомарта Токаева, Председатель Правления - Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев посетил избирательный участок №258, расположенный в КазНУ, и проголосовал одним из первых. Затем руководитель вуза посетил иные избирательные участки на территории КазНУ.

На избирательных участках, которые находятся в кампусе, по утвержденному списку местные жители, коллектив КазНУ, а также студенты принимают активное участие в политической кампании и делают свой выбор.



# ҚАЗҰУ МЕН ТҮРКПА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТУДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА) өкілдерімен кездесті.

Делегация құрамында Түркияның Бас ұлттық ассамблеясының депутаттары Режеп Шекер мен Юксель Озкан, Халықаралық қатынастар және хаттама департаментінің қызметкері Нури Айваз, комиссия хатшысы Енес Юлдирим және байланыс офицері Тахмина Бакиева бар.

Құрметті қонақтарды ыстық ықыласпен қарсы алған Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлар туралы баяндады. Сонымен қатар өз сөзінде ректор оқу орнын әлемдік зерттеу университетіне трансформациялау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

Өз кезегінде Түркияның Бас ұлттық ассамблеясының депутаты Режеп Шекер жылы қабылдағаны үшін Жансейіт Түймебаевқа ризашылығын білдіріп, ҚазҰУ-дың жетістіктерін жоғары бағалады.




# СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗНУ И TURKPA РАСТЕТ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с представителями Парламентской Ассамблеи тюркских государств (TURKPA).

В состав делегации вошли: депутаты Главной Национальной Ассамблеи Турции Реджеп Шугер и Юксель Озкан, сотрудник департамента международных отношений и протокола Нури Айваз, секретарь комиссии Енс Юлдирим и офицер связи Тахмина Бакиева.

Приветствуя почетных гостей, Жансеит Туймебаев рассказал о достижениях КазНУ и дальнейших планах. Кроме того, в своем выступлении ректор отметил, что ведется системная работа по трансформации учебного заведения в мировой исследовательский университет.

В свою очередь, депутат Главной Национальной Ассамблеи Турции Реджеп Шугер поблагодарил Жансеита Туймебаева за теплый прием и высоко оценил достижения КазНУ. В своем выступлении он отметил стратегическую важность укрепления сотрудничества тюркских стран.



# «ELSEVIER» БАСПАСЫНДА ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ АРТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Elsevier» баспасының вице-президенті Марат Фатхуллинмен кездесті.

Құрметті мейманды ыстық ықыласпен қарсы алған білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады. Сондай-ақ өз сөзінде ректор жоғары білім мен ғылымның дамуына септігін тигізетін әріптестікті одан әрі ілгерілетуге дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде «Elsevier» баспасының вице-президенті Марат Фатхуллин жылы қабылдағаны үшін университет басшылығына ризашылығын жеткізді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар университет ғалымдарының ғылыми ізденіс нәтижелері мен ғылыми мақалаларын әлемнің белді басылымдарында жариялау мүмкіндіктерін арттыруға қатысты әріптестік байланысты жандандыруға уағдаласты.



# В ИЗДАТЕЛЬСТВЕ ELSEVIER УВЕЛИЧИТСЯ ДОЛЯ УЧЕНЫХ КАЗНУ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с вице-президентом издательства Elsevier Маратом Фатхуллиным.

Приветствуя почетного гостя, руководитель вуза Жансеит Туймебаев рассказал о достижениях и дальнейших планах КазНУ. Также в своем выступлении ректор выразил готовность к дальнейшему сотрудничеству, способствующее развитию высшего образования и науки.

В свою очередь, вице-президент издательства Elsevier Марат Фатхуллин выразил благодарность руководству университета за теплый прием.

По итогам встречи стороны договорились об активизации партнерских отношений для увеличения публикации научных исследований и статей ученых университета в известных изданиях мира.



## ҚАЗҰУ «DAULETTEN» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Dauletten» қайырымдылық қорының президенті Жасұлан Қуандықпен кездесті. Жүздесу барысында ҚазҰУ мен «Dauletten» қайырымдылық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум аясында білім алушы жастарды оқу, білім, ғылым, өнер, мәдениет, ағартушылық, әлеуметтік салаларда екіжақты қолдау бойынша серіктестік жүйесін тиімді дамыту шаралары көзделген.

Кездесуде университет басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндап, бүгінгі келісім жаңа мүмкіндіктер мен ынтымақтастықты арттыруға серпін беретінін атап өтті.

Кездесу соңында Жасұлан Қуандық ҚазҰУ-дың үздік студенті, журналистика факультетінде оқитын Жантолы Тлеумбектің бір жылдық оқу ақысын төлеу үшін 1 миллион теңгенің сертификатын табыс етті.




# КАЗНУ ПОДПИСАЛ МЕМОРАНДУМ С БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫМ ФОНДОМ «DAULETTEN»

Председатель Правления-Ректор Казахского национального университета имени Аль – Фараби Жансеит Туймебаев встретился с президентом благотворительного фонда «Dauletten» Жасуланом Куандык. В ходе встречи был подписан меморандум о сотрудничестве между КазНУ и благотворительной организацией.

В рамках меморандума предусмотрены меры по эффективному развитию партнерства и двусторонней поддержке обучающейся молодежи в учебной, образовательной, научной, культурной, просветительской, социальной сферах.

На встрече руководитель университета Жансеит Туймебаев рассказал о достижениях и дальнейших планах вуза, отметив, что сегодняшнее соглашение придаст импульс созданию новых возможностей в рамках сотрудничества.

В завершение встречи Жасулан Куандык вручил сертификат на 1 миллион тенге на оплату годичного обучения, отличнице учебы факультета журналистики Жантолы Тлеумбек.



## ДУЛАТ ИСАБЕКОВ: «ҚАЗҰУ-ДА ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ БІР ҒАНИБЕТ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабеков оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастар алдында көшбасшылық дәріс оқыды.

Оқу орнында игі дәстүрге айналған көшбасшылық дәрісті ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, алдымен университет ұжымы мен білім алушы жастардың атынан қайраткер тұлғаны мерейлі 80 жасқа толуымен құттықтады. Мерейтой қарсаңында «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары мемлекеттік атағын алғанын атап өтіп, жазушының қаламгерлік еңбек жолын жастарға үлгі етті.

«Көрнекті қаламгер Дулат Исабекұлы ағамыз студент кезінен белсенділік танытып, Мұхтар Әуезов атындағы әдеби үйірмеге жетекшілік жасады. Атақты академиктер – Зейнолла Қабдолов, Темірғали Нұртазиндердің үлгілі шәкірті болды. ҚазҰУ-дың филология факультетін 1966 жылы бітіріп, үлкен шығармашылық жолға түсті. Қаламгердің қаламынан туған «Қара шаңырақ», «Қарғын», «Әпке», «Гауһартас» кітаптары оқырман жүрегіне жетіп, жоғары бағасын алды», – деді Жансейіт Түймебаев.

Көрнекті тұлға өз кезегінде жиылған қауымға ризашылығын білдіріп, өзі білім алған университет қабырғасындағы кездесудің жөні бөлек екенін жеткізді. Студенттік күндерді еске ала отырып, шығармашылық жолындағы мол тәжірибесімен бөлісіп, ҚазҰУ жастарымен кездесу бір ғанибет» – деп атап өтті.

## ДУЛАТ ИСАБЕКОВ:
## «ВСТРЕЧА С МОЛОДЁЖЬЮ В КАЗНУ ОСОБАЯ РАДОСТЬ»

В Казахском национальном университете им. Аль-Фараби выдающийся писатель-драматург, лауреат Государственной премии, Герой Труда Казахстана Дулат Исабеков выступил с лидерской лекцией перед профессорами и обучающейся молодежью.

Открыв мероприятие, Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев от имени собравшихся поздравил юбиляра с 80-летием. В преддверии юбилея, получив высокое государственное звание «Герой Труда Казахстана», писатель стал примером для молодежи.

«Дулат Исабеков проявил активность еще будучи студентом, курировал литературный кружок им. Мухтара Ауэзова, был образцовым учеником выдающихся академиков – Зейноллы Кабдолова, Темиргали Нуртазина. Он окончил филологический факультет КазНУ в 1966 году и прошел большой творческий путь. Книги «Кара Шанырак», «Каргын», «Гаухар тас», вышедшие из-под пера писателя, получили высокую оценку читателей», – сказал Жансеит Туймебаев.

Видный деятель, в свою очередь, поблагодарил собравшихся и выразил признательность за встречу в стенах родного университета. Вспоминая студенческие дни, он делился воспоминаниями о самых значимых вехах творческого пути и отметил что «встреча с молодёжью в КазНУ а особая радость».








## ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ ҚМДБ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚМДБ Алматы қалалық орталық мешіті ұйымдастырған «Береке бастауы – бірлікте» атты ғылыми-танымдық конференцияға қатысты.

Шараның ашылуында сөйлеген сөзінде университет басшысы тыныштық пен бейбіт өмірдің құндылығына тоқталды. «Ғылым мен білімнің, діннің басты мақсаты – адамзатқа қызмет ету, бірлік пен тыныштықта болу. Қай істе, қай салада болсын әуелі бірлік керек. Соның ішінде елдіктің жолындағы бірлік біздің басты ұстанымымыз болуы тиіс», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сонымен қатар діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресте ауызбіршілік маңызды екенін айта келе, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының елді біріктірудегі орнын ерекше атап өтті.



## ЖАНСЕИТ ТУЙМЕБАЕВ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В КОНФЕРЕНЦИИ ДУМК

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в научно – познавательной конференции «Начало благоденствия в единстве», организованной Центральной мечетью города Алматы Духовного управления мусульман Казахстана (ДУМК).

Выступая на открытии мероприятия, глава университета подчеркнул ценность спокойствия и мирной жизни.

«Основная цель науки и образования, религии – служить человечеству, быть в единстве и покое. В каком бы деле, в какой бы отрасли вы не трудились, сначала нужно единство. А единство на пути к народу – наша главная позиция», – сказал Жансеит Туймебаев.

Кроме того, подчеркнув важность единства в борьбе с религиозным экстремизмом и терроризмом, руководитель университета подчеркнул роль Духовного управления мусульман Казахстана в сохранении единства в обществе.




# ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ ТАПСЫРМАЛАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Алматыдағы «Ғылым ордасында» Мемлекет басшысының ғылымды дамыту саласындағы тапсырмаларын талқылауға арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңесі өтті.



Оған Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, жоғары оқу орындарының басшылары, академиктер мен ғалымдар, сондай-ақ ғылыми қоғам өкілдері қатысты.




# ОБСУЖДЕНЫ ПОРУЧЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТА ПО РАЗВИТИЮ НАУКИ

В «Ғылым ордасы» при НАН РК прошло совещание Министерства науки и высшего образования РК, посвященное обсуждению поручений Главы государства в области развития науки.

В мероприятия приняли участие Министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, заместитель Премьер-министра – Министр торговли и интеграции Серик Жумангарин, Председатель Правления-Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, руководители высших учебных заведений, академики и ученые, а также представители научной общественности.





# ҚАЗҰУ-ДА ҚОСДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ БОЛАШАҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде студенттерге білім беру бағдарламалары мен әлеуметтік көмектің жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Ғылыми кеңес отырысын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен ҚР ҰҒА жанындағы «Ғылым ордасында» өткен отырыстың маңыздылығына тоқталды.

«Министрдің баяндамасында Мемлекет басшысының отандық ғылымның алдына қойған міндеттер туралы толық ақпарат берілген. Министрлік сайтынан, ақпарат құралдарынан алып, танысуларыңызға болады», – дей келе, ректор зерттеу университеті мәртебесіндегі ҚазҰУ осы стратегиялық маңызды мақсаттарды іске асыруға өзінің елеулі үлесін қосуы тиіс деп ойлаймын», – деп атап өтті.

Ғылыми кеңес барысында сондай-ақ университет ғалымдарының монографиясын жариялау және ғылыми атақтар беру туралы ұсыныстар талқыланды.



# В КАЗНУ ОБСУДИЛИ ПЕРСПЕКТИВЫ ДВУДИПЛОМНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

На Ученом совете КазНУ имени Аль-Фараби обсудили ход реализации образовательных программ и социальной помощи студентам университета.

Заседание открыл Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, отметив важность прошедшего заседания в «Ғылым ордасы» при НАН РК с участием Министра науки и высшего образования РК Саясата Нурбека. «В докладе министра, который находится во всеобщем доступе, вы сможете найти полную информацию о задачах, которые поставил перед наукой страны Глава государства, – отметил руководитель вуза. – Думаю, что КазНУ в новом статусе исследовательского университета должен внести свой значимый вклад в реализацию этих стратегически важных целей».

В рамках заседания Ученого совета также были рассмотрены вопросы: о рекомендации монографий ученых университета к публикации и присвоения ученых званий.




# ҚАЗҰУ-ДА ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасында ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, белгілі мәдениеттанушы ғалым, философия ғылымының докторы, профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлының 75 жылдығына арналған «Түркі әлеміндегі қазақ мәдениеті мен философиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияны ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев мерейтой иесін құттықтап, «Сіз еліміздегі философия ғылымын жаңа бағытта зерттеп, түркі әлеміне ортақ ғылыми еңбектер жаздыңыз. Іргелі зерттеулер жүргізіп, мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырып, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырдыңыз. Сіз қазақстандық мәдениеттану мектебінің негізін қалаушы ретінде бұл салаға ерекше назар аударып, елімізде мәдени антропология ілімін өркендетуге жол аштыңыз», – деп атап өтті.

# В КАЗНУ ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ И ФИЛОСОФИИ

В Научной библиотеке Казахского национального университета имени Аль-Фараби состоялась международная научно-практическая конференция «Казахская культура и философия в тюркском мире», посвященная 75-летию известного ученого, академика Академии социальных наук РК, доктора философских наук, профессора Габитова Турсуна Хафизовича.

Открывая конференцию Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев поздравил профессора с юбилеем. «Вы дали философской науке в нашей стране новое направление, создавая общие для тюркского мира научные труды. На основе глубоких исследований опубликовали содержательные монографии, учебники и учебные пособия, сформировали собственную научную школу. Вы, как основатель казахстанской школы культурологии, также открыли путь к развитию в нашей стране учения культурной антропологии», – сказал ректор.





# ҚАЗҰУ АНКАРА ЖӘНЕ ҒАЗИ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН ОРТАҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Анкара университетінің ректоры Неждет Үнүвар мен Ғази университетінің ректоры Мұса Йылдыз бастаған түрік делегациясы жұмыс сапарымен келіп, білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевпен кездесті. Жүздесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Құрметті меймандарды ыстық ықыласпен қарсы алған Жансейіт Түймебаев екі ел ынтымақтастығының 30 жылдығын атап өтіп, өзара ықпалдастықты нығайтудың маңызына назар аударды.

«ҚазҰУ көптеген түрік университеттерімен тығыз қарым-қатынаста. Бауырлас екі ел арасындағы тарихи, мәдени және рухани байланыстардың ортақтығы білім және ғылым саласындағы қатынастардың қарқынды дамуының қозғаушы күші екені даусыз», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сонан соң оқу орны Түркияның Анкара, Ғази, Эрзинжан, Билкент, Башкент, Ыстамбұл, Эджитепе және тағы басқа ЖОО-ларымен 45 келісімшартқа қол қойғанын жеткізді.




## КАЗНУ С УНИВЕРСИТЕТАМИ АНКАРЫ И ГАЗИ РЕАЛИЗУЕТ СОВМЕСТНЫЕ ПРОЕКТЫ

В Казахский национальный университет им. Аль-Фараби с рабочим визитом прибыла делегация из Турции во главе с ректором Университета Анкары Неждетом Унюваром и ректором Университета Гази Мусой Йылдыз. В рамках визита состоялась встреча с руководителем вуза Жансеитом Туймебаевым, на которой стороны обсудили вопросы развития двустороннего сотрудничества.

Приветствуя почетных гостей, Жансеит Туймебаев отметил значение 30-летнего сотрудничества двух стран и обратил внимание на важность укрепления взаимодействия.

«КазНУ поддерживает тесные отношения со многими турецкими университетами. Несомненно, общность исторических, культурных и духовных связей между двумя братскими странами является движущей силой динамичного развития отношений в сфере образования и науки», – сказал Жансеит Канcеитович.

КазНУ подписал 45 контрактов с вузами Анкары, Гази, Эрзинджана, Билкента, Башкента, Стамбула, Хаджеттепе и др.



# ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ҚР ЖӘНЕ ФРАНЦИЯ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ VII ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған білім ордасының ұжымы Париждегі ҚР және Франция жоғары оқу орындарының VII форумына қатысты. Іс-шара аясында қазақстандық және Франция университеттерінің көрмесі өтті.

Форум барысында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Францияның жоғары білім және ғылыми зерттеулер министрлігінің өкілі Мануэль

Буар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев, Лорейн университетінің вице-президенті Карл Томбре, Халықаралық атом энергиясы институтының атқарушы директоры Карен Дайфук, Қазақстан және Франция жоғары оқу орындарының басшылары баяндама жасады.

Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дынБасқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Эрасмус+» бағдарламасы аясында Шампань-Арденна Реймс университетіменынтымақтастықты одан әрі арттыру, студенттер мен ОПҚ алмасу туралы институционалдық келісімге қол қойды.

## РЕКТОР КАЗНУ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В VII ФОРУМЕ ВУЗОВ РК И ФРАНЦИИ

Председатель Правления-Ректор КазНУ имени Аль-Фараби принял участие в работе VII Форуме вузов РК и Франции в Париже. В рамках мероприятия прошла выставка казахстанских и французских университетов.

На форуме выступили: министр науки и высшего образования Республики Казахстан СаясатНурбек, представитель Министерства высшего образования и научных исследований Франции Мануэль Буар, ректор КазНУ имени аль-ФарабиЖансеит Туймебаев, вице-президент Университета Лорейн Карл Томбре, исполнительный директор Международного института ядерной энергии Карен Дайфук и многие другие руководители университетов и институтов Казахстана и Франции.

Также Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-ФарабиЖансеит Туймебаев подписал межинституциональное соглашение об обмене студентами и ППС в рамках программы «Эрасмус+» с Университетом Реймса Шампань-Арденны.








# ҚАЗҰУ-ДА ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІ АТЫНДАҒЫ ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, шығыстанушы ғалым, дипломат Әбсаттар қажы Дербісәлінің 75 жылдығы аталып өтті.

Алдымен Әл-Фараби кітапханасында «Академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры» ашылды. Тарихи бөлмеде білім алушы жастар үшін арнайы ертедегі кітаптар мен ғалымдар жазған қолжазбалар қойылған.

Кейін салтанатты жиын «Шығыстану және руханият мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға жалғасты.

Конференцияны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, академик Шейх Әбсаттар Дербісәлінің өмір жолына тоқталды. «Әбсаттар Бағысбайұлы артына бай

ғылыми мұра қалдырып, шығыстану, дінтану саласында өзіндік дара жолын қалыптастырды. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, дипломат, мемлекет, қоғам және дін қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Ғалымның діни қайраткерлігі мен ғылыми еңбектері елімізбен қатар, ислам әлемінде жоғары бағаланып, мойындалды», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жиын барысында ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы дәрісхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Сонымен қатар ғалымның ғылыми еңбектері жинақталған кітаптың тұсаукесері өтті.

## В КАЗНУ ОТКРЫЛСЯ ЛЕКЦИОННЫЙ ЗАЛ ИМЕНИ АБСАТТАР ДЕРБИСАЛИ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби отметили 75-летие выдающегося ученого, академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора, ученого-востоковеда, дипломата Абсаттара Дербисали.

Мероприятие началось в библиотеке Аль-Фараби, где был открыт «Фонд редких книг и рукописей имени академика Абсаттара Дербисали». В исторической аудитории, которая открылась специально для учащейся молодежи, выставлены ранние книги и рукописи, написанные учеными.

Далее торжественная часть продолжилась международной научно-теоретической конференцией «Проблемы востоковедения и духовности».

На пленарном заседании с приветственным словом к участникам конференции обратился Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев.

«Абсаттар Багысбайулы оставил после себя богатое научное наследие и сформировал свою уникальну школу в области востоковедения, религиоведения. Как академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, дипломат, государственный, общественный и религиозный деятель внес большой вклад в развитии науки и духовенства в стране. Религиозные и научные труды ученого были высоко оценены и признаны не только в Казахстане но и во всем исламском мире», – сказал Жансеит Туймебаев.

В ходе мероприятия был показан видеофильм, посвященный жизни, научному и творческому пути академика Абсаттара Дербисали. А также при поддержке университета и непосредственном участии семьи на факультете востоковедения состоялась церемония открытия лекционного зала имени академика Абсаттара Дербисали. Конференция продолжилась в рамках секционных заседаний.



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА КҮШЕЙТІЛЕДІ

БҰҰ директивасына сәйкес, 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне және заң ғылымының докторы, профессор Гүлнар Рахымжанқызы Усеинованы еске алуға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы органдар, әділет департаменттері, мемлекеттік қызмет басшыларының баяндамалары тыңдалды. Мәселенің өзектілігі мен маңыздылығына орай, «Аманат» партиясы қалалық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері мен Алматы қалалық мәслихатының депутаттары өз пікірлерін білдірді. Бұл конференция мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлықпен күресудегі мақсатын айқындап, осы дерттің алдын алудың жаңа бағыттарын белгіледі.



## НАКАЗАНИЕ ЗА КОРРУПЦИЮ УЖЕСТОЧАЕТСЯ

Согласно директивы ООН 9 декабря является международным днем борьбы с коррупцией. В КазНУ имени Аль-Фараби состоялась международная научно-практическая конференция «Актуальные вопросы противодействия коррупции», посвященная Международному дню борьбы с коррупцией и памяти доктора юридических наук, профессора Усейновой Гульнары Рахимжановны.

На конференции были заслушаны доклады руководителей специальных органов по борьбе с коррупцией, департаментов по делам юстиции, Государственной службы. В связи с актуальностью и остротой вопроса, свое мнение высказали члены Общественного совета по противодействию коррупции при городском филиале партии Аманат и депутаты Алматинского городского маслихата. Данная конференция определила цель государства и общества в борьбе с коррупцией и обозначила новые направления борьбы с этой болезнью.




# ҚАЗҰУ-ДА АҚЫН ШӨМІШБАЙ САРИЕВКЕ АРНАЛҒАН КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, I дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, зерттеуші-ғалым, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Шөмішбай Сариевтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Ғибратты ғұмыр» атты сериялық кітабының салтанатты тұсаукесер рәсімі өтті.

Кітапта ақынның ғылыми зерттеулері, халыққа танымал ән мәтіндері, өлеңдері топтастырылған. Сонымен қатар әріптес, қаламдастары мен отбасы мүшелерімен түскен фотосуреттері берілген.

Салтанатты шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, Шөмішбай Сариевтің жары Жұмагүл Сариева мен ұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы Бақытжан Шөмішбайұлы, қазақ эстрадасының жұлдыздары, ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Жиынды білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Шөмішбай Нағашыбайұлының өмір жолына тоқталды.

Кездесу соңында ақынның жары Жұмагүл Сариева кешті ұйымдастырғаны үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын білдірді. Өз сөзінде ол бүгінгі «Ғибратты ғұмыр» сериясы арқылы басылып шыққан кітаптың орны бөлек екенін жеткізді.

Шара аясында Шөмішбай Нағашыбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

## В КАЗНУ СОСТОЯЛАСЬ ПРЕЗЕНТАЦИЯ КНИГИ, ПОСВЯЩЕННОЙ ПОЭТУ ШОМИШБАЮ САРИЕВУ

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась презентация серийной книги «Гибратты ғұмыр», посвященной жизни и творчеству заслуженного деятеля Казахстана, обладателя орденов «Барыс» и «Парасат» первой степени, ученого-исследователя, лауреата независимой премии «Тарлан», поэта Шомишбая Сариева.

В книге собраны научные исследования поэта, популярные в народе тексты песен, стихи. Также представлены фотографии коллег и членов семьи.

В торжественном мероприятии приняли участие: государственные и общественные деятели, поэты и писатели, представители интеллигенции, супруга Шомишбая Сариева Жумагул и его сын, начальник Канцелярии Президента Республики Казахстан Бакытжан Шомишбаевич, звезды казахской эстрады, профессорско-преподавательский состав КазНУ.

С приветственным словом выступил руководитель вуза Жансеит Туймебаев, остановившись на самых значимых вехах жизненного пути Шомишбая Нагашыбаевича.

В завершение встречи супруга поэта Жумагул Сариева выразила благодарность руководству КазНУ за организацию вечера. В своем выступлении он отметил, что сегодняшняя книга, изданная в серии «Гибратты жумыр», занимает особое место.

В рамках мероприятия была организована книжная выставка, посвященная жизни и творчеству Шомишбая Нагашыбаевича.








# ҚАЗҰУ-ДА БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «QazBioPharm» холдингінің ұйымдастыруымен «Ведомствоаралық ғылыми кластер – ғылымды қажетсінетін өнім жасаудың негізі» атты семинар өтті.

Кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

«Соңғы жылдары әлемде биологиялық қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөліне бастады. Әлемдік пандемия барлық салалардың даму бағыттарын қайта қарауды талап етуде. Осы орайда, университеттер мен ғылыми қауымдастық алдында жаңа міндеттер пайда болды. Биылғы мамыр айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биологиялық қатерлерге қарсы тұру мақсатында «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» заңына қол қойды. Аталған заң осы саладағы ғылымды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл университеттегі ғылымның дамуына, жаңа ғылыми кадрлардың қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз.

Семинар спикерлері биологиялық қауіпсіздікті дамыту, ғылыми кластер құру, инновациялық жобаларды коммерцияландыру және т.б. мәселелер бойынша өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

# В КАЗНУ ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ БИОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В КазНУ имени Аль-Фараби прошел семинар «Межведомственный научный кластер как основа создания наукоемкой продукции», организатором которого выступил Национальный холдинг QazBioPharm.

Председатель Правления Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев акцентировал внимание участников семинара на важности изучения вопросов биологической безопасности. «Профилактика в области биологической безопасности включает в себя комплекс мер, направленных на управление биологическими рисками, предотвращение и сдерживание биологических», – подчеркнул руководитель вуза.

Выступления спикеров семинара были посвящены вопросам развития и перспектив биологической безопасности, создания научного кластера в стране, правовым аспектам охраны изобретений полезных моделей в области биотехнологии, коммерциализации научных изобретений в Казахстане и др.





## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ ҚЫСҚЫ СЕССИЯ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде 2022-2023 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясының барысы талданды.

Сонымен қатар қорытынды бақылаудың оңтайлы тәсілін таңдау кезінде АҚШ (MIT, NYU, NCSU, UW), Сингапур (NUS), Еуропаның (University of Amsterdam) жетекші университеттерінің тәжірибесі зерделенді.

Бұдан бөлек, жиын барысында ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің магистранттары – Татьяна Ячковская мен Жәмила Мұратқа Әулие Охрид Клемент атындағы София университетімен қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша дипломдар табыс етілді.

Сонымен қатар Басқарма Төрағасы – Ректор жанынан консультативтік кеңес құру туралы мәселелер және университет ғалымдарының жариялауға арналған монографияларының ұсыныстары қаралды.









## УЧЕНЫЕ ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ ЗИМНЕЙ СЕССИИ

На Ученом совете КазНУ имени аль-Фараби были рассмотрены вопросы проведения зимней экзаменационной сессии 2022-2023 учебного года.

Во время ученого совета двум магистрам факультета философии и политологии КазНУ Татьяне Ячковской и Жамиле Мурат были вручены дипломы по программе двудипломного образования, реализуемой совместно с Софийским университетом имени святого Климента Охридского.

Также были рассмотрены вопросы создания консультативного совета при Председателе Правления – Ректоре КазНУ и обсуждены рекомендации монографий ученых университета к публикации и др.




# ҚАЗҰУ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев «Туған жерге тағзым» атты өңірлік форумына қатысып, Алматы облысы әкімдігімен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Форум барысында қол жеткізілген Алматы облысының әкімдігі мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы келісім аясында екі жақты әріптестік қатынастар орнату және ұзақ мерзімді, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту көзделген.

Келісім бірлескен іс-шараларды жоспарлау, бағдарламалардың ғылыми-техникалық сараптамасын әзірлеу және орындау, ақпарат алмасу, ортақ жобаларды іске асыру және басқа да жұмыс бағыттарын қамтиды.




# КАЗНУ ПОДПИСАЛ МЕМОРАНДУМ С АКИМАТОМ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в региональном форуме «Поклон родной земле», где состоялось подписание меморандума о сотрудничестве вуза с акиматом Алматинской области.

В ходе работы форума акимат Алматинской области и НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» подписали Меморандум об установлении партнерских отношений и развитии долгосрочного, эффективного сотрудничества. Соглашение включает совместную деятельность по планированию совместных мероприятий, разработке и выполнению научно-технической экспертизы проектов, программ, обмену информацией и иных видов работ.



# ҚАЗҰУ-ДА ҚОСДИПЛОМДЫ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ДИПЛОМДАР ТАБЫСТАЛДЫ

ҚазҰУ-да «Europe and Asia: Cultural Diplomacy and Geopolitics of the EU» атты магистрлік қосдипломды білім беру бағдарламасы бойынша биыл бесінші жылғы түлектерге дипломдар табысталды.

Философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының тәлімгерлері Жамиля Мұрат пен Татьяна Ячковская аталған бағдарлама бойынша білім алған. 2017 жылы бастау алған бағдарлама Әулие Охрид Клемент атындағы Софиялық университетпен (Болгария) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастық туралы келісім негізінде жүзеге асқан. Жоба дәріс, семинарлар, шеберлік сағаттар, дипломатиялық мектеп және тағылымдамаларды қамтиды.




## В КАЗНУ В ПЯТЫЙ РАЗ СОСТОЯЛСЯ ВЫПУСК ДВУДИПЛОМНИКОВ

В КазНУ по магистерской двудипломной образовательной программе «Europe and Asia: Cultural Diplomacy and Geopolitics of the EU» в пятый раз были вручены дипломы.

По данной программе обучились наставники кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Жамиля Мурат и Татьяна Ячковская. Программа, стартовавшая в 2017 году, была реализована на основании соглашения о сотрудничестве между Софийским университетом им.Святого Охрида Клемента (Болгария) и КазНУ им. Аль-Фараби. Проект включает лекции, семинары, мастер-классы, дипломатическую школу и стажировки.


16 ЖЕЛТОҚСАН
ДЕКАБРЯ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ
ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
@Farabi_university
vk.com/farabiuniversity
Farabi University
FARABI UNIVERSITY
www.kaznu.kz

# 16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және студенттер!**

Сіздерді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік күні – халқымыз үшін баға жетпес, қасиетті мереке.

Бұл – азаттықты аңсаған бабалар аманаты, елдігіміздің тұғыры, мызғымас мемлекеттігіміздің айқын белгісі.

Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» қалыптастыру бағыттарын айқындап берді.

20 қарашада қазақстандықтар кезектен тыс өткен Президент сайлауына белсене қатысты.

Сайлауда қазақстандықтар еліміздің болашағы мен тұрақтылығы үшін дауыс беріп, жаңа, әділетті Қазақстан үшін өз таңдауларын жасады.

Сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықтың басым дауысына ие болып, сөзсіз жеңіске жетті.

Бұл – өз болашағына сеніммен қарайтын елдің жеңісі болды.

Осынау тарихи кезеңде Тәуелсіз мемлекетіміз үлкен саяси өзгерістерге қадам басты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды тұғырнамасында белгіленген міндеттерді іске асыру – ең алдымен бүкіл халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған саяси жауапкершілік.

Біз осы мақсатта күш біріктіріп, ел болашағы үшін жүйелі жұмыстарды атқаруға тиіспіз.

Әділ мемлекет қалыптастырып, жаңа Қазақстан құру – барша қазақстандықтардың алдында тұрған тарихи міндет.

Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақтанды бәсекеге қабілетті жастар, өз кәсібін жетік меңгерген кәсіби мамандар, білікті ғалымдар ғана қалыптастыра алады.

Біздің басты мақсатымыз – жастарға сапалы білім беру, білікті ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін бәсекеге қабілетті мамандарды тәрбиелеу.

Тәуелсіз мемлекетімізді өркендетуге үлес қосып, ғылым-білімді дамыту бәрімізге ортақ міндет.

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Ел іргесі бүтін, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универсиетінің**
**Басқарма Төрағасы-Ректор**
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**




# ҚАЗҰУ-ДА ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркия Республикасының Президенті Әкімшілігінің басшысы Метин Кыратлы бастаған делегация арнайы келді. Құрметті меймандар алдымен «Әл-Фараби» кітапханасында болып, университет ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалармен және ҚазҰУ қалашығының II даму жоспарымен танысты.

Кейін заңгер, тәжірибелі дипломат Метин Кыратлы оқытушы-профессорлар мен студенттер алдында көшбасшылық дәріс оқыды.

Жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, бауырлас мемлекеттер қарым-қатынасының маңызына мән беріп, оқу орнының түркиялық әріптестермен тығыз ықпалдастықта екенін жеткізді.

«ҚазҰУ бүгінде әлемнің 500-ден астам жетекші университетімен ынтымақтасады. Оның ішінде Түркияның Ыстамбұл, Анкара, Едитепе, Мармар, Хаджеттепе сынды 31 білім беру және ғылыми мекемесімен тығыз байланыста. Өзара мәдени және ғылыми алмасуды жүзеге асырады», – деп атап өтті ректор.

Өз кезегінде құрметті қонақ ҚазҰУ басшылығына ерекше қонақжайлығы үшін алғыс білдірді.

Ол: «Атажұртқа келгеніме қуаныштымын. Көптеген ғылым саласында жоғары дәрежеде көрінген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биік мәртебесін сезініп тұрмын. Мен Түркия университеттері қауымдастығының мүшесімін. Сондықтан университетке атқарылар үлкен жауапкершілікті білемін», – деп ыстық лебізін жеткізді.

## В КАЗНУ ГЛАВА АДМИНИСТРАЦИИ ПРЕЗИДЕНТА ТУРЦИИ ПРОЧИТАЛ ЛИДЕРСКУЮ ЛЕКЦИЮ

КазНУ имени Аль-Фараби посетила делегация во главе с главой Администрации Президента Турецкой Республики Метином Кыратлы. Почетные гости ознакомились с библиотекой «Аль-Фараби» и инновационными проектами, разработанными учеными университета, а также с планом строительства 2-й очереди студенческого городка КазНУ. В рамках визита юрист, опытный дипломат Метин Кыратлы прочитал лидерскую лекцию перед преподавателями и студентами.

Открыл заседание Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев. Глава университета обратил внимание на значение отношений братских государств, подчеркнув, что учебное заведение находится в тесном взаимодействии с турецкими партнерами.

«КазНУ сегодня сотрудничает с более чем 500 ведущими университетами мира. В том числе находится в тесном контакте с 31 образовательным, научными учреждениями и университетами Турции в городах: Стамбул, Анкара, Едитепа, Мармара, Хаджеттепе. Осуществляет взаимный культурный и научный обмен», – отметил ректор.

В свою очередь, почетный гость поблагодарил руководство КазНУ за особое гостеприимство. Он сказал: «Я рад, что приехал в Атажурт. Я чту высокий статус Казахского национального университета имени аль-Фараби, который проявился во многих областях науки. Я член Ассоциации университетов Турции, поэтому знаю, что университет несет большую ответственность», – сказал он.








# ҚАЗҰУ ҰЖЫМЫ ТҮРКИЯДА ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУДЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы - Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен және ұйымдастыруымен білім ордасының 50-ге жуық оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдары Түркияға тәжірибе алмасуға аттанды. Сапар аясында бүгін ҚазҰУ делегациясы Ақтеңіз университетіне барды.

Ақтеңіз университеті – Түркиядағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Түркияда академиялық зерттеулер негізінде жазылған ғылыми мақалалар бойынша Ақтеңіз университеті үздік бестікке кіреді.

Бір аптаға созылатын курс барысында оқытушылар түрік жоғары білім беру жүйесімен етене танысып, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасатын болады. Сонымен қатар заманауи білім беру, инновациялық әзірлемелер мен оқытудағы озық технологиялар тақырыбында тренингтерге қатысады. Сондай-ақ іс-сапар барысында бірлескен білім беру бағдарламалар мен жобаларды іске асыру бойынша әріптестікті одан әрі нығайту көзделуде.



# ДЕЛЕГАЦИЯ КАЗНУ ПРОХОДИТ СТАЖИРОВКУ В ТУРЦИИ

Представители профессорско-преподавательского состава и молодые ученые (50 человек) Казахского национального университета им. Аль-Фараби посетили турецкий университет Акдениз с целью обмена опытом.

По инициативе Председателя Правления – Ректора Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеита Туймебаева около 50 представителей профессорско-преподавательского состава и молодых ученых вуза отправились по обмену опытом в Турцию.

Университет Акдениз - один из ведущих вузов Турции. По научным статьям, написанным на основе академических исследований в Турции, университет Акдениз входит в пятерку лучших.

В ходе недельного курса преподаватели будут знакомиться с турецкой системой высшего образования и обмениваться опытом организации учебного процесса. А также участвовать в тренингах на тему современного образования, инновационных разработок и передовых технологий в обучении. Кроме того, в ходе визита предусматривается дальнейшее укрепление партнерства по реализации совместных образовательных программ и проектов.



## ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ CNPC БАС ДИРЕКТОРЫ ЛИ ЮНХУНМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы CNPC Бас директоры Ли Юнхунмен кездесті. Жүздесуде тараптар ауқымды жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Құрметті мейманды ыстық ықыласпен қарсы алған білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады. Сонымен қатар өз сөзінде ректор оқу орнын әлемдік зерттеу университетіне трансформациялау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

Кездесу соңында тараптар естелік сыйлықтармен алмасып, алдағы уақытта ауқымды жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты.



# РЕКТОР КАЗНУ ВСТРЕТИЛСЯ С ГЕНЕРАЛЬНЫМ ДИРЕКТОРОМ CNPC В КАЗАХСТАНЕ ЛИ ЮНХУНОМ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с генеральным директором CNPC в Казахстане Ли Юнхуном. На встрече стороны обсудили вопросы совместной реализации масштабных проектов.

Приветствуя почетного гостя, руководитель вуза Жансеит Туймебаев доложил о достижениях и дальнейших планах КазНУ. Также в своем выступлении ректор отметил, что ведется системная работа по трансформации учебного заведения в мировой исследовательский университет.

В завершение встречи стороны обменялись памятными подарками и договорились о дальнейшей совместной реализации масштабных проектов.



## РЕДИНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ ҚАЗҰУ-ДА ДӘРІС ОҚЫДЫ

Рединг университетінің Химия, өнімдер және фармация мектебінің профессоры Виталий Хуторянский Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Медицинадағы ақылды материалдар» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Көшбасшылық дәріске университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, химия факультетінің білім алушылары мен жас ғалымдар қатысты.

Виталий Хуторянский ҚазҰУ түлегі. Ол өзі тамамдаған қара шаңырағын қолдап, бірнеше жылдан бері ынтымақтастықты дамытып келеді. Ол біздің докторанттарымыздың жетекшісі әрі университет ғалымдарымен бірлесіп ғылыми мақалалар жариялап, халықаралық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруда.

Профессор Хуторянский жылы ілтипатпен қабылдағаны үшін университет ұжымына алғыс білдіре отырып, ҚазҰУ-да дәріс оқу ол үшін үлкен мәртебе екенін атап өтті. «Дәл осы залда 25 жыл бұрын мен алғаш рет ағылшын тілінде баяндама жасадым. Сол кезде біз Жоғары молекулалы қосылыстар химиясы кафедрасында түркітілдес елдердің симпозиумын өткіздік. Осыдан кейін менің мансабым басталды. Содан кейін мен аспирант болдым, кейінірек, 20 жыл бұрын, 2002 жылдың қазан айында Ұлыбританияға қоныс аудардым, мамандығымды химик-ғалымнан фармацевтке ауыстырдым. Осындай мүмкіндікке жол ашып, білім берген университетіме алғыс айтамын», – деп атап өтті профессор.

Профессор өз тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.



## ПРОФЕССОР УНИВЕРСИТЕТА РЕДИНГА ПРОЧЕЛ ЛЕКЦИЮ В АЛЬМА-МАТЕР

Профессор Школы химии, продуктов и фармации Университета Рединга Виталий Хуторянский прочел лидерскую лекцию в КазНУ имени Аль-Фараби на тему «Умные материалы в медицине».

Лидерская лекция собрала в качестве слушателей представителей профессорско-преподавательского состава университета, ученых, обучающихся факультета химии и др.

Виталий Хуторянский выпускник КазНУ. Он поддерживает сотрудничество с альма-матер, является руководителем наших докторантов, публикует совместно с учеными университета научные статьи и реализует международные проекты», – представила лектора Асель Увалиева.

Поблагодарив за теплый прием, профессор Хуторянский подчеркнул, что читать лекцию в КазНУ для него большая честь. «Именно в этом зале 25 лет назад я впервые делал доклад на английском языке. Мы тогда на кафедре химии высокомолекулярных соединений проводили симпозиум тюрко-язычных стран. С этого все началось в моей карьере. Тогда я был аспирантом, а позже ровно 20 лет назад, в октябре 2002 года я переехал в Великобританию, поменял специализацию с ученого-химика на фармацевта, хотя задатки проявил еще тогда, когда выполнял кандидатскую диссертацию в КазНУ.

После лекции слушатели смогли задать вопросы, получив содержательные ответы.



# ҚАЗҰУ-ДА ТҮРКІТАНУ ЖӘНЕ АЛТАЙТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жаңадан ашылған институтта сирек кездесетін қолжазбалар мен көне кітаптарды кеңінен зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады. Мәселен, Әл-Фараби кітапханасының қорында 600-ден астам қолжазба толық зерттелмеген. Қазіргі таңда институт мамандары аталған қолжазбаларды, құнды деректер мен материалдарды сараптап, зерттеу жұмыстарын қолға алды.

Салтанатты шара аясында «Әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасы» атты I халықаралық ғылыми конгресі өтіп, қатысушылар Қазақстандағы және әлемдегі түркітану мен алтайтанудың өзекті мәселелерін талқылады.

Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, білім ордасындағы түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының жұмысына тоқталды.

«Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі түркологияның мамандық ретінде оқытылуы үлкен жетістік болды. Бүгінгі конгресс аясында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтын ашып отырмыз. Бұл осы саладағы мамандар мен жас ғалымдардың жаңа зерттеулеріне жол ашады», – деді университет ректоры.

# В КАЗНУ СОЗДАН НИИ ТЮРКОЛОГИИ И АЛТАЕВЕДЕНИЯ

В библиотеке Аль-Фараби Казахского национального университета состоялось торжественное открытие Научно-исследовательского института тюркологии и алтаеведения.

В открывшемся институте будут проводиться обширные исследования редких рукописей и древних книг. Так, в фонде библиотеки аль-Фараби до конца не изучено более 600 рукописей. В настоящее время специалисты института проводят исследования, анализируя данные рукописи, ценную информацию и материалы.

В рамках торжественного мероприятия состоялся I международный научный конгресс «Этноязыковая картина мира и тюркское наследие», участники которого обсудили актуальные вопросы тюркологии и алтаеведения в Казахстане и мире. Как отметили ученые, цель мероприятия – привлечение представителей различных областей науки к обобщению исследований в области тюркологии и алтаеведения и дальнейшему продолжению работы по изучению тюркского наследия.

На торжественном открытии с приветственным словом выступил Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, который остановился на работе Научно-исследовательского института тюркологии и алтаеведения в университете. «Преподавание тюркологии как специальности в период независимого Казахстана было большим достижением. В рамках сегодняшнего конгресса мы открываем Научно-исследовательский институт тюркологии и алтаеведения, который будет способствовать появлению новых возможностей для исследований в этой области», – отметил ректор университета.





## ҚАЗҰУ-ДА Д.ҚОНАЕВТЫҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТТІ

ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасында көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдығына арналған «Тарихи тұлғалар – ел есінде» атты мәдени шара өтті.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев мәдени шараның жұмысын аша отырып, ұлтымыздың ұлы тұлғасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ел тарихында айрықша орны бар екенін атап өтті.

«Дінмұхамед Қонаев есімі жаңа Қазақстан қоғамында жаңаша жаңғыруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жарлығымен Қапшағай қаласына Қонаев есімі беріліп, Алматы облысының орталығына айналды. Елімізде ескерткіштері бой көтеріп, ғылыми конференциялар өтуде.

Дінмұхамед Ахметұлы басқарған жылдары кең-байтақ қазақ жерінде 43 қала салынған. Жүздеген өндіріс орындары ашылып, ірі құрылыстар бой көтерді. ҚазҰУ қалашығы да Димаш Ахметұлының табанды еңбегінің нәтижесі. Биыл ҚазҰУ қалашығының іргетасы қаланып, құрылысы басталғанына 50 жыл толды.







Дінмұхамед Қонаев – мемлекет ісімен қатар, қазақ ғылымына өлшеусіз еңбек сіңірген ірі ғалым. Димаш Ахметұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі ретінде 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қайраткерлік тұлғасы, ел алдындағы жасампаздық еңбегі, әділдігі мен тазалығы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге», – деп атап өтті ректор Жансейіт Түймебаев.





## В КАЗНУ ОТМЕТИЛИ 110-ЛЕТИЕ ДИНМУХАММЕДА КУНАЕВА

В библиотеке Аль-Фараби прошло конференция «Исторические личности - память страны», посвященная 110-летию видного государственного деятеля Динмухаммеда Ахметовича Кунаева.

Открывая работу конференции, Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев отметил, что 12 января текущего года исполнилось 110 лет со дня рождения выдающегося государственного и общественного деятеля, трижды Героя Социалистического Труда Динмухамеда Кунаева. В этом году с учетом пожеланий народа Президент страны К.К. Токаев, наряду с открытием новых областей, переименовал город на берегу Капшагайского водохранилища в Кунаев, сделав его областным центром.

«Я думаю, что в рамках юбилейного мероприятия будут объективно оценены роль и место



Динмухаммеда Ахметовича в истории Казахстана. Он создал условия для развития многих промышленных предприятий и крупных хозяйств в каждой области, построил 43 города в масштабах страны и стал по сути их «главным архитектором». Кроме того, Динмухамед Ахметович непосредственно руководил строительством КазГУграда. Широко пропагандируется труд Динмухаммеда Ахметовича по созданию КазНУ имени аль-Фараби – учебного заведения, которое ежегодно вносит свой вклад в подготовку высококлассных специалистов для нашей страны и в развитие Республики. Народ никогда не забудет выдающегося деятеля, который всю жизнь посвятил служению своему народу. Благородный образ Д. Кунаева всегда будут чтить и помнить в нашей стране», – отметил ректор Жансеит Туймебаев.








# ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ФРАНЦИЯДА ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУГЕ МҮМКІНДІК АЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Франс Медиа Монд» академиясының өкілі, «France 24» радиосының директоры, журналист Антуан Кормеримен, «Сорбонна-Қазақстан» институтының және «Гео-Энергетика» орталығының директоры Кристин Бутейемен кездесті.

Бүгінге дейін ҚазҰУ Францияның жетекші жоғары оқу орындарымен және институттарымен бірге барлығы 20 келісімге қол қойды.

Дәріс өткізу және ғылыми жетекшілік ету үшін «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы аясында Францияның профессорлары мен PhD докторанттары тартылды. Соңғы үш жылда Франциядан 14 профессор келді. ҚазҰУ-да «Гео-Энергетика» франко-қазақстандық орталығы табысты жұмыс істейді. Аталмыш орталықта климаттық өзгерістер саласында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ауқымды ғылыми жобалар іске асырылуда», - деді университет ректоры. Сонымен қатар өз сөзінде ректор ынтымақтастықты арттыру үшін бірқатар нақты ұсынысын жеткізді.




# СТУДЕНТЫ КАЗНУ ПОЛУЧИЛИ ВОЗМОЖНОСТЬ ПРОХОДИТЬ СТАЖИРОВКУ ВО ФРАНЦИИ

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев встретился с представителем академии «Франс Медиа Монд», председателем телеканала «France 24», журналистом Антуаном Кормери, директором Института «Сорбонна-Казахстан» и Центра «Гео-Энергетика» Кристин Бутейе.

На сегодняшний день вместе с ведущими вузами и институтами Франции подписано 20 соглашений.

Для проведения лекций и научного руководства в рамках программы «Привлечение иностранных специалистов в вузы Казахстана» привлечены профессора и докторанты PhD Франции. За последние три года из Франции приехали 14 профессоров. В КазНУ успешно функционирует франко-казахстанский центр «Гео-Энергетика». В нем проводятся исследования в области климатических изменений, реализуются масштабные научные проекты», – сказал ректор университета. Также в своем выступлении руководитель вуза озвучил ряд конкретных предложений для наращивания сотрудничества.




## БІРЛІК ПЕН ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖЫЛЫ БОЛСЫН!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және студенттер!**

**Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!**

Жаңа Қазақстан жылнамасындағы 2023 жыл елімізге амандық, жұртымызға тыныштық, халқымызға молшылық алып келсін!

Мемлекет басшысы Алматыда «Тағзым» мемориалының ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде 2022 жылы елімізде тәуелсіздік кезеңіндегі ең күрделі оқиға орын алғанын атап өтті.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Халқымыз мықты мемлекет құруға, қасиетті тәуелсіздігімізді нығайтуға және қорғауға бел буғанына сенімдімін. Біз саяси жүйені одан әрі демократияландыруға, ұлттық экономиканы монополиядан арылтуға және оның бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған ауқымды реформаларды жалғастырамыз. Жыл басынан бері қысқа мерзім ішінде біраз іс атқарылды. Біз жалпыхалықтық референдум арқылы жаңа Конституциямызды қабылдадық. Қазір алдымызда ауқымды әрі күрделі жұмыс тұр. Біз тұтас ел болып жаңғыру және жаңару жолына аяқ бастық. Әрине, бұл тек басы ғана, бұл жолдың оңай болмайтыны анық. Бірақ біздің басты мақсатымыз баршаға айқын. Бұл – әділетті Қазақстанды құру және бәріне бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастыру. Біз әрқашан бірге болсақ, міндетті түрде мақсатымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін», – деп атап өтті.

Президент жарлығымен биыл 25 қазан – Республика күні мерекесі қайта жаңғырғанын да еске сала кетейік.

20 қарашада өткен кезектен тыс президент сайлауында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 81,31 пайыз дауысқа ие болып, жаңа Қазақстанның көшбасшысына айналды.

Алдағы мақсат – әділетті қоғам қалыптастыруда күш біріктіріп, ел бірлігін нығайтып, мемлекет дамуын жаңа деңгейге көтеру.

Бұл іргелі істе ғылыми қауымдастықтың атқаратын рөлі өте зор.

Осы бағытта университетте ауқымды жұмыстар атқарылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бір жыл ішінде QS WUR жаһандық рейтингінде 175-тен 150-орынға көтерілді.

Жылдың басты жаңалығы – ҚазҰУ-ға Үкімет қаулысымен зерттеу университеті мәртебесі берілді.

1 маусым күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы ҚазҰУ-ға ресми сапармен келіп, жас ғалымдармен, студент жастармен кездесті.

Мемлекет басшысы оқу орнымыздың қызметімен және алдағы жоспарларымен танысып, ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін салу жоспарын бекітті.

Мемлекет басшысының қолдауымен және қатысуымен Түркияның Ыстамбұл қаласында және Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында ҚазҰУ филиалдары жұмыс істей бастады.

Биылғы оқу жылында ҚазҰУ-да Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы ашылды.

Бір жыл ішінде ҚазҰУ қалашығындағы оқу ғимараттары мен жатақханалар күрделі жөндеуден өтіп, заманауи техникалар мен жаңа жиһаздар алынды.

Екі жатақханаға күрделі жөндеу жүргізіліп, бөлмелерді кеңейту арқылы орын тапшылығын шешу жұмыстары қолға алынды.

Қалашық аумағында жаңадан заманауи дәмханалар, ғаламтор-кафелер, дүкендер, кофеханалар мен көшірме орталықтары іске қосылып, «Магнум» дүкені ашылды.

ҚазҰУ-дың 50 қызметкері Түркияда тәжірибе алмасып, бір апта тегін демалып қайтты.

Біздің басты мақсатымыз – оқытушылар мен білім алушыларға ары қарай да жағдай жасау. Ел ертеңі – жастарға сапалы білім беру, ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін кәсіби мамандарды тәрбиелеу.

Жаңа жылда осы мақсаттарымыз жүзеге асып, ұжымның ынтымақ-бірлігі арта түсеріне сенім білдіремін.

2023 жыл – үміт пен сенімнің, шаттық пен бақыттың, ынтымақ пен ырыстың жылы болғай!

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен жаңару мен жаңғыру жолына түскен жаңа Қазақстан қарыштап дамып, «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» орнасын.

Халқымыздың әл-ауқаты артып, қоян жылы қуанышыңызды еселеп, мерейіңізді өсірсін.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілеймін!

Жаңа жыл елімізге жақсылығымен келсін!



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# Айшықты оқиғалар

# 2022

# Знаковые события

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Теруге берілген күні 01.12.2022 жыл. Басуға қол қойылған күні 27.02.2023 жыл.
Гарнитурасы «Arial». Пішімі 84х108 $^{1}/_{16}$. Көлемі 25,25 б.т.
Қағазы «офсет». Таралымы 1000 дана.

KazNU



# 2022

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ